

Мұхтар МАҒАУИН

САРЫ ҚАЗАҚ

Роман

1945 жылдың 30 апрелінде, совет-герман соғысы аяқталуға тоғыз күн қалғанда геологиялық экспедицияның Бетпақ Далада адасқан У2 шолғыншы аэропланы жағармайы сарқылып, шарасы таусылған ең соңғы сәтте көз ұшындағы бозғыл ойпанда адам тұрағы барын аңдады. Иен емес, елді мекен; бұрқыраған түтін шықпаса да, қарауытқан тіршілік нышаны анық байқалады, тіпті, таяу маңда үйір жылқы жайылып жүр. Адам тұрағына бет бұрарбұрмастанак мотордың үні өшті, пропеллер сыр етіп, буалдыр шеңберге айналған да, емескі тармақтанып, кері серпіле бере қалт тынған. Жүзіп емес, жер бауырлай қалықтап келе жатқан ұшақ боз ойдың жиегіне, баялыш, жусанды сұрғылт дөңеске лыкси текіректесп барып қонғанда бүкіл даланы тұмшалаған тыныштықтан құлақ жарыла жаздаған. Аэроплан ішіндегі үшеу - алдыңғы кабинадағы ұшқыш орыс, артқы, ол да бір кісіге арналған кабинадағы бұттарын айқастырып, қарама-қарсы отырған дөңгелек, жылтырбет қазақ пен европалық екені, азиат екені айырғысыз, қоңқакмұрын, көккөз, сірә кавказдық гүжбан қара - "yh!" деді ме, "ah!" деді ме, терең тыныс алып, бір сәт үнсіз қалған. Содан соң ұшқыш далбайының құлағы жалбырап, көтеріле бере, кері бұрылды да, әлде кейінгі екеуді, әлде Бетпақтың меңіреу даласын сықпырта балағаттап алды, "Слава богу, живы!" - деді көзі жыпылықтап, ыржия күлген қазақ; ызалы ұшқыш аяғын сыртқа асқан кезде ғана көтерілген. Үшеуі де жерге түсті. Түскен кезде ғана аңдады: дымсыз, қимылсыз тынған мына маң дала, меңіреу иенде салбырай жер бауырлаған, соншалық кішкентай, соншалық бейшара кепке түскен көк жасыл ұшақтың оң жақ қапталында, анадайда, теріс қарап күйбеңдеген жан иесі – кәдімгі тірі адам өсіп шығыпты. Әлде жер қазған, әлде топырақ аршыған кейпі бар, бұларға назар аудармайды. Аспаннан түскен үшеу жайлап басып қасына келгенде сәл іркіліп, қырындай қарады да, жұмысын жалғастыра берді. Аспаннан түскен үшеу тамағын кенеп мекіренді, былш-былш түкіріп, қақырынды:, ұйыған аяқ, қолдарын жазып отырып-тұрды, есінеп керілді – жердегі жалғыз шаруасын тоқтатпаған. Осыншама ыстықта жүні сыртына айналдырылған тері тон, төбесі оңып, пәре-пәре жыртылған пұшпақ бөрік киген жаман қазақтың мұншама паңдығына, паңдығы емес, топастығына қаны қайнаған, онсыз да жарылғалы тұрған летчик жер тебінді, жұмыр басындағы жылтырақты, түймелі былғары далбайының тебінгідей қос құлағы жалбаң-жалбаң етіп:

– Где же мы находимся, черт бы тебя побрал?! - деп, ышқына зекірді. Жердегі жыртық бөрікті жалғыз жалт қарады. Танауы қусырылған түзу қыр мұрынды, биік қабақ, қиғаш мұртты, жасы кырықтың жуан үстіндегі сұлу кісі екен. Өзі сап-сары, көзі тұздай көк. Орыс. Орыс болғанда, жалбыр тон, жыртық бөркіне қарамастан, өңі суық, айбынды орыс. Аспаннан түскен үшеу тосылып қалды. Басқаларының бірер қадам жақын тұрған қазақ кеудеден ұрғандай кері шегінді.

– А?.. Кім... Бұл қай жер?..- деген сасқалақтап.

Жердегі жалғыз аспаннан түскен үшеудің әрқайсысына жіктей, тексере қарап алды да, жайбарақат, жеңіл күрсінді; асықпай бұрылып, шаруасын

қайта жалғастырған. Аспаннан түскен үшеу жердегі жалғыздың қам-қарекетін сонда ғана пайымдады. Кісі көміп жатыр екен. Жаңа ғана кеміп болған. Енді қолындағы шолтиған кішкентай күрекпен төмпеш үйік етегіндегі шашау топырақты жинақтап, жан-жағын оңдап жатыр. Оңдап бітті. Қабірді қасқыржон қалыпқа түсірді. Содан соң тізерлей отырып...

"Ағу-у-узз биллаһи-и..." Күмбірлете құран оқуға кіріскен. Бар мақамын келтіріп, ұзақ оқыды. Қанша ұзақ оқыса да ақыры бітті. Бітіп, "Аллаһу акбар!..." деп бетін сипады. Бетін сипаған соң сәл үнсіз отырып, жер таянып барып орнынан тұрды. Көкпеңбек көзі мөлдіреген тап-таза жас екен. Қусырылған танауы, күрең мұрты, үшкіл иегіне дейін. Жерге басы жеткенше иіліп, дөңкиген қабірдің дымқыл топырағын сылады. Қатарында дәл осындай, бірақ басылған, кеберсіген, үстіне сояу-сояу ақ сораң шыққан, құбыла бетіне арбақ-сарбақ сексеуіл сайғақ шаншылған үлкенді-кішілі тағы екі қабір бар екен. Қаралы жалғыз оларға да тәу етті.

– Примите наши соболезнования... - деді аспаннан түскен үшеудің ортаншысы – ұлты, тегі белгісіз гүжбан қара басындағы кенеп қалпағын алып.

– А... иә... соболезнование... артының қайырын берсін...- деді қазақ мінгірлеп.

Былғары далбайының құлағы жалбырап, енді айран-асыр болып тұрған үшқыш орыс жерге түкірді. Ештеңе естімеген, ештеңе аңдамаған кейіпті қаралы жалғыз шолақ ағаш күрегі мен темір қайласын қолтығына қыстырып, ойға – қарауытқан қыстауға қарай аяңдады. Аспаннан түскен үшеу біріне-бірі қарап аз бөгелді де, үшеуі бірдей шалбарларының ауына қол салды; түймелерін ағытып, неше сағат бойы аспанда жинақталған зәрін сол тұрған жерлеріне борылдата төкті де, иықтарын қомдап, сілкініп алып, қою қапырықта малтығандай, салыққан аяқтарын сүйрете басып, ауыл иесінің соңынан ерді.

Ойдағы қыстау – жалғыз үй екен. Үй емес, төбесі түйетайлана жабылған жеркепе. Әудем жерде дөңгелектене тігілген сексеуіл шарбақ, басы күргейленген құдық көрінеді. Үй іргесінде, ақ топыр желіге байланып екі-үш құлын, үйездеген бірнеше бие мен тай тұр.

Аспаннан түскен үшеу кез келген қазақ аулына барғандағы әдет бойынша үйге сұраусыз кірді. Кіргенде, текше баспалдақпен төмен түсті. Бірден салқын леп соққан. Кепе терең екен. Терең, биік, кең. Арбақ-сарбақ, жуанды-жінішкелі сексеуілмен жабылып, төбесіне әр жерден тіреу қойылған. Қабырға қу бұталармен шарбақталып, лаймен сыланыпты. Кей жерлері жарылып түскен; әктелмегелі көп болғаны байқалады. Еденде киіз де, текемет те жоқ. Тері. Қатарластыра, қабаттастыра төселген, қаба жалы төгілген, жирен аралас өңшең көкбоз жылқы терісі. Төмендегі бұрышта тік тартпа мұржалы, биік қазандық. Төр жақ қазақы жал пешпен бөлінген сияқты, ортасында арқалығы үшкіл, тапалтақ есік көрінеді. Есікке түр-түсі белгісіз, әр жері сетінеп жыртылған кенеп перде іліп қойыпты. Аспаннан

түскен үшеу жоғарғы бөлмеге өтуге батпады, ауызғы үйге, төргі кабырғаға арқаларын тіреп, жұмсақ тай тулақ үстіне отыра-отыра кеткен.

Үй иесі манағыдай емес, өңі жылыған, бірақ сол үнсіз қалпы, босағада тұрған үлкен қара торсықты толғай пісіп, ағаш саптаяққа қымыз кұйды да, гүжбан қараға әкеп ұсынды. Гүжбан қара – қазаққа берді, қазақ – орысқа ұстатты. Келесі аяқ қазаққа ұсынылды – гүжбан қара ішті. Соңғы аяқ орысқа тартылды – қазақ ішті.

– Барымыз осы...- деді үй иесі алақанын жайып. –Мейман күтпеп едік. Әрі қайғы үстіне келдіңіздер...

Қазақша айтқан. Таза сөйлеген. Үшеуі бірдей, төбеден ұрғандай, тым-тырыс отырып қалды.

– Қайтыс болған... кім, жолдасыңыз ба?- деп сұрады сәлден соң қазақ.

– Жоқ ... Менде құдайдан басқа жолдас болған емес,- деді үй иесі күрсініп.- Төбедегі ала көлеңке сәуле түсіп тұрған жарғақ терезеге карады.

Мұртын ширатып, жанарын төмен салды.- Әкемсорлы. Қасында жатқан – балам. Одан соңғысы – бәйбішем ... – Көп сөйлеп кеткеніне қысылғандай, қалт тоқтады. Тұқырып, жұдырығына таянып отырып қалды.

— Бұл қай жер?- деп сұрады қазақ.

— Бетпақ...- деді үй иесі.

— Бетпақ болғанда... Бетпақтың қай жері?

— Көкжайлау,- деді үй иесі.

— Көкжайлау болғанда... қай тұс?..

— Қай тұс?- Үй иесі созалаңдап, мұртын шайнап аз бөгелді.- Сыпатай мырза келіп қоныстанған тұсы.

Қазақ қалған екі серігіне қарап, иығын қикаң еткізді. "Міне, қызық адам,- деді орысшалап. – Ештеңе ұқпайды, ештеңе білмейді..." "Ауданын, облыс, колхозын сұра,- деді ұшқыш.- Қалғанын картадан тауып аламыз".

— Қай колхоз, қай ауданға жатасыз?- деп сұрады қазақ.

— Колхоз... Қалқоз...- деді үй иесі ащы жымыып.-Қалқоз орнады ма ақыры? Құламай әлі тұр ма?.. Мен білмеймін қалқоз-малқоз дегенді. Жоқ мен үшін қалқоз-малқоз!..

Қазақ бар естігенін жолдастарына аударып жеткізген.

— Совет өкіметінің бар-жоғын да білмейсің бе?- деп сұрады ұшқыш орысша. Қазақ: "Совет өкіметіне қалай қарайсың?"- деп аударды.

— Мен үшін Алла Тағаланың өкіметінен басқа патшалық жоқ,- деді үй иесі.

— Онда біздің жерімізге тұтқиылдан, опасыздықпен басып кірген зұлым жаумен бүткіл Отанымыз, бүткіл Отанымыздағы алпыс ұлт төрт жыл бойы кескілесіп соғысып жатқанын да білмейсің ғой?

— Баяғы ақ пен қызыл ма?- деген қарсы сауал қойды үй иесі.

—Қайдағы ақ! Азамат соғысы, одан соңғы коллективизация, одан кейінгі Сталиндік бесжылдықтар түгел жеңіспен аяқталған. Ұлы Отан соғысы! Немістермен соғыс!— Немістермен?— деді үй иесі шынымен таңырқап.— Тағы не жетпей қалды? —Жетпегені қалай?—деді қазақ көзі

төбесіне шығып.— Біз Отан үшін!.. Ұлы Сталин үшін! Тұтқиылдан басып кірді. Опасыздықпен шабуыл жасады!..

—Сендер өздерің бастап жіберген жоқсындар ма? Үй иесінің ақылы кемісі анық болды.

—Өзің бастағаны қалай?— деді қазақ сонда да тоқтай алмай.— Біз... Біз деген...

—Сіз деген бүкіл жиһандық революция жасауыңыз керек еді ғой. Сол жер жүзілік төңкерісті Германиядан бастасаңыз несі бар!

—Енді орнатамыз,— деді қазақ өзеленіп.— Бүгін-ертең Берлиннің төбесіне жеңіс туы қадалады. Содан соң бүкіл Европада социализм жеңіп шығады. Содан соң Америка...Біздер — ұлы Сталин бастаған большевиктер...

—Тоқтат, ақымақ!— Үй иесі оқыс ақырды. —Ғафу етіңіздер,-деді келер сәтте. —Сіз...—Қолын кеудесіне басып, айран-асыр гүлбан қараға басын иді.

—Сіз...—Тіксініп, атып тұруға ыңғайланған шомбал ұшқышқа тағзым жасады.—Сіз де...— деді құты қашып, қызара тершіп, тұқырып отырған қазаққа, төбесінен аса қарап.—Меймансыздар, кінә менен. Ал енді... келген іздері-ңізбен кері қайтасыздар. Аман-түгел тұрғанда. Міне есік. Өне дала...

Сөз аңғарын ұқпаса да, үй иесінің астам сөйлеп отырғанын байқаған, кешірім сұрағанға, бас ұрғанға қанағаттанбай, ызалана бастаған, тапанша қабына қолы екі-үш рет барып қайтқан ұшқыш орнынан көтеріле берді. Әңгіме мәнісін сұрап еді. "Сумашедши!— деді қазақ.— Ненармальный!.." Бірақ үй иесіне сыпайы сөйлеген.

—Отағасы! Мұныңыз адамшылыққа жатпайды. Біз — жай қыдырып келген емес, апатқа ұшыраған, адасқан жолаушылармыз. Біз бензиніміз таусылып қондық... – Отағасы қарқ-қарқ күлді.

—Нағыз балшабек екендеріңе сендім,—деді күлкісі қалт тыйылып. — Нағыз темір балшабек-сіңдер. Дарылдап, дүрілдеп ұшасындар, бірақ неге ұшқандарыңды, қайда қонатындарыңды білмей-сіңдер, бензеннің аз-көбі, бағдардың оң-солы — бәрібір, көп болса да сарқасындар, оң болса да адасасындар, ақыры, машина өртенуге жақындағанда бес жүз шақырым төңірегінде бір тамшы суы жоқ Бетпақтың қақ ортасына келіп түсесіңдер! Және сол қу медиен шөлге, аптап пен апат ошағына өздерің тықсырып қуған, қоғамнан тыс деп жариялаған, көзін жойып, тұқымын құртудан басқа ештеңе ойламаған қас дұшпаннан — ел аманда тауып алған, тыныштықта тілеп алған дұшпандарың-нан көмек сұрайсыңдар. Көмек! Бір тамшы май! Бір тілім нан! Жоқ! Менде жермай жоқ. Нан да жоқ. Болса да бермес едім. Бір жұтым сусынға рақмет айтындар. Кім екендеріңді білдім — енді ол да жоқ! Таза дүниені, кең дүниені былғамандар, тарылтпаңдар! Аулақ!

Шарасыз үшеу сыртқа шығып кеңесті. Қу медиендегі жалғыз үй әлде бекетші, әлде қорықшы. Таяу маңда, тым құрса елу-алпыс шақырымда елді қоныс бар. Қатынас болмауы мүмкін емес. Үшеуі екіге бөлініп, жер кепені бірер шақырым жерден дөңгелек айналып шықты. Ешқандай соқпақ, сорап байқалмайды. Ешқандай тіршілік белгісі жоқ. Жалаңаш топырағы суырылған, ойдым-ойдым болып, сұрғылттана шұбартқан дөңесте жүрген

төрт-бес жылқы бұлар таяу келгенде осыра ойқастап, дем тартып азғана бөгелді де, дүркірей қашпағанымен, ысырыла сырғып, аулағырақ барып жусады. Тым құрса торғай ұшсайшы. Тышқан жүгіріп өтсейші. Құлаққа ұрған танадай. Бесінге ауған күн бар қызуын жана тапқандай, бойындағы бар дымынды сорып, қуырып, өртеп барады. Көз, жетер көк жиекте көлеңке болар бұта көрінбейді. Манағы қымыз қанды кептіре, қарынды аштыра түскендей. Үшеуі салбырай мүлгіп тұрған аэропланға әрең жетті. Жансыз канат көленкесінде аз-маз ес жиған. Өз жағдайларының қаншалық ауыр екенін сонда ғана ұғысты. Әрине, жапандағы үй үлкен жермен байланыспай тұрмайды. Бірақ қашан? Өлікті жалғыз өзі қойғанына қарағанда, таяу маңда ел жоқ. Мүмкін, бір айдан соң қатынасар.

Мүмкін, бес айдан соң... Есерсоқ отағасымен келісімге келмей болмайды. Елшілікке, әрине, домалақ бет, мықыр қазақ тағайындалған.

Елшінің баруынан қайтуы тез болды. Мынау!— жай ғана жынды емес, құтырған жынды екен. Сендер менің тұтқынымсындар депті. Не істейтінімді әлі шешкем жоқ. Мүмкін, қаталап өлуге шөлге айдап тастаймын. Мүмкін, сол, аэропландарының түбінде, әке-шешеме, әйеліме құрбанға шалып, малша бауыздармын. Өзім де ойланып отырмын депті. Кешке дейін ойландым. Күн батқанша тағдырларың шешіледі! Дәл осы сәтте орыс ұшқыш жарылып кетті. Қолы дірілдеп, қабын әрең ағы-тып, беліндегі тапаншасын алған. Балағаттай түкірініп, орнынан тұрған. Гүлбан қара ашулы ұшқыш-ты оңай тоқтатты. "Василий Васильевич!— деген.— Бұл — тегін адам емес. Толық қарулы..."

Қалай байқамадыңыздар,— деген содан соң.—Төргі үйде, қабырғада маузер тұр ғой. Кәдімгі, революциялық, "товарищ Маузер..." Сән үшін ілмеген, әрине. Түріне, мінезі мен сөзіне қараңдаршы. Қазақ емес. Орыс та емес. Мүмкін поляк, мүмкін француз. Қайдан келді? Не бітіріп отыр? Мүмкін неміс агенті шығар...

Қалай ұқпайсындар! Ақыл-есі түзу. Тек ештеңеден қорықпайды. Өте қауіпті адам. Пулемет, бомба шықса да таңырқамас едім...

Бұдан соң ұшқыш орыс жуасып қалды, өз сөзінен өзі шошынғандай, таулық гүлбан қара да түтігіп, құныса кішірейген. Мықыр қазақ болса болмаса таяқ жеген иттей.

Бірақ кеш батпай қойды. Араға тағы да елші салуға тура келген. Қорықса да қайраны жоқ тілдес туысын.

Жылтыр бет мықыр қазақтың баруы тез, қайтуы ұзақ болды. Босатам, толық еркіндік берем депті. Яғни, төңіректің төрт бұрышына жол ашық. Қалай ашық? Солай ашық. Ешкім ұстамайды. Қалаған жағыңызға кетесіз. Рас, төрт жүз шақырым төңіректе су жоқ. Бірақ бәрібір қаталап өледі — осы Көкжайлауда да су жоқ. Бар, әйтсе де тамшысын татырмайды; Егер кетсе ғана...

Екі торсық су береді. Әрине, торсығымен қоса, тегін. Бір аптаға жетеді. Артығымен жетеді он күнге. Жеткізе алмаса обалдары өздеріне. Айтпақшы, тағы бір шарты бар. Су алардан бұрын орыс ұшқыштық тапаншасын әкеп

беру керек, бар оғымен. "Егер бұл шартты қабылдасандар,— депті, тұтас арсенал — қаншама оғы бар маузер, үш винтовканы қатарынан көрсетіп,— көп ұзатпай-ақ үшеуіңді де атып тастаймын. Қалай? Иттей қылып. Жалғыз-ақ бесатармен. Асықпай аяндап, анау тұқыл тапаншаларыңның қары-мы жетпес шамаға дейін барам да, баптанып, рақаттанып көздеп тұрып, үш-ақ оқпен. Күмәндарың болмасын. Ойлануға отыз минут. Одан ары... күн батып кетсе, анда-мында қашып, әуреге түсіресің-дер..."

Жапанда қалған үшеу ақылдаса келе есерсоқ жалғыздың барлық шартын қабылдады. Ұшқыш қаруын тастаған. Таулық гүжбан қара мен жылтыр бет мықыр қазақ су толы торсық, арқалаған. Оқпаны үңірейген маузер астында ауылдан шығып, тура батысқа—толқына буалдырланған, теп-тегіс көкжиекке тіреліп, сәт озған сайын шетінен жеміріліп бара жатқан мейірімсіз қызыл дөңгелекке қарай бет түзеген.

—Балшабектер алмайтын қамал жоқ! Балшабектер қандай қиындықты болмасын жеңеді! Троцкий жолдасқа, Сталин мен Бухарин жолдастарға жалынды сәлем айта барындар!—деді мейірбан отағасы бұлардың соңынан айқайлап.—Марксизм—адамзатты бақытқа, нұрлы бола-шаққа бастайтын ең даңғыл жол! Алға, жолдастар, алға!

Арада сүт пісірім уақыт өткенде екі аяғы саландап, соңдарынан қуып жетті.

—Есірік ұран астында миларың ашып кеткен екен, жолдас емес жолдастар!—деген, жайдақ ат үстінде мықынын таянып.—Батыс жақ—қалын құм, елсіз иен. Оңтүстікке қарай жүріндер. Тура оңтүстікке. Сегіз-тоғыз күнде, ары кетсе екі аптада не ел шетіне, не су шетіне жетесіңдер. Адастырғаным емес. Қандарыңа ортағым жоқ. Ендігісі өздеріңе байланысты. Айтпақшы,— деді атының басын бұра бере,— мынау — сендерге... бүгін жамбасы жерге тиген әкемнен сәлемдеме...

Түкті тері дорба ішінде екі-үш кесек піскен ет бар екен. Ысталып сүрленген, майлы, қыртысты, өңді ет. Және ұшқыштың былғары қапты тапаншасы. Барлық оғымен.

—Дьявол! — деді ұшқыш тістеніп. Айрықша күшті тағы бірнеше сөз айтты.

—Дезертир! — деді гүжбан қара.— Соғыстан қашқан. Бірақ өзінің есі түзу емес сияқты.

—Шпион!— деді жылтыр бет қазақ.— Мына торсықтағы суды улап берген жоқ па екен?

—Өзің құйып алдың ғой,— десті қалған екеуі.— Тура құдықтан.

—Иә, солай екен ғой. Құдығы біреу-ақ сияқты, өзі де ішіп отыр, улай қоймаған шығар. Онда етін улап әкелді...

—Алдымен саған жегізіп тексереміз,—деді ұшқыш орыс жерге түкіріп.— Инженеришко! Қанша оқытсақ та, мал күйлеріңде қаласындар! Өзіңе көк тиын пайдасы жоқ кенді неменеге іздейсің? Жүрмейсің бе, мал соңында баяғыдай...

—Василий Васильевич! Сіз аскарблайт етпеңіз, пажалыста, —деді жылтыр бет мықыр қазақ орысша мәнерлеп, дәмдеп, бірақ именшектей сөйлеп. — Совет өкіметінің арқасындабіз де жетілдік. Баяғы қайыршытұрмыстағы надан қазақ жоқ қазір... Бастаушымыз ұлы Сталин,аға халық—ұлы орыс халқының арқасында...Әкелік қамқорлықтың арқасында, тағылықтан, феодализмнен аттап өтіп, социализм орнатып, адамзаттың нұрлы болашағы — коммунизмге қарай...

—Идиот!—деді Василий Васильевич айқайлап. —Міне,сенің жеткен коммунизмің!— Қарауыта шөгіп бара жатқан тұлдырсыз төңіректі көрсетті.— Еше шпион іздейсің! Мен таптым. Сенсің нағыз шпион! Дикий далаңда бізді әдейі адастырған. Атып тастаймын, сукин сын! Сонда екі бурдюк Эфенди Мустафаевич екеумізгс бір айға жетеді. Сволочь ты этакий! Сөйлейсің еше!..

Таулық гүжбан қара ашулы орыс пен кінәлы қазақты сабырға шақырды. Подопытный кролик-терің мен болайын деп, еттің шетінен тарамдай үзіп, аузына салған. Содан соң үшеуі тұрған жерле-рінде қарама-қарсы отыра қалып, тұздалмаған, құрғақ кепсе де қатпаған, майлы еттен шөкімдей үзіп, азғана жеді, бір жұтымнан су ішті. Біреуі Аллаға, біреуі Айсаға сыйынып, орындарынан тұрды.

—Ертең барлық елдердің еңбекшілерінің Бірінші Май мерекесі!—деді құдайсыз қазақ.

—Ура!— деді күржиген таулық. —Ал, жылжиық...

—Послушайте, Василь Васильевич,— деді қазақ. артынып, қомданып қатып. —Біздің қазақтарды айтам, Интересный народ. Қалада ғой, салтанатты жиын, митинг,демонстрация. Ал мұнда — колхозда, тойға деп арнайы мал босатады. Әйтпесе той деп санамас еді. Өзім куә болдым.Сойып жеп, өздерінше кәдімгідей мәре-сәре болады...

—Біз ертең сені сойып жейміз,— деді орыс.

—Жей алмайсың, Васька,— деді таулық. —Су жоқ. Ақымақсың сен, Васька. Және,— деді алға түсе бере,— өте нашар адамсың... Зиянкес...

—Жолдастар!— деді қазақ.— Араздасар жер бұл емес.Бірлігімізді бұзбайық. Ұлы совет халқы интернационалдық достығының арқасында ғана жеңіске жетіп отыр!..

—Идиот!— деді Василий Всаильевич жерге түкіріп.—Баран ты паршивый!..

Үшеуі жарқырап жаңа шыққан Тұл қатын жұлдызын оң иыққа салып, түстікке бет қойды.

Арада он үш күн өткенде неміс шпионын ұстау мақсатында Ташкент түбіндегі әскер бөлімінен арнайы шыққан екі самолет Бетпақтың қақ ортасындағы, ешбір картада жоқ, жасырын пунктке жиырма төрт кісілік парашютті десант түсірді. Азғана аңыстаң соң, сыртқы есігі дәл лақтырылған қосар гранатпен талқандалған жертөле ұрыссыз һәм шығынсыз алынған. Үш бөлме екен. Ауыз үйде төңкеріліп жиналған қазан-ошақ, аяқ-табақ, әртүрлі тұрмыстық бұйымдар мен еденге төселген, қабырғаға ілінген жылқы

терілерінен басқа ештеңе жоқ, төргі үйлерде сексеуіл бұталарынан буып жасалған екі төсекке мұқият жиналған бірнеше ескі текемет, алаша, кей жері тықырланып, түгі түссе де өңі таймаған қалы кілем, кезінде тәуір матадан қабылған, қазір оңып, сетінеп, әбден тозған екі-үш көрпе ғана бар екен. Рация немесе басқадай байланыс аппаратурасы, қару-жарақ қоймасы табылмады. Таяу маннан жайылған мал иә шетін тіршілік ізі байқалмаған. Шаң-топырақ баспай, әлі қопсып жатқан күл, жылқышың тобарсыған тезегіне қарағанда, неміс шпионы осыдан екі-үш күн бұрын ғана бой тасалаған сияқты. Ұзап кетуі мүмкін емес еді. Қауіпті дұшпанды іздеуге жана күштер қосылды. Бетпақтың медиен шөлін оңды-солды шарлаған, батыста Сарысуды сағалап, Жетіқоңырды сүзген, түстікте Мойынкүмды Хантауға дейін түгел тексеріп, терістік шығыста Арқаға асып, Желтау мен Ортауға дейін барып қайтқан, мемлекеттік-әскери мәні зор үлкен операция кезінде екі самолет апатқа ұшырады, бес адам дизентериядан, жеті адам шөлден өлді. Тереңнен ойлап, мұқият жүргізілген осыншама жұмысқа қарамастан, неміс шпионы суға батқан тастай із-түзсіз жоғалды.

Бірақ біздің қырағы чекистер іздестіру шараларын тоқтатпаған. Ақыры, талмай жүргізілген табанды жұмыс нәтижесінде, бет пердесін өзгерткен, жаулықтың жаңа бір тәсіліне кешкен қаскөй дұшпан құрыққа түсті. Арада бес-алты ай өтер өтпесте, қыс көзі қырауда, Шудың жайылма етегіндегі Жуантөбе аулында, ашық ауыз, немесе ол да жат пиғылды басқарма мен ферма меңгерушісінің сеніміне кіріп, кәдімгі совет колхозшысы кебінде жылқы бағып жүрген жерінде тұтқиылдан ұсталды. Қатерлі жау арнайы күзетпен қажетті жерге жеткізіліп, тиісті жауапқа тартылған.

Неміс шпионы, немісшесі тұрыпты ғой, ағылшынша да, французша да жақсы біледі екен. Ал орысша, қазақшаға бірдей. Және бір ғажабы, қазақша еркін, тіпті шешен сөйлегенімен, жаза алмайды; керісінше, орысша біле тұра сөйлегісі келмейді, тек жазады. Жазғанда, "бір бет, екі бет емес, тұтас бір дәптер. Кітап десе болғандай. Колхоздың баққан малы, еккен егіні, жұмсаған қаржысы тіркелетін, үсті жыпырлаган таңба, етегі айдақ-сойдақ сызықты, арнайы түптелген, мұқабалы, табақтай сары кітап. Төбесін астына түсіріп, аяғын үстіне келтіріп, теріс жағынан бастап жазыпты. Соның өзінен-ақ жаудың жат пиғылы танылған. Ең сорақысы бұл – қазіргіше емес, ескіше жазу еді, яғни, патшалық тәртіп кезіндегі "ять" дей ме, бұғанасы шығып, белінен буылған "с" ме, сол баяғы заман кітаптарындай. Буржуйлардың көңілге тоқ, көзге алдамшы, ирек-ирек хұсни-хаты. Шпион әуелде ештеңені мойындамаған, Тіпті, қазақша ғана сөйледі. Бірақ біздің чекистердің қолындағы деректі айғақ — сырттай қарағанда бейкүнә көрінгесін, мұқабасында "Книга учета" дейтін жапсырмасы бар қисап кітабы мойын бұрғыздады. Ал сонша бейнеттеніп, неге тұтас бір кітапты толтырып шықты десек, ол да ап-айқын: шпион өрісі тарылғанын, қайда барса құтылмайтынын аңдаған, аңдаған да, өзін ақтайтын, ақтайтын емес, басқа біреу етіп көрсететін деректер жинастыра бастаған. Міне, гәп қайда! Бірақ осы жазу өзінің түбіне жетті. Шалақазақпын, татармын, қазақ арасына бұрыннан сіңген

тағы бірдеңемін деп табандап отырып алса, тергеу ісі тығырыққа тірелмегенімен, бірталай қосымша қиындыққа ұшырайтын еді. Шпионның орысша сауаты, қаскүнемдік іске тым әріден — революция кезеңінен бастап арнайы дайындалғаны белгілі болған соң, неміс, француз, ағылшын тілдеріне де жетіктігі оңай анықталған. Сөйтіп, түйін шешіліп, шығыршық тарқатыла келе, біздің қырағы да қайратты, ақылды да парасатты чекистер қаскөй дұшпанның тағы бір ордасын талқандады. Иә. Біз жауды әшкерелеуге колхоздың басы аяғына қайрылып төңкерілген қисап кінегесі себеп болды дедік. Себеп болды, өзінен өзі ашып берген жоқ. Оны айтасыз, осы дүкімет дұрыс оқылмағанда, мәселенің мүлде басқа бағытқа көшіп кетуі де ықтимал еді. Яғни, септесу үшін аса күрделі жұмбақты шешу керек болды. Осы шаруаға қатысты, бізге тілектес, ағайындас азаматтар,— бұл тарапта қызмет атқаратын жұрт ішінде ақылды, парасатты жігіттер әлі де көп,—солар арқылы жартылай ресми, жартылай жең ұшынан жалғасып дегендей, әлгі аталмыш "Книга учетамен" мұқият танысып шыққан соң, біздің чекистердің, шынында да аса күрделі мәселеге жолыққанына көзім жетті. Мүмкін, шпионның қағазға түсіргені — өз өмірі, немесе ойдан құрылған ақталу хикаяты емес, кәдімгі көркем туынды шығар деген пікір туған. "Әдебиетке әркімнің бар таласы",— деп еді, мен осыдан біраз бұрын, баспада тәуір орында отырғанда алдыма келген, қырық үш жыл бойы жоғары партиялық басшылық қызметте болып, дербес пенсияға шыққан соң сөз өнеріне бейімдігін аңдаған, "Жалындаған жастық шақ", "Кемел замандағы керемет істер" дейтін, қос кітаптан тұратын естелік роман жазып әкелген советтік бір қария. Өзінің бастан кешкен немесе кешпеген өмірі туралы шпионның да роман жазғысы келуі ықтимал ғой, Шытырман хикаясы, кесек оқиға, келісті суреттері болмаса да, әуестене, қызыға оқыдым. Жарыққа шықпағы ләзім деген ойға бекідім. Бірақ... өндесе, өзгертсе... тұрпаты бұзылмақ. Оқиғаға қоспай, ойын үстемелемей, суреттерін қоюлатпай, сол жазылған қалпында ұсынғанды жөн көрдік. Алайда, жазбаны тұтасымен орыс тілінде беру ыңғайсыз, біреудің еңбегін нақпа-нақ иелене салу әбес, және біздің оқырманмыз қазақ қой. Оның үстіне, жат көзқарастағы адам, ептеп тігісін жатқызбасақ, бұл заман деген аумалы-төкпелі, қателесіп кетуіміз ғажап емес. Сонымен, неміс шпионы жазған өмірбаяндық (немесе ойдан қиыстырылған) хикаят, еркін аударып, долбарлап көшіргенде төмендегідей болып шықты.

* * *

Әкем өлді. Ғұмыр бойы таза жүрген, адал тұрған, құлдыққа да, қорлыққа да көнбеген, тірі пендеге жақсылықтан басқа жасамаған Сыпатай мырза ұжмақтың төріне сапар шекті. Армансыз кетті. Арманым жоқ деді. Көңілінде жалғыз-ақ түйткіл бар — үлкен ұлының өлі-тірісінен хабар ала алмай барады. О дүниеде табысары сөзсіз, бірақ әкем сонау 1907 жылы каторғаға кеткен бейбақтың төңкеріс жылдарында Итжеккеннен аман шыққанына сенеді. Одан соңғы жерде бұрынғыдан да асқан қырғындар болды, Ыбырай мырза соның бәрінен де өткен сияқты. Отыз екі жыл бойы айтпаған сөзі. Көкірегінде

тұнған қайғы-зар тәсілім сәтінде қайта қоздады. Басында мүлгі елбіреп, тумаса да туғаннан артық болған бел баласы мен отырмын, Бірақ Сыпатай мырза қысылып, сан-дырақтаған кезінде де тұңғышы Ыбырайды ғана ауызға алды. Атап шақырды, аймалап құшақтады. Мені. Иә. Мен — Ыбыраймын дедім. Қасындамын. Ешқайда кеткем жоқ. Әкем тыншыды. Менін бетіме жанары жасаурай, тіке қарап тұрып, жымыып күлді. Ризамын деген. Ақтадың ата қарызын. Алла жолыңды оңғарсын. Жөніңді тап. Жапанда қалдың. Енді қайтесің... Жалғызым-м... деп барып сылқ түсті. Жалғызы кім? Бұдан қырық жыл бұрын Сібірде сүйегі қураған Ыбырай мырза ма? Онда екінші баласы Сіләмбек қайда қалады? Жоқ. Мен едім. Жалғызы мен едім. Мен — Стамбек Сыпатайұлы!..

Әкем өлді. Жаны жаннатта. Мен жалғыз қалдым. Жалғыздыққа — көкірегім шерге толып, жапанда күн кешуге әуелден-ақ жазған екен. Рас, басында барар жерім болмады. Одан соң кәрі әке-шешемді тастап кете алмадым. Кейіннен олар мені тастай алмады. Енді міне... Тура елу жасқа толғанда төрт тарабым бірдей ашылды. Бірақ дүние тар еді. Қазақтар айтатындай, барар жер, басар тауым жоқ. Ең дұрысы осы — Бетпақтың қас ортасындағы медиен екен. Неге медиен. Медиен емес. Аспанда күн, жерде құрт-құмырсқа. Қысқа қарай көз көрім төңірек қаптай өрген ақбөкеннен көрінбей кетеді, Ал ауылда — өзіміздің шарбақ қорада, жеркепе төңірегінде айғыр үйір жылқы бар. Тіршілікке қажетім түгел. Мен адам бетін көрмегелі — өз шаңырағымнан тысқары тірі жанмен тіл қатыспағалы қаншама жыл болды. Өмірімдегі бақытты күндер. Жалғызсырап көргем жоқ. Енді шын жалғыз қалғанда, ұзақ ауырған, қуатты ағзасы дертке бой бермеген қайран әкем азаппен көз жұмғанда, күнә болса да айтайын, бір сәт бойым жеңілейіп, азаттыққа жаңа шыққандай сезімге берілдім. Бір сәт қана. Содан соң ауыр қайғы өзінің тұңғыығына тартқан. Мен екі-ақ күн өмір сүріп, көкке ұшқан сәбиім Жансеріктің, құдай қосқан қосағым Зағираның, үстеріне сораң шыққан, басылған, жер болуға тақаған ескі қабірлерінің қатарынан қайран әкем, бір кездегі құрметті ақсақал, мыңғырған бай, қартайған шағында өз ел, өз жерінде қашқын кебін киген Сыпатай марқұмның жер бесігін қазып жатып, нық шешімге келдім. Менің де арманым жоқ екен. Шын зұлмат заманда небәрі жеті-сегіз-ақ ай бұғауда болдым, елу жыл бойы еркін тірлік кештім. Менен тәуір талай азаматтың сүйегі Сібірде қалды. Менен ақылды, менен қайратты мың сан жігіт аштан өлді, оққа ұшты. Бар керегімді осы Бетпақтан тауыппын. Енді ешқайда кетпеймін. Бес күн бе, бес ай ма, бес-он жыл ма — осы құт мекенде тұра берем.

Әкем ертегіші, әңгімеші еді. Көл-көсір, ұшы-қиырсыз аңыздар. Сол айтқандай, мен тоқтамға келер-келместен, марқұмның әзіз топырағы үйіліп бітпестен, жел ғана жететін қиян шөлге көктен шайтанның арбасы түсті. Ішінде үш адам. Екеуі — бірі орыс, бірі қазақ — менің қандас туыстарым; үшіншісі — таулық әлде гүржі, әлде лезгин; мүмкін дағыстандық. Аэропланның тапа-тал түсте адасып, арнайы іздесе де табылмас біздің мекеннің үстінен шығуы — тәңірінің маған арнаған тағы бір талқысы екенін

бірден аңдадым. Ен оңайы — үшеуін бірдей кекіліктей қылып атып тастау еді. Ағылшынның винчестерімен, Антантаның винтовкасымен емес, әлі де жеті оғы сақталған революциялық маузермен. Менің қандас туыстарым — озбыр мен дүңгене ажалға өздері сұранып тұрды. Жазықсыз жапа шеккен, өркенді ғұмырын жойған барлық туыстарымның қаны үшін, асыл әкемнің намысы үшін құрбанға шалып жіберген жақсы-ақ еді. Бірақ мен күнә арқалағым келмеді. Үшінші — дағыстандық жігіт ақкөңіл, мейірбан адам екен. Әрине, әйелі бар, балалары бар, мүмкін, ата-анасы да бар—құдай алдында нақақ қан арқалауға батпадым. Бірақ бұларды жіберуге де болмайтын еді. Қайта айналып келеді, менің бейбіт өмірім бұзылады. Амал не, жібердім. Адасса обалдары өзіне. Бірақ тағы да дәтім шыдамады, мүмкін, ең үлкен қателігім де осы болар — жол нұсқадым. Әйтсе де істің анығын білмек үшін алыстан қара шалып төрт күн бақтым. Жандайшап қазақ жершіл әрі иттей төзімді болып шықты. Ел шетіне ілінері анық байқалды. Әлі де кеш емес еді. Бірақ мен бөгет жасамадым. Мүмкін, ұям ашылғанын сылтау етіп, жалғыздықтан құтылғым келген шығар. Білмеймін... Құтты ордама қайта оралған сәтте, әрине, қатты өкіндім. Бірақ кеш еді. Өзім сілтеген жобамен шөлден өткен үшеуді қуып жете алмайтын едім. Асығыс қамданып, кетуге ынғайландым. Сонда ғана есіме түскен. Бар жылқыны шөлге тастап, бас сауғалап барамын. Олар қандай қиындықта болса да мені сатпас еді. Мен саттым. Тірі малды ғана емес, өлі аруақты да. Бірақ кезеңі өтіп кеткен, амал жоқ. Әбден есім шыққаны ғой. Малдың — бізді асырап-сақтаған, серік болған, ес болған жылқының не жазығы бар! Кесірткеден басқа түгі жоқ. Бетпақта қасқыр жемес, бірақ құдықтан кім су алып бермек — мына аңызак аптапта қаталап өлмей ме. Шыңыраудан қауға тартып, жылқыларды тегіс суғардым. Үш қабірді кезек-кезек құшақтап, шер тарқаттым да, бар қаруымды артынып, жеке атқа қос торсық су теңдеп, бар малды алға салып, кешкі салқынмен тура оңтүстік шығысқа қарай аттандым. Екі қонаға жерде, жан баспас иенде, жарлауыт қабақ астынан жылып шығатын мол сулы бұлақ бар еді. Әуелгі тоқтаған, бір қыстаған жеріміз. Аттарды ауыстырып мініп, көп жүріп, аз аялдап, соқтыртып отырып күн жарымда келіп жеттім. Әрине, жан жоқ. Мен күткендей, шашылған сүйектер де көрінбейді. Одан бері қанша заман. Тозбайтын — топырақ қана. Бұлақтың көзі бітелгенмен, тіршілік нәрі үзілмепті. Аршып, тазартып, мейлінше суладық. Жерсінсін, қара іздемесін деп, екі күн аялдадым. Содан соң малды Қамбар-Атаға, өзімді Қызыр әулиеге тапсырып, артыма қарай-қарай кеттім. Құдай көлденең пәле-жаладан қақса, суаттан ұзамайды, алғашқы қармен оралармын, ал қазір, өзім пана таппай тұрғанда мұншама жылқыны ешқайда сыйғыза алмас едім. Бар үміт қарындасым Айсалқамда. Содан соң... Жансалқам... Тұлымы желбіреген құлынша-ғым үшін безген шығармын қапастан. Тек... Айтудың өзіне қорқам — бар ма... тірі ме?... Бұғанасы бекімеген бала тұрғай үлкендердің өзі қайда қалды... Жансалқам аман болса, бәрі орнына келер еді.

Құдай оңғарды. Оңай табылды. Жалғыз қарындасым сол баяғы Жуантөбеде, отыр екен. Күйеуі соғыста өлген. Балалары жас. Бір замандағы

уылжыған бай қызы бейнет басқан, беті жарылып, маңдайы әжімденген, сойдактіс кәрі колхозшы болыпты да шығыпты. Түні бойы жылады. Менің барлығым, тірілігіме. Баяғыда үмітін үзсе де, өлгенін жаңа ғана естіген әкесіне. Мезгілсіз өткен жеңгесіне. Өзінің талайсыз тағдырына. Қорқыныш та бар. Мен үшін. Қайда барам, кімге сиям?.. Менің алдымда кінәлі сезінеді. Жалғыз туысы — жалғыз сіңлісінің оқи алмай қалғанына. Бірақ бұл — мен үшін үлкен қуаныш еді. Оқымағаны емес, бой жетіп, адам қатарына қосылуы. Көрген жан сұқтанардай сұлу болып өсті дейді Айсалқам, бір жылап, бір жұбанған аралықта. Жирен шашы арқасын жапқан, ұзын бойлы, ақмаңдай, мойыл көз. Қырындамаған жігіт жоқ. Ферма бастықтың аяғының кемісінен әскерден қалған, студент ұлының да ойы болған тәрізді. Сөз байласыпты десіп жүруші еді, оқымысқа бұйырмады. Сарысудан осы ауылға жоқ қарап келген балуан жігіт алып кетті, бір қолы шолақ екен, әскерден былтыр қайтқан түйеші. Қазір Телікөлде отыр ма, Арқа жайлап кетті ме, құдай білсін, бірақ іздесе табылады, өзі де хабарласса керек... Бұдан артық қандай бақыт болуы мүмкін! Қызым жеткен, тұрмысқа шыққан, қарындасым аман, балалы-шағалы.

Бірақ ертеңіне мен өзімнің осы ауылға бөтендігімді сезіне бастадым. Көзімнің көк, шашымның сарғыш, бетімнің қушық екенін жаңа ғана білгендеймін. Көршілер кіріп шықты, ауыл түгел хабарланған сияқты. Қарапайым жұрт арамдықтан ада, бірақ өте әуесқой келеді. Мені қазақ дегенге кім сенер. Ең үлкен куәлігім — Жансалқамның әкесі деген сөз. "Туған ағам. Әкеміз Қызылжардан алған бір шешеміз ноғай еді, содан туған",—деп қойыпты. Ақылыңнан айналдым. Мұнысы қисынға жуық. "Қалада тұрады. Демалысқа келді",—деді тағы бір сөзінде. Бұған ешкім сенбесе керек. Әрине, жер астынан өнді немесе іргедегі Бетпақтың қақ ортасынан шықты деп те ешкім ойламайды. Әйтеуір бір жақтан келді. Қайдан? Әрине, түрмеден. Ендеше өз адамымыз. Қазақ түрмеден өткен кісіге күмәнмен емес, жанашырлықпен, сеніммен қарайтын халге жетіпті. Ешкім қазбаламады. Тек ферма бастық қана, сәлемдесе кірген болып сыр тартқан. Менің Бетпақ жайынан, Сарысу бойы, тіпті, арыдағы Ұлытау, Көкшетау, Қызылжар тарабынан да жақсы хабардар екенімді аңдаған соң көңілі орнықты. "Айсалқамның туысы екені рас, бірақ түрмеден келді" деп шешкен сияқты. "Енді осы ауылда қалатын шығарсыз, балаңыз тұрмысқа кетті, қарындасыңыз жалғыз... қиын ғой",—деген. Содан соң ауылда байы соғыста өлген жас келіншектердің көптігін, еркектің қадірі зорлығын айтып, ойқастап отырып, менің бойдақтығымды анықтаған. Қауіптен бастап едім — ферма бастықтың өз есебі бар екен — бұл ауылда малшы жетіспейді, әсіресе жылқы мен түйенің жайы қиын болып тұр... Қой деген, сиыр деген сіздей азаматқа қол емес... Мен қуанып кеттім. Бірақ сыр бермедім. Қарындасымның шиттей бала-шағасын жеткізуге көмек керегін өзім де аңдап отырмын, әйтсе де ойланайын дегем. Отыз жылғы ауыр еңбектен шаршаппын, аз-маз тынығайын дегем. Осыған тоқтадық.

Мен шынында да дем алдым. Үйден шықпаймын, күнұзақ Айсалқам от жағушы, күл шығарушы қызметші болып істейтін жетіжылдық мектептің кітапханасынан алғызған қазақша газет, журнал, кітаптарды оқимын, түннің бір уағына дейін әңгімелесеміз. Әуелде Вашингтон Ирвингтің Рип Ван Винкли сияқты елу жыл (әлде жетпіс жыл ма — есімде жоқ, әйтеуір ұзақ) ұйықтап тұрған, басқа бір заманнан келген кісі құсап едім, жоқ, езімді уақытынан қалған, өліп тірілгеі пенде емес, үңгірден шыққан, ақыл-есі озық адамдар тіршілігімен жаңадан ғана таныса бастаған жабайы питекантроп сезінген едім. Арада апта өтпей, керісінше екеніне — төңірегімдегілер, осы ауыл, осы ел, тұтас мемлекеттесгі барлық жұрт үңгірге қамалғанына көзім жетті. Газеттерде не айтады? Құдайым-ау, осындай да болады екен! Кітаптарда ше? Ғаламат! Ең тәуір деп ұсынғандарының езі балдыр-батпақ, жиренішті әрі татымсыз өтірік. Әрине, менің қолыма советтік классика түсе қойған жоқ. Қазаққа жетпей жатса керек. Оның есесіне қазіргі заманның "Інжілін" ежіктеп тұрып оқығам. Орысша, қазақ аулында ешкім қолына ұстап кермеген, жап-жаңа. Өзі сондай қалың. "Краткий курс истории ВКП(б) деп аталады. Менің көзімді ашқан, тобама түсірген, кімдердің арқасында қандай мерейлі заманда өмір сүріп отырғанымды санама құйған ғажайып кітап еді бұл. О, күдірет! Құдай ұлы Иисус Христос! Алланың елшісі Мұхамед! Шынында да үлкен мәртебе екен. Қолыңа баспа бетін көрген қағаз ұстау. Тасқа басылған — сен көрген, сен хат таныған кездегіден өзгерсе де, алғаш сөйлеген ана тілінде оқу! Мен "Қысқаша курсты" оқуға тоймадым. Оқыған сайын көзім қарақтана түскен. Өткен өміріме шүкіршілік, бүгінгі барыма тәуба айтқам. Кей кезде өзімді, өзімді ғана емес, өзгелерді де табалап, мәз болып күлуші едім. Кітап оқу, мейлі ол «Краткий курс» болса да, қандай бақыт. Ендігі бір бақыт — қағаз, қалам. Жиендерім бастауыш кластарда. Өзге сабақтармен қатар орыс тілін де оқиды. "Нан — хлеб, жол — дорога, сиыр — корова" деп, таң атқаннан кеш батқанға дейін ежіктеп жатқандары. Ауылда бір орыс жоқ, бірақ мұндағы ұғым бойынша, орыс тілінсіз күн көру мүмкін емес сияқты. Бір кезде бұл өлкеде қазақша білмесең күн көру қиын еді. Міне, прогресс! Міне, түземдіктердің цивилизациялы әлемнің есігінен сығалағанда тапқаны. Бар жетістік алда сияқты. Енді аршындап ілгері басу, үздіксіз даму үшін орыс тілін білу керек. Өз тілін ұмытса да. Орыс тілі! Білсең болды, жетесің, жетісесің. Мың жылдан бері орыс тілінде сөйлеп келе жатқан жұрт жерұйыққа (түпнұсқада қазақша — "жеруюк" деп жазылып, жақша ішінде "молочные реки, кисельные берега" деп дәйектелген,— М.) баяғыда қоныстанып алған сияқты. Орыс тілін біліңдер, балалар! Мұғалімдікке сұрансам ба екен? Шайтан азғырса да көнбедім. Әрине, тексере бастайды. Қайдан келген, қайда тұрған и все прочее... Ең жақсысы — отыз жылғы үйренген кәсібім жылқышылық. Ешқандай құжаттың керегі жоқ. Жұт соғып колхоздың малын қырып алмасаң болды. Қырып алсаң, қажетті жерде тиісті дүкіметті өздері тауып береді. Құдай бетін ары қылсын.

Сонда да мұғалімдік маған қол емес. Бірақ саусағым жыбырлап отыра алмадым, Міне, қолыма ұстаған қаламды сияға матырып, "А" деп жазам. А.

Аз. Содан соң Я. Я — Мен. "Мне отмщение — аз воздам" Толстой. Толстой алған эпиграф. Матфей? Лука? Ұмытыппын. Мен мұсылманмын. Кәпірдің кітабынан... Нағыз кәпірдің кітабы міне—алдымда жатыр. Менің саусағым жыбырлап тұр. Жазғым келеді. Әйтеуір бір сөздерді. Мағынасыз болса да. Есте қалған ескі шумақтарды. "Исчезли юные забавы — Как сон, как утренний туман!" «Во глубине сибирских руд» "Стал считать Казбек угрюмый — М не счел врагов... Иә! Әйтеуір бірдеңе. Бас салып "Краткий курсты" көшірмейсің ғой. Кенет маған бір әзәзіл ой келген. "Анти-курс" жазу. Көрініп тұр-ау бар жамауы. Батпағы мен былығы. Қисынсыз өтірігі. Ау, ұлы Сталин қайда, орыс революциясы қайда? Шала сауатты семинаристің атын кім білетін еді ол кезде. Ал одан кейін? Большевиктер өкімет басына келгеннен соң ғана есімі атала бастаған. Онда да көбін көлеңкеде. Енді міне. "Владимир Красное Солнышко" қайда, "ұлы көсем Сталин" болмаса, маймыл қанша тырбаңдағанмен адамға айналмайды екен. "Анти-курс истории ВКП(б)". Жоқ. Айтуға ғана оңай. Аз-маз сауатты "Анти-курс" жазып шығу үшін, баяғыда жолда қалған университетімді тәмамдамай-ақ қояйын, соңғы отыз жыл ішіндегі әдебиетті түгел қарап шығу керек екен. Ал, жарайды. "Анти-курс" жазылды дейік. Не үшін, кім үшін? Өзім үшін, әрине, Өзім үшін онсыз да бәрі айқын емес пе. Құрысын. Оқитын нәрсе таусылды. Жазатын тақырып және керексіз екен, Бірақ менің аяқталмай қалған университеттік білімім кеудеме сыймай барады, Қолым... байлап қоймасам, ырқыма көнер емес. Аурудың бір түрі болу керек. Отыз жыл бойы қағаз көрмегеннен асқынған. Ақыры емін таптым. Өзімнің бастан өткендерімді жазам. Жариялау үшін, жазушы болу үшін емес. Өзім үшін. Әуелі қағазға түсірем. Содан соң ойланып көрейін. Неден басталды. Не шықты. Не болды. Мына апокалипсис заманын туғызған күнәхарлардың ішінде мен де бармын ба?

Жоқ. Кейінгі іс менің еркімнен тыс болған. Менің бар қызметім қазір өлшемге алынатын 1913 жылдың 31 декабрімен бітеді. Одан соңғысына жауап бере алмаймын. Менің зәредей қатысым жоқ. Мен жендет емес, құрбандық болдым. Иә. Құрбандық. Ендеше, қалай құрбанға айналғанымды анықтауым керек. Жоқ. Ол да емес. Мен жадау тұрмыста, жапырайған жаман тамда, бірақ қалың ел ортасында жатқан осы қоңторғай күндерімде бұл өмір деген тым сұрықсыз нәрсе емес-ау деген тоқтамға келдім. Мен дүниеден баз кешкем жоқ-Басымнан қаншама қысым, қыстақ дәуірлерді өткерсем де, елуге жаңа іліндім, бұдан соң да біраз жасасам деймін. Бірақ қалай, қайтіп? Алдымен бүкіл өмірімді шолып шығам. Содан соң,—бұдан қырық жыл бұрын алдымда тұрған сауал,— енді не істеу керек деген мәселеге жауап іздейміз. Ал, бастадық .

...Мен, Стамбек Сыпатайұлы Дәулеткелдиев, Россиядағы ең көне, ең атақты әулеттердің бірінің тұяғымын. Арғы атамыз XIV ғасырда, Даланың қуаты қайтпаған кезде өз еркімен Ордадан келіп, орыс туының астына тұрған екен. Шоқынып, үйленіп, біржола орнығыпты. Ұрпақтары өсіп-өніп, басқа әулеттермен туысып, кенінен тамыр жайған. Біз бабамыздың Ордадан

шыққанын мақтан ететінбіз, сонымен қатар, ұлы державаға ертелі-кеш батыстан, шығыстан құйылған ондаған, жүздеген басқа да әулеттер сияқты, өзімізді таза орыс санаушы едік. Біздің тұқымнан Ресейдің құдірет-күшін, сән-сәулетін арттырған қолбасылар, дипломаттар, оқымыстылар, басқадай игі жақсылар көп шықты. Сүйегіміз асыл, тегіміз терең екені шежірелердің бәрінде сайрап тұр, ата данқына да, абыройымызға да ешкім күмәнданған емес. Әйткенмен, Ұлы Екатерина заманынан бастап, біздің әулеттің бұрынғы дәреже-мансабы кеми бастапты. Ал император Павел тұсында патша сарайында мүлде көлеңкеде қалғанымен, Сібірдің терең кеніштерінде тәп-тәуір танылады (сөз ыңғайына қарағанда әлдебіреулер каторгаға айдалған сияқты,— М). Әйтсе де байлық пен беделден арылмаған. Тікелей өз аталарыма келсем, олардың ең таңдаулы өкілдері Наполеон соғыстары кезінде — Бородино мен Березинада, Қысқы жорық пен Ләйпциг түбіндегі ұрыста қаза тапты. Тірі қалғандарының ешқайсысы Сенат алаңындағы бүлікке қатыспаған. Бірақ император ағзамның оң көзіне ілінбедік. Менің үлкен әкем князь В. отыз жыл тұрақты әскер қатарында қызмет атқарса да генерал шеніне жете алмай, Қырым соғысы қарсаңында полковник дәрежесінде отставкаға шығыпты. Бірақ қарт жауынгер Тавридадағы масқара жеңілісті көтере алмай, миына қан құйылып қайтыс болған. Мұның бәрін тәптіштеп айтып отырғаным, біздің әулет ғасырлар бойы Мемлекет пен Таққа қалтқысыз қызмет етті, өзінің бар тірлігінің мәні — Отан алдындағы борышты өтеуде деп білді...

Кәрі полковник өзінің Орел губерниясындағы мекеніне келгенде шағын шаруашылық өте мүшкіл халде еді. Полковниктің алғашқы некеден туған жалғыз ұлы — менің әкем өзінің емірін реформаторлық жұмысқа арнамақ болады, Геттингенде дәріс алған, неміс философтарының дүниесі қайта құру туралы идеяларымен басы шырмалған әкей бүкіл Европаны аралайды, тіпті, Америкаға өтіп кетуге шақ қалады, Кәрі полковник ескі ұясына қайтып оралған кезде ол өзін де, өзгені де ұмытып, деревкядағы ахуал, шаруалары босату, қауымды қайта құру туралы еңбектер жазумен әуре болып жатса керек. Екі-үш мақала, очеркі сол тұстағы журналдарға шыққан да сияқты. Ол, тіпті, реформаны күтпей, біздің иеліктегі шаруаларға толық еркіндік беру туралы өз әкесінің алдына мәселе қойса керек, Кәрі полковник, әрине, бұл ұсынысты геттингендік желекпелік деп қана қабылдаған, оқымысты ұлдың аузын ашырмапты. Арада екі-үш жыл өтпей, Азаткер патша арнайы манифестін жариялағанда құрғақ идея мен нақты істің ара қатынасы қандай екені айқындалады. Әуелде, басқа дворян ұялары сияқты, біздің иелік те талалақай болады. Өзі нық сенген, осы жолда бар емірімді түгесем, айдауға да, абаққа да дайынмын деп жүрген әкей (түпнұсқада — батюшка,— М.) мәңгіріп қалса керек. Танқаларлық ештеңе де жоқ. Бары алдында тұрған, тым дәулетті болмаса да, ішіп-жемдігі мол салқам сері ("молодой повеса") бір-ақ күнде "жалғыз үйлі Овсяников" болады да шығады. Әкейдің Петербург университетінен кафедра алмақ болған, басқадай жолмен болашағын берекелеуге тырысқан қам-қарекеттерін айтпай-ақ қояйын. Ақыр түбі әбден

қажыған, жасы елуге тақаған кезінде кеше ғана өзінің басыбайлы құлы саналған, реформадан соң шамалы жер алып, тынымсыз еңбек етіп, өзінің іскерлігімен байыған қара шаруалардың бірінің жалғыз қызына үйленеді. Кәрілігін қамтамасыз еткеннен соңғы арманы бала көру екен. Перзент тұрмай қояды. Ақыры, некенің, тоғызыншы жазында

— 1895 жылы мен туыппын. Әкейдің — бір кездегі делебелі Геттинген ұланы, енді ата-тегің, бағзы замандардағы атақ-данқын бәрінен жоғары қоятын қарт князьдің бар тірлігі бала бағуға арналады. Қаражатын да, күш-қуатын да аямайды.

Мен Елец қаласындағы гимназияны алтын медальға бітіріп, 1911 жылы, он алты жасымда Петербург университетінің заң факультетіне келіп түстім. Әлбетте, әкей мені ескірген неміс рухында тәрбиелеген жоқ. Бірақ патшалық құрылыстың Россия үшін ең үлкен сор екенін миыма сіңірген. Алайда, мені тәрбиелеген — әкем емес, арнайы шақырылған тәжірибелі оқытушылар да емес, тасқа басылған жазу. Мен, әрине, әкемнің ғылым саласындағы, саясат саласындағы сәтсіздіктерінен жақсы хабардармын.

Сондықтан өз жолымды іздеуім керекті. Өзімнің жолы ғана емес, Отанымның болашақ бағдары. Біздің әулеттің ескіден қалған жалғыз мұрасы — әлденеше ұрпақтың қолтаңбасы бар бай кітапхана. Мен Тит Ливий мен Тацитті, Плутарх пен Светонийді, Гомер мен Цицеронды ғана емес, Вольтер мен Руссоны, Шеллинг пен Шопенгауэрді де зерделеп оқыдым. Ұлы француз революциясының тарихын тексердім. Ғажайып кезең, ғаламат жандар. Менің пейіл-иманым якобилер жағына ауды. Идеалым Марат та, Дантон да емес, Робеспьер еді. Ақыл-парасат күшін арттыру, жүйке бекіту, мінез қалыптастырумен қатар, дене қуатына да айрықша көңіл бөлдім. Гимназияның соңғы класына көшкен жылы әкеймен бірге Европаны аралап қайтқан соң мен өзімнің болашақ өмірім революциялық күрес жолына бағышталарын біржола түйсінген едім. Уни-верситеттегі, өзімнен әлдеқайда ересек, әртүрлі үйірмелерге, жасырын ұйымдарға белсене қатысып жүрген ойшыл, күрескер жастардың арасына түскенде, мен таңдаған жолымның дұрыстығына тәнті болдым. Жетеді! Шыдам шектен шықты. Бұдан әрі қарай бұрынғыша өмір сүру мүмкін емес! Пушкин мен Толстойды тугызған жетпіс миллиондық великоросс халқы барлық асыл қасиетін танытатын, ұлы миссиясын ақтайтын өзгеше талайын табуы керек. Оған сай мүмкіндік толық. Тек жағдай келіспей тұр. Суворов пен Кутузовты шығарған, әлемдік құрылықтың алтыдан бір бөлігін баурына басқан Орыс мемлекеті әлемдегі ең қуатты державаға айналуға тиіс. Оған да жетер күш бар. Тек шарты келіспей тұр. Сол жағдайды жасау керек, сол шартты туғызу керек. Мұны бәрі де ұқты. Бәрі де білді. Бірақ түскен жол әртүрлі, ұсынған бағдар әрқилы еді. Мен социал-революционерлер партиясын мақұл көрдім. Көп ұзамай қарулы жауынгер топқа кірдім. Біз қоғамды жаңғырту жолындағы іс-әрекет дәйекті түрде жүргізілетін революциялық террорсыз жүзеге аспайды деген сенімге бекіп едік. Мен әуелде онша маңызды болмағанымен, өзіндік мәні бар бірнеше акцияға қатыстым; тікелей емес, сырттай бақылаушы, хабаршы

ретінде ғана. Серіктерім мені баласынған. Мүмкін, сын кезеңі шығар. Бірақ мен жиналып шешім қабылдаған, қаншама уақыт жаппай бақылап, ақыры топырласып жүріп қастандық ұйымдастырған мұндай әрекеттерге қанағаттанбадым. Жоғары шенді, аты дабыралы ұлықтарды ғана аулайды. Басқаларға ескертпек. Ой салмақ. Қорықпаған, ойланбаған жендеттер ғана зұлымдыққа баратындай. Аңғырт қана емес, босбелбеу, тіпті, дәрменсіз іс. Әлбетте, нәтижесі шамалы. Оның үстіне, екінші және үшінші акциялар кезінде біздің арамызда охранка тыңшысы барын аңдадым. Құпия полиция бәрін біледі, тіпті, кейбір істеріміздің сәтті, болуына тілектес — қайткенде де торын құрып, төбемізден бақылап қана отыр. Келесі бір, шамалы ғана шаруа сәтсіздікке ұшырап, жігіттер ғайыптың күшімен ұсталмай кеткен соң мен оп-оңай есептеп шығардым. Жаратылыстану факультетінің төртінші курсына оқитын, қалың шаш, қыр мұрынды сұлу блондин, почтмейстердің баласы, сібірлік. Біздің топтағы,— террористер тобы емес, студенттер тобы,— Елена дейтін қызға қырындап жүретін. Ойландым, әртүрлі кездейсоқ жайыттарды ескердім, басқаларды да тексеріп шықтым — күмәнім сенімге айналды. Әрине, мен Покшишевскийдің,—әдемі блондиннің фамилиясын ешқашан ұмытпаймын,— сорлы Покшишевскийдің сатқындығын жолдастарымның алдында дәлелдей алмайтын едім. Менікі негізінен дерек емес, түйсік. Бас араздыққа балауы, қызғанышка жабуы мүмкін. Оның үстіне, қатарымызда Покшишевскийден гөрі тереңірек орныққан тағы біреудің жоқтығына кім кепіл. Айқындаған өзім, үкімді де өзім шығардым. Әрине, орындаушы да өзім. Сатқын блондиннің құдайдан өзі тілеп алған ажалы социал-революционер жастар арасында үлкен ашу-ыза туғызды. Менің, қайран қалғаным, біздің ағайындар қысасты қаза — тек тап жаулары-на ғана еншілі сыбаға деп санайды екен. Өздері кімді болмасын кекіліктей жалпасынан түсіруге әзір, ал олардың қылшығы қисаймауға тиіс сияқты. Ал үйірмешіл, дабырашыл бейсауат студенттер қауы-мы бұл — азат ойлы жас ұрпаққа жасалған қатаң ескерту деп білген. Шешендер профессор мінберіне көтеріліп, бүкіл полиция департаментіне, дәл осы іске ешқандай қатысы жоқ университет ректора-тына ғана наразылық білдірумен шектелмей, қазіргі мемлекет құрылысын мансұқ етіп, патша ағзам-ның өзіне жақындап барған. Полицияның нақты дерегінше, әлдебір куртизанканың пәтерінен кеште-тіп шығып келе жатқанда, иен, қараңғы бұрышта әлденендей бұзақылар,— мүмкін, жезөкшенің ескі тамырлары,—өлтiрiп кеткен, жалаңаштап тонап әкеткен (тоналғаны рас, қымбат сюртугі Фин шыға-нағының батпағында шірігенмен, алтын сағаты әлі күнге дейін Санкт-Петербургтағы, ах, кешіріңіз-дер, ...градтағы каналдардың бірінің түбінде жатыр) сатқынды жерлеу — ұлт батырын шығарып салуға парапар оқиғаға айналды. Қабір басында қаншама асқақ сөздер айтылды, тындап тұрғанда табытқа өзің түсіп кеткің келеді екен — болашақ Кювье, болмай қалған Коуп. Достары мен әріптес-тері тегіс қатуланып алған. Әрине, мен де ашулымын. Елена сұлудан көзімді айырмадым. Араларын-да ештеңе болып үлгермесе де, батырдың бейбақ жесірі ретінде көрінгісі келетіндей. Түгел қара киі-нуге дауаламаған

сияқты, мойнына қара орамал салыпты. Ертең екінші біреумен ойнап кетерін, қала-сам, менікі де боларын түйсініп тұрған жоқ. Бірақ маған ендігісі бәрібір еді. Менің Троям алда. Сол күні-ақ құпия серіктеріме өзімнің партия қатарынан шығатынымды мәлімдедім. Әрине, көбі қорқақ-тыққа балады, сатқындықтан сезіктенгендері де бар. Маған салса, екеуі бірдей. Тез сусыдық. Тіпті, біразымен қарама-қарсы кездескенде бас изеспейміз. Мен өзімнің бақылауға түскенімді аңдадым. Әлбетте, полицияның бақылауынан ауыр емес. Тек сақтықты молайта түсу қажет.

Көп ұзамай, 907 жылғы жаныштау кезінде айрықша озған полиция офицерлерінің бірі жалпа-сынан түсті. Түнгі қызметтен қайтып келе жатқанда, тура есігінің алдында қақ маңдайдан атып кеткен. Содан соң отставкадағы жандарм полковнигі. Қызмет басында жүрген кездегі еңбектері үшін. Арада ай өтпей тағы бір жандайшап — жыртқыштың өзі болмаса да көзі, адал қызметіне орай байланған наградасын алуға астанаға келген, провинциялық губернатордың адъютанты. Небәрі жарты жыл орайында көлденең жазаға — жендеттік ерлігі мен құлдық ықыласына сай қазаға ұшыраған бейбақтың ұзын саны сегізге жетті. Әрине, мен. Мұның бәрі менің ісім еді. Аңғал да ақылсыз серіктерім сияқты мен наһан киттердің ғана соңына түскем жоқ. Топас, қатал, кәрі губернатор өлсе, оның орнына әрі залым, әрі іскер, жас біреу отырады. Полиция бастығы өзгергенімен, өкіметтің құлақ, көзі бітелмейді, жуан жұдырығы әлсіремейді. Патшаның өзін өлтіргенде тапқанымыз белгілі. Заман қатая түсті, дүние бұрынғыдан да тарылды. Бұрын езіліп жатқан, еңіреуден жазбаған халық енді мүлде жанышталды, бүкіл Россияны зар басты. Жоқ!

Қатардағы полицейден ұлы князьға дейінгі аралықтағы жұрт ұстаған "игі жақсылар" (түпнұсқада "лутчие люди", — М.) төңірегіне үреймен болмаса да, күдікпен қарап, бұдан ары басқаша билік жүргізу қажетін, ездерін осыншама жек керетін халықпен есептесу керегін, мемлекетті, бүкіл әкімшілік жүйесін қайта құрмай дүние оңалмасын ұғынуға тиіс еді. Әрине, бұрынғылардың миына ештеңе қонбайды; қызметке, іске жаңадан араласып жатқан кейінгі буын алдыңғылардың тағдырын көріп, жаңаша ой түйері күмәнсіз. Бұл — бейбіт жолмен, үгіт, тәрбиемен жүзеге асатын іс емес. Данышпан Пушкин мархаматқа шақырып, азаттықты дәріптеді. Гоголь бүкіл қауымды, ел ішін кеулеген қоқысты әшкереледі. Толстой ерлікті, ізгілікті, адалдық пен адамдықты марапаттады. Не шықты? Оңалып кеткен, түзеліп кеткен ештеңе жоқ. "Аюға намаз үйреткен — таяқ" деген мақал бар екен қазақта. Біздің аюға арнап айтылғандай. Елдің санасы жаңғыру үшін ұлы сілкіністер ("великие потрясения") қажетті. Әрине, бір адамның қолынан келетін шаруа емес. Бірақ "Ұшқыннан жалық қаулайды!" деген, социал-демократтардың ұраны нақты өмірден алынған. Ұшқын бар. Қаулау үшін, іріп-шіріген, бірақ тұғыры тас, ұстыны орнықты ескі қоғам біржола жанару үшін революциялық террор кең көлемде, жан-жақты жүргізілуге тиіс. Жанғырудың ең басты шарты — түбегейлі тазарту! Біз өткендердің күрес жолын зерделеп, өзіміздің шамалы тәжірибемізді қорытып, ойласа, ақылдаса

келе жаңа катехизис жасадық, мұрат, бағдарымыз-ды нақтылай, айқындай түстік. Ең алдымен, соны серпіліске кеселі тиюге мүмкін сұмпайылардың көзі жойылуға тиіс. Содан соң патшалық тәртіптік, қылмыскер құрылыстың тірегі болып отырған қайратты, парасатты кісілерді қатардан шығарамыз. Жұртты үрей жайлайды, қауымның іргесі шайқа-лады, өкімет берік бағдарынан жаңылады. Күні озған қоғамды шылпара талқандауға, түп-түқиянымен құртуға жол ашылады. Нәтижесінде, әлемнің алтыдан бір бөлігінде революциялық өрт тұтанады, жеңіспен, жаппай жанғырумен ғана аяқталар қуатты бүлік бүкіл жер шарына таралады. Сол ұлы мұратқа жол ашар жалынды да жаракты топ ештеңеден тайсалмауға тиіс еді. Мен өз жасағымды құрдым, жекелеп жүргізілетін әрекет аймағын ежелгі екі астанаға, барлық провинциялық орталықтарға көшіру туралы жоспар ойластыра бастадық. Міне, дәл осы кезде тұзаққа іліндім. Соңғы ерлік,— қазір ойлап отырсам, сұмдық, тіпті қылмысты істерім үшін емес. Мүрдем кеткен Покшишевскийдің тозақ-тан жолдаған сәлемімен. Баяғыда өткен, өзім де ұмыта бастаған ескі істер шылауы. Соңғы кезде мансапты, атақты жуандар қазаға ұшырамағанымен, революциялық террор жаңаша сыпат алғанын, кеңінен таралуға бет қойғанын аңдаған охранка өздеріне ежелден мәлім, бірақ тұзаққа ілінбей жүрген жігіттерді қатаң бақылауға алады ғой. Ақыры, тобымен жапырлаған, әрине, іске аспаған кезекті қастандық үстінде біреуін қолға түсіреді. Өрмекті тарқата келе, баяғы бір іске шығады. Орындаушы болмасам да, тікелей қатыспасам да хабардар, сыбайлас ретінде мен, қазір мүлде араласпай кеткен, тіпті, араздықта жүрген ескі серіктеріммен бір бұғауға шалындым. Бізге үлкен "құрмет" көрсетілді. Анау-мынау емес, аса қауіпті мемлекеттік қылмыскерлер ғана "сая табатын" Петропавловск қапас-камалына түстік.

Әрине, ештеңені мойындамадым. Өте көтеріңкі, тіпті, кей реттерде көңілді жүрдім. Кейінгі жұмыстарымның соншалық таза жасалғанына масаттанғам. Ескі іске қатысым шамалы ғана екені тағы өзіме аян. Бірақ, патша заңы ақ-қараны қашан айырған. Жазықсыз, бейкүнә жандар мыңдап, Отанға игілік қана тілеген марғасқалар жүздеп айдалды, асылды, құртылды. Ал шын жау — патшалық құрылыстың ғана емес, бүкіл мемлекеттің, ұлы орыс халқының қас дұшпандары — "саяси күнәкарлар" ретінде ғана, тыным алып, денсаулығын түзетіп, білімін толықтырып, ойланып-толға-нып, жаңа айла-шарғыға молығып қайтуы үшін, ауасы таза, табиғаты бай, онаша, әрі тыныш, тірші-лігі келісті өлкелерге — айдауға емес, демалысқа жіберіліп тұрды. Нәтижесін енді көріп отырмыз. Хош. Сонымен, бес жыл каторгаға кесілдім. Одан соң он жыл еркін қоныстанушы. Жаңа айтқаным-дай, тергеу орындарының қолындағы айғақпен салыстырғанда мен жазықсыз жапа шектім. Бірер жыл бұрын болса, университетпен ғана қоштасып, аман шығуым да мүмкін еді. Бірақ біздің Россияда, тіпті, патша тұсында да, науқаннан қымбат ештеңе жоқ еді. "Отанға қауіп төнген", әлемдік соғыс тұтанғалы тұрған, Балқанда қырқыс басталып (сәл-пәл жаңсақ дерек, сөз болып отырған уақыт— 1914 жылдың көктемі екені байқалады, бұл кезде

Балқан соғысы аяқталған — М.), Европаның есінен адасқан барлық монархтары ақыр түбі өздерінің басын жұтатын жаппай қантөгіске құмартып отырған кезең еді. Бес жыл каторга!! Бұл тозақтан аман шықсаң, "еркін" қоныстанушы бақытына жетесің! Мен әуелде ашу-ызадан, кернеген кектен құтырып кете жаздадым. Содан соң мәңгіріп, езіліп, естен адасуға жақын халде бұратылып жата бердім. Ақыры, этаппен айдауға түскен кезде бәріне де көнген, болашақтан, тіршілік атаулыдан баз кешкен кейіпке енсем керек. Бірақ мен жас едім. Жігерлі, қайратты едім. Тіршілік өз заңын жүргізді. Мен өмір сүре бастадым, каторжник ретінде болса да.

Қорғасындай толықсып, жарым көкжиекті жасырған ұлы өзеннен өттік. Байтақ Сібірге ендік. Эшелон әулие Петр мен әулие Павелдің атындағы сиықсыз қалашыққа тоқтады. Мен темір торлы терезеден алғаш рет тірі киргизды, яғни кәдімгі қазақты көрдім. Жадау киімді бірнеше жүкші. Тарихтан оқығанымды еске түсірдім. Иә. Сібірді Ермак жаулаған. Бірақ киргиз, яки қазақ даласына ұзақ уақыт бойы тіс батпаған. «Кең даланы саны мол, аса жауынгер көшпенділер иеленіп отыр, түстікке қарай қадам басу мүмкін емес...» Ермактың жолын қуған воеводалардың бірінің Борис Годуновқа, әлде Михаил Романовқа жолдаған ақпары. Миллер, әлде Фишер... Фишер. Фишердің тарихынан. Жадым бұрынғыша, есім түзу. Иә. "Многочисленные и воинственные..." "Прогрессив" (кейінгі тарихтың бағасы) жасақты ата мекен жеріне енгізбеген. Ақыры... империя құрамына қосылды. "Фелица..." "Богородица царица—Киргиз-Кайсацкия Орды,— Которой мудрость несравненна..." Сол даналықтың арқасында, кеше ғана ат құлағында ойнап, кең далада еркін шапқылап жүрген номад бүгін құдайы бөтен жұрттың өзінен аударып алған қаласында (біздің авторымыздың бұл дерегі онша нақтылы емес: қоныс қазақтікі болғанымен, қаланы орнатқан Орыс өкіметі,— М), өз жерінде, құлдық қамытын киіп, ауыр тендерді көтеріп жүр.

Сонда да менен бақытты. Бұлар — тірі. Мен —"Өлген үйге" бара жатырмын. Достоевский. Осыған ұқсас... дәл осындай сөзі бар. Анау — өзеннің арғы бетінде, малын бағып, киіз үйін тігіп, отын маздатып отырған киргиздар да менен бақытты деген. Мына киргиздар басқашарақ... Кенет маған темір тор — менің тереземе емес, бүкіл қырғыз-қайсақ жұртының алдына тартылғандай көрініп кетті. Сол сәтте, әлде сәл кейінірек, әйтеуір сол күні мен өзімнің кім болғанымды есіме алдым, Өзімді қайтадан еркін сезіне бастадым. Великоросс халқына ғана емес, сол халықпен тағдырлас барлық жұртқа — Ұлы Россияға азаттық әпермек болып, қаруға жүгінген мына мен — ежелгі алтын әулеттің асыл сынығы — өз басымды да арашалай алмай, айдауға кетіп барамын. Күлкілі еді. Табиғат заңына қайшы, ақылға сыймас іс еді. Мен өзімнің алдымда ұзақ өмір тұрғанын түйсіндім. Көп ұзамай қапастан құтылатыны-ма сенім пайда болды.

Евро-азиялық ортағасырлық қалашықта, тұйық жолда екі күн тұрдық. Мен — күні кеше ғана таңдаулы жандарм офицерлерін өз қолыммен жаһаннамға аттандырған социал-революционер — үйшіктегі итше

шынжырда өлуге тиіс емеспін, қатесіз жүзеге асатын, өте қарапайым, әрі тамаша жоспар ойлап таптым. Сол күні ішім бұзылды. Ішім бұзылғаны — бітеу әжетхананың төбесіндегі ашық желдеткіш екі дүниенің біріне тура бастар кең қақпа болып көрінген. Тек секіріп іліну керек, тартылып шығу керек. Қанша әлсіресем де, соңғы күндерде аз-маз оңалғам, бұған шамам жететінін аңдадым. Тағы бір керегі — ең басты шарт — екі минут уақыт еді. Орайлы сәт келер күні, біздің қожалақ эшелон шайқала салдырлап, Сібірдің терең қойнауына қарай бет түзеген шақта, қарағай, кайың аралас орман ішінде туды. Таң атқаннан бері төрт-бес рет шоңқайған тышқақты аңдудан жалыққан күзетші бетін бұрып, есіктен аулақта махорка ораған. Екі минут емес, бір минут, бәлкім, он бес-жиырма-ақ секундта мен адам айтқысыз күшпен, осы он тоғыз жылдық ғұмырымда жұмсаған барлық қайрат-қуатыма парапар серпінмен вагон үстіне шығып үлгердім. Астыдан айқай естілді, ашық терезеден оқ атылды, бірақ мен аяғымда кісен, қолымда колау болса да, құдайдың кең аспанының астында тұр едім; эшелонды бойлай қашқам жоқ, секіре ытқып, осы, өз вагонымның артқы бұрышына жеттім де, платформаға асыла, созыла тартылып барып төмен қарғыдым. Сүйегім аман сияқты. Жолдың оң қабағына, түстік бетке құлағам. Азап пен ажал арқалаған ауыр состав ышқына сартылдап, төбемді тесіп барады. Мен созылып, ұзарып кеткен аждаһаның көзден ұшуын күтпедім. Тұра сала орман ішіне сүнгідім. Бұлталақтағам жоқ, бұрылғам жоқ, түстікке қарай жүре бердім. Ет қызуымен жолдан бірер шақырымдай ұзаған соң ғана аңдадым, кісен шалған қызыл асық жалаңаш шақа, тобықтан, тізеден сау жер жоқ, түгел қан. Бет-аузым да бүтін емес сияқты. Ауыр азаппен тағы азғана жүрген соң, қалың тоғай ішіндегі тұнба бұлаққа жуынып алдым, еңтігімді басып, жүрегімді тоқтаттым, бағдарымның дұрысына көзімді жеткіздім, құдайға сиындым да, кісенімді жинай тартып, сылти басып одан ары жол шектім. Бұл жақ тұтас орман емес, алас-алқабы мол, жалғаса біткен шоқ-шоқ тоғай екен. Яғни, жүріс жеңілдеген. Бақытыма қарай көп ұзамай кеш батты, түн болды, түнмен бірге ай туды; мен қанша қажысам да дамыл таппай, тоғайларды жағалап, қолыма жиып алған кісенім қалың шалғынға оратылып, жығылып-тұрып жүре бердім, жүре бердім. Танға жақын, түн ортасында, мүмкін, азапты әрбір қадам соншама ұзақ көрінген, кеш батқалы бірер сағат қана өткен шығар, әйтеуір бір заматта әлім құрып, құлап түстім.

Тыныштықтан ояндым. Тыныштықтан және аштықтан. Құлақ жарған тыныштық. Өзек суырған аштық. Тұла бойымның зіл тартқанын, кісек қажаған жіліншігімнің шымырлай ауырғанын көзімді ашып, басымды көтсргенде ғана аңдадым. Құлағым шуылдап, мәңгіп аз отырдым. Сол кезде ғана көрдім. Тура бес қадам жерде атты номад, яғни далалық, сол кездің тілімен айтқанда киргиз-кайсақ тұр екен. Мойны жуан, тоқпақ жал торы ат үстінде, жамбастай қисайып, сығырая қарап тұр, Басында құлағы қайрылған тықыр тымақ, тақымында ұшы көкке шошайған, ұзыншақ, тұзақты ақ таяғы бар,— кейін білдім, бұл — әдетте жылқы қайыруға арналған, қару ретінде қолдануға да болатын құрал — құрық аталады екен. Атты, құрықты қырғыз-

кайсақ маған әлде сынай, әлде мүсіркей қарап аз бөгелді де, тебініп, дәл қасыма келді. Былдырлап, тамағынан үн шығарды. Менің түсінігімдегі жабайылардың тілі. Кімсің, қайдан жүрсің деген сияқты. Мен бейбіт пейілімді, дәрменсіз жағдайымды ұғындыруға тырыстым, Онсыз да шамалап тұр. Матаулы халімді, ешқандай қарсылық жасай алмасымды көрген соң жайлап аттан түсті. Қарсы алдыма келді. Мен басымды қор-ғау үшін қандай амал жасауым керегін ойладым. Қырғыз-қайсақ шолақ жең камзол киген, иықты, дембелше кісі екен, бұрынғы қайратым жоқ, оның үстіне аяқ-қолым бұғаулы, алыса кетсем, шамам жетпесін байқадым. Қапысын тауып, қолымдағы шынжырды мойнына бір іліндірсем, бәлкім, алып жығармын. Білегімде әлі де күш бар, кеше ғана осы білектің арқасында шықтым қапастан. Орнымнан ыңырана тұрып,— қозғалар-қозғалмастан өне бойым сырқырап, жіліншігім ашып қоя берген,— шынжырлы екі қолымды алға создым. Далалық жабайы ішегін тартып, басын шайқап, бірдеңе деді. Мен, арамдығым ішімде, далба-дұлба кенеп шалбардың балағын көтеріп, сирағымды көрсеттім. Түземдік, сірә, таңырқағаны, жаны ашығаны болса керек, таңдайын тықылдатып, терістік жақты нұсқады, қолын сілтеп, ашулы қалыпта бірдеңелер айтып,— әуеніне қарағанда, онша сыпайы сөздер емес сияқты,—мені арқаға қақты. Иығымнан басып, сүйемелдеп қайта отырғызды. Содан соң сыртқы қалтасынан кішкентай қышқаш алған. Тізерлей еңкейіп, менің кісенімді айналдыра бастаған. Сонда ғана ұқтым. Мына түземдік дәл қазіргі сәтте маған жамандық ойлап тұрған жоқ. Қайта керісінше, бұғаудан босатпақ. Қолындағы қышқаш —өздерінің тұтқындарына, немесе құлдарына салатын кісен-нің (кейін білдім, бұл аңғал жұрт тұтқын ұстамайды, құл иеленбейді екен, кісен — жылқы мен түйеге ғана салынады) кілті. Сәйкес келмеді. Қайдан келсін, патша кісені бітеу. Қиратып, кесіп қана ашуға мүмкін. Түземдік тымағын алып, ақ көйлегінің көлеңдеген жеңімсің тақыр басының терін сүртті. Содан соң есіне әлдене түскендей атып тұрып, қанжығадан ағытып, кішкентай тері торсық алды. Аузын шешіп, қолыма ұстатқан. Торсық шикі тері емес, әлденендсі бір тәсілмен кептіріліп, өңделген қара күрең былғарыдан тігіліпті. Ерніме тақап, дәм татып едім, ашқылтым ақтың исі келді. Далалықтар жылқының сүтін ішеді деуші еді, сол сияқты. Бірақ мен пақырда сусын, тамақ таңдайтын хал жоқ, торсықтың аузына жармастым. Қышқылтым, салқын сусын бүкіл денеме жаңа қан құйылғандай әсер етті. Бірақ көп ішпедім. Көтере алмаспын дегем. Әйтсе де қимай, тағы бірер жұттым. Әлім кіріп, көзім шырадай жанды. Сол кезде ғана мүлде басқа планетаға түскенімді, басқа бір әлемге енгенімді нақты түйсінген едім. Өзімді бір құдайға ғана тапсырып, қырғыз-қайсақтың еркіне көне бсруге бекіндім. Менің қымызды,— кейін білдім, жаңағы сусын — граф Толстой сонау башқұрт даласына талай рет арнайы барып, жаз бойы жатып ішетін, көшпенді халықтардың Аттила мен Шыңғыс хан заманынан бері келе жатқан дәру асы — қымыз екен,— сол қымызды ашырқанбай, түшіркенбей ішкеніме және көпе-көрнеу әл жиып, қуаттанғанымға риза болған қырғыз-қайсақ оқыс көңілденді. Жан-жағына қарап, ойланып аз отырып, мені атқа

карай жетелеген. Аяқтағы кісен ептеп-септеп. жүруге жарағанымен, көлікке мінуге жар бермейді, жаңа камқоршым аттың алдына, артына шығып, бас қатырып біраз әуреленді де, мені қуатты, қышқаш қолдарымен лып көтеріп, ер үстіне екі бүктеп етпеттей салды, содан соң бұған да көңілі толмай, екі аяқты бір жаққа салбыратып, көлденең отырғызды, қасқырдың азуындай ірі, аппақ тістерін көрсете, әлде маған, әлде өзіне, бәлкім, тыпыр етпей тұрған, не істесе де көне берген қаба жал, жуан бел атына ризашылықпен, ақсия күлді, ымдап көрсетіп, ердің қасынан ұстап отыру қажетін, әйтпесе ауып түсіп қалатынымды ұғындырды. Содан соң құрығын қарына іліп, атты жетектеп, алға түсті.

Қаншама жүргенімізді білмеймін, мен қайткенде де құлап қалмауға тырысып, мәңгіріп, кей-кейде санам тұманытып, бүгіліп-созылып әрең отырмын. Бір байқағаным, қырғыз-қайсақ ылғи таса жерлермен жүретін сияқты, қиғаш тартып, айналып, көлденеңдеп келеді. Ақыры, мен әбден шаршап, шыдамым таусылып, аттан ауып түсуге жақындаған шақта қалың қарағай ішіне кіріп, ойпаңға тоқтадық. Қайсақ мені туған бауырындай құшақтап, еппен аттан түсірді. Қамзолын шешіп, көк шөп үстіне айқара жазып, үстіне мені жайлап жатқызды, Жең астына бұта, шөп тығып, басымды биіктеді. Қасыма түбінде азғана сұйықтық қалған торсықты қойды. Содан соң күнді көрсетіп, жерді нұсқап, көзін жұмып қолын ербендетіп ("Күн батып, түн болғанда ораламын") қозғалмай осы арада жатуымды қайта-қайта ескертіп, аттанып кетті.

Қымыздың күші ме, әбден әлім құрыған ба, кеш батқанша тұяқ серіппей ұйықтаппын. Қалың қарағай іші қаптаған маса, мана астымдағы камзолды үстіге шығарып, орана тұмшаланғам, сонда да қалған қанымды сорып бітуге жақындаған сияқты, енді көлеңке қойылған сайын бұлттай қаптап, буа түсті. Әрине, қашып құтылар жерім жоқ, күндіз көрген, жағалап, айналып өткен, айнаның жүзіндей тап-таза, дөңгелек көлдердің біріне сүңгіп шықсам, шыбын-шіркей атаулыдан ғана емес, бар уайым, бар дерттен тазаратындай, домалай жөнелгім келді, мүлде бой тасалағым келді. Әйтсе де, алда не күтіп тұрғанын білмесем де, әуелгі орнымнан жылжымадым. Қайталап айтайын, мен өзімді тағдырға тапсырған едім. Ішім удай ашып, қаным қайнап, өне бойым дуылдап, күттім де жаттым. Өткенге өкпем жоқ, болашақтан қорықпаймын. Көп болса құлдыққа сатар. Каторгадан қиын емес. Бәлкім, айырбасқа салар. Онда еркін қазақ қатарына енем. Әйтеуір орыс екен деп, әйтеуір христиан екен деп, тегіннен тегін өлтірмесі айқындалды. Күттім де жаттым.

Мен күткен тағдыр — кездейсоқта ұшырасқан қырғыз-қайсақ өзі айтқан мезгілінен көп кешігіп, түн ортасынан ауғанда әрең жетті. Көзге түртсе көргісіз меңіреу түнде, шытырман түнек тоғай ішінде қалай тапқанын кім білсін, дыбыстаған жоқ, ойқастаған, кес-кестеген жоқ, тура басыма келіп түсті. Менің мана өзі қалдырған жерде тапжылмай жатқанымға қуанғаны сондай, күбірлеп сөйлеп, қыстыға күлді, құшақтап баурына басты. Арқалап, қарағайдың сыртына алып шықты. Қасында тағы бір кісі бар сияқты. Атты

қайсақ және түйе. Бық еткізіп, түйені шөгерді. Үстіне орнықты етіп киіз орапты, яғни ком жасаған, мені аяғымды жазғызып, жайлап отырғызды, жантайып, немесе етпеттеп жатуға да болатынын көрсетті, таза су ішкізіп, қолыма, сірә, мал сүтінен дайындалса керек, сырға ұқсас, тәтті, жұмсақ кетпектей тағам (кейін білдім, жас ірімшік екен) ұстатты. Жүріп кеттік. Суыт жүрдік. Шайқала ырғатылған түйе аршындай адымдап, сар желіп келеді. Жарақат жерлерім бойымдағы темірге, астымдағы киізге үйкеленіп, жаным көзіме көрінді. Бірақ дыбысымды шығармадым, Екі қайсақ та үнсіз. Бірі түйені жетектеп алда, екіншісі менің ауып қалмауымды қадағалап артта. Мен түземдіктердің орыс қоныстанған, қала, станица салынған аймақтан түн қараңғысында, тезірек аулақтауға тырысып, асығыс келе жатқанын ұқтым. Сол кезде ғана көңіліме күмән мен қорқыныш енген. Мана оңаша, күн ашықта жылысып кет-пегеніме өкіндім. Каторгадан қашуға бекінгендегі әуелгі жоспар да басқаша еді. Мен, әрине, бүкіл Оңтүстік Сібірді — бір жағы Каспий теңізіне тіреліп, бір жағы Алтай асатын, Үнді мен Ауғанға сәл ғана жетпей, Мәуреннахрмен шектесетін кең алқапты мекендеген, сандары мол ("Бұл халықтың қанша екенін білгіңіз келсе, шөлдегі құмды санап көріңіз", — дейді, жаңылмасам, Вамбери), ортағасырлық азиялық дәстүрден айнымаған қырғыз-қайсақтар туралы тарихи және географиялық еңбектерден біраз мағлұмат алсам да, бұл тайпаның әдет-ғұрпы, мінез-салты туралы нақты ештеңе білмейді екем. Әйткенмен, біздің өкімет жыл өткен сайын Орда ішіне бойлап бара жатқаны, көшпенділермен жапсарлас Сібір жерінде "Горькая линия" аталатын орыс шебі құрылғаны көпке белгілі. Империяның барлық шет аймақтары сияқты, мұнда да негізгі тұрғындар, басты күш — еркін казактар. Казак станицаларының біріне жетсем болғаны — азаттық алғаным. Жауынгер казактар қапастан қашқан басыбайлы шаруа түгілі, кісі өлтіріп келген қылмыскердің өзін патша өкіметіне қайырып бермейді, өз арталарына қабылдайды, жаңаша өмір сүріп, еркін казак қатарына қосылуына жағдай жасайды. Мен казак арасына сіңіп, ізімді жасырамын, тынығып, ес жинаймын, аз ба, көп пе уақыт өтеді, егер казактың толықша, сұлу, каракөз қызы кездесіп, басым шырмалмаса, еркін өмір мүлде баурап, біржола казак болып кетпесем, жалған документ табам ба, басқадай реті келе ме, Россияға қайтып оралам, тіпті, шет елге өтем, революциялық күреске біржола, бой шешіп араласам. Солай қиялдап едім. Енді міне, қай жерде бауыздары, қандай құлдық қамытқа жегері белгісіз (бұл тайпа кісі етін жемесе керек, ондай дерек есімде жоқ), қарақшы қайсақтарға ерікті тұтқын болып, жер түбіне кетіп барам. Кетіп бара жатып, тағы да дәтімді бекіттім. Бірден зынданға (түпнұсқада "подземная темница" — М.) салмаса, аз-маз ес жиып, күш алсам, қашып шығудың әйтеуір бір ретін табарыма сенген едім.

Таң әппақ атты. Дөңгелене қызарып күн шықты. Қайсақ даласының шын сұлулығын сонда ғана көрдім. Арайлы шапаққа малынған орманды даламен келе жатыр екенбіз. Үйіріле, созыла, шоқтана біткен, біріне бірі жалғас қайыңды тоғайлардың ақсары балағы лапыл өрт күшқандай. Алаңқай, аластардағы тусырылған бітеу шалғын қызыл ала, сары ала өрнектермен

түрлене құбы-лады. Анадайда айдынына қызғылтым бу үйіріліп, аспанмен шағылыса жалтыраған, жағасы қопа, құрақты, дөп-дөнгелек, ойпаң көл көрінсді. Мінс, осындай дарқан өлке жартылай жабайы көшпенділерге тиесілі. Әрине, - әділет емес. Дәл осы сәтте мен — өз патшалығымда, өз халқымның қалың ортасында жүріп, қылмысты деп жарияланған, бұғаулы каторгаға кесіліп, жер түбіне айдалған бозауыз студент, мына қарапайым, риясыз адамдардың арқасында азапты ажал аранынан аулақтап бара жатқан панасыз сорлы — өзімді великоросс жұртының ұлы мүдделерін аяқасты етіп, сатқындық жолға түскендей сезіндім. Қүдіретті қалам иесі, жаңашыл, революциялық әуендерге құлай жығылмағаннан ба, әлде айрықша тереңдігінен бе, әйтеуір әділ бағасын таппай жүрген ғажайып жазушымыз Лесковтың "Очарованный странник" дейтін повесі ойыма оралды. Жат жерде кіріптар халге түскен, рухы бай, жаны таза отандастың тағдырына арналған бұл тамаша шығармада қырғыз-қайсақтардың мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі соншама шынайы бейнеленген. Екі қайсақ атқа таласады ғой. Нарын құмын билеген хан Жәңгір қай жеңгенің ал дейді. Атысар, қылыштасар, төбелесер деп ойлайсың. Жоқ. Қолдарына ұзын, өткір бишік ұстаған екі қайсақ кеудеге дейін жалаңаштанып,— әрине, бұлшық ет-тері білеу-білеу, кенеусіз күштері сыртқа лықсып тұр,— карама-қарсы отырады. Содан соң біреуі ысқырта сілтеп, екіншісін тартып жібереді ғой. Оратыла тиген өткір бишіктен сорлы қайсақтың арқасында, қарнында білеудей жара пайда болады. Уақа емес. Ендігі кезек сонікі. Жыландай үйіріп ол да салып калады.. Теңесті, Содан соң алғашқы қайсақ. Одан кейін екіншісі...

Қойшы әйтеуір, төбелес — төбелес емес, бәс тәртібі бойынша, екеуі кезек-тесіп ұрысады да отырады. Қайраттары дию-періге паралар, төзімі малдан бетер екі жабайы ұзақ қамшыласады. Арқадан, бет-ауыздан ештеңе калмайды. Екеуі де терісі тірідей сыдырылған өгіздей болады да шығады. Тамашаға алқалаған жұрт болындар, тез деп асықтыра бастайды. Ал атқа таласқан екі өлермен үсті-бастарын қан жауып, күп болып, әбден ызаланады, бірақ бәс тәртібін бұзбайды, бұрынғыдан да жедел, әрі қуатты қимылмен кезекпе-кезек төпелесе береді. Ақыры, бишігін көтере керілгенде есінен айрылған біреуі құлап түседі. "Міне, азамат! Міне, нағыз қайсақ!" Жеңіл шыққан түземдікті өзінің қандас, рулас ағайындары қошаметтеп, көтеріп әкетеді. Содан соң... Қайсақтардың қолына түскен таза қанды, тұнық жанды жиһанкездің көрмеген ғажайыбы жоқ. Сірә, қайсақ қатындарына еркек жетіспейтін болса керек, сорлыны зорлап үйлендіреді. Екі, әлде үш әйелге қатарынан. Сөйтіп, сүймеген жабайы қатындармен тұрмыс құруға, оларға бала тапқызуға мәжбүр етіп қояды. Жылқының қабырғасынан бой-бойымен тіліп, шекке салып айналдырған арам қолбасаларын жегізеді. Өз отанына қашып кетпес үшін өкшесін тесіп, бір қабат етінің астына бір шумақ қыл тығып, терісін қайта тігіп тастайды... Міне, мен де аяқ-қолым бұғауда, бұрын кітаптан суретін ғана көрген, түйе дейтін ұсқынсыз махлұқаттың бүкір арқасында шайқалып, сондай жабайы да қаныпезер жат жұрттың ортасына бара жатырмын. Құлдыққа, қорлыққа шыдамаған, отанын аңсаған орыс

адамы — мейірбанды жиһанкез ақыр түбінде аман-есен қашып шығатын. Аз ба, көп пе, уақыт өтср, азаттыққа жол табарыма мен де күмәнданғам жоқ. Кеше, тұтқынға түскен сәттен бергі барлық оқиғаны жіпке тіздім. Зәбір жасаған жоқ. Әуелгі болжамым дұрыс. Айырбасқа салмақ. Бұлардың әлдебір көсемдері казактардың қолына түскен. Мені соған алмастырады. Әлде аманатқа ұстамақ па. Жоқ өз елімнен жапа көрген адам екенімді соқыр жабайының өзі аңдауға тиіс. Ендеше... Құлдыққа сатады. Бұхара мен Хиуаға. Славян текті құлдар жоғары бағаланады дейтін. Сондықтан да ұрып-соққан жоқ. Ұрсып, зекіген жоқ. Алдарқатып ұстамақ. Тойындырады, бағып-қағады. Содан соң қымбат бағаға өткізеді. Осы жорамалға тоқтадым.

Әрине, әл жиып, қуаттанып алам. Содан соң, бұдан да алыстағы Трансоксианға өтіп кетпей тұрғанда бір ыңғайын табармын...

Сәске түсте көшпенділердің тұрағына жеттік. Қала емес, селен емес, бір жағы қамысты, бітсу, бір жағы жайпақ, көгалды, шағын қол жағасына, кең далаға орналасқан оншақты киіз үй. Әлбетте, балалар жүгіріп шықты алдымыздан, улап-шулап, тегіс жаланаяқ, кішкентай ұлдар жалаңбұт, кеуделерінде ғана шолақ жейде. Өншең кеңқолтық, жолбегей киінген үлкендер салмақтырақ. Ал әйелдері беттерін бүркемейді екен, үй арасында еркін жүретін сияқты, әуестігін жасыра алмаған — әуестігін һәм жанашырлығын. Мені Кавказ тұтқындарындай зынданға тастамады. Кең дала, зындан қазу — бейнетті жұмыс. Тағы бірде, озық ойлы журналдан оқығаным бар. Бұл қайсақтар өте жалқау халық деп. Зынданы да, түрмесі де жоқ екен. Мені шет жақтағы қоңырқай күмбезді киіз шатырға әкеп түсірді. Шатыр іші ағаш тор екен (керегені айтады,— М.). Есікті сыртынан мықтап жапса, ешқайда кете алмайсың, Тек тордың жоғарғы басындағы, қатар-қатар байланған, күмбездің сүйегін құрайтын имек таяқтар арасындағы саңылаулар, егер үстінен бастырған киізінің ішінде ерекше берік бірдеңе болмаса, тіліп, тесіп, сыртқа шығуға мүмкіндік беретін сияқты. Ал юртаның күмбезі биік, саты қоймасаң, төбедегі тесігіне жету мүмкін емес. Осының бәрін көзім бірден шалды. Бірақ әлім құрыған, дәл қазір қолдан келер қайран жоқ, момақан кейіпте дөңгелек, ирек оюлы киіз кілемге жантайып жата кеттім. Сол сәтінде үйге басына жеңіл ақ орамал тартқан жас келіншек кіріп, маған сырлы ағаш ыдыс толы ақ ұсынды. Манағы қышқылтым сусын екен. Бөліп-бөліп екі-үш ұрттап, қайырып бердім. Келіншек қасын кере, қабағының астымен таңдана қарап, ыдысын алды да, басыма күпсек жастық тастады. Қайтадан жантайып үлгермедім, осы үйдің иесі болса керек, мені тұтқындаған дембелше қайсақ келген. Қасында, ең үлкен қожайын сол сияқты, мұрты қиылған, сұңғақ бойлы, қымбат киінген жас жігіт бар. Маған кәдімгідей қол беріп амандасты. Көзіме кезін қадап, сәл бөгелген. Жанары өткір, бірақ шуақты екен. Былдырлап бірдеңе айтты. Қорықпа, сойып жемейміз, бірақ ішіндіріп-киіндіріп, қымбатқа өткіземіз деген сияқты. Әйтеуір ертеңгі халім кешегіден жаман болмасын аңдадым. Мырзаның соңын ала тағы екі-үш түземдік кірді. Біреуі — білектері білеудей, иықты, төртпақ кісі — ұста сияқты, қалғандары темір төс, балға, тағы бірденелерін

сүйреткен, көмекшілерге ұқсайды. Қайсақтардың менің аяқ, қолымдағы темір бұғауды бұзбақ ниетін аңдадым. Жақсылық нышаны, әрине. Бірақ қуанғам жоқ- Ноқай немелер кісенді үзем деп отырып, сирағымды уатып ала ма деп қауіптенгем. Мәселе көшпенді теміршінің шеберлігіне де байланысты емес. Құдайға шүкір, біздің Россиядағы ең дамыған өндіріс — бұғау жасау, ең сапалы өнім — құлдық кісені ғой. Бағыма қарай, қайсақ ұстасының дарбиған қолдары әрі жұмсақ, әрі епті екен, шапқысы өткір, балғасы салмақты болып шықты, жарты сағатқа жетпей, аяқ-қолым босады, патша ағзамның ең сенімді қызметшісі болат кісен бар қуатынан айрылып, салдыраған темір кебінде босағаға лақтырылған. Мен қайтадан жантаймақ едім, жас қайсақ қолымнан тартып тұрғызып алды. Тіке ауыл сыртына — көлге қарай жетелеген. Соңымыздан тағы біреулер еріп келеді. Тура көл жағасына тірелдік. Мені жерге — тықыр құрақ үстіне тізерлей отырғызды. Содан соң, арттан жеткен екеудің бірі беліндегі қыннан жүзі қылпып тұрған ұзын ақ пышағын суырған. Мен ғұмырымда ештеңеден қорыққан адам емеспін, оның үстіне, бұдан әрі қорқатын, жаныңды әспеттейтін ештеңе қалмаған. Әйтсе де жүрегім суып кетті. Тұра қашсам ба, әлде пышаққа жармассам ба. Тұра қашам, мына үшеуіне жеткізбей кеткен күннің өзінде онша ұзай алмайсың. Мен ақ өлімді ерлікпен тосып алуға бекіндім. Құдайды ұмытқалы көп болған екен, капелімде аузыма "Отче наш" түсті, күбірлеп, иманымды айта бастадым. Ажалдан қорықпайтынымды әйгілеп, қарақшыларға қарап, ыржиып күл-ген болдым. Олар да күлді. Жас қайсақ менің басымнан сипағам "Қазір кесіп аламыз. Ауырмайды..." Содан соң сұр пышақты жендетке қарап, бірдеңе деп күлді. Күлді де, тізерлеп менің қасыма отырды. Жендет қос қолдап алған көл суымен қайсақтың тықыр шашты басын шылап, уқалап аз тұрды да ұстарасымен сырылдатып қыра бастады. Жас қайсақтың европалықтардан мүлде өзгеше бітімді, шекелі, шықшытты, доп-домалақ басы әп-сәтте аршылған жұмыртқадай, жып-жылтыр болып шыға келген. Сонда ғана ұқтым. Мына түземдіктер артынан не істесе де, әуелі шашымды алмақ екен. Ал менің шашым ұйыса бытысқан, әртүрлі жыбырлақ жәндіктердің құт мекеніне айналған, Міне, өткір ұстара төбемде сыр-сыр етеді. Кірлеуіт қалың шаш киіздей ұйысқан қалпында тұтасымен сыпырылып, бетімді жанап, алдыма түсе бастады. Мен өзімнен өзім жиреніп, әрең отырмын. Ақыры, желкеме, самайыма дейін сыпырылып болды. Есіріп, бөртеп кетсе керек, төбе құйқам ашып тұр. Бірақ басым жеңіл, санам тұнық. Енді өзімнің бүкіл денемнен, үсті-басымнан жеркендім. Каторжник кебіндегі тікенекті кенеп шалбар мен түрпідей көйлектің әрбір талшығы бит-бүргеге айналғандай, өне бойым дуылдап, қышып барады. Менің ахуалымды сезгендей, шаштараз қайсақ үсті-басымды ағытып, шешіндіре бастаған. Тыр жалаңаштанған қалпымда тұра жүгіріп, көлге шомдым. Таяз, асты балдырлы, жып-жылы суға бір сүнгіп шыққан соң-ақ мен өзімнің дүниеге деген танымым, адам атаулыға деген көзқарасым басқа бір қалыпқа көшкенін, алдағы тірлік қандай кепке түссе де, өкінбей өлетінімді ұқтым. Менің соңымды ала жас қайсақ та суға түскен. Қалған екі қызметші де шешінді. Біреуінің қолында жұдырықтай,

қап-қара малта тасы бар. Сабын екен. Түземдіктер өз тәсілімен қолдан қайнатқан. Екі жақтап менің үсті-басымды іждағатпен жуа бастады. Ет пен теріні емес, қу сүйекті ыспалап жатқандай.

Жарым көл былғанды, мен тазарып, жеңілейіп, жағаға шықтым. Жаңа киім кигізген. Дөрекілеу матадан тігілген, ауы кең балағы ұзын, ақ дамбал, мол пішімді, жағасыз ақ көйлек. Содан соң балағы жырым, оқалы шалбар, жеңі қысқа, алды оюлы, етегі тізеден төмен қоңыр мақпал камзол. Тақыр басыма дөңгелек тақия қона кетті. Мен мәртебелі тұтқын ("знатный пленник") екенімді аңдадым. Басқа бір үйге келдік. Жасаулы, бай. Тор кез қабырғалар көрінбейді, түрлі түсті, әшекейлі кілемдер қапталған, төрге, оюлы киіз үстіне көк ала көрпе, мамық жастықтар тастапты. Мені ең жоғарыға отырғызды. Қасымда маған иелік етуші жас қайсақ, одан әрі мені тұтқынға алған дембелше түземдік, олардан төменге өздерінше сәнді киінген тағы бірнеше кісі келіп жайғасты. Сабырлы мінез, маңғаз қалыпта көрінуге тырысқанымен, әуестіктерін әрең жасырып отыр. Көз қырымен, қабақ астымен тінте, тексере қарайды. Аздан соң үйге құндыз бөрік, қымбат шапан киген, бурыл мұрт, шоқша сақалды карт келіп кірді. Үйдегі жастар тегіс жамырай көтерілді. Еркімнен тыс қимылмен мен де орнымнан тұрдым. Осы рудың көсемі екені танылған. Қасында маңдайы, жағы оқалы, иекке дейін тартылған ақ жібек шалма ораған (түпнұсқада кимешек осылай аталады,— М.), орта жастардағы, кербез кейіпті, бойы тік, етжеңді бәйбішесі бар. Ру көсемі орындарынан тұрған жігіттердің бәрімен қол алысып, салмақпен амандасты да, мені қаусыра құшақтап, баурына басты, Содан соң төрге, манадан бері менің сол жағымда бос тұрған орынға отырды. Бәріміз де тізе бүгіп, түрікше жайғастық. Тек бәйбіше ғана төрге шықпаған. Маған таңырқай, жатсыша қараған қалпы босағада бөгеліп еді, бәріміз отырып, қожайыны — ру көсемі арнайы шақырған кезде ғана басын изеп, ауыр күрсінген. Содан соң бірдеңе сұрады. Менің кісенім туралы екен. Мана басқа бір жұпыны (сірә, қызметшілерге тиесілі) үйде білезігі қырқылып, есікте қалған кісен осында жетіп, босағаға, тор шарбақ (кереге,— М.) басына ілінген екен. Бәйбіше әуелі кісенді сипап көрді, содан соң салбыраған шынжырынан тарта ұстап, сәл тұрды да, өксіп жылап жіберді. Үлкен көздері жасқа толып, маған қарады, қайтадан кісенге көз салды. Төрге аттай бере, дауыстап жылап, бетін басты да, үйден шығып кетті.

Мен таңырқауды ұмытқалы қашан. Ұққам да жоқ, ойлап бас та қатырмадым. Аз уақыт ашық күмбез астын ауыр тыныштық жайлады. Көк аспанда ұлпа бұлттар қалқиды. Алдымызға дастарқан жайылып, көшпенділердің мен көрмеген экзотикалық тағамдары қойыла бастады, аттарын кейін білдім — құрт, ірімшік, жент, қуырған бидай, балқаймақ, торта, қазы, шұжық, тағы басқа да нәрлі, қуатты астар. Манағы қызметші келіншек ошақтағы ағаш көміріне қызған жез құмғаннан дөңгелек кеселерге әлденендей қызылкүрең сұйықтық құйып тарата бастады. Кофе емес, сүт қосқан, мөлшерден тыс қою шай екен. Мен көсемнің оң райын таныған соң, қайткенде де әзіргі жағдайым жаман болмасын аңдап, әрі кісен салмағынан

құтылғам, үстім тазарып, киімім жаңарған, діңкем құрыса да маужырап, рахаттанып отырмын.

Ақсақал өз тілінде жөн сұрай бастады. Мен ымдап, тұспалдап айтқан болдым. Оқушы шәкірт едім. Петербургта ("О-о!—дескен, қарапайым түземдіктер тегіс таңырқап.— Петербор!..") оқып жүргем. Ешқандай кінәм жоқ. Қарулы жендеттер (түземдіктердің империяның жарақты кісілерін жек көретіні әмбеге аян) ұстап алып, ұрып-соғып, аяқ-қолыма кісен салды. Сібірге каторгаға айдады. Көктегі құдай жәрдем жасап, жолай қашып шықтым. Мына Сіздің жігіттердің (мені осы ауылға әкелген, төменіректе отырған екі қайсақты көрсеттім) арқасында пәледен құтылдым. Енді жас мырзаның (мені қабыл алған қияқмұрт жас жігіт осы ақсақалдың баласы екені түрінен де, ыңғайынан да қатесіз танылған) және Өзіңіздің мархаматыңызға жолығып отырмын... Зерделі қарт көсем менің айтқан сөздерімді түгел ұқты. Бас изеп, мақұлдауына, мені иықтан қағып жұбатқанына қарағанда, ұққандай көрінді. Енді сенің басыңа ешқандай қатер жоқ. Осы ауылда, осы үйде жатасың. Мына менің баламмен, мына біздің жігіттермен бірге боласың. Содан соңғысы аспандағы Алланың әмірінде...

Атымды сұраған. Станиславқа тілі келмеді. Истам... Аслам... Ақыры, мені арқаға қағып күлген. Жас мырзаның есімі Сіләмбек екен, менің атым соған сәйкес Стамбек болып шықты. Басқа жігіттер де атап айтып жатыр. Әлібек, Ахметжан, Мұстафа, Темірхан, Шәміл деген сияқты, көбі мұсылман әлемі, татар, түрік тарихы туралы мен оқыған әдебиеттен белгілі есімдер. Көздері қара, беттері жалпақ, бастары домалақ, жел, күн қаққан қоңырқай өңді, әйтпесе кәдімгі адам, жол тосқан қаракшыға да, жанкешті мүридтерге де ұқсамайды; әйткенмен мен мұсылман қауымының, оның ішінде татар текті халықтардың түрі момақан, тілі жұмсак келерін білетін едім.

Әңгіме үстінде,— ру көсемі сараң сөйлесе де мен туралы өзіне қажет деректің біразына қаныққан кезде,— жігіттер, сірә, көшпелі тұрмыс, әскери демократия әсері, өздерін өте еркін ұстайды екен, дабырласып, гуілдесіп кеткен, әлденеге дауласады, әлденеге келіседі, кейде бірі сөйлеп, басқасы тыңдайды, кейде екеу-үшеуден өзара таласып, мақұлдасып, ақсақалға жүгінеді, әйтеуір ауыздары бір тынған жоқ,—осы қызғылықты, мәнісін, мағынасын ұқпасам да сырттай соншама табиғи көрінген әңгіме үстінде, әуелгі тағамдар ортайып, шай ішіліп болған соң жаңа дастарқан жайылып, алдымыз-ға ұзындығы метрге жуық сопақша, үлкен ағаш астауға салынған, жілік-жілігімен жүйеленген бір қойдың еті тұтасымен тартылды. Мен аштық туралы оқығаным, естігенім бар, әліме қарап, сыпайы-лап ішсем де, лықа тойып отырғам, жаңа бір жазаға бұйыратындай қобалжып едім, ешкім зорламады. Астауға артылған ет үстінде үйтіп пісірген бас тұрған. Ру көсемі алдына алып, бір құлағын маған, екінші құлағын өзінің баласына кесіп берді. Қарын тойғаннан бері ас таңдай бастағам, түрін де, дайындау тәсілін де ұнатпағанмен, амал қанша, зорлана ауызға салдым, мен қауіптенгендей емес, өте дәмді, әрі жеңіл екен, соған орай, қожайынның ашуын тудырмай, аман-есен жеп таусудың сәті түсті.

Жұрт тарады. Аулаққа, тоғай арасына шығып келдік. Маған дәл осы үйге, тер алдына, қалың кабатталған киіз кілем үстіне төсек салып берді. Төбедегі тесік (шаңырақты айтады,— М.) жабылды. Жалғыз өзім. Байқауымша, есік құлыптанбады. Сыртта күзетшілер тұрса керек. Дәл бүгін маған бәрібір еді, өлген адамдай ұйықтаппын.

Келесі күндері де көпе-көрнеу қысас болған жоқ. Мен де көнпіс, момақан кейіп таныттым. Ішем, жеймін, ұйықтаймын. Жігіттермен бірге көлге түсем, ауыл маңында серуендеймін. Бір-екі рет атқа да міндім. Әрине, шабандоз болмасам да, бұрын талай рет салт жүргем, бірақ қазақтың ағаш ері жалпақ һәм жайсыз (кейін білдім, ат жалындағы өмір үшін бұдан қолайлы ер табылмас), мұндағы жылқының арқасы да басқаша сияқты (шынында да солай, кейін көзім жетті, қазанат, жабы аталатын далалық тұқымдардың қабырғасы кең, сауыры жалпақ келеді, бірақ бұл — тіршілік ыңғайымен қалыптасқан қасиет) сондықтан үзенгіге аяқ салып көрмегендей кепке түстім. Алғашқы күні соншама берекем қашты. Әйтеуір жығылғам жоқ. Ердің қасынан ұстап отырдым, ал ат желген кезде қопандап, өте жайсыз хал кешіп едім. Үнемі менімен бірге жүретін Сіләмбек мырза қанша салмақты болайын десе де күлкісін жасыра алмады. Шегі түйіліп, ат жалын құшып, әрең басылған. Атқа қалай, қай жағынан міну, қалай отыру, тізгін ұстау, тақым қағу, қамшылау жайын — бір сөзбен айтқанда, көшпенділердің шабандоздық өнерін үйрете бастаған. Қандай аңқау халық. Мен атпен жүруге жетігіп алған соң, қараңғы бір түнде жасырын шығып, тура терістікке — энеукүні ғана ара-арасымен бой тасалап, әрең өткен казак станицаларына қарай тартып отырады деп ойламайды.

Көп ұзамай казактарды көрудің де сәті түскен. Арада жарты айдай өтіп еді. Мен құлан-таза оналмасам да, тыңайып қалғам. Түс кезінде, қымыз ішіп (мен бұл сусынға әбден үйреніп, тіпті, құмар болып алған едім) үйде отырғанбыз. Ахметжан ба, Темірхан ба, тәуелді жігіттердің бірі асығыс жетіп, әлдебір жайсыз хабар айтты. Іле-шала ауыл еркектерінің біразы жиналып қалды. Тегіс ұатулы. Үлкен мырза (ешкім атын атамайтын ру көсемінің есімі Сыпатай екенін көлденеңнен суыртпақтап білгем) ауылда жоқ, алыс далаға, әлдебір шаруамен кеткен болатын. Ендігі билік Сіләмбек мырзада. Кісілері жарақтана бастаған екен, кейбірінің қолында жұпыны істік найза, кейбірінде кәдімгі ағаш шабатын балта, отты қару атымен жоқ. Тек мырзада ғана ағылшын винчестері бар, отау үйде, кереге мен кілем арасында ілулі тұрғанын байқап қалғам. Менің долбарымша, соғыссыз бітетін іс емес, жау тегіс мылтықты, жан-жақтан қаптап келеді. Сіләмбек мырза саспады. Жігіттерді тегіс өз үйлерінде отыруға, айқай шықса ғана көтерілуге бұйырған (бұл әңгіменің егжей-тегжейін, әрине, кейін ұқтым). Өзі де қаруланбады. Винчестерді ең шеткі үйде тұратын Мұстафаға берді, қайткенде де ақырына дейін шыдауға бекінгендей. Екеуіміз үлкен мырзаның ақ ордасына қарай жүрдік. Бірер рет кіргенім бар, сән-салтанатты, жиһазды, аса бай юрта. Баяғыдағы половец хандарының шатырлары қандай болғанын білгісі келген тарихшы, этнографтар қазіргі дала князьдарының ордасын тексеріп, тануы

кажетін ұққам. Сол ордаға әкелді. Алдымен шиыр-шықталып оралып, іргеге сүйеулі тұрған кілемдердің бірін жазғызып, мені соған жатқызды, Жаңағы суыт жеткен жігіт басқа емес, маған қатер төнгені туралы ескерткенін, бар дүрбелең мен үшін екенін сонда ғана ұқтым. Біреуден біреу естіген. Содан хабар патша тыншыларының құлағына тиген. Енді полиция мені ұстауға келе жатыр. Қайсақтардың кең далада еркін тұрмыс құрып жатқанымен, патша ағзамға бодан екенін мен, әрине, жақсы білем. Өкімет өкілдері тап басып келіп, қатал талап қойса, қашқынды бермей тұра алмайды. Жаңа ауыл жігіттері соғысқа да әзірлігін аңғартты. Халықтың жүрегі таза. Бірақ сұрау қашанда ру көсемінен, ел басшысынан. Сіләмбек мырза мені аман алып калудың қантөгіссіз жолын қарастырып отыр. Ырқына көне бердім. Мені жансыз зат сияқты, кілемге қоса, шиыршықтай айналдырып, орап, жабыла көтеріп, қабырғаға сүйеп қойды. Төбем ашық, сәл-пәл жайсыздығы болмаса, бірер сағат емес, бірер күн тұруға да болатын сияқты. Бірақ мен көп тұрмадым. Келер сәтте кілемді қайта жығып, мені шырмаудан босатып алды. Сіләмбек мырза асығыс жарлықпен жібек көрпе, мамық жастықтар қаланған биік төсекті бұздырды. Мені іргеге таман жатқызып, үстімнен көрпе-жастықты әлденеше қабаттап жинатқан.

Мен пысынағанмен, жан төзерлік, тұншығып өлмес қалпыма үйреніп үлгермедім, дүңкілдеген ат тұяғы, үрген ит даусы, содан соң құлаққа жағымды, етене туыс, бірақ мағынасы мен әуезі қатаң орыс сөздері естіле бастаған. Таза орыс тілі емес, провинциялық ерекшелігі бар сияқты, әрі қазақша аралас. Қашқын каторжникті ұстауға келіпті. Анық біледі, осы ауылда. Кім айтты? Ұзынқұлақ. (Мұндай есімді адам бұл ауылда жоқ сияқты еді, көрші ауылдардың бірінен шыққан онбаған болады; кейін білдім, бұл — кісі аты емес, біреуден біреу естіген хабар — дақпырт деген сөз екен, яғни, сенуге де, сенбеуге де болады, нақты дерек орнына жүрмейді.) Атты полиция жұртты дабырлатып, иттерді шулатып, ауылды екі айналып шықты; содан соң үй-үйге кірген сияқты. Ақырында үлкен үйге — мырзаның өзінің ордасына, яғни мен жатқан жерге келді. Дабырлап, орысша, қазақша аралас сөйлеп, тура төрге шыққан. Сыңайына карағанда, оншақты адам сияқты. Өкірендей балдырлап, әлдекімдерді сыбап қойып, сораптап отырып қымыз ішті. Жоқ, асығыс, бешбармаққа қарамайды. Сыйлағысы келіп тұрса, асатын етін қоржынға салып берсін. Міне, дұрыс. Патша ағзамға қарсы атақты террорист, пәленбай генерал, пәленбай губернаторды өлтірген қанішер қарақшының каторгаға бара жатқан жолда, Қызылжардан өте бере, күзетшілерді тегіс ұрып жығып, кең далаға қарай қашқаны рас. Осы ауылда деген сөз бекер болды. Демек, келесі ауылда. Немесе, осы маңайдың бір жерінде тығылып жүр. Көрсендер ұстап бересіңдер. Көре тұра ұстамасаңдар, тиісті жерге жеткізбесендер оңдырмаймыз. Сыпатай мырза бастап, осы рудың барлық еркегі Сібірге айдалады. Дайындала беріңдер. Біз ұзынқұлақтан Сыпатай аулы деп естігеміз. Әлі де күмән тарқаған жоқ, Сыпатай аулы. Мүмкін Сматай аулы. Әлде Сәбетей аулы. Шорт білсін. Есімдерің ұқсас, түгел ұсқынсыз. Смайыл деген бар ма? "Можыт Семей?"—

деді Сіләмбек мырза. Қайдағы Семей? Семипалат. Полицейлер қатты дабырласты. Семипалатинск қайда, жердің түбі, шығыс жақта. Бірақ кім білсін. Каторжник қашқалы он үш күн болды. Аяғында кісен. Мүмкін аштан өлген шығар. Мүмкін, суға кеткен, батпаққа батқан шығар. Ең дұрысы — қасқыр жегені. Әйтпесе, жабайы киргиздардың оздері-ақ жеп қояды. Қарқылдасып күлген. Содан соң тегіс түрегелді. Есіктен шықты. Есіктен шыға бере қайта оралды, іргеде қалаулы тұрған жүкті тугел құлатты. Ораулы кілем, сырмактарды тепкілесіп, ауыздарынан балағат ақтарылып, босағадан әрең асқан. Белдеуде ширыққан аттарына мініп, ауылдың барлық итін шулатып, аулаққа қарай шапқан.

Әлде төзімім таусылды ма, әлдс әуестік жеңді ме, мен атып тұрып, есік алдына шықтым. Оншақты кісі мәстектерін төпелей қамшылап, қиқу салып, көлді жағалай тырағайлап барады. Отырыстары мүлде бөлек, қайсақтар сияқты жамбастай, ер үстінде қисая толқып, ат жалына жабысып алған. Киімдері де полицейлерге ұқсамайды. Казактар! "Қазақ-орыс"— деді боп-боз болып, кушиып тұрған Сіләмбек мырза. Өзінде болмаған әдетпен ысқырта боқтады. Бірақ жаңағы казактардың тілімен салыстырғанда уытсыз ғана емес, тым жұпыны, сыпайы еді. "Сұмырай, қанішер қазақ-орыс" ағайындарын біраз жерге ұзатып, ішім босатқан соң мейірбан кейіпке енген жас мырза мені құшақтап, арқамнан қақты, "Аман! Аман!" дейді. Ал мен аман қалғанымға куана алмадым. Бар тілегім кесілгендей, қасірет жамылып тұр едім. Өйтпегенде ше! Болашақ тірлігімді, зор үмітімді осы казактарға байланыстырып едім ғой. Қандас, діндес бауыр, еркін өмір! Әрине, мен казактар қауымы баяғы Сагайдачный мен Булавин заманынан басқаша екенін, тіпті, Емелька Пугачев кезіндегі мінез-құлқын да ұмытқанын білетінмін.

Патшалық тәртіпке біржола мойын сұнған, орыс халқының, империяның ажырамас бөлігіне айналған. Бірақ қандай қылмысы болса да, еркіндік іздеп қашқан панасыз бейбақты қуғындайтындай дәрежеде азып-тозды деп ойламағам. Міне, көзіммен көрдім. Бар тіршілігі бейшара каторжникті ұстау, ұстамауға тіреліп тұрғандай, керемет ынталы, ыза мен өшпенділік — ешқандай негізсіз, себеп-салдарсыз қара көңіл қандай! Браво, вольный казак! Жарайсың, арда казағым! Патша ағзамның қарғылы төбеті болып шығыпсың. Жаңа мені тауып алсаң ғой, қолымды қайырып байлап, ұрып-соғып, алдыға салма жаяу айдап, әлім құрыған шақта арқанмен сүйретіп, қарқ-қарқ күліп әкетіп бара жатар едің! Жоқ! Оңайлықпен әкете алмайтын едің! Мен осы ауылға қонақпын. Мұсылман баласы үйіндегі қонағын жазаға, жалаға бермейді. Бұдан өткен масқара, бұдан артық қорлық жоқ. Өлсе де бермейді. Ал мына көшпенділердің дін рәсімін орындауы шамалы болғанымен, ділі қатты сияқты. Түгел қырылса да мені алып қалар еді. Ата салты үшін, азаматтық борышы үшін ғана емес. Адамдық, арының үкім күшімен. Қалай ойламағам осы уақытқа дейін. Мен жай ғана қашқын, қатардағы қонақ емеспін. Бұғауымды шешіп, бүгін болмаса ертең қайта түсер кіріптар халден — тура келген өлімнен арашалап қалған өздері, яғни, жасаған жақсылығын

аяғына жеткізуі керек. Мен жай ғана адам емеспін. Бұлардың ұғымынша мен ниеті харам ақ патшадан жапа шеккен, өздерін күнде жауламаса да, тықсырып, жаныштап отырған, әбден қандарын қарайтқан басқыншы жұртқа жақпай, бұғауға түскен бүлікшілмін, яғни жауыңның жауы — сенің досың. Осылай топшыладым.

Тағы бір кілтипан барын андағам. Көбіне ымдап, дыбыстап, кейде жекелеген сөздердің мағынасын топшылап, ептеп ұғыса бастағамыз. Ру көсемі Сыпатай ақсақалдың менен қайта-қайта сұрағаны — каторгада осы өздеріндсі қайсақтарды көрген-көрмегенім. Сіләмбек мырзаға түрі ұқсас жас жігіт кездескен жоқ па. Мен не айтам. Ішкі жақтан келе жатқанымды, Сібірге — азапты тұраққа жетпей қашқанымды, айдалғандардың ішінде әртүрлі ұлт өкілі

— кавказдық немесе қазандық мұсылмандардың да кездесетіні туралы ежіктеген болдым. Сіләмбек мырзаның көзі оттай жайнайды, Сыпатай ақсақал еңсесін жазып, екі айыр, ұзын, буырыл сақалын салалап, үнсіз күрсінеді. Әлденеше мәрте әңгімеден соң ұққаным — көсемнің үлкен ұлы каторгаға кеткен, осыдан тура жеті жыл бұрын.

Кейіннен әңгімесін толық естідім.

Қазіргі Петропавловск қаласы тұрған, бұрын Қызылжар атанған жер — қарауыл Дәулеткелді байдың ата-мекені екен. Туған жеріне орыстың бекініс қаласы орнаған соң Дәулеткелді балалары екіге жарылады: үлкен ұлдар енді гәуірдің қол астында тұрмаймыз деп, оңтүстікке қарай көшеді, шанырақ иесі кенже ұл — осы Сыпатай ақсақалдың бабасы ата қоныстан аумапты. Бұлар орыс өкіметі мен қазақ хандары жасаған келісім бойынша, Есілді бойлап, Қызылжарды төңіректен көшіп жүреді. Бірақ уақыт оза келе казактардың қысымы күшейе түседі, қарашекпендер мындап көшіп келеді, жер тарылады. Әбден есірген переселендер мен казактар бсйбіт, қарусыз ауылдардың малын тартып алуды, адамдарын соққыға жығуды өздерінің міндетті борышындай көреді. Әрине, сылтау табылады. Қазақ — ат үстінде жүретін халық. Мал баққан халық. Ат үстіндегі адам бір қоныста отырмайды. Бағылған мал бір орында тұрмайды. Қия басса болды — "Жеріме түсті!" — деген дау әзір. Бұл жер

— қазақтың ғасырлар бойы мекендеген, бабасының сүйегі жатқан ата жұрты екендігі, бұл араға қазақтың кеше ғана, қарашекпеннің бүгін ғана келіп қонғаны есеп емес. Сылтаудың үлкені — қайсақтың беті жалпақ, өңі қоңыр. Ең бастысы — заң да, күш те сенің жағыңда... Шекараға жақын тұрған екі жыл ішінде мен неше түрлі сұмдықты көрдім. Қан қайнайды, ыза буады... Бірақ қайсақтар-ға зәредей де көмек тигізе алмадым. Әрине, заңға жүгінсек, шындап қуынсақ ылғи осылай кете бермес еді, бірақ тіл білетін, жөн-жоба білетін мен өкіметтің көзіне түсе алмаймын, аз басым сауда-да. Байырғы жұртыңды жек көргеннен, жаңа жұртына жан ашығаннан басқа не келмек қолдан!.. Сонымен, империяның туған ұлдары — казактар мен қарашекпендер бір жақта, өгей ұлы, Өгей де болса ұл емес, басыбайлы құлы — бұратана қайсақтар бір жақта, — оқтын-оқтын дау-дамай, ұрыс-жанжалдар

шығып тұрады ғой. Ауыл үстінде ат ойнату, зорлық-зомбылық тыйылмайды. Бірде таяу маңдағы переселендер тұрағынан бес-алты өгіз жоғалыпты. Мүмкін, барымташылар әкеткен шығар, мүмкін, сонылап, желдеп кеткен шығар. Қарашекпендер аша, балталарын алып, Сыпатай аулына келеді де, дәл іргеде жатқан жылқыны айдап жөнеледі. Әрине, жылқышы жігітті өлімші етіп сабаған, Ауылдағы бас көтерер азамат тегіс атқа қонады. Жылқыны айырып алу кезінде бірнеше мұжық соққыға жығылады, ал төбесін сойыл ойған бір мұжық тіл тартпай кетіпті. Мана, алғашқы шабуылда құлаған жылқышы күп болып өлген, одан соңғы қақтығыста тағы қаншама қазақ жараланған - бірақ оның бәрі есеп емес, тергеу, тексеру кезінде бас күнәкар, әдеттегіше, жергілікті жұрт болып шығады да, қайсақтарды бастап бүлік шығарған, кісі өлтірген қылмыскер Ыбырай Сыпатай баласы Сібірге айдалады...

Мұның бәрін кейін білдім. Ал сол сәтте, тағы бір тұтқыннан, бәлкім, азапты ажалдан аман қалған күні қуана алмадым. Менің еркіндікке жету турасындағы жоспарымның қазақ-орыс варианты — яғни, казак станицаларының біріне сіңісіп, ес жиып, жағдайды толық бағдарлаған соң өмірлік мақсат жолына қайта түсу туралы киялдарым мүлде негізсіз болып шықты. Тілі, діні, ғұрпы бөлек, түр-тұлғасы бөтен, ашық аспан астында қарапайым тіршілік кешсе де, бар бақыт осындай салқам тұрмыста деп білетін көшпенді жұрт ортасында — бір кезде князь Игорь еріксіз түнеген киіз шатыр астында жатып, таң атқанша дөңбекшідім. Жалған дүние. Қайта айналып кетпей ме. Жоқ! Тарих бір-ақ бағытта дамып келеді. Мен ертең емен-жарқын көңілмен еліне қайтатын жауынгер князь емеспін. Мен — қайда барса да басына пана таппайтын, өз жұрты талақ еткен панасыз қашқынмын... Заманым осы. Пешенектер. Половецтер. Содан соң татар-моңғолдар. Мың сан арбамен, жүз мыңдаған малымен көшіп жүрген. Қандай күшті болған! Ендігі зағип халдері мынау. Тапа-тал түсте өкірендей шауып бес казак келеді де, бүкіл ауылдың астын-үстіне түсіреді. Аузына келгенін айтады, қорлайды. Қырып кетсе де құқы жетіп тұр. Ал кешегі Қонжық ханның, Бату ханның әулеті аузын да аша алмайды. Дәрмен жок. Өшпенділіктен бөтен ештеңе қалмаған көкіректе. Қазақ-орыс дейді. Шалапұла деген сияқты. Жарты орыс. Толық орысты да жетістірмес. Білмейді дейсің бе, түсінбейді дейсің бе, бар пәленін қайдан шығып отырғанын. "Орыспен жолдас болсаң, жаныңда балтаң болсын!" "Сары орыстың бәрі орыс!" Бұрын естідім бе, кейін түйдім бе — осындай макалдары бар. Бірақ мені қабыл алды. Бәрі орыс демей. Балтасыз... Мен қонақпын! Құлдыққа сатпасына, азар көрсетпесіне көзім жеткен. Тегіміз бөтен болса да, түбіміз бір. Бәріміз де Адам-Атаның баласымыз!.. Сол сәтте ғана есіме түсті. Бұдан бес жүз жыл бұрын, мың жыл бұрын жасаған, осы Ордада тіршілік кешкен, дәл осындай киіз шатыр астында түнеген бабаларым! Міне, тағдырдың тәлкегі! Менің арғы бабам Бөкей Орданың күш-қуаты шеңбірек атып тұрған" шақта орыс ішіне қашады. Арада бес ғасыр өткен соң, бар билік Россияға көшкен шақта сол Бөкейдің бақытсыз ұрпағы Станислав — мына мен

қырғыз-қайсақ ішіне қашам. Мені тықсырған — қыспақ пен қапас. Бабам Бөкейді ығыстырған қандай зауал? Көп ұзамай Орда өзінің күш-қуатынан айрыла бастады, ақыры шылпара болып ыдырап, бөлшектеніп, бүгінгі зағип, кіріптар халге түсті. Сірә, ел тұтқасы болуға тиіс азаматтардың шетке қағылуы — дүрілдеп тұрған державанын өзінің көп ұзамай күйреме жоралғысы сияқты. Әлем аумалы-төкпелі. Арада екі-үш ғасыр өткенде көшпенділер ұрпағы жаңа таныс тауып, империяның орталығы қайтадан шығысқа көшпесіне кім кепіл? Иисус Христос туғалы екі мың жыл да өткен жоқ, алда қаншама мың жыл ғұмыр бар. Не болмақ, немен тынбақ? Күлкілі еді. Өз басымды арашалай алмай, ертеңім түгіл, бүгінгі күнім немен бітерін білмей жатып, халықтардың, империялардың, әлемнің болашағы туралы ойлағаным күлкілі еді. Сірә, ұзақ уақытқы тергеу, азапты этап, ең бастысы — бүгінгі үрей,— шынымды айтайын, мен алғаш түрмеге түскен, үкім күтіп отырған кездерімде де мұндай қорықпаған едім,— осының бәрі ақылымды, жүйке-тамырымды шайқаса керек. Мен қараңғы киіз үй ішінде жатып, қарқылдап күлдім. Іргеден ит үргенде ғана ес кіріп, әрең тоқтағам. Тез тыншыдым. Бар түйін ежелгі дәстүрінен айныған, империяның тірек-күші, бишік-шоқпарына айналған казактарға қарап тұрған жоқ. Тұтқыннан кашудың, Россияға жетудің жолы көп. Ес жияйын, оң-солымды таныын. Содан соң өзімнен бұрынғы қаншама революционер "пана тапқан, күрестің басқа тәсілдеріне көшкен, неше барып, неше қайтқан Европадан бір-ақ шығам. Құдай куә.

Ертеңіне түп көтеріле көштік. Казактардың қарасыны молайып, қайтып келмесіне сенім жоқ оның үстіне жазғы жайылым реті де солай сияқты. Біз жылжи қонып, арада үш күн өткен соң, шағалалы көлдердің бірінің жағасына тоқтадық. Бүкіл әлемдік қырғын соғыс басталғанын мен осы жерде жатып естідім. Менің континенттік туыстарым — германдық нәсіл бір жақта, англосаксондар, романдар мен славяндар бір жақта — жер шарында адам қанынан ағатын өзендер жасауға көптен құмартып жүрген. Тілегені табылды. Енді бірінің басын бірі жоймай тоқтамайды. Варварлар!..

Алғашқы күндерде-ақ біздің, яғни, Россия қарулы күштерінің барлық майданда бірдей сәтсіздікке ұшырай бастағаны аңғарылды. Орыс әкімшілігімен, казак станицаларымен байланысы бар ел билеушілер арқылы ұзынқұлақтан тараған хабар осындай. Мен қайсақтардың жүзінен "әй, өздеріне де сол керек!" деген сыңай таныдым. Орыс ретінде маған ондай жеңіліс те, мұндай пиғыл да өте ауыр тиді. Бабаларымның неше әулеті осы Державаның қуатын арттыру, іргесін кеңейту, абыройын көтеру жолында қаны мен терін аямап еді. Ендігі менің сиқым мынау. Бірақ өзімді қор санағанмен, бұратаналарды кінәлай алмадым. Социал-демократтар партиясы көсемдерінің бірі: "Алдағы бүкіл-әлемдік қырғында біз өз еліміздің, яғни Россияның күйреп жеңілуін тілейміз",— деп еді. "Қираған, құлаған империяның моласы үстіне жаңа қоғам орнатпақ.

Мүмкін, сөзінің қисыны да бар шығар. Монархия ел тыныш, жұрт аман кезде өз бетімен биліктен кетпейді. Бірақ мен өте жайсыз халге түскен едім.

Екі жақта да тотальдық мобилизация жүріп жатқан сияқты. Қайсақтар переселендер тұрағы, казак станицаларында бас көтерер еркек қалған жоқ десіп жүрді. Көп ұзамай Брусиловтың тепкіні туралы дақпырт жетті (Стамбек орыс әскерлерінің Шығыс Пруссиядағы тұтқиыл шабуылы туралы айтып отырған сияқты; Брусилов тепкіні — "Брусиловский прорыв" — бұдан көп кейін — М.). Мен қуана алмадым. Бір ұрыста ұтармыз, мұнымен соғыс бітпейді. Әлемдік қырғынның арты немен тынары белгісіз, әйтеуір жуық маңда толастамасы анық еді. Яғни, менің меймандық сапарым созыла түседі деген сөз. Россия тар. Европа отқа оранған, Қытай мен Жапонияда мені күтіп отырған ешкім жоқ — ұшы-қиырсыз дала мұхитының ортасында жападан жалғыз өзім, шарасыз, дәрменсіз кепке түстім. Даниэль Дефо хикаясынан бар айырмалар — иесіз аралда кемесі қираған Робинзон емеспін, Робинзондар еліне түскен Жұмамын.

Гимназист кезімде оқыған, авторларын да, атын да ұмытқан отарлық романдарда әлдебір ақ адам зәңгілердің бе, үндістердің бе, полинезиялықтардың ба — әйтеуір қиыр өлкедегі түземдіктердің ортасына түсетін де, даналық пен ерліктің не бір ғажайып үлгілерін жасайтын. Ақылы асып жатады, ерлігі басым шығады, өнері, білімі өз алдына, әрі көрікті, әрі мінезді; ақыр түбінде ру көсемі, тайпа батыры танылып, түземдік ең сұлу қызды күндікке, — күндікке, өйткені асып туған ақ адамның алыста қалған үлгілі христиан елінде өзін зарыға күтіп отырған абзал жанды асыл жары бар, — уақытша катындыққа алады, ақыр түбінде қойны-қонышын алтын мен алмасқа толтырып, Англияға (Испанияға, Францияға, Германияға) оралады. Бәрі өтірік. Жат ортаға — қаралардың, қоңырлар мен қызылдардың арасына түскен ақ адам ең бақытты жағдайда менің кебіме енбек — құрметті қонақ ретінде сол ру, тайпа, аралдағы жұпыны кептің біріне айналады. Онда да жүрегі таза, пейілі түзу болса ғана. Өйткені, цивилизация аталатын жұқпалы дерттен бейхабар, ең алыс арал, шытырман джунглидің ішінде тұратын тыр жалаңаш түземдіктің өзі ақ адамды ең алғаш көргенде тек қана таңырқаса керек. Оның түр-түсі, киімі, жүріс-тұрысы тегіс тұрпайы тәрізденеді, орынсыз, әдепсіз көрінеді. Езгіге, түспей, миы шырмалмай тұрған әуелгі кезде ең төменгі сатыдағы жабайы өзін ақ адамнан артық санайды. Әрине, қорқады. Қорқуы мүмкін. Ең мәдениетті, ең ақылды деген кісіміз жол тосқан қарақшыдан, елес пен жын-шайтаннан қорқады ғой. Табынбайды, қорқады. Қайдағы табыну. Табынғаны сол ма — ержүрек Магелланды қырық бөлек етіп турапты, капитан Кукті тұздамай, қақтамай-ақ отқа пісіріп жепті. Әлі келген соң, әрине. Өкінішке қарай, көбіне керісінше болады. Біз — артық жаратылған, яғни бұзық, қанішер туған ақ раса Вест-Индияны үндістерден тазарттық, Африканы құлдыққа жектік, Азияны бұтарлап жатырмыз, Океанияда не қалғанын ешкім біліп болмайды. Міне бұл — талассыз ақиқат. Ендеше, Магелланың қара қанын ағызған Силапу-Лапу жасасын! Кукті пісіріп жеген аты белгісіз азаматтар жасасын! Бүкіл түземдіктер әулеті алғашқы күннен бастап осылай күрессе, олардың өмірі ұзағырақ болар еді, әлемнің этникалық картасы да басқашарак сызылар еді. Мүмкін, қазіргі

жиһангерлік соғыс мемлекеттер арасында емес, құрылықтар арасында — ак нәсіл мен қалған адамзат арасында өтіп жатар еді. Сонда мен кім жағында соғыспақпын? Әрине... Әрине, зорлықшылдар жағында емес. Яғни... қараларға қосыла қоймаспын, қызылдарға (түпнұсқада "краснокожие" емес, "красные", бірақ бұл сөз америкалық үндістер туралы айтылғаны күмәнсіз,— М.) білмеймін, қоңырлармен — көшпенді қайсақтармен бірге... Отаныма емес, обырларға қарсы!..

Өзімді қайсақ өмірі баурап, тартып бара жатқанын, солардың бірі болуға айналғанымды соғыс үшінші жылға ауғанда аңдадым. Пенде деген қызық. Басқа түскенді көтереді. "Адам тозаққа да үйренеді" дейді номадтар. Ал мен тозақ емес, ұжмақ — түрме мен айдауды айтпаймын, бұрынғы кен тіршілігіммен салыстырғанда да ұжмақ ішіне енген едім. Үйренбес қисын жоқ.

Тіпті, мәңгі-бақи осы далада тұрып келе жатқан сияқтымын. Орманды, шалғынды, өзен, көлді кен дала. Мыңдаған жылқы мен қой. Күмбезді ақшаңқан шатырлар. Малдың еті мен сүтінен ғана дайындалатын табиғи, таза тағамдар. Ашық аспан астындағы ұйқы, ат үстіндегі серуен. Өзің ру көсемінің, ел ақсақалының бел баласысың... Иә, мен егіздің сыңары едім, Сіләмбек мырза екеуіміз, біздің қайсақтардың бейнелі тілімен айтқанда, егіз қозыдай, бірге жүреміз. Сіләмбек менен сабақ алады. Орыстың тілі мен хаты. Өте зерделі. Ынтасы да мол. Хат біліп, тілге бастыққан соң, әкесінің дәулеті жетеді, жаңа жүйедегі ел билігіне — болыстыққа таласпақ. Бірақ ен негізгісі бұл емес. Жанымыз жарасқан. Айрыла алмаймыз. Үйде де, түзде де. Жазда жұрт ішінде — жиын, тойда, қыста оңаша қоста — жылқыда. Әуелде жұрт Сіләмбектің орыс бауыры дейтін, келе-келе Сыпатай байдың орыс баласы деді, ақыры Сыпатайдың Стамбегі болып шықтым: Сыпатай мырзаны көке деймін, Зербала бәйбішені апа деймін. Шынында да менің ата-анаға деген сезімім оянған. Кештеу болса да. Кеш дейтінім, өзімнің анам (түпнұсқада "матушка",— М.) жасымда өлген, әкемнің ("батюшка") еркелетуі аз болды, менің өзім де табиғатым-да жатбауыр тусам керек, қапас-қамалда отырған кезімде, сірә, бүкіл әулетке келген осыншама "масқара" қорлыққа шыдай алмай, ажалынан бұрын үзілген әкемнің өлімі де толқыта қоймап еді, міне, соңғы неше атасынан бері қыспақ керіп келе жатқан, үлкен ұлдары жазықсыздан жалаға ұшырап, Сібір айдалған, өмір заңы, табиғат заңы бойынша біздің нәсіл, біздің жұртты жек көруге тиіс Сыпатай мырза мен Зербала бәйбішеге қарап отырып, мен ата-ана дейтін сорлы жұрттың көңіл күйін, жан сырын ұққандай едім. Кеткен ата-анама, көз алдымдағы кемпір-шалға жаным ашыды, пейілім түсті. Оның үстіне, шынын айту керек, дәл осындай мінез-құлық жүйесі қазіргі кезде мен үшін өте пайдалы еді. Әлбетте, кәдімгідей бала болам, осы, сұлу болса да жабайы далада, мейірбан болса да жат халық ортасында қалам деп ойлағам жоқ. Мен күннен күнге қызған, уақыт озған сайын көбірек құрбандық тілеген обыр Молох — адамзат басында бұрын-соңды болмаған ғаламат тағылықпен жүргізіліп жатқан қасап қырғынның — тажал соғыстың тоқталар күнін күтуім керек еді.

Қайдан. Көп ұзамай сырттағы соғыс ішке көшті. Басқа тәсілдермен, басқаша жағдайда. 16-жылы июньде бұратана жұрттан майдан жұмыстарына кісі алу туралы патша жарлығы шықты. Бүкіл қайсақ даласы дауыл тұрғандай дүрлікті. Қазір 16-жыл оқиғаларын білгіштердің қалай бағалап жатқанын білмеймін. Менің ойымша, орыс ретіндегі ғана емес, қазақ ретіндегі пікірімше, дүрлігетін ештеңе жоқ, әскер жұмысына жігіттерді беру керек еді. Қазақ зиялылары өздерінің жанадан ашқан баспасөзі арқылы осыған үндеді. Бірақ қарсы үгіт пәрмендірек болды. Оқығандардың тағы бір тобы — көбіне кешегі семинаристер мен фельдшер, тілмаштар қайткенде "орысқа бала бермеу", тіпті, көтеріліске шығу туралы насихат жүргізді. Менің ойымша бұлардың біразы есірік ақымақ болса, біразы, бәлкім көпшілігі патша өкіметінің арандатушы жақдайшаптары еді. Ойлап көріңіз. Қалай бермейді? Қалай көтеріледі? Қазақтардың өз тілімен айтқанда, ашса алаканда, жұмса жұдырықта отыр. Қару жоқ. Әскер тәртібінен, қазіргі соғыс онерінен мүлде бейхабар, Осындай жағдайда "Ойбай, көнбе! Аттан, көтеріл!" деп не санасыз, не арандатушы — қайткенде де өз халқына жау адам ғана ұран салуы мүмкін, "Онсыз да шығайын деп тұрған көз еді" дегендей, менің жаңа жұртым дүбір-дабырға толды да кетті.

Он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы, патша жарлығы бойынша майданға аттануға тиіс жігіттер қолдарына ақ сойыл алып, ашуланып атқа мінді. Топ-топ болып ауыл арасында шұбырды, болыстарды, песірлерді қорқытты, кей жерлерде, қағаз жойылса азаттыққа жететіндей, бір жасалған тізім қайта жасалмастай, дайындалып қойған тіркеу актілерін өртеді — не керек, кеше ғана тұнып отырған ел жел үйірген көл бетіндей толқыды. Өз арасынан шыққан зиялылар айтқан үгітке көнбеді, патша шенеуніктерінің, болыс-билердің сөздеріне сенбеді. Бұларды кінәлау қиын, әрине. 16-жылғы дүрбелең қазақтардың отар болып отырса да империя құрамына енбегенің, империя мүддесімен үйлеспеген, ондағы билеуші жұрттың мінез-құлқымен де сыйыспаған жаттығын көрсетті. Әрине, соған орай сазайларын шекті. Империялық өкімет үшін бұратаналардың майданға барғанынан гөрі бас тартқаны тиімдірек болып шықты. Жасай алмай жүрген қысасқа, сылтау таба алмай отырған зорлыққа кең жол ашылған, қарусыз, момын жұртты опалаң-топалан етіп ата қонысынан аластауға, кырып-жойып, қанын судай ағызуға тамаша мүмкіндік туған.

Мен — көзім көк, шашым жирен, тілім бөтен орыс баласы — көңіл жарастығымен ғана табысқан жаңа жұртыма, тіпті, бір шаңырақ астында тұрған әкейге "жарлыққа көн, балаңды бер" деп үгіт айта алмайтын едім. Көнбегенде не күтіп тұрғанын тағы анық, білем. Сондықтан, әкейдің бүкіл ауыл, рулы ел болып, көтеріле көшу туралы пікірін терістемедім. Дала қаншама кең болса да Оксустың арғы бетіне дейін түгел империя ғұзырында, дегенмен де, Сыпатай мырза, елдің басқа да қарттары түстікте, әлденендей алыс аймақта, бәлкім, Ауғанстанның арғы-бергі жағында ақ патшаның құрығы жетпейтін Жиделі-Байсын дейтін жер бар, соған өту керек десті, Сұрастырып қарасам, біздің орыс халқының қаймақ жағалаулы сүт өзені

туралы аңызына ұқсас, арманда ғана бар ертегілік мекен сияқты, Орыстың оқуын тауысқан, білмейтіні жоқ Станислав-Стамбек мұның бәрі бос қиял деп айта алмайды, бірақ казак станицалары көп, переселен ауылдары жиі, яғни катер-қауібі мол Қызылжар аймағы, Есіл, Көкше өңірінен аулақтау талабын орынды санағам.

Әйелдер жылап, мал шулап, ит үріп, азаматтар тегіс томсарып, түріле көштік. Патша халық наразылығын көрген соң жарлығын қайтып алар, мүмкін, мал беріп құтылармыз, мүмкін, батыстағы соғыс бітіп қалар деген далбасамен жүргенде ұтымды уақыт өтіп кеткен, бұл кезде ел ішіне әскер шыға бастап сеі. Бес күндік үрдіс сапардан соң, көз ұшында мұнарта бұлттанған Көкшеден асып, суы мөлдір Қалқұтаннан өтіп, Терісаққанға шыққан кезде соңымыздан казак жүздігі қуып жетті, Біз бес жүз түтінбіз. Атқа мінген жігіттердің өзі мыңға тарта. Күштің ара сал-мағы — онға бір. Тек біздің пайдамызға емес. Казактар— тегіс қарулы, тастүйін әскер. Біз түгелге жақын қарусыз, қарақурым тобырмыз. Олардың қынабында қылыш, мойнында мылтық. Біздің жігіттер тегіс сойыл сүйреткен. Бірді-екілі шоқпар, найза бар. Жеті ме, сегіз бе шиті мылтық. Менің қолымда ағылшын винчестері, Сіләмбек мырзада, бұл өңірге қалай жеткені белгісіз, бес-алты-ақ оғы бар жапон винтовкасы. Күш тең емес еді. Онға бір деп айтудың өзі артық. Патша жасағымен қандай да бір кездесу үлкен апат әкелетінін білгендіктен, мен үнемі кеш соңында отырғам, офицерлерімен сөйлеспекпін, ешкімге зиянымыз жоғын айтып, мәмілеге келмекпін, тақа көнбесе, шығынға ұшырамай, аман-сау ежелгі ғұзырға — ескі қонысқа қайтуға да болады ғой. Алдымен елші алысармыз, содан соң шешім табармыз деп ойлағам. Көз ашқаннан патша тәртібін танып, қамаудан, айдаудан етсем де ақылым кірмепті. Долбар, далбаса емес, аңқаулық, аңғалдық емес, нағыз кешелік, есуас ақымақтық екен. Империялық масаттық буына басы айқалған великоросс, оның ішінде қанды қылыш казак бұратана жұртты кісі қатарына қоса ма. Бағып отырған мал құрлы, жайылып жүрген аң құрлы көрмейді. Кеңеспек қайда, тәжікелессе жөн ғой, тілдесуді артық санайды. Көп айтылатын "бикеш пен тоқаш" (түпнұсқада "кнут и пряник",— М.) деген сөз бар ғой, Сірә, Британ империясына орайлы теңеу шығар. Бізде тоқаш жоқ, бишік тым әлсіз қару саналады, күркіреген зеңбіректі ғана мойындаймыз. Хош. Көлденеңнен казак жүздігі көрінгенге мен алға шығуға, келіссөзге ыңғайланғам. Қасымдағы жігіттерге аузымды ашып үлгермедім, жорық сапымен келе жатқан жүздік қатарларын түзеді де, аспан астын күркірете уралап, дүрсе қойды. Әп-сәтте, бейқам болмаса да шұбыра созылып, бейбіт келе жатқан көшке жетіп, қақ ортасынан омырып өтті. Жарқылдатып қылыш сілтеп, қайыра шауып, жалпақ жұртты ту-талақай еткен. Теңі қисайған, бас үзген түйелер, иесі аударылып түскен, ерін мойнына алған аттар, әйелдердің шулаған, балалардың аңыраған, үлкендердің өкірген үні — аспан асты ойран-топалаң болды да кетті. Көш басындағы жасақ, әр тұстағы бестеген-ондаған жігіттер сонда ғана ес жиса керек, ақ сойылдарын көтеріп, берекесіз, жамырай ұмтылған. Тарсыл-гүрсіл сол кезде басталды. Еміне шапқан

жігіттер құрық сілтсе жер қайда, тұзақ тастар шамаға да жете алмай, атаматмен омақа аса құлап жатыр. Тым-тырақай қашар дегем. Жан ашуы киын екен, негізгі лек тоқтамады, ойран болған көш үстінде казактармен араласып кеткен. Көптің аты көп, казактар қаша ұрысып, сыпырылып шыға берді. Бірақ қатарлары бүтін сияқты, көп ұзамады, үш-төрт жүз қадамдай жерге барып, қайтадан сап түзеді.

Мен осы кезде ғана ес жиыппын. Менімен бірге көш соңын шапқыншылардан қорғауға тиіс бес серігім тегіс аттан түскен, қатарласа қорбандап, жерде жатыр. Сонау орта ғасырлардан қалған, оқпаны ұзын, атылуы өте күрделі, жамау-құрау шиті мылтықтарын текенің мүйізінен жасалған қос ашаға тіреп қойып, атысып жатыр. Өздерінше атысып жатыр. Яғни, қазір Европаның музейлерінде де қалмаған жабайы мылтық төңірегін қара түтінге толтырып, тарс етіп атылады. Бірақ қайда кеткені, қанша жерге жеткені белгісіз — құлап жатқан жау жоқ. Сонда ғана ақылым кірді. Асығыс аттан түсіп, қара қасқа азбанды келденең қойдым да, түбіршек төмпешке шығып, винчестерді ердің артқы қасына орнықтырдым. Бұрын тапаншадан басқа қару ұстамағам, бірақ винтовканың қалай атылатынын білем, санаулы ғана оқты қимағаннан іс жүзінде сынамап едім. Топтана үйірілген казактар шабуылға бейімделгендей жазыла беріп еді, бел ортасын байлап, тарс ұрдым. Сол сәтінде-ақ сымпыс құйрық жирен ат ойнап шыға берген. Келер мезетте, мен сабырмен сығалай тартып, екінші мәрте атқан кезде казак жүздігі қақ ортасынан опырылғандай көрінді, Сірә, жаудың бірін көктей тесіп өткен қуатты болат оқ екіншісін тағы өлтірген, немесе ауыр жаралаған сияқты. Баяғы, бүкіл империядағы тыңшылар мен жандармдарды жөнге салу ісіне жалғыз өзім кіріскен замандағы қанқұмарлық сезімім қайта оянса керек, мен екі-үш минут ішінде оншақты рет атып жібердім. Кейінгі оқтар нысанаға дарымады, немесе жанды жерден тиіп, бірден алып түспеді, әйтеуір иесі жер қауып, ойнап шыққан ат төртеу-ақ.

Асықпай көздеп, тағы бір оқ жібердім. Әрине, мүлт кеткем жоқ. Сол кезде менің ақылынан аусарлығы басым ағайындарым,— әлбетте, бұрынғыларын емес, кейінгілерін, қазақтарды айтам,— ұрандаса ұмтылған. Абыржымаған, тайқымаған орыс-қазақтар жүз қадамдай жерге жіберіп алды да, тобымен атып, оңай қайырды. Бірақ өздері де сол орында қалмады. Өліктерін артып, иесіз, үрке шошынған бес-алты аттың екі-үшеуін ұстап, тәртіппен аулағырақ шегінген. Мен жаңа, жігіттер қаптай ұмтылғанда тағы екі оқ жіберіп үлгерген едім, енді орайы келіп тұрса да, шалымнан озғанша қайыра атпадым. Онсыз да санаулы оқты аяғаннан, жауынгерліктен ада, жендет дұшпанды есіркегеннен емес. Сөз жоқ, казактар қайсақ мылтықшыларының қай жерде жатқанын аңғарды, бірақ көк түтіннің ішінде төрт жүз қадамнан ұрып тұрған'— жалғыз-ақ винтовка деп ойламауға тиіс. Менің жүйкесі берік бес серігім нысананың алысын жаңа ғана аңдағандай, нәтижесіз тарсылып тоқтатқан, енді сырымыз ашылып қалуы мүмкін. Оның үстіне казактар қосымша күш шақыру үшін кері бұрылған сияқты. Шынында да солай болды. Бірақ сол ғана емес екен. Біз артынан қуады деп қауіптенсе

керек, казак жүздігі бар тәртібімсіз сап түзел, қашпай, шегініп қана бара жатқанын айғақтағандай, желе аяндап ұзай берді. Ұзай бере, қырда, қатар айдалып келе жатқан жылқыға шапты. Өлеріне қарамай біздің жігіттер де ұмтылған. Казактардың негізгі тобы кері бұрылып, шеп құрып қанаттаса тоқтады да, қалғандары қиқулай өңмендеген қалпы, үш-төрт жүздей жылқыны беліп алды. Содан соң барлығы бірдей ат қойды; алдағы малын шұрқырата қуып, шашырай, жапырлай ентелеген қазақ жігіттеріне тарсылдата мылтық атып, дүркірей топырлап ұзай берген.

Жау келесі күні де, арғы күні де қайта шаппады. Кейін естідік, казактар бізден қозы кеш жер ұзаған соң жараларын танып, аз-маз ат шалдырыпты да, суыт жүріп, кешке қарай, жолда кездескен — көшпеген, көтерілмеген, Қайрақты бойында бейбіт отырған бір ауылды шауып, еркек кіндіктісін тегіс қылыштан өткеріп, қыз-келіншектерін зорлап, масқаралап, екі мыңдай қой, бес жүздей жылқы айдап, Көкшетау шәріне үлкен салтанат үстінде қайтыпты. Осындай ұзақ, үлкен әрі жеңісті жорықта небәрі жеті адамынан айырылған.

Ал біздің шығынымыз орасан. Қаза тапқан қарулы жігіттің өзі сексенге тарта. Қылышқа шалынған, жүктен жығылған, нөпірде ат тұяғының астында қалған қатын-қалаш, шал-шауқандардың ұзын саны отызға жақын. Әртүрлі жағдайда оншақты жас бала өліпті. Орны толмас қайғы. Бірақ ең үлкен қасірет

— Сыпатай байдың жалғыз ұлы, менің туған бауырым Сіләмбек мырзаның қазаға ұшырауы еді. Сол жақ иығынан шабылған қылыш кеудені қақ айырыпты. Қанішер арам қылыштың жүзі менің жүрегімді де екіге бөліп түсіпті. Мен өткенге оралу жоқ екенін бар болмысыммен сонда ғана ұғындым.

Қаралы топалан үстінде сабыр сақтаған Сыпатай ақсақал ғана. Мүрделерді жинатып, ауған жүкті, шашылған мүлікті қайта артқызып, мсртіккен, жараланған, елген мал атаулыны сол арада қалдырып, көшті қайта түзді. Кеш бата Терісаққанның бір жағы су, бір жағы дөңес жарқабақ, шыға берісі қайың, тал аралас қалың жынысты бір түбегіне келіп жеттік. Қарауыл, күзет қойып, бекінген соң жүк түсіріліп, бел шешілген.

Таң атқанша ұйқы да, тыныштық та болмады. Өлгендерді жоқтап күңіренген әйелдер, жарақат жанына батқан, ымырсыған еркектер, үрей буып шошынған үлкен-кіші бала — бүкіл ауыл қаралы күй, қорқынышты елес тұмшаланған, аянышты әрі сұрықсыз кепке түсіп еді. Төніректі түнере басқан қаранғылықты серпе, қаптай жағылған от жарығында бүкшиген, жантайған, қарбаласқан адамдар, шашылған, үйілген жүк кеше ғана ауа көшкенімсіз, сән-салтанаты алыстан танылған романтикалық суреттегі ауылдың Содом апаты шарпыған халін айғақтай түскендей. Ертеңіне күнұзақ қайла, күрек ұстауға жарар жігіттер түбектен аулағырақ — қырдағы төбе басынан қатар-қатар көр қаза бастады. Түні бойы мәйіт күттік, жаназа шығарылды. Тәулік ішінде жарақаттан тағы бес-алты кісі өлген. Күн шыға Сіләмбек мырза бастаған арыстай-арыстай тоқсан жігітті, қырық шақты әйел мен бала-шағаны бірден

жерледік. Терісаққан өзенінің сол жақ қабағындағы, атам заманнан бері боз жусан ғана өскен оқшау төбешік бір-ақ күнде соншама адамды қойнына жасырған атаусыз, аумақты зират болды да шықты.

Әуелгі жоба бойынша, азаматтарды көмісімен үдере көшпек едік. Бірақ жұрт қажыған. Тіршіліктен, жақсылық атаулыдан күдер үзген. Азаматын жерлей сала, ай далаға тастап кету тағы ауыр. Екі-үш күн еру жасамақ болдык. Әрине, күндіз қарауыл, түнде жежеуіл — қамсыз емеспіз.

Бірақ құдай тыныштығын берді. Шапқын, босқынсыз бір апта жатып, шәйттердің жетісін өткердік. Содан соң ел екіге жарылған. Жарылды деп айту да қиын. Көпшілігі, түгелге жуығы, яғни бес жүзге тарта түңлік ата қонысқа — Қызылжар өңірінс оралуға бекінді. Ақ ту көтеріп, патша ағзамның ғұзырына қайтадан бас ұрмақ — кіндік кескен мекенге жетіп, не болса да қалың елмен бірге көрмек. Атекемнің ұрқына қараған шаңырақтар ғана әуелгі бағдарынан таймады. "Ақ патшаның салдатын да, хақ құдайдың алапатын да атқарып біттік",— деген Сыпатай мырза. Отыз үй Дәулеткелді әулетінен ғана он екі азамат шәйт кеткен екен. (Ең ауыры біздің шаңырақтағы қаза — Сіләмбек мырза ғана емес, оның кішкентай қызы және кіші шешемізден айрылды.) Енді тоқтар не қалды! Түркістан өтпек, Сырға жетпек. Мүмкін, Тәшкен асып, мұсылман қауымы жиын отырған қасиетті кенттердің бірін паналар. Күн озған сайын жат жұрт кебейіп, уыстан шығып бара жатқан қайырсыз қонысқа алаңдамайды.

"Ал, шырағым,— деген, елдің жігі ажыраған кезде маған қарап.— Сенің бұғаудан құтылуыңа, біздің шаңыраққа мейман тоқтауыңа себепші болған Сіләмбек мырза мәңгілік сапарға кетті. Аз күн дәмдес болдық. Басымызға қиындық түскен күні ерлігіңді танытып, қаншама жанды, мүмкін, рулы елді тұтасымен ажалдан, азаптан арашалап қалдың. Енді біз сенің Отаныңнан мүлде алыстап кетпекпіз. Менен рұқсат. Қалағаныңды ал, қайда жүрсен аман бол!.." "Көке!—дедім.—Бұл қай сөзіңіз? Мен осы үйдің баласымын деп жүрмін ғой. Егер ұлыңыз болуға татымасам, қоңсыңыз болайын. Тым құрыса мал айдауға себім тиер..." Шал жылап жіберді. Мен көргенде ең алғаш және ең соңғы рет. Құшақтап, баурына басты. Көшке дайындалып жатқан бүкіл елге жар салды. "Өлгенім тірілді, өшкенім жанды,— деген.— Бұл бала — жұрт тынышта айдауға кеткен, бары-жоғы белгісіз Ыбырай мырзаның тағдырлас бауыры, кешегі қырғында ел азаматтарымен бірге шәйт болған Сіләмбек мырзаның сыңары — менің туған балам!" Иман айтып, ту бие сойды. Мені құндақтап, төрге отырғызды. Қолыма көлапандай асық жілік ұстатты. Атығай — қарауылдың екі жарылғалы тұрған игі жақсылары тегіс дәм татқан. {Тікелей маған қатысты тағы бір рәсімдері бар екен, жол үсті болғандықтан кейінге қалдырылды.) Мен ел ағасы Сыпатай мырзаның асыранды емес, туган ұлы болып шықтым. Бұдан былайғы жерде, ардан безген, көргенсіз біреу болмаса, ағайын-туғандар түгілі, көдденең қазақтың өзі ақат көрмейді, сырттан сөз айту әдепке, кісілікке жатпайды, іштегі күмән дәстүрге сыймайды, тіпті, "асырап алыпты" деген сөздің өзі естіген адамға ауыр тимек; номадтың моральдық кодексі осындай.

Біз — қалың елмен қоштасқақ, ежелгі мекенінен ауған отыз түңлік түстікке қарай үдере көштік. Терісаққанның бойы тіршілікке қолайлы еді, шөбі шүйгін, суы мол, жаз ортасына дейін ел отырған жұрттардың өзі сары теңбілденіп қана жатыр, бірақ босқан ауылдар қайтып келеді, артық жер жоқ, тіпті, ағайындар қағысып орын бергеннің өзінде бұл араның жайлы қоныс болмасы анық; не керек, Ұлытауға ілінген кезде ғана еңтігімізді бастық, бірақ әкей бұл маңда да тұрақтауды мақұл көрмеді. Сылдыраған жыланшық жылға, қаптаған қасқа бұлақ, қайыңды, теректі ойпаңдар, белес-белес төбелер баурында ақ шаңқан үйлерін жамырата тігіп, мың сан малын жайғаған қалың бағаналы жарты әлемді басқан топан толқыны шарпымаған оқшау арал сияқты, шалқып тасып, болып-толып отыр. Патша жарлығы бұларға да жеткен, дүрбелең бар, бірақ қалың қазақтың қақ ортасындағы мәйекті жұртта үрей жоқ, салмақ пен сабыр басым. Қоныстарының бір шалғайы осы Ұлытаумен шектес жатқан қыпшақ жаппай көтерілген екен, қаруланып, қалың әскер түзіпті дейді, бағаналының басы асау жігіттерінің біразы солай қарай аттанып кеткен сияқты, арты немен тынары белгісіз, бірақ жазалау отрядтары мына кең дала, жиып ел ішінде Қызылжар, Көкшетау, Ақмола жақтағыдай еркін ойран сала алмасы айқын еді, Біз аулымыз араласып, ерулік берісіп, еркін тыныстадық. Содан соң қайтадан түйеге қом салынған.

Ұлытаудың бір сілемі — мойнын соза, колденең шөккен түйедей шұбатыла өркештенген Едіге тауының батыс қапталын бөктерлей жүрдік. Мен ел жайы, жер жайы, қазақтардың ескі тұрмысы туралы кеңеске құмар едім. Осы, Ұлытауға жетіп, біздің әулет ес жимаса да, өзінің адамдық кейпін тапқан азғана күнде өз әкемнен ғана емес, жаңа таныстарымыздан да тағы қаншама әңгіме естігем. Адам сенбестей ақиқат — дала императоры қаһарлы Шыңғыс ханның үлкен ұлы атақты Жошының мавзолейі осы Ұлытауда, Кеңгір озенінің бойында тұрған көрінеді. Қызыл қыштан қаланған, екпеті айшықты, еңсесі биік, өте керемет құрылыс сияқты, рас, күмбезіндегі көк сырлы тастары түгелге жуық сөгіліп түскен, бір жақ бұрышы кетілген, әйтсе де бүп-бүтін дейді. Мен қайыра-қайыра сұрадым. Кәдімгі хан болған Шыңғыс па, соның хан болған ұлы Жошы ма деп. Ақсақалдардың бәрі, — не деген зиын, — сол сәтінде таратып берді. Шыңғыс хан, оның ұлы Жошы хан, оның ұлы... ұмыттым — пәлен хан, оның ұлы түген хан, ең соңында, жиырма бірдеңе, әлде отыз ба атадан соң — бүгінгі ұрпағы Әли хан! Хан емес, Мемлекеттік думаның мүшесі, Россияда аса беделді кісі десті, Әли де емес, Әлихан — Бөкейханов, Қазақ жұртының қазіргі көсемі, елді теңдікке жеткізсе — сол жеткізбек! Әлихан Бөкейханов жайын, одан басқа қазақ көсемдерінің іс-әрекетін өз әкем де жақсы білетін болып шықты. Мен қайран қалғам. Мұсылман қайраткерлерінің саяси күреске белсене араласа бастауына емес, қазақтардың Шыңғыс хан, Жошы хан атын күні бүгінге дейін қастерлей-тініне де емес. Халықтың тарихи санасына! Әрине, Европа ғылымына белгісіз жайттар да көп еді. Мәселен, Жошы ханға жақын жерде Алаша деген, қазақ үшін Шыңғыс ханмен парапар, бірақ одан етене тағы бір ханның мүлде езгеше үлгімен салынған мавзолейі және бар екен. Тағы

қаншама дерек. Мен әу баста заң факультетін қойып, тарих факультетіне түспегеніме шынымен өкінгем. Енді міне, Едіге тауының құз жартасты, құлама, ең биік тұмсығына жеткенде тағы да таң қаларлық дерекке ұшырастым. Табанында тастақ, мөлдір сулы шағын өзен аққан, ықтасын қойнауындағы бұқпа, күнестерде алдына қи үйілген, күресінде күлі көксіген қатар-қатар тас қоралар орналасқан терең сайды көбелей келе, ат бауырын шалатын ақ селеулі қыратқа көтерілгенде айқын аңдадым: Едіге тауының ұшар биігінде, жаңа қылтиған күн шапағы қызарта бедерлеген қожыр тастардың басында адам қолынан шыққаны күмәнсіз, пирамида кейіпті үшбұрыш белгі тұр. "Едіге батырдың моласы!"—деді әкей. Тарихтан белгілі, Алтын Орданы тежеусіз билеген Едігеймен атының ұқсас-тығына бірден назар аудардым. Үйлес есімдер көп, біраз сұрастыра келгенде, Тоқтамыс деген ханмен тартысқаны туралы дерек алдым. Енді күмән қалмаған. Сол Едігей, сол Тохтамыш (мүмкін біз орысша бұзып жазған шығармыз, қазақтар айтатындай Едіге, Тоқтамыс шығар)— қайткенде де аңыз емес, тарих. Мен Едігенің мұнда қалай келгенін ежіктей бастадым. Әкей, әрине, әуел баста нақты деректен шыққан, арты аңызға айналған тұтас бір эпосты өлең-жыр араластыра әңгімелеуге кірісті. Міне қызық! Менің үлкен әжем Юсуповтар әулетінен еді. Ал Юсуповтар Едіге биден тарай-ды. Яғни, мен дәл қазір өзімнің арғы атамның зиратының түбінде тұрмын — міне, үшінші жыл, бабаларым талай басқан, ерлік жолын, сән-салтанат жолын өткерген кең далада күн кешіп жатырмын. Ғажап! Адам-Ата әулеті бір туыс екені күмәнсіз нәрсе, бірақ өзін таза орыс санаған, шынында да таза орыс Станислав Юрьевич В...овтың бір атадан тараған қандас туыстары осы қазақ даласында қаптап жүр дегенге кім сенер. Кенет мен қарқылдап күлдім. Князь Урусов — қазақтардың Кіші Ордасын (түпнұсқада: "Меньшая Кайсацкая Орда",— М.) Русия дәргейіне келтірген, жоқ, бодандық туралы ант қабылдаған князь Урусов та (бұл арада аз-маз жаңылыс бар: кіші жүздің сұлтан, билерімен келіссөз жүргізіп, 1731 жылы Әбілхайыр ханнан бодандық туралы ант қабылдаған — тілмаш Мәмет-мырза Тевкелев болатын, бірақ генерал-лейтенант князь Василий Урусовтың 1740 жылы Орда билеушілерінің тағы бір тобынан ант алғаны және қазақ даласын Россияға қаратуда айрықша қызмет атқарғаны рас,— М.) Едігей әулеті ғой. Едігей Москваны шапса, оның он екінші, әлде он төртінші ұрпағы Ордаға қарсы тұрады, Едігей Московия ғана емес, бүкіл Русия өзіне тәуелді болып, салық төлеп тұруға тиіс деп есептесе, оның ұрпағы князь Урусов "жабайы қайсақтарды" сол Московия-Русияға құлдыққа түсіреді. Тарихтың мазағы ма, әлде ауысып, төңкеріліп тұратын әлемнің кезекті бір комедиясы ма? Трагедия. Нешінші актісі? Кенет бойымды жидым. Өзімнің де онып тұрғаным шамалы. Таза орыс екенім күмәнсіз. Бірақ арғы аталарым — дала перзенттері. Енді менің бала-ларым...

Әкейге сол кезде ғана көзім түскен. Өңінен азап пен қайғы көлеңкесін көрдім. Әрине, ақсақал өзінің арғы тарихтағы даңқты отандастары туралы саға толғағанда менің мазақ еткендей қарқылдап күлуім парықсыздық қана емес, әдепсіздік, керек десеңіз, қылмыс еді. Көргенсіз, бейбас-тақ іс. Өзімше

оң жүрген кездердің өзінде біздің, европалық дәстүр-салтымыздың көбісі көшпенді азиатқа өте сәлекет көрінетінін баяғыда байқағам, керісінше, қайсақтардың жүріс-тұрысы, әдет-ғұрпындағы көп жағдаяттар біздің, біз дегенде, европалықтардың көзқарасы тұрғысынан жабайылық болып танылар еді, әрине, екі әлемді бірдей көрген маған қазір бәрі де түсінікті — әр халықтың салты, мінез-құлқы өзінің тіршілік жағдайына, табиғи ортасына қарай қалыптаспақ. Ал мына жердегі менің қылығым қай тұрғыдан алғанда да ұнамсыз еді. Әбес еді. Мен ат үстінде қатар келе жатқан бойымызда, әкейдің қонышына бас қойып, кешірім өтіндім.

Едіге менің де атам болады, соған таңырқадым әрі қуандым дедім. Әкем сене қоймаса да, менің сөзіме қанағаттанған сыңай танытты. Едігенің ұрпақтары, міне, үш жүз елу жыл болды, Орыс мемлекетінде үлкен, ықпалды әулет құрайды, атақты адамдар көп шыққан, әлі де бар дедім, өзімнің туыстық жөнімді тараттым. Ашып айтпағанмен, әкей бұл сөзге мүлде иланбаған сияқты. Едігенің баласы Нұрадын, Нұрадынның баласы... деп, мен егжей-тегжейлі есімде сақтамасам да, тарихпен айналысқан, өзімнің үлкен әжемнің ата-тегімен әуестеніп жүрген кезде жадымда калған Мұса... Мамай... тағы біраз есімдерді атады. Бұлардың бәрі қазақтың еркіндігі үшін күрескен батырлар көрінеді. Бір Мұсаның өзінің отыз ұлы, қырық қызы болған. Қалғандарынан да қаншама ұрпақ тараған. Тегіс ірі болған. Едігемен тұстас, тіпті, тамыры одан да әріден тарайтын мұндай ірі әулеттер қазақта көп. Соның бәрінің ұрпағы өсіп-өніп жатыр осы далада. Қисынды. Ақиқат. Арғы заманда, Орта ғасырларда бүкіл Евразияны жапқан көшпенді Ордалар қайда кетті дейсің. Қирады, қырылды, азайды, қайта өсті. Егер сол беті құрып кетсе, бұл дала қазір қаңырап жатпас па еді. Кеше ғана көктен түскен жоқ қой мына жұрт. Мен өзімнің арғы аталарымның да Ордадан шыққанын мәлімдедім. Бұрын айтпағам. Айтсам, өзімді жақындату, жағыну тәрізді көріне ме дегем. Оны да бүкпедім. Ақсақал сенді. Бірақ ешқандай қуаныш білдірмеді. "Сен кім болсаң да менің баламсың,— деген.— Әрине, асыл сүйегің бірден танылды. Ұнатып, жақсы көрдім. Өз еркіңе салып жүрдім. Ел тыныш болса, екеудің бірі болатын едің. Енді жалғызсың. Бұдан соңғы жерде өткенді еске алсаң, маған ауыр тиеді". Мен тағы да әкемнің етегіне бас қойдым. Аттан түсіп, көшті тоқтатып, тура Едіге тауының қойнауынан аяп жатқан, қалың теректі қасқа бұлақтың жағасына қоналқаға аялдадық. Қой сойып, құран оқыдық. Мен тау басына — бабамның зиратына барып қайтпақ едім, бұл тұста биікке көтерілу мүмкін емес екен, айналып, қолайлы жер іздеуге мүрсат жоқ. Көш тынықты, әкем екеуміз жұлдыздары жарқыраған ашық аспан астында, қарауытып, ірілене түскен тау баурында, төрт қабат сырмақ үстінде қойындаса жатып, таң бозарғанша еркін кеңестік.

Күн шыға түйелердің белін қайыра тартып, аттарымызды ауыздықтап, бағдарлы жолға түстік.

Биік басындағы үшкіл қорым бірте-бірте кішірейе берді де, кедір, кертпеш таспен астасып, мүлде жоғалды, кілегейлене көгеріп, Едіге тауының өзі де алыстап бара жатты, ет асымдай және сонша уақыт өткенде айналып

артыма қарасам, Ұлытаудың сеңгірлері өркештене мұнартып тұр екен, бұл — біздің артта қалған, қайта айналып келмес барақат ғұмырымыз еді. Жусан мен кекпек қана өскен қуаң далаға шықтық. Күн күйіп, жер қуырылып тұр. Алда белес төбелерді қуған сары сағым ғана ойнайды. Бірақ біз не оңға, не солға бұрылмадық, түстікке тура беттеп тарта бердік. Кейін білдім, неше тарау жолдың ең қолайсызын таңдапшыз. Неге екенін де ұқтым. Ұлытаудың шығыс беті жамы-раған бұлақ жалғаса аққан өзен, қаптаған қалың ел. Әкей қаймағы бітеу отырған халықтың шырқын бұзбайын, үрей тудырмайын деген. Әлде иеннен жарамды қоныс таппақ болды ма. Жер таныған, Түркстан, Сырға дейін барып қайтқан жұрттан сұрастыра келе ертегілік Жиделі-Байсын, Жерұйық-тан күдер үзе бастаған. Үркін, қуғын басылғанша тыныш қойнау, бейбіт бекетте уақыт ұтып, ата мекен Қызылжарға қайта оралуға бекінді ме. Әрине, бұл сапарға да көз жұмып кіріскен жоқ. Жер жағдайын, су жағдайын сұрастырып, біліп шықса керек-ті. Шынында да, біздің азабымыз тым ұзаққа созылмастай. Күн екінтіге еңкейгенде қияқты, шилеуіт ойпаңға жеттік. Қақ ортада басына орамал байланған құрық шаншулы тұр. Мана, азаннан алға озған шалғыншылар тастаған белгі. Бөгеліндер, қонындар дейді. Жұрт қаталаған, мал сусаған. Асты тас, қиқы-жиқы жарлауыт арна құрғақ болып шықты. Бірақ көш үйіріле тоқтады. Түйелер шөгеріліп, теңдер түсірілді. Қоналқаға ыңғайландық. Аттары тың бес-алты жігіт екіге жарылып, бірі сол қапталдағы қырқалы адырға, бірі алға —қарауыт-қан дөңесті тау жаққа жөнелген. Үлкен кісілердің екі-үшеуі жарды жаяу жағалап, төменге кетті. Мен де солардың соңынан ердім. Отыз жыл бойы Сыпатай мырзаның малын баққан жалпақбет, бадырақ-көз, иегінде бес-ақ тал қылы бар мықыр Жұмажан әр тұстан шөп жұлып, таяғының ұшымен жер шұқып жүрді де, арнадан аулақ, ойпаң емес, үстіне бір шоқ қияқ өскен дөңесті нұсқады. Жігіттер қолма-қол күрек, қайлаларын әкеп, құдық қазуға кірісіп кеткен. Бұл кезде итарқа, жаппалар құрылып, боз түтіні көкке өрлей от жағылып, саба, торсықтарға теңдеп шыққан ауыз су қазан, шөңкелерге құйылып, ет асылып, шай қайнап, ит үріп, бала шулап, бүкіл ауыл абыр-сабыр, таршылық жағдайда-ғы тоң-торыс емес, көңілді, мерекелі кешкі дамылға кіріскен. Қақ ортаға көлдей текемет төселіп, алқалай отырған үлкендердің алдына қымыз келді. Жұрттың бәрінің, әсіресе жастардың еңсесі көте-ріңкі. Жетпей тұрған — алтыбақан ғана сияқты. Шынында да, қамығатын не бар. Қонысынан ауған отыз түнлік елден безген жоқ, қалың қазақтың ортасында, ата мекен жерінде ерулеп отыр, жүріс, тұрысты, тіршілік кебін тежейтін жат өкімет те, жазықсыз қаныңды шашуға құлшынып тұрған жаракты әскер де алыста қалды. Бірақ бұл — бір сәттік қана тыныс, төңірек толы қатер екені айқын. Әлі қазақ болып кете қоймаған, қоғам мен заманға да, жаңа ел, туыс жұртыма да европалық жат көзбен, сынамасам да тексере, үңіле қарайтын менің жүрегімді жанашырлық сезім билеген, осы бір аңғал да дарқан, ер көңілді, бейбіт жұртқа тыныштығыңды бере гөр деп, бозара қарауытқан кең далада, жарқырай дөңгеленген ай астында тұрып, бар ындын, ниетіммен құдайға жалбарындым. "Отче наш святой и присный..."

Құдай бар болса, бейнесі үшеу ме, төртеу ме — тұлғасы бір болса, бәрімізге ортақ, адалды алқаса, жазықсызды жебесе, ең алдымен мына жаңа жұртымды — мені жат көрмей, баурына тартқан ауылға, осы ауылдың бесіктегі баладан ат үстіндегі азаматқа дейінгі, желек көйлекті бойжеткеннен ақ кимешекті анаға дейін, еңбектеген нәрестеден ақ таяқты ақсақалға дейінгі барлық жанын мархаматпен алқай гөр! Иисус Христос, Божий сын!.. Алланың досы Мұхамед!.. Онда өзің!!

От сөніп, ел тыншыған кезде кісі бойы қол ұсыным тереңнен су шықты. Құдық түбіне екеулеп түсіп, кезектесе, үздіксіз қазған он жігіт сонда ғана бел жазды. Көзі мол, нағыз көктұма көлқайнар деп, жадырай дабырласып, шалпылдата күреп, тағы бірнеше шелек құмтопырақ шығарған. Арада шай қайнатым өткенде құдық суы қауғалап алуға жарады. Салқын, тұщы су. Ауылдың бас көтерер еркегі тегіс құдық басына жиналды. Ұрттай ішіп, бет-ауыздарын шайған соң қоналқа іргесінде — өреде жүрген мініс аттарын әкеп суарды. Содан соң астау, шелек, мес атаулыны толтыра бастаған. Адам үшін емес, мал үшін.

Құрғақ арна басына — шұбар адырға кеткен үш жігіт мана, ел орынға отыра, бұлақ көзін таппай, бос қайтқан. Алға озған шалғыншылардың ізімен жөнеген жігіттер құдық қазылып бітер қарсаңда оралды. Тақау маңда тамшы су жоқ сияқты, осыдан құнан шаптырым жерде көкпекті тақырға құрықты теріс тігіп кетіпті, біраз тосып, тың тыңдап, ай батқан соң кері қайттық десті. Мана, күн жарықта көкжиектен жалғыз шоқы көрінген, жігіттер соған жетпей тоқтамайтын сияқты, егер ол жерде де су болмаса, кері оралуының өзі қатер. Сыпатай мырза саспады, қайта, ризашылық білдірген. Ол — Найзатас деді. Етегі толы бұлақ. Аттыға — күндік, көшке ара қонып жетер жер. Жігіттер қазір көк беткейде сулап, тыныстап жатыр...

Бізде қой шамалы, сойыстық қана — екі-үш жүз. Қазақ-орыстардың шапқынынан соң жылқы саны ойсырай кемімесе де, ағайындармен ажырасқанда мырза өзіне тән малды ықшамдаған, енді отыз түңлікте бес-ақ жүз жылқы бар. Бірақ бар малды бір мәрте толық суғару үшін кемі осындай он құдық керек болар еді. Жігіттер түні бойы қауға тартып, құлын-тайларды суғарды да, шалғыншыны күтпей, ала-көбеңде бар жылқыны айдап женелді. Ертеңгі салқынмен қалған ел де қозғалды.

Ақсақалдың ақпары анық болып шықты. Күн еңкейе ілгерідегі жылқы тура жолда деген хабар алдық, кеш ай батқанға дейін дамылдап, қайта түзілген. Сусасақ та, шаршап-шалдықсақ та, таң бозара Найзатасқа жетіп жығылды. Шөлден біржола құтылыппыз. Арттағы елмен де біржола қоштасқан сияқтымыз.

Жайыла көшіп, ақырын жылжи бердік. Сай-саласы бүк, қойнауы толған бұлақ, етегі майса Кішітауды қимадық. Қимағанмен немене. Қазақта бос жатқан жер жоқ. Қаптаған қыстау күні ертең-ақ — салқын ызғар соққанда қайнаған елге, жыпырлаған малға толмақ. Тәңірінің өзі теңестіріп, өлшеп үйгендей, шоқылары қатар-қатар, емшек-емшек Кішітау да еріне жылжып, кейін шегіне берді. Қанаттаса отырған қалың ел ішіне кірдік. Қарсақбайға иек

арттық. Ағылшындар кен өндіреді, тас қазып, мыс ағызады деген дақпырт бар. Жігіттердің біразы кеншілермен қоңсы қоналық, өндірісте жұмыс істегендерді әскерге алмайды-мыс, әрі табысы мол десті. Ақсақал хош көрмеді, Еркіндіктен айрыламыз, кіріптарлыққа түсеміз деген. Табысы мол болса, осы ел байымас па еді, салдатқа алмаса, осы елдің жігіттері қалмас па еді. Шынында да, бұл өңірдің тізімге ілінген жастары тегіс майданға кеткен екен. Кеніш, өндірісі бар жерде патшалық тәртіп күштірек сияқты, ешкім мойын бұрып, наразылық таныта алмаған.

Қыркүйек өтті, күздің салқын ызғары дендей бастады. Ақсақалдар түстік бағдарды, оң мен солды сұрастыра келе, жаңа бір шешімге тоқтады. Көлденең тартып, ұзын аққан Сарысуға бет қойдық.

Сарысудың етегі қаптай қонған қалың тама болып шықты. Азып-тозбасақ та, шалдығып, ширығып келген бізді меймандос көңілмен қарсылады. Қазақтың ұлы ханы Абылай жалғыз ат, жалаң найзалы Сабалақ бала кейпінде алғаш рет жұртына танылған сәтте оны тік көтерген, бір күнде алты қатын әперіп, алты орда тігіп, бастапқы мерейіне жеткізген атығай-қарауылды біз қалай сыйламай-мыз десті. Абылай үш алашқа хандық құрып, халқының мәртебе-тыныштығы үшін төңіректің төрт бұрышыша тегіс шабынғанда үнемі ту түбінен табылған, найзасының ұшы алтын атанған батыр тама біз едік, ерлігіне көңілі толып, қызметіне риза болып, арғын мен найманның қақ ортасынан суы мол, шөбі шүйгін, малға жайлы, жанға тыныш Сарысуды аталарымызға мұрас етіп кесіп берген тақсыр иемнің аруағы бар ұрпағын желеп-жебеп келеді, ел біреу, ұлыс ортақ десті. Кешегі ел ауада Кенесары ханмен ақырына дейін бірге ат шабысқан тағы біз, тамаға иек сүйеген қазақ ұлы кемшілік көруге тиіс емес десті. Ата баласы болып ақылдаса, кеңесе отырып, Сарысу мен Кеңгірдің құйғаны — ықтасыны биік, күнесі мол Қаражардан қоныс кесіп берді.

Мен ел ішінде — аумалы-төкпелі дүрбелең мен көші-қон үстінде өткен оң бес жыл орайында бар қазақты танымасам да, Қызылжардан Шуға дейінгі аралықтағы неше мың шақырым аймақты біршама білдім. Алаштың жаманы жоқ. Бірақ мен қыздары сұлу, ұлдары бұла, ақсақалы кең, азаматы мәрт, бұдан жүз жыл бұрынғы еркіндігінен айырылмаған, әдет-салтын таза ұстаған, әрі өнерлі, әрі жомарт тама сияқты ел көрмедім. Бар қазақ бір атаның баласы десек те, енші бөлісіп біткен, заманның тарылған кезі — үмітіміз ортақ, тілегіміз түйіс болып шықты, бар зымыстаннан бір-ақ күнде арылғандай, еңсеміз көтеріліп, арқамыз кеңіп сала берді.

Жайсыз уақытта келсек те жайлы орналастық. Көп ұзамай қылышын сүйретіп қыс жеткен. Бұл кезде жылқы қырда, кой қамыс ығында, үлкен ауыл — үйіріле қонған киіз үйлер тоғай ұйығында. Шығыс капталымыз — жел өткізбес биік қабақ, қалың тоғай бойлаған мол су, батыс жағымыз — шоқы-шоқы тал өскен, шилеуіт, кең қорық, жоғары мен төмен — кейде тұтаса, кейде күргейлене біткен қызыл қайың, көк терек, боз ағаш. Ауыл орныққан аймақ — тай шаптырым жер — желден, бораннан ықтасын, күнес ойпаң. Қысты күйлі өткердік, көктем туа бір басымыз екеу болып, мал төлдеді, көп

ұзамай жаз шықты, біз Сарысуды өрлеп, қалың тамамен бірге Арқаға жайлауға көштік. Дәл осы шамада мен өзімнің қазақ болғанымға біржола ден қойдым. Ден қойғаным, сырттай ғана емес, іштей мойындағаным — өзім тұрған, тумаса да туғандай болған ауылдың мұратынан, өздерін қазақ деп атайтын көшпенді қырғыз-қайсақ жұртының тұрмыс-болмысынан бөтен ешқандай тілек қалмапты менде. Бар әлем, бар тіршілік осы киіз үйлермен, маңыраған қой, шұрқыраған жылқымен ғана шектелетін сияқты. Бұдан тыс ештеңе қызық емес, ештеңеге зауық жоқ, ат үстінеі түспейтін болдым, жиын-той, ойын-сауықтан қалмайтын болдым, жүйрік тандау, бәйге бабымен әуестене бастадым, әрине, тағдырласып кеткен туыстас дос-жаранмен, танысып, араласып, етене жақындасқан ел жігіттерімен бірге қызды ауылдарды төңіректегеніміз, бозбалалық құрғанымыз айтпаса да түсінікті. Осының бәрі таң еді. Тансық еді. Кешпенділер өмірінің өзгешелігі, менің сол өмірге біржола бет қойғаным емес. Мұншама барақат бұрын — өткен жылы, одан арғы, одан арғы жылы да болған. Таңсығы — бәрін жаңаша қабылдауым. Таңы — арттан, туған өлкеден жеткен тосын хабарға селт етпеуім. Өйткені бұл — Христос өлшемімен есептегенде 1917 жыл болатын. Наурыз туып, күн райы оңала бастаған кезде бұдан бірнеше апта бұрын соншама алыста — арсыдағы айдың ар жағы, күрсідегі жұлдыздың бер жағында, мен кеткен соң атына дейін бұзылған ескі Питерде император Николай Екіншінің тақтан тайғаны туралы хабар жеткен. Содан соң билікке уақытша өкімет келіпті. Одан кейін бұлығып, былығып, шат-шәлекей болып жатқан сияқты. Әрине, үлкен жаңалық. Бірақ... маған қатысы қанша? Өзімнің қазақ туыстарымнан артық таңырқағам жоқ. Зорлықтан ада, заңсыздықтан тыс, демократиялық негіздегі жаңа мемлекет... Орнатсын қолдарынан келсе сол партиялар, патшаны тақтан құлатқан қайраткерлер. Мен демократиялық қоғамда өмір сүргелі үш жыл. Маған салса, осы жазда елге келіп, ауылдағы үлкен-кіші азаматты тегіс жинап, бірнеше мәрте әңгіме өткізген, мені жат көрмегенімен, айтарлықтай іш тартпаған қысқа мұртты жас қазақтың сөзі мәндірек. Алаш баласы автономия алуы керек. Солай. Ол менің автономиям болмақ. Халықтың болашағы ғана емес, жеке адамдардың, яғни менің де тіршілігім осыған байланысты. Сондықтан әскер құрылса, қызметке әзір екенімді мәлімдедім. Жоқ. Мен соғыстан қашқан офицер емеспін. Мен сол революцияны жақындатқан жандардың бірімін. Бұрынғы ғұмырым солай. Ал қазір, кешелі-бүгін емес, неше жылдан бері осы Даламен біте қайнастым. Стамбек Сыпатайұлы Дәулеткелдиев, ұлты қазақ, руы арғын ішінде қарауыл, діні ислам, туған жері Қызылжар, жасы жиырма екіде, білімі университеттің, екі жарым курсы, әзірше бойдақ...

Әлбетте, заман үлкен өзгеріс алдында тұрғаны анық аңдалған. Әзірше үрей емес, белгісіздік қана. Жақсылықтан үміт мол. Ерекше қуанған біздің ауыл еді. Жазғы жайлауға көтерілмей тұрғанда-ақ Қызылжарға қайта көшу туралы ойластыра бастағамыз. Бірақ дәл биылғы жылы ел ішінде тыныштық болмасы айқын еді. Билікке талас, партиялар арасындағы күрес, тағы басқадай беймәлім қатерлер өз алдына, герман соғысы аяқталмаған, қайта

қыза түскендей, немістердің басымдығы танылғандай. Әкей менің биылша жайлы қоныстан қозғалмасақ деген сөзіме тоқтаған. Оның үстіне, осы жақында ғана, іргесін түріп орын берген, қонысы шектес Ақымбет баймен құда болғамыз, дүрбелеңде оққа ұшып өлген кіші шешемізден туған қарындасым Айсалқамды жаз ортасында, қан жайлауда ұзатпақ болып, құдай атымен уәде айтысып, құйрық-бауыр жесіп едік. Әкейдің бұдан басқа да түйгені көп сияқты. Соның бірі — мені үйлендіріп, келін түсіру. Кезеген жері де жоқ емес — таманың ел ұйтқысы болып отырған жуандарының бірі Нұрымбет ауылы, байдың өзінің болмаса да, жақындарының бірінің қызын іліндірмек. Мен, әрине, бұл құдалықтың мән-мағынасын түсінем. Нұрымбет әулетінің қыздары қолаң, жібек шашты, ақ маңдай, қара көзді, денелері толымды, паң келеді, өлеңге, жырға қосылып жүрген сұлулар; бұл ауылда дос-жар жігіттерім де бар, бірақ менің көңілім басқада. Қаралы жеңгем Зағира жасы жиырма беске жаңа толған, өте көрікті әйел. Мен алғаш көргенде балауса бойжеткен кейіпте, көзі үлкен, қасы қиық, тәкаппар, құбақан келіншек екен, өзіме аса биіктен, бірақ әуестене, мүсіркей қарағаны есімде қалыпты. Ұрғашыға көз салар сиқым болмаса да, түземдік арудың бұла көркіне сұқтанғам. Тумаса да туғандай ағамыз Сіләмбек мырзаның өзінен бірер жас үлкен, келіншек түскеніне де әжептәуір уақыт өткен, әйтсе де мүшесі бұзылмаған, өңі нұрлы, жүзі ашық, сүйікті зайыбы болып шықты, мені Сал-жігіт деп атайтын. Қымызы қорлы, шайы дәмді, жас та болса, ауылдағы барлық жұрттың анасындай мейірбан жеңгеміз. Енді міне, байы қазаға ұшырап, баурындағы кішкене қызынан тағы айрылып, қаралы үйде тұл қалды. Күйеуінің жылы өткен соң жақын әменгерлерінің біріне берілмек сияқты. Ал маған жаңадан қыз айттырмақ. Бірақ мен ата салтын аттап кете алмадым. Салтты ғана емес. Иегі балғын, кірпігі отты Зағира сұлуды қимадым. Ерте көктемде Сіләмбек мырзаның, онымен қатар шәйіт болған тағы қаншама боздақтың жылын өткергенбіз. Ат шаптырып, ас беруге жағдай жоқ, бірақ ағайындас, тамырлас тақау төңірек түгел шақырылған. Патша жарлығынан соң дүрліксе де дүрбелеңге ұшырамаған, қан кермеген тама мен бағаналы, қуандықтың игі жақсылары, ер-азаматтары біздің күні кеше ғана қаншама қасірет шеккенімізді нық танығандай еді. Өлгенге иман, тіріге ғұмыр, дәулет тілесіп, бұрынғыдан да бауыр тартып аттанған. Қаралы ту жығылысымен-ақ әкем көптен күткенімдей, құдалық жайын айтқанда күні бұрын әзірлеп қойған шешімімді білдірдім. Реніш-өкпемді жасырма-ғам. Туған әменгері тұрғанда қай қазақ жесірін сыртқа тебуші еді. Егер сіздің бел балаңыз екенім рас болса, Зағираға мені лайық көрсеңіз, басқа қалауым жоқ дедім. Сыпатай мырза жадырап барып, қатты түнерді. Жадырағаны — баурына салған ұлының адалдығына көзі жетті, әрі қимай жүрген келіні үлесенші, үй-орманымен өз ошағында қалады. Түнергені — ат жалында табысқан ағайынмен туысу қиындады — Нұрымбет әулеті кішілікке қыз бермейді. Шал аз-маз үнсіз отырып, оқыс қызарған. Ақталған. Әрине, солай. Тек беті ашылмаған бала болған соң, есік көрмеген тектіге қол артпақ. Маған Зағирадан артық сұлудың да, тектінің де керегі жоқ дедім. Әкей бұдан ары

сөз айтпады. Енді жалғыз-ақ кілтипан қалыпты. Зағираның өзінің ризашылығын сұрау керек. Дәстүр-салт солай екен. Әрине, марқұмның туған інісі ретінде менің хақым жоғары, бірақ бұл шаруа — әйел қалауынан тыс шешілмеуге тиіс, жесір әрине, оның да ықылас-келісімі бойынша, ұнатқан әмеңгеріне шығуға ерікті. Тұл жеңгем менің талабымды естігенде қатты таңырқапты. Содан соң ептеп жылап алған сияқты. Жылап отырып бас изеген. Тек бір шарты бар. Менің сүндетке отыруым керек... Міне шатақ! Араға жүрген жеңгеміз күліп айтқанмен, ырымын жасаса болды, оп-оңай деп көңіл жұбатқанмен, өте ауыр хабар. Мәселе операцияда емес.

Әрине, балалардың сүндеттелгенін талай көргем, өте күрделі және ешқандай хирургиялық аспап, қажетті дәрі-дәрмексіз, тым жабайы тәсілмен жасалады. Мәселе онда емес. Шыдармын, тірі қалармын деп ойлаймын. Бар кілтипан еркектік намыста. Сыртымнан болса да бүкіл ауыл күлмей ме. Бала бәлиғатқа толмақ түгілі, әртүрлі жағдаймен сәби, өскін кезеңін өткеріп алса жиырма бірдеңе жас емес, оннан асса сөлекет. Араға жүрген жеңгемізге қазақ жігіттерінің салтымен шәйі орамал сыйлады. "Жеңеше, тіпті ешқандай бөгеті жоқ,— дегем.— Күнбатыстағы барлық жұрт сүндет дегеннің не екенін білмейді. Бірақ әйелдері риза, балаларын тауып жатыр..." Жеңешем сақылдап тұрып күлді. "Мүмкін соның өзі қызық шығар,— деген.— Мәселе онда емес. Мәселе мұсылмандық-та!" Мен қуанып кеттім. "Жеңеше, мұсылман болғанда мендей болсын,— дедім.— Лә иллях илаллах, Мұхамед расул аллах! Құдай бір, пайғамбар хақ. Ағузыны қазір аңыратып берейін. Ал сүндет деген... Жасым өтіп кетті ғой, қансырап өліп кетсем, қайын сіңілің екінші қайтара тұл қалмай ма..." "Жарайды,— деді жеңешем, аузын баса қыстығып, тағы біраз күліп алып.— Жесірінді көндірем. Қалған жұртқа аз-маз өтірік айтуға тура келеді". Сылқым жеңгей ертеңіне шүйінші сұрап келіп, күміс сақина киді. Өзім де молда болып кеттім дейді. Шарифат бойынша, бәлиғатқа толған еркек дінге кірсе, сүндет парыз емес деген қисын таптық. Теріс болса, құдай күнәмізді кешіре жатар. Ал қалған жұрт сенің алғашқы келген кезде, оңаша, жылқыда жүргенде сүндетке отырғаныңды біледі екен...

Арада оншақты күн өткенде Зағираның екеуміздің некеміз қиылды. Сөйтіп, мен көшпенділердің сонау, мезгілсіз қазасы мол жаугершілік заманнан келе жатқан, шаңырақ құтын бұзбас тамаша салтының арқасында сұлу құшып қана қойғам жоқ, Сыпатай мырзаның туған ұлы, заңды мұрагері ретінде біржола байландым. Әрине, еркек ретінде шексіз бақытты едім. Менің Ордаға сыймаған арғы бабам орыстан қыз алып, мамық төсекке көміліп, өзінің бар ғұмырын жаңа жұртқа бағыштаған, бар ұрпағын бөтен халыққа теліген кезде не ойлағанын кім білсін, арада жиырма әулет ауысып, бес жүз жыл өткен соң сол Далаға қайтып оралған мен мықыны от, омырауы жұпар половчанканы құшып-аймалап жатып, сол бабамның арманда айырылысқан, басқаға бұйырған нақ сүйерімен қайта табысқандай күн кештім, бұрынғының бәрі көңіл алдарқату екен, өзімді енді ғана осы халықтың туған перзенті сезіндім.

Елге қайту жайын ойластыра бастадық. Әрине, үдере көшуге болмайтын еді. Әкей жұрт жайын, жаңа ахуалды айқындауға сенімді үш жігітін аттандырған. Арада ай өткенде әрең оралды. Жер орнында, ел бұрынғыдан басқа десті. Майданға алынған азаматтар бірлі-жарымдап қайтып жатыр. Олардың айтуынша, орыстар ойсырай жеңілуде, ішкі жақ қырық пышакқа бейім, шайқала тұлданып тұр. Қызылжар төңірегі, әсіресе қазақ-орыстармен жапсарлас аймақ үлкен қатер күтуде. Терісаққаннан қайрылған ағайындар Көкшетауға өтерде, ақ ту көтеріп келе жатқанына қарамастан, тағы да патша жасағының тұтқиыл шабуылына ұшырапты. Адам шығыны аз, төрт-бес жігіт өліп, оншақты адам жараланған, бірақ қазақ-орыстар тігерге тұяқ қалдырмай, бар малды айдап әкетіпті. Июнь жарлығынан соңғы жаппай дүрбелеңде өздері де шапқынға түскен, өздері де кедейленген аталас қауым жылу жинап, ортаға біраз мал салып берген екен, бірақ бұрынғы ауылды ақ боз үйлерінен ғана танығандай, Есіл бойында бізден сорлы жұрт жоқ десті, жүдеп-жадап келген екі жігіт. Үшіншісі — әкесі шапқында өліп, шешесі осында, өз ажалынан қайтқан жалғыз басты жеткін еді, Сыпатай ақсақалға кешу сәлем айтып, туған жерінде, аталас ағайындардың ортасында қалыпты.

Біз ақылдаса келе, заман тыншып, ел ес жиғанша тағы бір қыс өткізуге келістік.

Күздің қара суығында Россияның, уақытша болса да, әлсіз болса да, заңды өкіметі тағы құлағаны, ат төбеліндей экстремист элементтердің билікті тартып алғаны туралы суық хабар жетті. Осыдан соң-ақ байтақ метрополия, соның ізін баса орысқа қараған барлық отар аймақ шат-шәлекей болды. Бұлғақ басталды. Бірақ бұл — XVII ғасырдың басындағы, державаны құраған бар халықтың алтыдан бірі опат тапқан, яғни, бір миллионнан астам орыс ұлы жер құшқан әуелгі бұлғақтан әлдеқайда қаһарлы, мүлде жүгенсіз, адалдық та, кішілік те ерлік пен мәрттік те адыра қалған, адам баласының тарихында болмаған өзгеше бүліншілік еді. Әуелгі бұлғақта шын мұраттардың атын жамылған жалған патшалар шыққан, қара халық өз ұғымындағы әділ әміршіні таққа отырғызу үшін күрескен, ал біздің еншімізге тиген бұлғақта ата-тегін, өткен өмірін жасырмаса да, аты-жөнін өңдеген, патша тағына емес, сөз мінберге мінген, өздерін халық өкілі, қарапайым да мейірбан пенде деп жариялап, бұрынғы-соңғы барлық тирандардан асып түскен жүгенсіз диктаторлар шықты. Мұндай зорлыққа көнбеген патриоттардың бір кезде әлемнің алтыдан бір бөлігін алып жатқан, енді мүшкіл, сорлы, өлесі кепке түскен ұлы державаны сақтап қалу, елді адамдық, христиандық кейіпке түсіру жолындағы қантөгіске толы ауыр күресі басталды. Қазақ арасына қанша сіңсем де, орыс дво-рянымын, менің де ұлттық, отаншылдық сезімдерім оянған. Бірақ әуелде, қанды 18-жылдың алғашқы жартысында мүмкіндік аз, жер тар болды. Одан соң Бүкіл Россияның жоғарғы әміршісінен үлкен үміт күткен едім — көп ұзамай көңілім қалды. Ниеті түзу болғанымен, қолданған тәсілдері парықсыз еді. Қатал емес, парықсыз. Әрине, мен қазақ ауылына, Сыпатай шаңырағына берік байланғам. Бірақ, жақын жерде Колчак құрамалары емес, Ерікті армия

тұрса, ештеңеге қарамай, қатардағы солдат ретінде қолыма винтовка алар едім. Егер миллиондаған отандастарымның қанымен жуылған Оңтүстік Орыс жазығында шәйт болмасам, Новороссийск түбінде немесе Перекопта тыным табуым анық-ты. Және кейінгі азапты, азап емес, жан шырқырап, рух жаншылған масқара қорлықтың бірін көрмей, армансыз өлетін едім. Бұдан соңғы жерде мен өзімнің жеке басымның қайғысын ғана тартқам жоқ, кіші ұлт— езілген отар ұлттың ешқандай құқығы жоқ, панасыз, дәрменсіз сорлы перзенті ретінде күн кешуіме тура келді.

Тағдырдың мазағын қараңыз. Мен өзімді революционер-террорист санадым. Россиядағы түбегейлі өзгеріс жолындағы күреске жас өмірімді бағыштадым. Осы тараптағы аз-маз істерім үшін каторгаға айдалдым. Енді міне, сол революция! Сіз тілегеннен он есе серпінді, жүз есе қуатты бүлік! Қоғамды, мемлекетті қайта құру үшін күреспек қайда — сол іріп-шіріген, барлық халық үшін, ең алдымен орыс халқы үшін қапас болған жамау-құрау державаны сақтап қалу жолында шайқасып жатқан, кеше ғана өзің алтыатардың қарауылына іліндіре алмаған патша генералдарымен тілектес болып шықтың, солардың туы астында, тым құрса, қатардағы жауынгер ретінде соғысып, қанға тұншығып елуге қолың жетпей қалды!.. Кейін білдім, бұл — маған бұйыруы мүмкін нәсіптің ең жеңілі екен.

Үш жүз жылдан бері құмыра түбінде булығып жатқан жын босанып, жарыққа шықты. Құтырына жайпап, қирата тапап, жарты дүниені қанға бөктіріп, таққа жетті. Ең қара пиғылға, соқыр сезім, дүлей күшке тізгін берген, өздерін социал-демократ, социал-революционер деп атайтын солақай күштер жеңіске жетті. Ең ақырында, кешегі одақтастарын түгел шетке шығарып, үйреншікті тәсілмен бар билікті қолына алған болшевиктердің диктатурасы орнады. Бұлардың оттан да, судан да, мыс құбырдан да тіпті, Сібір мен Тозақтан да өткен тасшайнар көсемдерінің өздері ойлап тапқан, өздері иеленген аттары ғажайып еді. Ең үлкенінің — бар бүліктің ұйтқысы, бар қырсықтың мәйегі болған жаңа Робеспьер-Нечаеятың есімінен кеңдік, мейірбандық, молшылық лебі ессе, одан кейінгі-лері — бірі темір, бірі тас, ақыл, парасат, қасиет — Россиядағы неше жүз жылдық дворян тұқымдарының, дворян тұқымын айтасыз, мың жылдық Рюрик әулетінің бұрынғы-соңғы барлық фамилиялары-нан айбынды естілетін өзгеше есімшелер: Троцкий, Каменев, Бухарин, Рыков, Сталин, Дзержинский, Луначарский, Урицкий, Менжинский...

Россияны, империя құрамындағы барлық халықты, "бүкіл жер жүзі еңбекшілерін" жаңа жолға бастамақ, бақытқа жеткізбек көсемдеріміз "толық интернационал"— әртүрлі ұлт өкілдері тәрізді, жер шалғай, қайсысының не істеп жатқанын нақты қадағалауға мүмкін-дік жоқ, бірақ аты-жөндерінің ұқсастығындай, бәрі де бір атыздың жемісі тәрізді. Есімдері жасанды болғанымен, істері көрнекі — құдайдың медиен түпкірінде жатқан, адамзатқа деген қияли өшпенділі-гі жоқ, тонаушылықты қасиет санаған сырқат моральдан таза, "таптық бітіспес қайшылықтан" ада, аңғал да бейғам халық ортасында отырып-ақ зұлматтың бар ызғарын айқын сезіндім.

Соғыс бітті. Қызыл комиссарлар ел ішінде жаңа тәртіп орнатуға кірісті. Террор басталды. Алдымен, бес жүз жыл бойы империяның тірегі болып келген казактар сословие ретінде жойылды: қырқысқа қатысқаны бар, қатыспағаны бар — бас көтерер еркек тегіс оққа шалынған. Содан соң бүлікке дайындық кезінде айдау мен каторганы бірге өткерген, төңкеріс күндерінде қатар шайқасқан социал-революционерлер заңнан тыс деп жарияланып, партия ретінде аласталды — ең үлкен кесемдерінен бастап, қатардағы мүшесіне дейін тегіс түрмеге жабылған. Содан соң кешегі езуші тап өкілдері — неше ғасыр бойы еңбекшілердің қанын сорыл, Россияны ұлы держава дәрежесіне жеткізген, әлемдік өредегі мәдениет жасаған ежелгі әулет өкілдері еңбек түзеу, жаңаша тәрбиелеу лагерьлеріне — социалистік каналдар мен құрылыстарға жөнелтілді. Бұл екі ортада, ел ішінде қалған, күні кеше ғана Ақ қозғалысқа қатысқан, қатысуы ықтимал, немесе қатыса жаздаған жат элементтер әшкереленіп, яғни, қылпуы шалынған жерде ұсталып, тергеп-тексеріліп, сотталып, атылып жатты. Бұл реткі тазарту шарасы маған да қатысты болып шықты. Сарысудағы тама арасында аты-жөнін өзгертіп, қазақша киінген ақтың офицері жасырынып жүр деген хабар сонау Ақмолаға жетіпті. Арнайы әскер шыққан жоқ, бірақ ел әкімдері — заманы өткен Ақымбет пен Нұрымбет емес, кешегі малшы-жалшы, бүгінгі болыс-би Жалбағайлар мен Жақыбайлар кәдімгідей тергеу жүргізген. Ақтар қайда, мен қайда, патша тақтан құламай тұрғанда осы өңірге келгенімді, ешқайда шықпағанымды бүкіл ел біледі, өздері де біледі, бірақ қаншама куәдан айғақ алынды, қаншама қағаз толтырылды. Ақыры, сол неше қадақ қағазбен, арнайы жолбасшымен Ақмолаға аттануға жарлық берген, таза болсам, сондағы нағыз большевиктердің алдында ақталып шығуым керек екен. Мына хикая қаншама қызық көрінгенмен, жол жүруге ықыласым шамалы еді, бірақ әкей ат ерледі, қоржынның екі басын азыққа толтырды, қасыма екі жігіт қосты, ертеңді күтпей, сол күні-ақ түн жамылып шығып кеттік. Үш-ақ қонып Сарысудың етегіне түскеміз. Арада ай өтпей қалған ауыл да артымыздан жетті. Біздің Қызылжарға қайту туралы жоспарымыз тағы да мөлшерсіз мезгілге шегерілді. Халқы мол, қатынасы жақсы, яғни, әкімшілік күшінде тұрған аймақта менің аман жүре алмасым мағлұм болған. Бір кезде мен жаңа туыстарым үшін отанымнан аулақтасам, енді мен үшін бүкіл Сыпатай әулеті жұртынан безді. Бұл — жиырма екінші жыл еді. Рас, кейінірек әуелгі отыз үй түгелімен ескі қонысқа қайыра көшті де, Сарысуда біз ғана қалдық, бірақ әкем жалғыз өзі болса да тауқыметті менімен бірге белісетін еді. Әрине, риза-хош айтысып, мойын бұрылған жаққа кетуіме болатын, мүмкін, мың шақырымдап жол жүріп, шет елге өтудің де сәті түсер, мүмкін, Сібірдің не Қиыр шығыстың бір түкпірінде, қалың орыс ішінде бой тасалаудың жөні табылар, әйтпесе, анық ақиқаты да сол — арада ай өтпей-ақ қызыл шеңгелге ілініп, басымды жоярмын — қартты рулы елінен бөліп, далада қалдырғаннан да өзімді құрбанға шалуға бейім едім. Бірақ амал не, әлде бақыт, әлде сор — Сыпатай мырзаның көңілінде көлеңке жоқ асық жілік ұстап, туған ұл атанған, оң жақтағы жесір келінімен некесі қиылған Стамбек

ат тізгінін аулаққа бұрса, бұл — ақсақал үшін өліммен тең болар еді, менің өзімше ізгі әрекетім ақыл-есі түзу кез келген қазақ үшін әдепке қайшы, ақылға сиымсыз, адамгершілікке жат іс танылар еді. Әрине, өз аулымда, өз шаңырағымда, ақ-адал қосағымның қасын-да қала бердім.

Мен үшін, біздің ауыл, бүкіл тама үшін ғана емес, бар қазақ үшін тыныштық заман орнады. Азғана уақытқа. Самалдай желпіп өте шыққан, бірақ қызығы бүкіл ғұмырға жетерлік бес жыл. Қазақтардың тілімен айтқанда, тұсаудың кеңіп, арқанның ұзарған бір кезі. Кең қоныстағы бұла жұрт қалың тамаға қыл бұрау әлі түспеген. Елмен бірге Сарысуды бойлап, көштік те жүрдік. Жалпы жұрт ес жиды. Жаңа өкімет күш жиып жатыр екен. Одан хабарымыз жоқ; бар болса да дәл сондай дәрежеде жүргізіледі деп кім ойламақ. Ел еркіндікке жаңа шыққандай. Ойын-сауық. Думан-мереке. Жадырамас қисын жоқ. Қара бұлт төнді — айықты. Тыпырлап барып кейінгі өкімет те сабасына түседі. Құл жиылып бас болмас. Әуелде көкке қолы жеткендей өкірендеген парықсыз Жалбағай мен сауатсыз Жақыбай Ақымбет пен Нұрымбеттің қолжаулығына айналған. Бай — бай қалпында. Жарлы тәңірінің қолтығында. Қазақтың бар дәулеті баяғыша, құрығында тұрған.

Ел ежелгі салтымен жүріп жатты. Осылай бола береді деп ойлады. Мен де көңілдегі алаң азайып, орманды өлкеге деген сағыныш сейіліп, арғы бабамның тозған жұртына біржола сіңісіп, барақат күн кешкем. Бұрынғы отандастарым — орыс қана емес, бүкіл батыс жұртының тіршілік-салты соншама қолайсыз, жасанды, ауыр көрінді. Бұрынғы өмірім — нәресте, сәби кезім емес, ес білген өскін кезім емес, оң-солды таныдым, ақиқат жол таптым деп ойлаған жеткін шағым — қазір атынан ғана емес, сән-салтанат, мән-мағынасынан да айырылған байтағымыз — көне Питерде өткен күндер соншалық тұрпайы, жабайы кейіптенді. Бұдан бес жүз жыл бұрын Ордадан қашқан атамның ең соңғы аманатын арқалап жүргендей сезіндім өзімді. Түртұлғам, іс-қимыл, ой-әрекетімнің бәрі өзгерген. Тек түсім ғана. Ол да уақытша сияқты. Мен ақтың қашқын офицері ретінде бой тасалап жүрген кезде тар дүниеге келген ұлымыз Дәулет көп жасамады, көне көш жолында, ескі қорымда қалды. Одан соңғы, сағындырып туған кішкентай қызым Жансалқам — қаракөз аққұба. Тек шашында жирен рең бар. Мұндай кейіпті қазақтар көп кездеседі, бөтен нәсіл деп ешкім ойламас еді. Мінеки, орыс орманына сіңген бидай өнді бабам тәрізді, мен де жусанды далаға жайылып бара жатқан сияқтымын.

Қазір жалғыз үй калсақ та бізді ешкім кірме деп шетке қақпайды. Дәулеттіміз. Жылқы өсіп сегіз жүзге жеткен. Қой мыңның үстіне шыққан. Әрине, қаруы қайтпаған әкем де, ат үстінде өзгеше тыныс табатын мен де қыстың біраз уақытын қырда — қостағы жылқыда өткіземіз, жазда да бар тіршілік малмен байланысты, апам мен келіні де қой қосақтасып, бие сауысып, ас-су әзірлеп дегендей, ешбір жұмыстан шеттемейді, бірақ шаруаның көбін малшы-қоңсылар атқарады. Қыста соғымы мен сойысы, жазда сауыны мен мінісі бар, басыбайлы ешкім жоқ, еркімен жүріп, қалауымен қызмет атқарады, "таптық езгі" көрді, зар жылады дей алмаймын. Еңбек, кәдімгі адал

еңбегіне орай ақыларын алып отырды. Су мол, шөп шүйгін, мал мыңғырып өсіп келе жатты. Біздің дүние аз-маз оңалған кездің өзінде терістікке қарай көше қоймауымыздың бір себебі осы еді. Ең негізгі себеп, әрине, менің көзім көк, шашым сары болып, қалған жұрттан бөлектеніп тұруым — орысқа, шәрлі жерге жақын аймақта қатердің сейілмеуі. Оның үстіне, шынын айту керек, біз жаңа жұртқа бауыр басып, мүлде сіңісіп қалғандаймыз. Ағайын ғана емес, туыс-жегжат. Ел тынышта Ақымбет әулетіне ұзатылған жалғыз қарындасым Айсалқам барған жерінде ерекше сыйлы. Құдаларымызбен араласуымыз күшті, алыс-берісіміз мол. Сыпатай мырзаға ауыр салмақ, маған атақ пен абырой әперіп отырған мол дәулет — жазда қырдан суға төгіле құлайтын, қыста қасқара тұрып қар тебетін көк алалы көп жылқы ішіндегі бірнеше үйір осы Ақымбет байдың қалыңға, киітке бергек боздары мен жирендері. Малы өссе де басы өспеген әксі Сарысуды емес, жалғыз қызын қимайды.

Көп ұзамай бұл өңір де жанға пана болудан қалды. Еңбек етпегендердің хақысын бәрінен де жоғары қойған жаңа өкімет, өздерінің тілімен айтқанда, қорларды зор қылуға шындап кірісті. Бардікін алып жоққа берді; ақылмен, адал еңбекпен дәулет жинағандарды жау деп танып, берекесіз күн кешкен кулар мен кежір, жалқауды езілген еңбекші тап деп жариялады. Ең үлкен әділдік — байдың малын кедейге тартып әперу екен. Тарихтың ең тұрпайы, қиын кездерінде, ең қатал, заңсыз патшалықтардың өзінде қарақшылық пен тонаушылық ізгі қасиет ретінде мадақталмап еді, Совет орнатқан жаппай теңдіктің арқасында, адамзат ғұрпындағы ғасырлар бойы қалыптасқан игі ұғымдардың бәрі теріске шығып, қасиет атаулы аяққа басылды. Кез келген дәуірде, кез келген ұлыс, мемлекетте, тіпті, дамудың әуелгі деңгейікдегі жабайы тайпалардың өзінде ең төменгі сатыда тұруға тиіс, еңбекке қыры жоқ, ұяттан ада, кісіліктен махрұм, жиренішті әрі бұралқы пенделер ел билеуге, жұрт тағдырын шешуге, адамды біржола аздыруға кірісті, сөйтіп, бір халықты, бір мемлекетті емес, жарты әлемді қанға, қасіретке бөктіріп, жаһаннамға жол ашты. Көп ұзамай-ақ жер үстінде тозақ орнады, о дүниеден айырмасы — дию-пері жаққан бұл тамұққа игілер мен ізгілер, адалдар мен абзалдар түсуге тиіс еді. Соның бәрін көріп отырып мен өзімнің өткен өміріме — жаңа бір қауымға жөн сілтемек, дүниені шайқап, Россияны қайта құрмақ ниетпен саяси күреске араласқан күндеріме лағнат айттым. Күнәһар екем, ойлап тұрсам, мендей күнәкарлар, күнәлары менен де артық әшадылар мыңдап, миллиондап саналады екен — кешегі төңкеріс, бұлғақ пен қырғын, қазіргі заңға айналған заңсыздық, ертеңгі апат пен түнек сол біз бастаған істің жалғасы — біз бықсытқан шаланың қалыңға түскен қара түтінді өрті екен. Амал не, кеш ұқтым. Егер ғайыпты болжап, осының бәрін ертерек, жол басында білсем, террористерге қарсы террор ашатын едім, революционерлерге қарсы революциялық ұйым құрар едім. Бір мен емес, өзі құлатқан тасқын астында қалған, өзі тұтатқан өрттің өтінде күйген кешегі күрескерлердің бәрі де бар жұмысын керісінше жасары анық. Яғни, адамзаттың досы — біздің соңымызға шырақ алып түскен үшінші бөлім екен

ғой. Бірақ ақылы аз, парасаты кем өңшең топас не бітірсін. Өздері де жойылды, біз де құрыдық. Бәрі құрыды. Бетпақтың шөлінде, қабырғасыз қапаста он жеті жыл отырып, аман шыққан мына мен — өзгеше бақыт бұйырған адаммын. Бақытым сол, өзімнен өзім қарқылдап күлем. Күлмеске шарам жоқ. Жаңа заман, жаңа тәртіп орнатып, ұлы Россияны түнекке батырған соғынды Троцкий Алматыға айдалғанда, одан соң елден аласталып, шет жұртқа қуғынға кетіп бара жатқанда не ойлады? Тоңмойын еді, дүлей еді, сонда да... Әрине, әлемдік революцияға сенген күйінде кетті, ақыры алды тілегенін — төңірегі аманда төбесі тесіліп елді (түпнұсқада әлде "ит өлімі бұйырды", әлде "иттей болып өлді" — "настигла собачья смерть", біз кейінгі мағлұм деректер бойынша нақтылап бердік: Сталин бағыттаған жендет қайламен ұрып, қарақұсын ойып жіберген Троцкий қиналса да қапаса түспей өлген ғой,— М.). Көсемдер тағдыры-ның ішіндегі ең сәтті финал (бұл тұжырымды да біз қостық: контекстсіз осындай қорытынды шыға-ды,— М.). Ал біздің чекистердің сый-сияпатынан өткен, мойнына тұзақ ілініп тұрған — кешегі құдірет, бүгінгі мүскін Зиворьев пен Каменев, Бухарин мен Рыков ең соңғы сәтте қандай сезім кешті? Тек бұлар ғана емес. Бар ғұмырын революцияға бағыштаған, осы жолда адам айтқысыз қиындықтардың бәріне төзген, ақыры қан кешіп жүріп тілегіне жеткен жүздеген, мыңдаған болат большевиктер енді жаңаша тергеліп, жақсылап азапталып, халық жауы ретінде атуға кесілгенде, немесе, бар хақысынан айрылып, Сібірге, Мұзды мұхит жағасына жалаңаяқ айдалған кезде нендей күйде болды? Тамаша емес пе! Ал енді, сондай алып тұлғалардың — жаһаннам шырақшыларының тағдыры немен тынғанын біліп өлуден асқан бақыт бар ма? Бұдан өткен қанағат бар ма? Жоқ. Жоқ! Ендеше, мен армансызбын.

Хош. Мұның бәрі кейін. Қазір жиырма сегізінші жыл. Болашақтан сенім болмаса да, үміт бар. Өмір әлі де қызыболыкөрінетікез.ділет туралы, кісілітуралы ұғым біржола жойылмаған шақ, Ең бастысы — жеңімпаздардың бүкіл әлемді қан майдан, қапас зынданға айналдырмақ, қисынсыз, есірік, бірақ уақыт оза келе тұтасымен жүзеге асқан жоспары әшкереге шықпаған заман.

Оқыс ауырып, аяқ астынан шешеміз Зербала қайтыс болған. Елудің жуан ішіне енсе де, өңін бермеген, салмақты, паң, манардай ақ бәйбіше еді. Тез кетуіне ел шетіне қиқу ілінгені де себеп болды ма деймін. Соңғы бірер жылда ата жұрттан аулақтадық деп, үлкен ұлы Ыбырайды есіне жиі алып, тоңторыс күйге түсіп еді. Мен шешемді қатты сыйладым. Шешем де мені теріс көрген жоқ. Бірақ жұғысып кете алмадық. Мен әкемнің басқа әйелінен туып, шетте өскен өгей бала сияқты едім. Сыртқа теппесе де, айтарлықтай ішке тартпаған. Әлде қазақтың баласы шешеден гөрі әкеге жақын болатын салтынан ба, әлде менің түрімнің бөлектігіне қоса тым ересек келгенімнен бе. Әйтеуір арамздан бір бөтендік арылмай-ақ қойды. Тек Зағираға үйленгеннен соң ғана сенімге енгендей болдым. Ал кішкентай Жансалқамды туған немере санаған. Өзі бағып, өзі күтеді. Сергек ұйықтап, тың жүретін шешеміз жығылған сәтінен-ақ ары қарады. Бірақ ағзасы бүтін, дені күшті,

ажалмен апта бойы арпалысты. Ыстығы көтеріліп, талықсып жатқан соңғы екі күн бойы келінімен бірге басында отырдым. Анда-санда, арасын бөліп-бөліп, анық сөйлеп, сандырақтап кетеді. Бұдан жиырма жыл бұрын қиыр алыстағы Якут өлкесіне, әлде жер шетіндегі Сахалинге каторгаға кеткен үлкен ұлы Ыбырай мырза кісенін сүйретіп, аман-есен келіпті. "Құлыным...— дейді.— Мен сені танымай қалдым ғой. Түрің де орыс сияқты болып кетіпті... Сен орыс емессің. Кісен неге қиылмайды?.. Өмір бойы кісенмен жүресің бе? Атқа қалай мінесің... Атқа міне алмайсың. Орыс болып кетіпсің. Көзің көк... Көріңде өкіргір Мекалай... Кісен... Тірсегіңді қиды-ау!.." Зағира жылап отырды. Менің де көңілім босады. "Сирағың қызылшақа... Қабырғаң... қайысты... Келдің ақыры...- дейді. -Енді көшеміз. Көк Есілге..." Баласымен табысып, бақытқа кенеліп, о дүниеге аттанып кете барды. Бұдан бұрын талай қаза көрсек те, сең соққандай болдық. Төңіректегі ағайынға тегіс ат шаптырып, жаназасын шығардық. Елдің бар рәсімімен жамбасын жерге тигіздік. Бірақ қонақасы беріп, артын күте алмадық. Нешеме мың жыл бойы еңбекші жұрттың қанын сорған алпауыт бай Сыпатай Дәулеткелдиевтің мал-мүлкін кәмпескелеу үшін арнайы комиссия келіп түскен.

Қаралы ауылдың хал-күйіне қараған жоқ. Адамның қайғы қасіретінен ләззат алатын сырқат жандар болады. Мұндай әшадылар біреу-екеу емес, жүздеп, мыңдап саналса, қарулы топ, билікті тап болса, қауым тірлігі, ел тынысы соларға қарап тұрса замана қайтпек! Топырлай шауып, тарқылдай күліп, ұялас үйірімен келген. Қатты қуанышты – бай емес, бәйбішенің өлгеніне. Байдың тірілігіне, көрешегі алда тұрғанға. Қабір басынан қайтқан жұрт жылыса тарап, тоз-тоз болды. Саба-саба қымыз калды. Астау-астау ет қалды. Кәмпескеге келген белсенділер, оларға ерген әуесқой жалаңаяқтар, мылтығы шошайған екі міліса, аудан өкілі Ұлтарак, ауыл ағалары Жалбағай мен Жақыбай – ұзын саны жиырма шақты адам, түгел қазақ, қаралы дастарханды той-думанға айналдырды. Қарындары жарылуга тақағанша ішті, жеді, аудан өкілі Ұлтарактың былғары сөмкесінің түбінде ширек құты арақ бар екен, ел бастаған, топ бастаған үшеуі қалған жұртқа көрсете, өзгеше бір жетіскендіктің белгісіндей, бұрын ұлыста болмаған отты суды қайта-қайта мақтап, мөлдірете шайқап, естік түйедей сораптап отырып ішті. Орындарынан әрең тұрған соң, жар жағалап, тал сағалап бой жасырмай, үй іргесіндегі бұта-шилердің түбіне қатар-қатар шоңқиысып, арам шектерін ақтарғаннан кейін, қолдағы барлы-жоқты малды тізді, кебеже, сандыққа дейін тінтіп, алтын теңге, асыл алқа, күміс білезік тұрыпты ғой, еркектің құндыз ішік, қыл шапанынан әйелдің ішкіім, шылауышына дейінгі барлық дүние-мүлікті қаттады. Қазынаңның көбін молаға тыққан шығарсың, малдың жарымын қырға айдап тастаған шығарсың, анығын айт, мойында деп, қорлап, мазақтап, әкейді бірталай қинады. Содан соң маған көшті. Кіммін, қайдан жүрген орыспын, байқұлақтар-дың өз адамындай қабылдауы неден, ақтардан неге бөлініп қалдым, революцияға қарсы элементтермен байланысты қалай жүзеге асырып жатырмын, ендігі мақсат не –шәу-шәу, шанқ-шанқ. Мен сазарып отырдым да қойдым. Жауаптасудың, сөйлесудің өзін қорлық санаған

едім. Мәртебелі комиссия, мылтығы шошайып, мойнында жүрген екі міліса, тамашаға жиналған қаншама жалаңаяқ – заманды билеуші, елді басқарушы жаңа қожайындарымыз улап-шулап тағы да дастарқанға отырды. Бұл жолғысы – біздің қаралы дастархан емес, өздеріне арнап шалынған бір тай, үш қоң – отыз емес, тоқсан адамға жетер сыбаға, ашкөз обырлар осының өзін азырқанып, сойысшы ауыл жігіттерін балағаттап, боқтап, әрең тоқтаған. Босқа ысырап жасап, артық мал жығуды обал көрген – Қорабай деген жігіт еді. Осы елден, сүйегі тама, туған-туысы жоқ, соңғы екі-үш жылда біздің бүкіл шаруашылықты басқаратын, әбден сіңіскен, өркеуде азамат. Домбыра тартатын, өлең айтатын серілігі, күреске түсетін балуандығы бар, сейілсеруені созылыңқырап кеткен, әкей өз еңбегің, қалың берем десе де қыз айттырмай жүрген бойдақ. Бір кезде біздің Айсалқамда көңілі болып еді. Қарындасымыз да теріс көрмепті. Бірақ сыртқа шығара алмайды, айырылысуға тура келген. Туыспаса да туған көре ме, табиғатында мәрт жігіт біздің шаңыраққа адал. Қатынның керегі жоқ, қалаға кетем, ойын-сауық үйірмесіне кіріп әртіс, не циркке барып балуан болам дейтін, онысын тежеген және ешкім жоқ – сахараның ер көңілді, өнерлі жігіті кең дүниені қызықтап, шашылып-төгіліп жүріп жатқан. Енді мына кепке менен артық намыстанды, зығырданы қайнады. Дәмдес болған, мейір-шапқатымызды көрген басқа жігіттер де әрең жүр. Кешке дейін екі ойлы едім, ақыры бекіндім.

Бекінгенім – басқа жол қалмаған. Заңды өкімет өкілі саналатын қарақшылар өздерімен бірге әкемді де ала кететінін мәлімдеді. Түрмеге жабатын көрінеді, тергейтін көрінеді, содан соң әлде Қостанайға, әлде Орынборға айдауға тиіс екен. Бұл – жоғарыдан түскен нұсқау сияқты. Өздері шешкен мәселе – менің жайым. Байқұлақ ретінде айдай ма, әлде қашқын ретінде сотқа тарта ма – сол төңіректе ғана таласты. Қазақ аталғанмен, тегім орыс – бір пәлесі жүға ма деп, тартыныңқырап отыр. Ақыры, алып кетейік, тиісті жерге барғанда өздері шешер дескен. Күні кеше ғана Нұрымбеттің қойының соңында салпақтап жүрген, бүгінгі ел иесі Жалбағай кетік тістерінен қап-қара тілі жылтындап, шик-шиқ күлген. "Қатынын қайтеміз?" - деп еді. Ауданнан келген өкіл, осыдан он жыл бұрын бүкіл Сарысуға әйгілі баукеспе ұры (түпнұсқада "конокрад", – М.) Ұлтарак қарқ ете түсті: "Алып кетеміз...– деген. – Жолай сөйтеміз!" – "Сөйтеміз" емес, түйеден түскендей, атап тұрып айтты. "Ұлтарак жолдас, онда ертеңді күтпе, бүгін-ақ қасыңа алып жат!" – деді Жақыбай. "Алып жатамыз, – деді Ұлтарак. – Өкіртеміз..." Қарақшылар қыран-топан болды. Мен бәрін естіп, босағада отырмын. Отыз тісім үгітіліп, аузыма қалай түспегенін өзім де білмеймін. Аясуға болмайтынын, аяушылық жоқ екенін кәміл ұқтым. Әлбетте, қазіргісі қиын емес. Қиыны кейін. Бірақ амал не. Тіршілік жасамай болмады.

Қой таңертеңнен өріске шықпаған, үй арасында ұйлығып жатыр. Жылқы өзеннен қайырылған, күн ұзақ ауыл маңында, дәл іргеде шұрқырасып ол тұр. Иесінің басына күн түскенде ең алдымен мал жануар жетімсірейді екен. Ал жалшылар мен қонсылар әртүрлі кепте. Біреулері тегін мал үлестіреді-міс дегенге қуанып жүр. Көпшілігі дағдарыс үстінде. Қазақ "Бүлінген елден

бүлдірге алма" деген. Арамнан тату, яғни ұрлықпен, зорлықпен келген мал мен дәмді иелену күнә саналатыны тағы бар. Осы өңірде орныққан, ағайындасып сіңіскен он жыл ішінде ешкімге қиянатымыз болмаған. Байдың малы көпке ортақ деген дәстүрмен, көрші-қоңсылар міністен тарылмаған, сауыннан қысылмаған. Жыл сайын екі жүз бие байланады, бес жүз қой қоздайды – ақ отау іргесіндегі желілі құлын, көгенді қозыдан басқа барлық мал ағайын алаштың сауынында, жаз бойы тегін пайдаланады, күзде үйір мен отарға қосады. Тегін сүтті төңірегіне бөліп беру – Сыпатай байдың шетін мырзалығы емес, ата қазақтың қалыптасқан салты. Малды бай сараң, кәпір атанбас үшін ғана төңірегіне қарасар еді. (Әрине, сараңдар да, кәпірлер де ұшырасатын, бірақ ондай, қоғамнан оқшау, елден безген адамдарға біткен мал не жау қолында кететін, не жұт астында қалатын, бір қисайса қайтып оңалмаушы еді.) Енді міне, еңбекші жұрттың қанын сорған, тап ретінде жойылуға тиіс жат нәсіл деп жарияландық. Халық түгелімен кедей болса, жер үстінде ұрмақ орнайтын сияқты. Ақыр түбі жалпақ жұт, жаппай қайыршылыққа соғары, бар кесел адамның азуымен ғана тоқтамасы анық еді. Бірақ ол – ертең. Ал бүгін ақырзаман біздің баста тұр.

Әрине, көз көрген жұрттың біразы, тіпті, көпшілігі жанашыр, тілектес көңілмен қарады. Атой шықса, артын ойламай, сойылға жармасатындар да табылар еді. Бірақ мен кері кеткен, үмітсіз көпке көлденең ешкімді шатылдырғым келмеді. Ойға алған іске тек соқа бас Қорабайды ғана қатыстыруды жөн көрдім. Қорабайдың көзі жайнап кеткен. Өңшең бұралқы, шибөріні қырып тастайық та, малды айдап, төмен – Телікөлге түсіп кетейік деген. Бір Сарысу ғана емес, бүкіл Сары-Арқада, байтақ қазақ даласында, мыңдаған жылдар бойы түліктен түлік, тұқымнан тұқым қуып, өсіп-өнген қайран мал түбір-тұяғымен талапайға түсіп, Россияға айдалып жатқанын қайдан білсін. Мен мал емес, жан сақтау керегін ұғындырдым. Мұндай зорлықпен құрылған өкімет ұзақ жасамаса керек. Бой тасалай тұрған жөн.

Құдайдан тыс, адамдықтан ада, момын ауылдарды тежеусіз тонап үйренген қарақшылар өте бейқам. Әлдебір жерде әлдекімдер тарапынан қарсылық туар деген ұғым қаперге кірмеген. Ойға алған істі оп-оңай жүзеге асырдық. Алдымен Қорабай дастарқан басында да қоқайып, мылтықтарын тақымына басып отырған екі мілисаны сыртқа шақырды, ерекше құпия бірдеңе айтпақ. Үй артына айнала бере, ұрып жықпай-ақ, қолдарын қайырып жіберіп, екеуміз екеуінің мылтығын тартып алдық. Естері шығып, мелшиіп қалған қос бейбақты қоя беріп едік, ойбайлай аттандап, ішке кірген. Қарақшылар опыр-топыр болды. Далаға жүгіріп шыққан. Жүгіріп шыққан беті ұйлыға жапырлап есік алдына іркілді де, таласа-тармаса кептеліп, қайтадан үйге кіре бастады. Ышқына ақырып оңай тоқтаттым. Кездері алақтаған қалпында тегіс жерошақ басына, қатар-қатар тұрғыздық. "Иттің балалары, есірген екенсіңдер, қазір түгел атам!" – деп кіжінеді Қорабай. "Шынында да, түк қалдырмай, тегіс атып тастасам ба екен..." деген ой жылт етті менің басымда. Бірақ атпайтынымды білем. Жиырма жандайшабын құртқанмен өкімет құламайды, ештеңе өзгермейді. Қан арқалағым келмеді.

Адам кейпіндегі айуандарды қорқытып ойнауға зауқым тағы жоқ. Қорқытпай және болмады. "Жүріңдер!" – дедім аулақты нұсқап. Зағира ақтар қашқан кезде қолға түскен, төсек астында, киізге оралып көмулі жатқан маузерді алып келді. Мілисадан тартып алған бесатарды қолына ұстаттым. Сол кезде тонаушыларға өз аулымыздан қосылған жалаңаяқтардың бірі жылап қоя берген, "Мырза, қасықтай қанымды қи!..– дейді. –Бір қара, үш қой береміз деген соң шайтанның азғыруына көніп едім. Шыбын жанымды қи, өмір бойы құлың болып өтейін..." Басқалар да босаңсып, жалбарына бастады. Кәмпеске комиссиясының бастығы Жалбағай, тіпті, мал-мүлкіміздің жарымын қайырып беруге, бізге мүлде тимеуге уәде қылды. Жібімеген, қорықпаған Ұлтарак пен Жақыбай ғана. Аудан өкілі Ұлтарак үндемей түнерсе, осыдан біраз бұрын әлдеқайда барып, екі-үш ай оқып келген ауыл белсендісі Жақыбай тіл тартпаған. "Жолдастар! – дейді, төңірегіндегі, еңсесі түсіп, берекесі қашқан, өңшең қоян жүрек қуларға. – Біз төңкеріс жолында шәйт боламыз! Жолдастар! Біз Ленин-Сталин ісі үшін құрбан болғалы тұрмыз! Сендердің ерлік істерің ұмытылмайды! Біздің қанымыз үшін кек алатын күн туады! Жойылсын байқұлақ! Жасасын кеңес! Жер жүзі еңбекшілерінің жырын айтайық, жолдастар! Төңкеріс ұранын айтып тұрып өлейік!" Алаяқ сұм! Сөз жоқ, менің ешкімді де атпасымды біліп тұр.

Білгендіктен де соншама батыл. Мойнын созып, шынымен-ақ бүлік ұранын бастауға ыңғайланды. "Аттан, әлемдегі аш пен құл!.." мен күле жаздап, әрең іркілдім. "Тоқтат, малғұн! –дедім ақырып. – Қалғандарың да! Көп мылжындамай, жүріңдер былай!" Шынымен ашуланғам. Әлде мына үшеуін атып кетсем бе екен... Менің жүзімдегі рақымсыздықты таныса керек, манадан тілектес тұрған ауыл адамдарының өзі ошарылып, кері серпілді. "Шырағым Стамбек, арамдардың қанына адал қолыңды малып қайтесің", – деген арттан дауыстап, әкемнің өзі. Көгілдір күміс ай жарығында өкімет ұлдарын топырлата айдап, ауыл сыртына, қырат басына алып шықтық. Манадан бері қатал мінез танытқан, Жалбағай мен Жақыбайды, өкіметті, барлық өкілдерді сыпыра боқтап келе жатқан Қорабай менің түріме қарап, шынымен қауіптен бастады. "Қоя берейік, – дейді сыбырлап. – Ана үшеуін бөліп алып қалайық, аманатқа. Содан соң сөйлесеміз ауданымен..." Аңғал қазағым-ай... мына өкіметтің де адамымен сөйлесуге, әлденендей келісімге отыруға болады деп ойлайды. "Жоқ!" – дедім мен. Немене жоқ? Қорабайдың басын ауыртпадым. Тұтқындарды қорқытып-үркітпедім.

Әбден шаршаған едім. Мына тірліктен. Жаңа тәртіптен. Бүкіл жалғаннан. "Барындар!.." – дедім. "Тоқта! –Бұл – манағы мілисаның бесатарын баласындай құшақтап, бізбен бірге қырға шыққан Зағира еді. Түрі адам танымастай. –Мені қатын қылғысы келген қара төбет кайсың? Қазір қаныңды ішем!" Винтовканы кезеніп, кәдімгідсй атуға ыңғайланды. (Тетігін білсе тоқтамастай.) Шошынған жұрт төңкеріле ауғанда Ұлтарак жолдас деңкиіп, бір жақ шетте қала берген. Аяқ-қолынан бірдей айрылғандай қимылсыз, бірақ тілсіз емес екен, қалт бұрылды: "Иә, мен! Ал не істейсің?"

Заманның түзу кезінің өзінде кең далада жүріп талайды зарлатқан қарақшы, әлде намысқа тыртысты ма, әлде сор түртті ме, ығар емес.

"Мырза, – деді көзінен жасы ыршып кеткен Зағира. – Не мына төбетті қазір атасың, не мені осыған ертіп жібересің!.." Осы кезде ғана ашуым бұрқетті. Таң азаннан бергі мазақ пен қорлыққа. Адал жарымды былапыт сөздермен былғағанға. Ытқып барып жағасынан алғанда, қ айратты неме алыса кеткен, бірақ мен иек астынан қышырлана ұрып, сылқ түсірдім, көтеріп алып, арам ауыздан тағы ұрғанда қос күрек тісі қабатымен опырылып, иегінен қара қан ақты. Жалғыз-ақ оқпен бықсық, кеудесіндегі бар арамын ақтарып салған жөн еді, бірақ мен дәл осы жерде соңымнан өлім ермеуін мақұл көрдім, ең бастысы – мұндай істің кесірі көрші-қолаң, момын жұртқа тиюі мүмкін. "Арқалап ала кетіндер мынау Ұлтарак құлды! – дедім сұлық жатқан басшыларын нұсқап, Жалбағай мен Жақубайға. – Тезірек көздерінді құртыңдар! Әйтпесе..." "Ертең түсте осы қыр басында күтеміз! – деді қуанып кеткен Қорабай. – Соғысуға ойларың болса, дайындалып, әскер жиып келіңдер. Көрдіндер ғой, біздің қаруымыздың көп екенін, әйелдерімізге дейін мылтық ататынын! Пулимот та бар – "Мақсым!" Мырзаның отауында, төсек астында көмулі жатыр. Келіңдер. Қорғасын бұршақпен күтіп аламыз. Ал қазір үлкен мырза қарусыз адамдарды қыру – шариғатқа қайшы деп шешті. Барыңдар. Жарақтанып қайтыңдар. Адал соғысайық!.."

Мен Зағираны құшақтап, комедияның артын күтпей, бұрылып жүре бердім. Соңымыздан қуғыншы қашан шығарын есептеп келем. Мыналар құдайына тәуба айтып, жаяу-жалпылап шұбырып, келесі ауылға барады. Он бес шақырым – үш сағат. Ат мініп, ары шабады. Нұрымбет ауылы. Олардың да малын есептеп, мүлкін қаттап жатыр деген. Бесатарлы үш-төрт мілісасы бар. Бізге қарсы тарп аттануға батылдары бармайды. Ауданға шабады. Отряд жинайды. Шұғыл кіріскеннің өзінде ертең кешке әрең бас құрайды. Мейлі, ертең түсте делік. Қайта айналып, осы дөңге жеткенше кеш батады. Бұл екі ортада, біз, әрине, жаудың жаңа тобы қашан басады деп қарап отырмаймыз.

Шұғыл жиналды. Үш қанат киіз үй, жеңіл-желпі жабдығымен. Бір қабат қыстық, жаздық киім. Қазан-ошақ, аяқ-табақ. Жеңілдеп төрт түйеге арттық. Қосарлай матап, екі құлынды бие, жабағы-тайсыз айғыр үйір жылқы алдық. Бір-бір әлді атқа міндік. Бүкіл шаңырағымызбен, Қорабай бар – бес жан, бұлт тарап, ай бата қоңыр түнекке сіңіп жоғалдық.

Көне көш жолымен Сарысуды құлдап, абалақтап асықпай, бірақ суыт, шұғыл жүрдік. Сәскеде түйелердің белін босатып, ат шалдырып аз ғана аял жасап, тағы жылжыдық. Күн еңкейе әрең тоқтағамыз. Жүкті түсіріп, көлікті соныға жіберіп, қазан көтердік. Кеш түсе отты өшіріп, ашық аспан астында әжептәуір ұйықтадық. Байдың қотанында әуілдеген, бұрын да күйлі, ақырғы, талауға түскен екі күн бойы қан-жынға мелдектеп тойған көп иттің ішінде жалғыз кәрі төбет қана көшімізге ілесіпті, иендегі күзетті соған тапсырған едік. Ай батпай қайтадан жолға шықтық.

Өкімет ұлдарына біздің қалай қашқанымыз белгілі. Жол сорабы біреу. Арттан қуғыншы шықса жазбай табады. Шықсын. Жете алса. Шығуына сөз жоқ – жетуі күмәнді. Әйткенмен, сақтықты ұмыт-падық. Түнде аттан түсе қалып жер тыңдап, күндіз төбешік, белестерден карауыл қарап, артымызды тосып отырдық. Үрдіс аттаныспен арада алты қонып, Сарысудың етегіне – сулы, нулы алқапқа жеткен соң, жүйелі жолдан бұрылып, Телікөлге емес, Ащыкөл, Ақжайқын тарабына ойыстық та, қалың қамыс арасына еніп әрең тыныстадық. Екі күн ес жиып, көліктің аяғын суытып, ендігі өмір жайын ойластыра бастағанбыз.

Төңірегіміз қалың ел. Созылып аққан Сыр-Дария көш аяғы жетер жерде тұр. Шығысқа қарай жүрсек, Шудың жайылмасына шығамыз. Дүниенің төрт тарабы да ашық. Бірақ "Қайда барсаң да Қорқыттың көрі", – дейді ғой қазақ. Бұл аймақты жақсы білетін Қорабай төрт-бес күн жол жүріп, таяу төңіректі тегіс шалып келді. Әрине, өкімет алмаған өңір жоқ. Барлық жерде жаңа тәртіп орнап жатыр. Шу бойында кәмпеске әлі басталмапты. Бірақ өкімет адамдарының, ауыл белсенділерінің қаһары қатты көрінеді. Әлденеше рет тексеруге түсіпті, мал қарап, бейсауат жүрген адаммын деп әрең құтылса керек, соңғы жолы, шылбырдан алғалы тұрғанда тұра қашқан, астындағы Қозыжирен мыңнан шыққан атақты жүйріктің бірі еді, қуғынға шалдырмай қара үзіпті. Біздің ел шетіне ілінер-ілінбестен-ақ тергеуге тартыларымыз, қамауға алынарымыз күмәнсіз. Төңірінің ғана билігі жүретін жалғыз тарап – Бетпақ-Дала, дәл іргемізде тұр. Бірақ шөлге қашуға асықпадық. Үмітсіз болсақ та, аңыс андағанбыз.

Көп ұзамай, тұтасымен көшкен ауыл болмаса да, жалғыз-жарым, екеу-үшеуден жүрген қарулы, қарусыз қазақ жігіттерінің үйге түсіп, сусын ішіп кетуі жиіледі. Жаңа тәртіпке мойын сұна алмаған бұла азаматтар, мал-мүлкінен айырылған соң бұғауға ілінбей, аман құтылған бай балалары. Әзірге ауылдарынан қол үзе қоймаған. Күндіз аулаққа кетіп, түнде, тым құрыса, аптасына бірер рет үйлеріне соғып, күш алып, амандық біліп жүрген жеке тентектер. Әзірше арып-аршымаған, кеуделері де басылмаған. Өлім, қаза көрмеген. Ішінде ескі таныстарымыз да бар. "Апыр-ай, бүкіл Сары-Арқаға кеңес өкіметі орнағаны ма!" – деп қайран қалады. "Алатаудың арғы жағындағы қырғызда, Марғұландағы сарт пен Самарқандағы өзбекте бәрі бұрынғыша дейді, бұл – алаш баласына арнайы келген зұлмат болды ғой!" – деседі. "Осыншама малды қайда әкетіп жатыр? Іштегі орысқа апарып сойып беретін шығар..." деседі. Түйсігі түзу. Бірақ орыстың да соры кайнағалы көп жыл болғаны, ондағы зауыт ұстаған, кен қазған байлардың бірі шетке қашып, бірі мұз теңізіне айдалып, тұқым-жұрағатымен құртылғаны туралы ақпарға сенбейді. Тегі орыс болған соң, ағайындарын ақтап отыр деп ойлайды. Күмәндары қисынды. "Ойбай-ау, патшалық орыстікі емес пе, елді билеп отырған солар, өздерін өздері тонап не болыпты!" деседі. Мен: "Кәмпеске жүргізіп, жаңа тәртіп орнатып жатқандардың ішінде орыс бар ма?" деп сұраймын. Тосылып қалады. "Бұлар – жандайшаптар, – дейді содан соң. – Айтақталған ит, жұмсалған шабарман. Жарлық жоғарыдан түсіп отыр ғой.

Орыстан!.." Қазіргі патшаның орыс емесін айттым. Гүржі. "Мұсылман ба?" "Жоқ, – деймін. – Христиан". "Е-е, кәпір болды ғой..." "Жоқ,–деймін, жаңа өкіметтің жақшысына айналған мен бейбақ. – Ата-тегі христиан. Ал өзі ешбір құдайға сенбесе керек. Мұсылман да, христиан да емес. Нағыз большевик". "Онда кәпірден де жаман болды! – дейді қашқын мейманымыз. – Кәпір дінін ұстанса да құдайға сенген пендеде иман болады. Бір үлкен ақынымыз айтыпты, арамза молдадан пұтқа табынған мәжуси артық деп. Ал мынауың нағыз тозақы! Екі дүниені бірдей жалмамай тоқтамайды. Ақырзаманның тажалы!" Мен дау айта алмадым. "Сонда қазіргі патшамыз орыс емес дедің бе? – Сөзге менімен саясат туралы көп әңгімелесе қоймайтын әкем араласты. – Апыр-ай, ежелден ел билеген үлкен халық, бөгде біреудің басқаруына қалай көніп отыр екен!?" Мен жауап таппадым. Уәж көп, бірақ қанша айтсам да, бұл сауалдың мәнісін түгеспес едім. "Мүмкін, – деді әкей ойланып барып, – әлгі өкіметті басып алған балшабектер сол тегі бөлек дию-перінің қолымен от көсеп отыр ма... Жаманатқа шығарып, бар шаруасын түгендейді, содан соң кешегі Мекалай сияқты тақтан құлатып, өздерінің біреуін қояды. Тек... әбден күшейтіп алып, тізгіндеуге шамалары жетпей жүрмесе..." Бұл сөзге де жауап табылмады. Мен европаша білім алмаған, дипломатиялық мектеп бітірмеген аңғал да қарапайым қазақтың ақыл-парасатына тағы да қайран қалдым.

"Ораза-намаз – тоқтықта",– дейді қазақ. Ақыл-парасаттың да құдірет-күші бейбіт заманда, есі түзу ортада танылмақ. Қолында қаруы жоқ, басында билігі жоқ, қазақтың адалдығынан, мәрттігінен, тіпті, ақылы мен қажыр-қайратынан не пайда. Ондаған ғасыр бойы өз заңымен өмір сүріп келген көшпенділер қоғамы заңсыз іс, дүлей күштің дүмпуінен жалғыз-ақ жазда талқан болды. Қоғам ғана құламаған, тек сахара перзентіне емес, жалпы адамзатқа тән моральдық қағидалар, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық туралы таным-түсінік, бүкіл тіршілік философиясы өзгерген.

"Ақырзаман!.." десетін еді жұрттың бәрі жаңа туған өзгеше дәуір туралы. Ол бір кез – қазақ айтатын "сергелдең-сейіл" болып шықты. Ақырзаманға қарай енді ғана қадам басыппыз. Алдымен, ереуілдеп жүрген жігіттер қыспаққа түсе бастады. Байырғы әскерден, жергілікті милициядан құралған шағын отрядтар төңіректі тінтіп, "бандыға" қарсы күреске кіріскен. Жаз аяғына таман сондай азғана жасақ тура біздің ауылдың үстінен түсті. Қарауылда қақас жоқ, біз ошак басынан жарты шақырым жерде қарсыладық. Он екі кісі екен. Біз жетеуіміз – алты винтовка, бір маузер. Мен келіссөзге барайын, бейбіт тарасайық деп едім, Қорабай мақұлдамады. Бұл кәпірлерге сенім жоқ, сөзге келмей атып тастайды деді. Ал мен жылы орында жанжал шықпауын ойлағам. Күш солар жақта. Бүгін атысып онын қайтарармыз, ертең жүзі келеді. Бірақ екпініне қарағанда қазір де бітімге көнбесі аңдалған. Қайтпек керек... Мүмкіндік болса, жақын жіберіп, бәрін жусату қажет, артына хабаршы қалдырмай. Соған тоқтадық. Дөңес жарлауыт етегінде, қызыләскерлерді қарауылға алып, күтіп жатқамыз. Жігіттердің бірінің жүйкесі шыдамады. Оқыстан мылтық атылған. Бейқам жасақ опыр-топыр болды, ат басын бұрып, бытырай шашылды. Амал жоқ, ретсіз тарсыл

басталды да кетті. Келер сәтте, оқ жетпес шамаға ұзаған қызылдар аттан түсіп, азғана кеңес құрған. Айылдарын тартып, қаруларын сайлап, бір кісідей ерге қонды да, ауылды шеңберлей, сыртқа шапты. Біздің де көлігіміз әзір, алдын орадық. Әрине, жар астында, ойпаңда тұрған үйге бұрын жеттік. Жете сала шеп құра жатып, тойтарысқа дайындалдық. Бірақ қызылдар тіке шабуылға батпады. Алыстан оқ жаудырып, аулақтай бастады. Ешқандай зақым келмеген. Біз де оқ үнемдеп ата қоймадық. Тек Қорабай ғана оза шауып барып, соядарынан жалғыз оқпен сәлемдеме жолдады. Аттардың бірінің аяғынан тиді. Шоқытып ұзай берген қызылдар топтан бөлініп, артта қалған жалғызға қайта бұрылды, атын тастап, өзін мінгестіріп әкетті. Жануар, есік пен төрдей боз айғыр екен, қазақ ат мінуші еді, азбан мінуші еді, байтал мен бедеуге аяқ артатын, боран емес, дауыл емес, жаздың аптабында қызылмай қылып айғыр мінгенді кім көрген, бір сорлының талауға түскен малының құты болғаны көрініп тұр, қарақшыға мақтан керек, ауыздықтап мінген де алған. Сау болса, жалын тарап, жылқыға қосатын жануар, амал не, толарсағы үзіліп кеткен, азықтың тапшылығы және бар, теке сасыған қара етті болса да сойып алдық.

Ертеңге қарамай, кеш жамылып, көтеріле көштік. Тұрағымыз белгілі, күш-қуатымыз аңдалды, күн құрғатпай әскердің жаңа, әрі мол тобы үстімізге келері анық-ты. Басқа барар жер жоқ – Бетпақ-Далаға қарай аудық. Тағдырлас жігіттер Бетпақтың жайын жақсы біледі – шөлде ара қонып, жусанды, тақыршақ ойпаңға келіп түстік. Әлдебір заманда қазылған, ернеуі омырылып, түбі түскен, тереңдігі шылбыр бойы ғана құдық бар екен, қолма-қол аршып, екі мәрте қотара тазарттық. Сәл-пәл ғана кермек дәмі бар ақ лайсаң су зәмзәм көрінген, өзіміз де, малымыз да қанып ішіп, қарық болдық та қалдық. Ертеңіне жігіттер риза-хош айтысып, кері қайтты. Бастары бос, дүниеден үмітті, кайткенде де елден ұзамаймыз дескен. Тыныштық болса, бірер айда ат ізін салмақ, замана аужайынан хабар бермек. Әкеймен кешу айтысып, Қорабай да аттанып кетті. Қоңылтақсып, қимай тұрсақ та тоқтатпадық. Ең қиын күндерде жәрдемі мол болды, ғұмыр бойы бізбен бірге жүре алмайды ғой. "Не қалауың бар?" – деп еді әкей. Баяғы, кеңес млісасынан "кәмпескелеген" екі винтовканың бірін сұрады. "Бесатар әуелден -ақ сенікі", – дедім мен. Тек оқ жағы тапшы. "Тартып аламыз, – деді Қорабай. – Әзірге үш оқ берсең жетеді". Төртеу бердім. Өзімде қалғаны саусақпен санарлық. Көзге жас алмасақ та, құшақтасып айрылыстық. "Көріскенше күн жақсы", – дестік. Жақсы болмады. Мүлде көріспедік. Кейін естідім, Қорабай өзі қатарлас біраз жігітпен бірге, Созақ көтерілісі кезінде қазаға ұшырапты. Шәйіт. Иманы жолдас болсын!

Арада ай өтті. Әлемнен тыс хал кештік. Жаудан да, достан да хабар жоқ. Бейқам емеспіз, бірақ тыныштыққа үйрене бастадық. Бейбіт өмір, байсал тірліктің қадір-қасиетін жана ғана ұққандаймын. Осы мазаң шақ мәңгібақи жалғаса берсе, қуана-қуана келісер едім. Әрине, қарап отырғамыз жоқ. Бұл өңірдің ой-қырына жетік. Бетпақты көктем мен күзде ғана емес, аптап жазда да талай кесіп еткен жершіл жігіттер жөн нұсқап кеткен. Шөлге бойлай

кіргенде, осыдан бір қонаға жерде мол су бар, Сорбұлақ аталады, белгісі былай да былай дескен. Айтуға оңай, мен апта бойы ат сабылтып таба алмадым. Ақыры алпыс бестегі әкейдің өзі кеткен. Екі күн жоғалып, зәреміз ұшып, әбден жұқарғанда қайтып келді. Тауыпты. Жазы-қысы бірдей отыруға жарайтын шағын қоныс. Суы мол болмаса да жеткілікті.

Бұл кезде күз түсіп, күн салқындай бастаған. Арттағы елден күдер үзгеміз. Әлбетте, оңалып кете қойған жоқ, бірақ мүлде хабарсыз жатуды жөн көрмедік. Міне, осы кезде, Сыпатай мырзаның бел баласы аталғалы тұңғыш рет өзімнің қазаққа жаттығымды сезіндім. Ел жақты барлап қайтайын дегем. Әкем мақұл көрмеді. Күткізген. Ал уақыт өтіп барады, тұрған жеріміз жазан, гулсп қара суық ұра бастады, не ары, не бері көшу керек еді. Бетпақтың түкпіріне қарай тура тартуға батпай отырмыз. "Ойға түсіп келейін", – дедім ақыры. "Мен барам, – деді әкей. – Сен көзге шалынып қаласың". "Неге... байқап жүрем, ауылдардың жөнін білем ғой..." – дедім мен. Көкем әлі қуатты, бірақ үлкен кісіні қатерлі жолға салғым келмей тұр. "Өзім барам!.." – деді жеңіл күрсініп. Жөндем киініп, белді ат мініп, жүріп кетті. "Мені ешкім де танымайды, – деген, үзеңгіге аяқ саларда. – Мыжырайған жаман қара шал кімге керек!" Әкей көз ұшынан асқанда ғана ұқтым. Менің түсім бөлек қой! Киімім қазақша, он бес жыл болды, арнайы жаттыққам, тілімде мүкіс жоқ, бірақ өң-түсім бөтен! Жол үстінде кездескен бейсауат адамдардың өзі сезікпен қарайды, қай ауылға түссем де шешіліп сөйлеспейді. Ал әкей – жоқ қарап жүрген, немесе әлденендей жегжатын іздеген, тамыр-таныстары да мол кәдімгі қазақ шалы. Бірақ баласы атасына қарсы шыққан әлейім-тәлейімде қатер қайдан деуге болмайды. Бір заманда дастарқанға тартылған тамағын әрең алып ішетін маңғаз әкемді сергелдеңге салып қойғанымға өкіндім, аптаға жақын жүріп аман келгенше береке таппадым.

Елдегі жағдай бұрынғыдан да ауырлапты. Бар билік малшы-жалшыға көшкен. Күні кеше ғана ат сабылтып, ауыл кезетін бозбастар, тойлы, дастарқанды жерден тамақ аңдитын сұғанақтар, үйде жатып ұлыққа арыз айдайтын жалақор, ағайын арасын беріктіріп қойып, екі ортада пайда табатын пәлеқорлар – батпақта жатқан, босағадан тыс барлық атарман – бүгін күшіне енген, өкіметтің оң көзі – белсенді. "Мойынсерік", "Қосшы", "ТОЗ" деген тәрізді, жұртты аздыратын, қазаққа жат, берекесіз ұйымдар тарап, бұрын дүбірлі ылаңы ғана естілген "колхоз" дейтін пәле орнай бастаған. Ақсақалдың байыптауынша, бұл – ашық аспан астындағы темір бұғаулы түрме. Малды, жанды, әйел мен баланы түгел ортаға салып, бір қазаннан ас ішіп, жарлықпен жатып, бұйрықпен тұрып, азаннан іңірге дейін тынымсыз мехнатқа жегілетін өзгеше зұлмат. Социализм теориясы, коммунизм елесі туралы баяғыда, ес ала, ақыл шала кезде көкейге түйгендерімді, Кампанелладан Маркске, одан Плеханов пен Мартов, Ульяновтарға дейінгі аралықтағы ойшылдардан үзіп-жұлып оқығандарымды еске түсіріп, ақсақалдың әңгімесінің түп негізі ақиқаттығына ден қойдым. Әрине, қазақтар айтатындай, "көппен көрген – ұлы той" деп, тозақтың қақ ортасына түсуге болар еді. Бірақ көппен бірге көрсетпейді. Қызылдар өкімет

басына келгелі мал есебінен гөрі жан есебі тиянақтырақ жүргізілетін. Кім бай, кім жат, кім қандай пиғылда – бәрі белгілі, кеше ғана кәмпескеден қашқан Сыпатай бай да, оның қайдан келгені белгісіз орыс баласы да көзге қораш, елеусіз жандар емес. Тергейді, тексереді, табан астында атылмағанның өзінде түбегейлі тәрбиеге – көп ұзамай зорығып, немесе аштан, аурудан өлер қазыналық мекен-жайға жіберіледі. Таңдау қалмаған. Бұрынғыдан да ұзап, Бетпақтың төріне көштік.

Бұл да бір бақытты күндер екен. Басымыз түгел. Тіршіліктен бөтен уайым жоқ. Киіз үйді бұлақтың етегіне, ойпаңға тіктік. Жусан жұлып қалыңдап, үстінен топырақ бастырып, іргені көміп тастадық. Ошақ түннің бір уағына дейін сөнбейді. Бірақ бұл – қақаған аяз, үйірілген боранда да ұйып тұратын бай ордасы емес. Бір-ақ қабат үзік, жалаң туырлық жабылған, текемет, сырмағы тапшы үш қанат күрке. Күн бұдан әрмен суынған шақта, қабалап қар жауып, сықырлап аяз басқан кезде тоңазу қайда, қатып қалмас үшін қам-қарекет жасадық. Бұл жақтағы ең мол дүние – итсигекті шомдап байлап, үй сыртынан қабаттай қаладық. Қатері мол болса да, ел жақ беттен, ат жетер жерден сексеуіл тасып, есік алдына үйдік. Содан соң қазысын жарқыратып, семіз байтал сойдық. Баракатқа жаңа жеткендей, көңіл жайланған. Енді не керек! Ас мол, қуатты. Отын-су жеткілікті. Желкеден төніп тұрған қауіп жоқ. Жаз шыққанша қанша ғұмыр бар. Шынында да, апта бойы тыныш ұйықтап, еркін тыныстадық.

Бірақ бұлай жата беруге болмайтын еді. Алда қандай заман күтіп тұр. Біз отырған бұлақ көзден таса дегенмен, ешкім білмес, құпия қоныс емес. Ертең, жер аяғы кеңіген шақта, әлемді ескінің қалдығынан тақыр тазартуға кіріскен өкімет адамдары үстімізден түспесіне кім кепіл. Заман аумалы, қарулы қашқын көп, "Қарны ашқан қаралы қосқа шабады" дейді, Адам-Ата баласы кісілік кейіптен айырыла бастаған, кімге сенесің. Бетпақтың бел ортасынан, жан баспаған иеннен қоныс табу қажет деген тоқтамға келдік. Әкей мені жер шалуға жібермеді, адасып кетесің дейді. Мен әкейді жібермедім, ат үстінде ғұмыр кешкенімен, қартаң кісі, далада қала ма деп қорықтым. Ақыры, мұндай жырақта, дәл қазіргі кезде қатер жоғына көз жеткен соң, Зағира мен үш жасар Жансалқамды, сары төбетпен бірге үйде қалдырып (Зағира соңғы кезде мылтық ұстап үйренген, өзіміз винтовка алып, оған маузерді бердім) атқа қондық. Алғашқыда ертемен кетіп, түс ауа қайттық. Содан соң азаннан шығып, іңірде оралып жүрдік. Көп ұзамай далада қона бастадық. Әлденеше күн бойы төңіректі тегіс шарладық. Қалқиған бір түп тал, жылтыраған бір тамшы су болсайшы. Ұшқан құс көлеңкесі, жүгірген аң ізі шалынбайды. Қара жусан мен итсигек, теріскен мен қоянсүйек қана. Теп-тегіс, тап-тақыр дүние. Күндіз көкте күн, түнде аспанда ай мен жұлдыз. Оң мен солдың, батыс пен шығыстың айырымы емескі. Әлденеше рет адасқандай көріндік. Зәрем ұшқан. Әрине, өзім үшін емес, жапанда қалған әйелім мен балам үшін. Бірақ әкем жаңылмай, түзу бағдар тауып отырған. Мына бір жерден анада өткіміз дейді.

Әнеу бір тұста сондай белгі бар. Үңіліп-ақ қараймын. Ешқандай белгі, бедер жоқ. Мына жерде де. Ана жерде де. Неше күннен бері жүрген әлденеше жүз шақырым аймақта ешқандай өзгешелік байқалмайды. Бірақ әкей үшін шөл дала – сайраған кітап бетіндей. Көзі кандай. Дүрбіден тәуір ме дедім. Қияндағыны шалады. Бірде "Киік келді! – деді жадырап.–Тәуба. Бетпақта қыс жылы болады екен!.." "Қайда киік?" – деймін. Көкжиекті нұсқады. Қанша қадалсам да ештеңе көрмедім. Арада бірер сағат жүрген соң ғана жусанды дөңесті нұсқаған. "Міне, осы жерде үш киік жайылып жатқан. Қос құралай ерткен үлкен ешкі..." Мен сене қоймадым. Желе шауып барып, әрі-бері қарағам. Ақыры бір жерде шашырай үйілген жас құмалақ жатқанын көрдім. Әлбетте, мұндай көреген байқампаздық әкейдің өзгеше қасиеті емес, тұз тұрғындарына тән әдепкі сыпат. Дегенмен, менің еңсем көтеріліп қалды. Бетпақтың шөлі түгілі, Қаракұм мен Қызылқұм асып кетсек те, жалғыздық пен жоқшылықтан өлмесімізге көзім жеткендей еді.

Іздегеніміз табылмады. Бірақ әкей үміт үзбеді. Ең соңғы, біз қонаға жатып, төңірегін тегіс тінткен иен түпкірдегі ойпаң боздан қазса су шығады дегенді айтты. Ерте көктемде барып, анығына көз жеткізу қажет. Одан басқа да екі-үш жерді белгілепті. Бірақ қонысқа қолайлысы – әуелгі. Әрі жырақ, әрі отты. Тек көктемді күту керек.

Кешіне үй ішімізбен, жүз жылғы жорықтан қайтқандай, қуана табыстық. Түнгі салқынмен қар ұшқындай бастады. Тары түйіртпек, қасаң қар. Сексеуіл шоғы қызыл темірдей толқына құбылған ошақ басында, әрі жылы, әрі мейірлі шаңырақ астында отырып, семіз ет жедік, майлы сорпа іштік. Әкей Жансалқамға, Жансалқамға ғана емес, Зағира екеумізге, бізге ғана емес, өзіне өзі қызғылықты ертегі айтты. Иенге қоныстанған жалғыз үйлі аңшы мерген туралы. Әйелі бар. Жалғыз баласы бар. Ауда жүрген кезінде үйіне, саусағын жең ішіне жасырған жезтырнақ келеді. Бұрын да естігем. Бұл жолы әкей өзгертіп айтты. Жансалқам қорқады деген болар. Жезтырнақ емес, Кәдімгі адам. Жау. Өзі күшті. Өзі мейірімсіз. Белінде балтасы бар. Қойнында пышағы бар. Бірақ әйел мен балаға әлі келмейді. Өйткені, бұлардың иті бар екен. Бөрібасар деген. Иә, мына біздің Бөрібасар сияқты. Осы Бөрібасардың арғы атасы. Қарақшы: "Қажып, шаршап келе жатқан жолаушы едім" деп сусын ішіп, күш жиған соң, енді өздерін жемек болып, әйел мен балаға ұмтылады ғой. Сол кезде Бөрібасар қарақшыны тура желкеден алып жығады. Апасы бас салып кеудесіне мінеді. Баласы жүгіріп барып шылбыр әкеледі. Үшеулеп байлайды да алады қарақшыны. Міне, қандай қайратты әйел болған. Міне, қандай батыр бала болған. Міне, қандай ақылды, адал төбет! "Қарақшы неге жалғыз жүреді? – деп сұрады Жансалқам. – Мылтығы қайда?" "Мылтығын далада кездескен аңшы мерген тартып алып ты", – дедім мен. "Ә-ә... – Жансалқам ойланып қалды. – Мылтығын алған соң неге қоя берген?" "Қоя берген... Жалынған ғой. Алдаған. Содан соң жаны ашып қоя берген". "Ә-ә... – дейді Жансалқам. – Жаны ашымау керек. Өлтіру керек! Бауыздап, терісін сыпырып..." Міне, кешегі өз қолынан сояр малынан: "Сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ" – деп кешірім сұрайтын момын қазақтың бүгінгі баласы! "Өлтіру

керек!" Бізді қудалаған, барымызды түгел тартып алып, қоныстан аударған, қолдарына түссек ойланбай ататын қарақшылармен сөз қысқа. "Ата, жезтырнақты өлтіретін ертегі айт!" дейді Жансалқам. Қазіргі бала ертегіден қорықпайды. Несіне қорықсын. Өзінің көрген сұмдығы ертегіден он есе. Беліне балта байлаған қарақшы, саусағын жең ішіне тыққан жезтырнақ дегендер не, ауыл үстіне ат ойнатқан, үй арасында адам атқан қаһарлы қызыл перілермен салыстырғанда. Дәрменсіз де аңғал, күндік тамағынан басқа ештеңеде ісі жоқ ақымақ, бозөкпе сорлылар. Қой күзететін төбет алып ұрады, арқар аулаған аңшы атып жығады. Табан астынан көтерілген, жарты дүниені баурына басқан батыр балшабектерді айт!..

Таң алдында ат шашасынан қар түсті. Құрғақ құмдай сусыған майда қар. Күн оқыс жылып кеткендей. Үп еткен жел жоқ. Ертемен тұрғанда төңірек тегіс тіршілік ордасына айналғандай сезіндік. Әудем жерде айғыр үйір жылқымыз тұр. Таяу төңіректі түгел жапқан, теп-тегіс, аппақ қар үстінде сирақтары ұзарып, денелері іріленіп кеткендей, аса зор көрінеді. Құнан, байталдар құйрығын тіге ойнақ қағып, мама биелер қар теуіп жүр. Көк айғыр қармен, қылаумен бозғыл тартқан, құйрық-жалы шұбатылып, аяғын кере тастап, көлденеңдей ойқастайды. Тентектерді шашау шығармайтын бас бақташымыз осы жануар. Арыда, өркештері баладай, үсті-басы ақшулан төрт түйе жүр. Қолда өскен мал емес, әлдебір ертегіден шыққан өзгеше мақұлықтар сияқты. Ашық аспан, тұнық ауада аяқ басқан дыбысына дейін анық естіледі. Мен жартылай ғана қар жамылған жағал бұталар төмпешіктене шұбартқан ақтеңбіл далаға – жалпақ даланың сұр күмбезбен қиылысқан көкжолық кемеріне мейірлене қарадым. Дүние қандай кең. Қандай таза. Кенет үй іргесінен, дәл аяқ астынан жүгіріп өткен тышқан ізіне көзім түскен. Міне, тіршілік! Ең далада үя басқан, табиғат заңымен ғана ғұмыр кешкен, өкіметі жоқ, полициясы, саясаты жоқ жәндіктердің талайы өзгеше екен ғой!..

Бізде де өкімет жоқ еді. Дәл қазіргі кезде табиғи ортаға орай, өз заңымызбен ғана күн кешіп жаттық. Бұл да болса құдайдың жеңілдігі, қыс біршама жылы, жайлы болды. Мал қамынан бөтен шаруа жоқ. Түйелер көз көрімде жүреді. Итсигектен басқа сербиген бұта, қылтиған сояудың бәрі пішен. Жылқының жайы сәл қиынырақ. Әуелде іргеде тебіндеді. От азайған сайын ұзай берген. Күндіз қарауылдап қоямыз. Ұзаққырап кеткенде кезектесіп барып тұрдық. Бұл қиянда ит-құс білінбейді, тобымен жортатындай іргелес, селбес малды мекеннен ада, қаптаған қоңыр аң тағы жоқ, ал адасып жүрген жалғыз-жарым бөріге көк айғырдың өзі алдырмас еді. Әйткенмен, сақтық керек, көз жазбадық. Ең үлкен қатер – қаһарлы қантарда оқыстан боран тұрып, түн ішінде ығып кеткен жылқыны екі күн іздеп әрең тапқан соң, белді атандардың бірін кешке қарай үй іргесінде тіздеп ұстайтын болдық. Қалған малды ауыл бетке бейімдеп қоямыз. Ақсақал күннің батуына, айдың шығуына, аспандағы бұлт пен жердегі қардың сыңайына қарап, ауа райын болжалдап отырады, көбіне дұрысқа саяды. Өспеген, үйренбеген жер, әйтпесе көп жаңылмас едім дейді.

Наурыз тумай-ақ қар ыдырап, жер ойдымдана ашылды. Ақсақалдың іңкәрі ел жаққа ауып еді. Ат ізін салып хабарлассақ деген. Мен хабарласпай - ақ біліп отырмын. Бұл – бірер жылда тынатын нәубет емес. Ақ генералдар, Ерікті қозғалыс, Сібір өкіметі – жарым Россия ауыздықтай алмаған большевиктер өкіметіне таяу арада тоқтам жоқ. Жарты әлемді жалмамай тынбайды. Наразылықтар, көтерілістер болуы мүмкін, бірақ жиырмасыншы жылдан соң күш қызылдарға біржола ауған. Осыдан азғана бұрын өз іштерінде жік туған сияқты еді, мен одан да үміт күтпеймін. Бір тобы жеңілсе, екінші тобы келеді. Түгі-түсі бірдей. Егер ғайыптан басқадай жағдай туып жатса, ештеңеден құр қалмаймыз, үлгереміз. Күн жылып, жер аяғы кеңігені – жаудың қарымының ұзарғаны. Кез келген сағатта төбемізден түсуі мүмкін. Әкей мақұл көрді. Асығыс атқа қонып, екі-үш күн аралатып көнілді қайтты. Өткен күзде Бетпақтың тереңінен межелеген жер қардан таза-рыпты, шебі бірыңғай сораң мен жусан емес, астында нәрі молы анық деген.

Қар суымен көштік. Аруақтарға құран оқып, арттағы елге тыныштық, береке тілеп, үдере жылжығамыз. Біржола кетіп барамыз, сүйегіміз сонда қалады деп ешкім ойлаған жоқ. Екі жаз, асса үш-төрт жылға деп шамаладық.

Әкей иеленген жер шынында да төңірегінен мүлде өзгеше, көгере бусанып тұр екен, "Бұл жердің аты Көкжайлау болады!" – дедім мен. Аллаға тәуба айтып, үй тіктік. Үй тігіліп болар-болмастан-ақ құдық қазатын жер қарадық. Қар суы құйылып, жусан мен изен биіктей өскен ойпаңға емес, белестің етегінен алысырақ, бұйырғын өскен тепсеңнен таңдадық. Яғни, таңдаған әкей. "Құрық бойынан су шығып қалар!" – деген. Сол сәтінде-ақ құдайға сыйынып, жұмысқа кірісіп кеттім.

Тобыққа дейін тез алынды. Ылғал сіңген, жаншылмаған үстіңгі кабат. Содан соң нағыз азап басталды. Тығыз, майда сары топырақ тастай сығымдалған, күрек батпайды. Қайламен, шотпен ғана кетіп, шөкіп алуға мүмкін. Қарыстап, тұтамдап қазуға емес, сантиметр, миллиметрлеп тырналауға тура келген. Әзірше уақытымыз кең. Қар түгел кетпеген. "Ұрынып қалма, шырағым..." – деген әкей де. Бірақ мен тезірек суға жетпекпін.

Зағира үйдегі қуыс ыдыс атаулыны босатып, су жинауға кірісті. Қар тасуға кішкентай Жансалқамның өзі қатысқан. Әкем колдағы бармен қанағаттанбай, жаңа қонысқа келісімсіз аруақ, құдай атына күрбанға сойылған дөненнің терісін кептіріп, тобылғы жоқ, теріскен түтініне ыстай бастады. Су құятын тайжүзген саба жасамақ. Үйдегі көнек, торсық, тегене, қазан – үлкенді-кішілі ыдыс түгелімен суга толтырылды, үш-төрт күнде ысталып, сәнін, түрін сақтамай, табиғи қалпымен бітеу тігілген мес саба да өз орнын тапты, ал құдық кісі бойы қол ұсынымға әрең жетті. Ешқандай тіршілік белгісі жоқ. Тас қашап жатқан сияқтымын. Ойылған алақан қатпар-қатпар көңге айналды. Бел сырқырап, шеке шыңылдап, қайланы ұрам да отырам. Бес... он... жүз... екі жүз бір... Мың! Қайтадан – бір... екі... терт жүз он тоғыз... Екінші, жетінші, жетпісінші мың!.. Әрине, жалғыз жұмыскер өзім ғана емес. Әкей бар. Ара-тұра менімен алмасады. Зағира бар. Су жинаудан,

ас дайындаудан қолы босағанда көн шелекпен топырақ тартады. Жансалқам да қасымызда жүреді. Уыстап, іргеге төгілген топырақты тасиды. Құдық ішіне түскісі келсді. Түсе сала қайта шығады. Ойнайтын, еркелейтін заман емес. Құлап кетесің, бірдеңе тиіп кетеді деп ұрсуға, жасқауға тура келеді.

Арада апта өткенде құрық бойы төменге түстік. Бұл кезде менің сілем қатқан, шаршағаным, қажығаным өз алдына, әкем мен әйелімнің бетіне карауға именетін халге жеттім. Тумысымда қайратсыз емес едім. Тас топырақты шекіп алған тозақы жұмыс жігерімді құм қылды. Ең бастысы – осы жасап жатқан істен нәтиже шығарына күмән молайған. Тереңдеген сайын үміт азая берген.

Құрық бойынан оздық. Топырақ жұмсарды. Қабат-қабат қыртыстар таныла бастады. Аз-маз дымқыл. Бірақ су жоқ. Екі құрыққа жеттік. Көк аспан от орнындай ғана болып, дөңгеленіп көрінеді. Мен қос қазыққа бекітілген қыл тепкішекпен өрмелей, төбеге әрең шығам. Әкейді түсірмеймін. Топырақ тарту да оңай жұмыс емес. Шынымды айтсам, көкем менен әлдеқайда қажырлы болып шықты. Енді азғана дейді. Сол азғанамен он бес метр түстік. Мүмкін жиырма. Өлшеудің өзінен қорқасың. Енді ақсақал да мазасыздана бастаған. "Апыр-ай, шөлдегі құдықтар қырық-елу құлашқа жетеді деуші еді. Сондай болмағай... Жок, – дейді содан соң. – Шөп реңіне карағанда мұнша тереңге кетпеуге тиіс. Әлде жүлгесін таппадық па..." Дағдарғанмен амал қанша. Қаза бердік. Әлбетте, бізде асығыс жоқ, жаз бойы, күз бойы қазсақ та шаруадан қалмаймыз. Қиыны – бұл кезде қар түгел кетіп, су сарқыла бастаған. Арада тағы оншақты күн өткенде қозыкөш жердегі ойпаң қақ құрғады. Төңіректе тамшы нәр қалмады. Бізде толық екі аптаға, үнемдеп ұстасақ, одан да ұзаққа жетер ауыз су бар. Бірақ мал қаталай бастаған. Мал болғанда, түйе емес, жылқы. Алғашқы күні оттауын азайтып, көп-көрім суат болып тұрған, таусылмаса өзіміз де пайдалануға жарайтын, енді, әкейдің айтуынша, қолма-қол тобарсып, шытынай жарылған шұбар тақырға айналған қақ орнына барғыштап жүрді де, ертеңіне, әбден аңқасы кепкен соң үй іргесіне, құрқұдық басына ұйлығып тұрып алды. Өте ауыр көрініс еді. Шелек түбіне құйып, бір-бір аяқтан су бердік. Арғы күні тағы солай болды.

Өнімсіз жер шұқыған қарекетті баяғыда-ақ тоқтату керек еді. Бастап қойған соң амал жоқ. Тағы екі күнге шыдамақ болдық. Содан соң... "Көшпейміз!" – дедім. Бар су, жалғыз түйс, үй-жаймен осында қалам. Әкей аяқты малды айдап Сорбұлаққа кетеді. Сулатып, жайлап, алыстан карауылдап, сол төңіректе жүреді. Межелі күні сабаға су артып, түйені ауыстыруға келіп тұрады. Тәңірі тыныштығын берсе, қырық емес, сексен, жүз құлашқа дейін қазуға бекінгем. Тұмаға жетпесем, осы терең көрдің түбінде өліп-ақ кетейін.

Менің иман айтуымды күтіп тұрған рақымы мол құдай сол сәтінде-ақ жарылқай салды.

Бүгінгі – ең соңғы тыпыр еді. Қайланы салып қалғанда жұмсақ кірген сияқты көрінді. Қатқыл топырақ опырыла ұшпады. Үгітіліп, жанышталып түскендей. Мен жөппелдеме тағы ұрдым да, қайла солқ етіп суырылғанда,

өзіме өзім сенбей, еңкейген қалпымда тұрып қалдым. Содан соң тізе бүктем. Саздауыт, дымқыл топырақ. Кәдімгі, жаңа ғана шыланған сулы топырақ. Отыра калып қолмен тырналадым. Ең түбінен сығымдап алған бір түйір топырақты – топырақ емес, балшықты аузыма салдым. "Көке! Көке!!.. – дедім қарлыға дауыстап. – Су! Су!!" Әкей үнсіз қалды. "Суға жеттік! Кәдімгі су!.." – дедім мен үздігіп, құдықты күңіреніп, құлағым жарыла айқайлап. "Бәрекелді!" – деген тұншығынқы үн естілді төбеде.– Бәрекелді, балам... Шелекке бір уыс балшық салып жібер..." Бұл кезде сыздықтай шыпшыған су шұқанақ түбіне жинала бастаған. Мен қос уыс балшықты, суын сорғалата көсіп алып, шелекке салдым.

Менің ұзақ өмірімдегі ең бақытты шақ, бәлкім, сол күнгі, су көзіне жеткен сәт шығар. "Жарайсың, ұлым! – деді шелекті тартып алған соң әкей, сабырмен. – Құдай бар. Дәм-тұзын түгеспепті... Болды!— деді содан соң.— Қалғаны оңай. Ертемен жалғастырамыз".

Бұл кезде мен су шыққан жерді кеңейтіп, жан таласа түйгіштеуге кіріскем. Бойыма күш құйылғандай. Жаңа ғана қолыма қайла, шот алғандай. Тоқтайын десем де, тоқтай алмадым. Аздан соң сатылы арқанмен соңғы күндерде тек сыртта ғана болған әкемнің өзі теменге түскен. Ендігі қазуым қате екен. Бір жерді үңгі берсе, көп ұзамай су басып кетеді. Көзін түгел ашу үшін құдық түбін бір денгейде жұқарту қажет, Несін айтайын, сыртта сам жамырап, іште жасусыз қараңғы орнағанша, мен қазып, әкем тартып, құдық түбін межесіне жеткіздік. Мен каза беретін едім. Құмдауыт тасқа енген соң жан-жақтан шып-шып төгілген, кернеуі мол салқын су тобықтан асып, жұмыс жасатпады. Басқыш арқанмен өрмелеп сыртқа әрең шықтым. Бір-екі рет көзім қарауытып, шыңырау түбіне құлай жаздап, толқып барып әрең оңалғам. Сілем катқанын, өнімсіз іс енді бірер күнге созылса, зорығып өліп кетуім де мүмкін екенін сонда ғана білдім. Соңғы күндері түтіге тозған, әбден жүдеген Зағира, мен қара үңгірден шыға бере жығылғанда, басымды құшақтап, баурына тартып отырып қалды. Әдеп сақтап, үнемі қымсынатын атасына назар аудармастан, жас жуған бетін желкеме басып, үнсіз өкси берді.

Құдық аузын коршалағаннан соңғы бірінші әрекетіміз — қазан, тегеш түбінде, торсық, сабада қалған барлық суды малға құйдық. Ең соңында, қырық күн шөлге шыдайды дейтін түйелерге де ширек шелектен су тиген. "Несібесі бар, жылқылардың ішкенін көріп тұр, алалағандай, көңіліне келер",— деген мен. Сөйтсем, өзімізге тамшы қалмапты. "Әкел тағы!"— дегенде, Зағира: "Тамшы су жоқ!"— деді. Шошып кеттім. Содан соң мәз болып күлдім. Менің қандай күй кешкенімді андаған Зағира да, одан соң әкем мен балам да күлді. Суды түгел малға бергеніміз — шыңырау құдығымыз бар екен ғой. Қалай мәз болмассың! Мол сулы құдығымыз бар! Қолма-қол қауға салдым. Тұтас бір арқан байлап. Кетіп барады, кетіп барады, ақыры жаңғырығып шалп етті. Сәл тұрып, су толған молшерде қайта тарттым. Жаңағыдан да ауыр. Тартқан сайын ауырлай түскендей. ұзақ суырдым. Ақыры, шелегім де көрінген. Ортасынан аса су! Кәдімгі, тап-таза, сары лайлы салқын су. Отыра қап іштім. Бәріміз іштік. "Сырдың суындай!"—

деді көкем. Сырдың суындай! Сырға жетпей тоқтадық. Суын ешқайсымыз көргеміз жоқ. Бірақ арқа қазақтарының арасында осындай сөз бар. Бұдан үлкен мақтау болмаса керек. "Сырдың суындай!" — дейді, абыр-дабырда бұрын өзі аулақ жүретін құдық басына келіп қалған Жансалқам да. Сырдың суындай зәмзәм! Кенелдік те қалдық.

Әнеукүннен бері қорқақтап жүргем. Есіме жаңа түсіп, қауғаны қайта салдым. Суға жеткенде қолымда қалған жерін түйіп байлап, дәлдеп тұрып өлшедім. Тура он жеті құлаш шықты. Он үш-он төрт сажын, яғни, отыз метрге жуық. "Көке,— деймін көңілім кетеріліп.— Анау қырдан қазса, қырық құлаштан су шығар ма еді?" "Ықтммал",— дейді кекем. "Ойдан қазса ше?"— деймін балаша еркелеп. "Шықпауы да мүмкін,— дейді көкем.— Бұл шіркіннің өз жүлгесі болады. Жүлгенің белгісі — әудем жердегі екі құдықтың бірінің суы ащы, бірінің суы тұщы бола беретіні бар. Ал сол екеуінің қақ ортасынан қазсаң, түк шықпауы ғажап емес". "Онда біз дәл үстінен түскен болдық қой!"— деймін. "Сәл қиыс түскен сияқтымыз. Бес-он қадам ары, не бері қазсақ кім білсіді..." "Ертерек жететін бе едік?" "Мүлде жетпесуіміз де мүмкін еді..." Міне, өнер-білім дегеніңіз. Европаның ең озат ғылымы жер бетіндегі шөпке, әлде толыраққа, адам ұқпас басқа бір белгілеріне қарап, ешкашан да шөлден су таппас еді. "Бұл тараптағы менің білігім шамалы,— дейді көкем.— Есілде, сулы, нулы өлкеде өстік. Үлкен әкеміз айтып отырушы еді. Өз атамнан естідім деп. Ол заманда біздің ел қыс қатты болатын жылдары Сырға түсіп кетеді екен. Екі ортада, өзің де көрдің, Сарысудан басқа өзен жоқ. Ал дала кең. Су табудың амалын игермегенде қайтпек. Менікі сол бұрынғылардан қалған жора. Ұзынқұлақтан естігенім. Көргеннің жөні бөлек қой. Әйтпесе, басқа бір қисынын табар едік. Кім білсін, тұщы су найза бойында ғана жатқан жерлер бар шығар. Сені соншама бейнетке салдым. Әйтеуір арты қайыр болды. Ең бастысы — жау қарымы жетпейтін жырақта. Балам, бағың бар екен, мынау — жүз жылқы суарсаң да сарқылмас қайнар құдық.

Зағира от жағып, қазан көтеріп, шала-шарпы тұнған лай суға былқытып ет асты. Біз ай жарығында қауға, шелектерімізді арқалап, құдық басына қайта келдік. Таяу манда жүргек жылқылар мен түйелер сол сәтінде-ақ қасымызға жетті. Қауға тартып, шетінен суғара бастадық. Әуелі бір-бір шелектен беріп, содан соң қайта айналдырдық. Ең соңында төрт түйе қалған. Сары інген сегіз шелек ішті. Қос сары атан тоғыз шелектен тоқтады. Қара бура тура он екі шелегін сарықты. "Қырық күн шөлге шыдайтыны осыдан",— дейді әкей күліп. "Шынымен қырық күн бе?" "Қырық — мысал үшін айтылған сөз болса керек. Жиырма күнге анық шыдайды". "Бұл да аз емес, — деймін.— Қалай?" "Мына он екі шелек — он екі-он бес күн деп біл. Қарнының бір бұрышында жатады. Одан соң неше күн бойы өркеші сақтайды. Көрдің бе, төртеуінің де өркеші жығылды. Оттан емес. Судан. Кім білсін, қарнының бір қалтарысында мысқалдап су сақтайтын қасиеті бар шығар. Басқа түскен соң шыдайды да. Жан иесінің көрмес азабы бар ма. Тек адам ғана... Адам ғана әлсіз", Иә. Адам ғана әлсіз. Осымен екінші рет... Үзілуге шақ қалдым ғой.

Шаршағаннан, қажығаннан. Жоқ, торыққаннан. Қандай әлжуаз, жұмбақ махлұқат бұл адам деген. Опырылып құлауы да оңай, серпіліп бой жазуы да қиын емес. Әлгінде, күндіз ғана жаннан безгендей едік, енді міне, кең сарайдай көрінген жұлыны, үш қанат күрке ішінде, ашық түндік астындағы от жарығында барлық уайым-қайғыдан арылғандай, рақаттанып отырып қазы, қарта жедік, нарлы сорпа іштік.

Тұяқ серіппей алаңсыз ұйықтаппын. Бес-он минут қана қалғып кеткендеймін. Күн көтеріле ояндым. Өне бойым дел-сал, орнымнан әрең тұрғам. Тұрмас та едім, Жансалқам тұрмасыма қоймады. Қуанып жүр. Мен де қуандым. Бәріміз мәре-сәре болдық. Бізбен бірге жер түбіне келген бес мама биенің екеуі қатарынан құлындапты. Бас, сирағы бүгін, аяқтанып кеткен. Әжептәуір жерде, көк жусан ішінде, сонырқай жайылып жүрген жылқы арасында бөлектеніп көрінеді. Көкем, Жансалқам екеуі барып қайтыпты. Әдемі дейді. Қалған үш бие де құлындауға тақау тұрса керек.

Менің үлкен қуанышым құдық. Басына келіп, қайтадан қауға салдым. Мөп-мөлдір күміс су. Мұздай. Тәтті. Тек осы суды ішіп қана жүз жыл өмір сүруге болатын сияқты. Көтеріп үйге әкелдім. Су құятын ыдыс жоқ. Бәрі толып тұр. Үй сыртына шығып, беті-қолымды жуындым. Әбден кірлегенім, жақсылап шомылу керегі сонда ғана еске түсті. Соңыра. Бірақ мұндай мөлдір суды қалай ғана қиярсың. Міне, қазір де қауға бел ортасынан жоғары тұр. Құдық басына қайта апардым. Кері құймайсың ғой. Төгіп тағы тастай алмадым. Алжасқан адамдай, үңірейген терең құдыққа бір қарап, қауғадағы мелдірей күлімдеген суға бір қарап, әжептәуір тұрдым. Ақыры амалын таптым. Құдық басында жатқан қайла, шот, күректі, ешқандай қажеті болмаса да, басынан сабына дейін жақсылап тұрып жуып, топырақтан тазарттым. Шынында да, мына шөлде, соншама еңбекпен келген мөлдір су ысырап кетпеу керек қой. Қайтадан қауға салдым. Саумалап босатып тұрмын, кетіп барады, кетіп барады, ақыры шылп еткен дыбыс шықты, қоя бердім — шым батты. Су бетінен бір құлаштай асқанда ғана түбіне жетті. Судың тереңдігінің өзі кісі бойы! Құдық емес, дария ғой мынау! Кернеуі күшті, су көзі екі метрге көтерілген. Қанша алсаң да ортаймайды. Бірақ мен қауғамен тартылған суды төкпедім. Сол қалпында үйге әкеп қойдым.

Әрине, біздің ең үлкен байлығымыз — құдықты қалыпқа келтіру үшін тағы бірнеше күн уақыт кетті. Топырағы тығыз, қабырғасын асықпай шегендерміз. Бірақ тезінен аузын әйкелдеу керек еді. Беріктік, тазалық өз алдына, қауіпсіздік үшін керек. Осы кезде көшпенді тұрмыс, табиғат аясындағы тіршілікке қатысты білмейтін пәлесі жоқ әкейге күлгем. Мал құлай ма, малдан бұрын, ойнап жүріп Жансалқам түсіп кете ме, таяу маңда тал жоқ, құмға барып, сексеуіл жаба тұрамыз деп отыр. Күлмегенде кайтесің. Мен бұрын қазық қағылып, арқан керілген құдық аузына үш-төрт уық шанышып, оның үстіне киіз жауып күркеледім де, іргеде үйіліп жатқан май топырақтың бір шетіне су құйып, лай айдадым. Аңада су қорына әзірленген, енді әбден қақсып, қаудырлап қалған шикі сабаны қабаттай тіліп, таспамен тігіп, қалып жасадым. Содан соң екі-үш күнде бес-алты жүз кірпіш құйып

шыққам. Сорғып кепкен соң жымдастыра бастырып, дөңгелете қалап, құдық аузына кәдімгідей әйкел тұргыздым. Оп-оңай, жабайы шешім. Көкем менің қиыннан қиыстырған ақыл-парасатыма қайран қалған. Ал өзінің тұлдырсыз шөлден су шығаратын, бұдырсыз иеннен жол табатын, бар қажетін малдан айыратын өміршең білгірлігін сүйекпен бітер салт, тіршіліктің әдепкі машығы санайды — аяғы бардың жүргеніндей, аузы бардың сөйлегеніндей табиғи құбылыс көреді және әдетте бұрынғының адамдарын үлгі етіп, олар сондай еді ғой, олар мұндай еді ғой, біз сол мінез, қасиеттің тым құрса жартысын игерсек, мұншама қиындық көрмес едік деп отырады.

Барымыз түгел. Аман-есен жата берсек керек еді. Бірақ мен шайтан түртіп, отыра алмадым. Елде не болып жатыр. Былтырғы өкімет орнында ма. Россияның терең түпкірінен әлденендсі күдіретті толқын көтеріліп, немесе әуелгі дүмпумен шарадан асқан, бір жағы Қытай, бір жағы Батыс Европаға лықсыған жүздеген мың, бәлкім, бірнеше миллион қарулы әскер, ақылы түзу, отаншыл азамат қайтадан күш жиса, есі кірген, жер бетіне төнген қатерді толық пайымдаған, кешегі іргелі жұртқа жаны ашыған христиан әлемі оларға көмек беріп, қуат қосса зорлықшыл большевиктер өкіметі құлап қалуы ғажап емес қой,— қисынсыз қиял, орындалмас арман, бірақ соңғы он жыл бойы тек ақылға сыйымсыз істер ғана жүзеге асты, дүние кері төңкерілмесіне кім кепіл,— білгім кеп, естігім кеп, әрине, бәрі сол қалпында екеніне, яғни, бұрынғыдан әрмен бүліне түскеніне біржола көз жеткізуге аңсарым ауып, ішім қайнап, не үйде, не түзде байыз таппадым.

Әкемнің, әйелімнің айтқанына болмай, атқа міндім. Сорбұлаққа барып қана қайтам дегем. Амалсыз босатты. Әрине, қарулымын. Қару болғанда, шошайған бесатар емес, ыңғайлы маузер, шидем ішінен байлап алдым, көлденең көзге байқалмайды. Кешкі салқында шығып кеттім де, қалыпты жүріспен екі қонып, ертемен иек артпаға жеттім. Белестен сығалап байқасам, қараң-құраң ештеңе көрінбейді. Шынында да, елсіз иенде, біз сияқты қашқан-пысқан сорлылар болмаса, кім жүрмек. Батыл аяндап, бұлақ басына келдім. Жакындай бергенде-ақ өзгеріс барын аңдағам. Алдымен, ауыр көтерілген ақбас күшігенге көзім түсті. Содан соң әр жерден еріне далпылдап қарақұстар ұша бастады. Келер мезетте мұрныма қолқа қапқан күлімсі, сасық иіс келді. Астымдағы көкбесті оқыранып, алға емес, қырын, желтен төбешікке қарай жүрген. Төбешік басынан бар сурет айқын көрінді. Шөлден, жұттан өлген мал емес, әрине. Адам. Бесеу, алтау... Оншақты. Мүмкін одан да көп. Сыңайына қарағанда санын нақтылау қиын, бүтін біреуі жоқ. Борша-борша, быт-шыт. Оқ тесіп, қылыш шапқаннан қалғанын құзғындар мүшелеген. Неткен сұмдық...

Домалай жығылып, ішек-қарнымды ақтара құстым. Өкпе-бауырым қоса түсе ме деп едім. Содан сон жүрегімді тоқтатып, қайтадан үзеңгіге аяқ салдым. Адам тозаққа да үйренеді дейді ғой. Мал ғана үйренбесе керек. Көкбестіні еркіне қоймай, ылдиға түсіп, бұлақтың етегінен басына дейін түгел карап шықтым. Өліктер екі қабақта да жатыр. Ырсиған қабырға, бөлінген омыртқа, сыдырылған жілік, жалаңаш жамбас... Іріген, шашылған,

көгеріп сасыған жеке мүшелер — қаңқаның тұтасы көрінбейді. Кенет мен пышырап жатса да, шұбатылып, сіңіріне ілініп жатса да, барлық мүшесі табылатын соншама сүйек ішінде бір де бір бас жоғын аңдадым. Бассыз кісі болмайды. Бірақ бассыз өлік болуы мүмкін, кесіп, қоржынға салып, немесе қанжығаға байлап әкетсе. Жоқ, әкетпепті. Барлық басты бұлақ көзіне — тұма қайнарға әкеп үйіпті. Астыңғылары суға батқан, көгеріп, ісініп кетіпті, үстіңгілері шашы жидіп, құйқасы сыдырылып, құрттап, шіріп жатыр. Біреу, екеу... Әлде жеті, әлде тоғыз бас. Мүмкін, он, он екі... Мен ат үстінде тұрып, тағы лоқсыдым, Ішімде ештеңе жоқ, мұзды қуыс — құса алмадым, бірақ қос қабырғам қысып, өкпем суырылып, жаңағыдан әрмен киналғам. Ат жалын құшқан қалпы тебіне шауып, өрге шықтым. Сол кезде ғана есіме түскен. Мұнда келгендегі басты шаруам. Жарқабақ астына, киізге орап, кішкене қазан, қара шәңке, аз-маз ыдыс-аяқ көмгеміз. Жігіттермен бұрынғы келісім бойынша, жаңа заман қалай құбылады, өзімізге де керек болар деп. Біз жатқан иенде қуыс кесеге дейін қат, жарым-жартылай болса да ала кетпек едім. Атты қырга қаңтарып, амалсыз қайтадан ойға түстім. Жан-жағыма қарамауға тырысқам. Қарамасаң да көресің, Көрмесен де бүкіл қолқа - жүрегінмен, өкпе-баурыңмен зұлымдықтың қоқыс лебін сезінесің. Қойма оңай табылды. Бір жеңілдігі, бір ауырлығы болған. Ауыры — бар мүкәмал шашылып жатыр, яғни, мына көмусіз қалған, құзғын талаған жігіттердің бәрі болмаса да кейбірі өткен жылы бізбен дәмдес, тағдырлас күн кешкен жандар. Жеңілі — егер қар сөгіле көшіп кетпесек, аз-маз аялдасақ, біздің де, — ақбас шалымыз бар, бүлдіршін сәбиіміз бар, — осы мүскіндермен бірге жайрап жатарымыз анық-ты...

Шәңке төменіректе төңкеріліп қалыпты, ыдыс-аяқтар да сол маңайда. Сірә, жігіттерді от жағып, тамақ камданған тыныс үстінде тұтқиылдан басқан сияқты. Керез асын ішіп те үлгермеген. Мен аллау әқбарымды айтып, шәңкені де, қалған ыдысты да жинап алдым. Қоржынды ағытып, екі жағына теңдей бөліп салдым. Түбінде азғана суы бар қу торсықты ердің алғы қасына байлады. Мұхамед пайғамбарға, Қызыр-Ілияс әулиеге сыйынып атыма міндім. Осыншама пәруайсыз бо-лармын ба, әкем айтып еді, бұлақ басыша жетіп, мол суды өз көзіңмен көргенше, жарым торсықты қайтар жолға сақта деп, күн соншама ыстық болды ма, алда ешқандай бөгесін жоғына имандай сендім бе, әлде айдалада адамның тәбеті артады, аштан шыққандай, артығырақ жеп, кенеусіз шөлдедім бе, басқаны былай қойғанда, мана, ертемен тазалығым ұстап, қол шайып, бет жуғанымды қайтесіз — не керек, ақсақалдың ақылын ұмытыппын. Мен өлмеспін, торсық бұрышында бірер аяқ су анық бар, ертен кешке, жоқ, арғы таңға дейін, онсыз да шөлдеп келе жатқан мына жануар қалай шыдайды. Әлде, тұмаға үйілген, жидіп, шіріп, құрттары сабаудай болып, ырсиып жатқан құбыжық, бірақ өлі бастарды қамшының ұшымен төменге домалатып тастап, бұлақтың көзінің тазаруын күтсем бе екен. Әринс, түбіндегі құм, топырағын да аршу керек. Құрал жоқ, қолмен. Ағын су, кешке дейін жаңарады. Тіпті, таяу маңда тыныстап, түн

ортасына дейін күтем. Ең дұрысы осы. Бірақ жүрегім дауаламай, бойым тітіркеніп тұр.

Осы кезде Көкбесті оқыранды. Жалт карасам, түстік жактан, бірер шақырымдай жерде топ атты келеді. Шашырамай, бытырамай жүрген сыңайына қарағанда, қызыләскерлер. Қазір баяғы салқам заман өткен, тойлау мен қыдырма жоқ, мұндай алыс өңірді келімді-кетімді бекетке айналдырған біздің жігіттер болуы да. Көкем болса, үстіндегі киімін ғана емес, мұрнының бітісі, көзінің түсіне дейін ажыратар еді, мен жыға тани алмай, тағы аз тұрдым. Біздің жігіттер, яғни, танымасақ та осы өңірдегі бейбіт қазақтар болса, тілдеспей кету өкінішті, аналар, яғни қазақ деңіз, орыс деңіз, қызыләскер мен белсенді болса, қапыда қалу обал. Сырғып жүре бердім. Бұған дейін көрді, көрмеді — бой тасаламадым.

Ойдағы ең жақын су көзі жүз, жүз жиырма шақырым. Кім де болса, Сорбұлаққа талығып жетеді. Ал менің атым тың, қайткенде де қарамды шалдырмаймын, тек оқ тұтар межеден аулақтау керек. Желе жортып жазаң белеске шығып, артына бұрылғанда, манағы аттылардың жамырай шапқанын көрдім. Созыла жөнелдім, Аттылардың негізгі тобы бұлақ басына аялдамады, оза ұмтылған. Өншең шобыр мінгендей, жүрістері өнімсіз. Сонда да іркілер емес. Тарсылдата мылтық атысып (ок-дәрісі мол, иттсрдің), бытырай далақтап келеді. Әрине, кім екені белгілі болды. Қазақ, біреу-екеу емес, топ қазақ айдалада өз жайымсн кетіп бара жатқан адамға, көп емес, жалғыз кісіге мұндай беталды дұшпандық танытпайды. Қара үзіп кете беруге болатын еді. Бірақ мені ойын қысқан. Мүмкін, қан тілеген шығармын. Арттағы шаңырағымды ойлағам жоқ. Шынында да, жиырма шақты адам жапырлай атып жатқан жүз оқтың біреуі қаңғып келіп өзіме, иә атыма тиюі мүмкін ғой. Бірақ мен соншалық сенімді едім. Кейін, бұдан бес есе артық сенім бар кездің өзінде мұндай күмәнді іске шатылмауға үйрендім. Ал бұл жолы өзімді тежей алмағам. Оншама қара үзбей, тіпті, күлік басын тартып, қуғыншыларды жақындата түстім. Бірақ бұл кезде қызыләскерлердің көбінің аты әбден барлыққан еді. Алдымен жекелеп, содан соң екеу-үшеулеп қала бастады. Тағы бірер шақырым созғыласқан соң қалжаураған аттар төбеден ұрғандай тегіс тоқтаған. Соңымда жалғыз-ақ кісі қалды. Мен тізгінімді қымтадым. Арамыз бес жүз қадамға дейін қысқарған. Қуғыншым жетеріне күмәнданбаса керск, сірә, менің шошайған мылтығым жоғын көріп келеді, діңкелетіп алмақ болып еміне түсті, Мен ептеп іркіле бердім. Төрт жүз қадам. Үш жүз... Содан соң қайтадан ұзарттым. Бұл кезде қалған тобыр көз ұшында бұлдырай бастаған. Бұдан ары бөгелуге болмайтын еді. Осы кезде тарс етіп мылтық атылды. Өзі де не ата білмес, не шаба білмес бозөкпе болса керек. Маңайлаған қайда. Бірақ мен шабысымды кілт тежедім де, аттың жалын күштым. Содан соң, шылбырды қолдан босатпаған қалпы, аунап ат баурына түстім. Қуғыншымның тұншыға шыққан айқайы естілді. Әбден шөлдеген, шаршаған, тіршіліктен күдер үзген адамның су көрген сәттегі қуанышты айқайы. Мылтығын көкке көтеріп, шатырлатып атып келеді. (Менің қымбат оқтарымды бос ысырап етіп жатыр, иттің баласы!) Астындағы омырауы

даладай жирен қасқа айғырдың екі өкпесін қысқан тепкіден ентіге дем алған ауыр күрсінісі жетті құлаққа. Енді болмаса, дәл қасыма келіп, тұмсығын тірей тоқтар еді. Мен жылқыны аядым. Дәл құлағының түбінен тарс атылған оқтан шошынар дедім. Не көрмеген мал. Шошымайды екен. Қуғыншым да шошынып үлгерген жоқ. Таңырқауға ғана шамасы келді-ау деймін. Мен асықпай орнымнан тұрдым да, тізгінін бос жіберіп, ұзын винтовкасын қос қолдай көтеріп: "Врешь, киргиз! Не уйдешь, гад! Смерть буржуям!"* деп, есінен адасқан адамдай, құдайдың қу даласында қарлыға айқайлап, далбаңдалбаң шауып келе жатқан қызыләскерді тура шеміршегінің астынан тартып жібердім. Сала құлаш винтовка ытқып ұшып кетті, қызыләскер көзі алайып, маған сүзіле қарады да, ер-тоқымымен қоса аударылып оңқасынан жығылды, аяғы үзенгіде қалыпты, жирен қасқа айғыр шошына шұрқырап, көкке шапшыды да, өлікті төрт аяқтай, үсті-үстіне теуіп, сүйрете-мүйрете, ай далаға дүркірете қашты. Мен атыма міне бере қайрылдым да, сұйық боз сораң арасынан жаңа ұшып түскен бесатарды тауып алдым. Қоңыр болат оқпаны майыспаған, қызғылтым сырлы дүмі сынбаған, оқ-дәрі ісінен май ісі басым жап-жаңа винтовка. Көкбестіге ырғып мініп, жирен қасқа айғырдың соңынан құдым. Өзі де қалжырап келе жатқан жануар, мүлде болдырды ма, әлде сыбағасын алып бітті, осы да жарар деп ойлады ма, бой салып кашпады. Қатарласа келіп шұбатылған тізгіннен ұстағанда оскыра дірілдегенмен, туламай, тартына созбай, тек тұрған. Бөгелместен, бауырға түскен орыс ер-тоқымының айылын киып жібердім. Айғырды жетселген калпы әудем жерге алып шығып, жалынан, тұмсығынан сипап, мойнынан құшақтап әрең тыныштандырдым. Көз шалымда қара көрінбейді, асығар ештеңе жоқ. Көкбесті екеуін қалмақша айкастыра қаңтарып, жансыз мүрдеге айналған қызыләскерге келдім. Ат тепкілеп, дүңгіршегін жарып жіберген екен, жер сызған, тұяқ кескен бет-ауыздан ештеңе жоқ, кеудесіне дейін мый-батпақ қара ала қан — бірақ сары түкті қолы, боп-боз саусақтарына қарағанда, азиат емес, европалық және ажал қуып жер түбінен келген жас жігіт екені аңдалды. Мен қолым былғанады деп жеркенбей,— не көрмеген қол,— әскери гимнастерканың қалтасын ақтардым. Қызыләскер билсті. Дұрыс. Агафонов Павел Иванович. Жұмыскер текті. 1910 жылы Питерде туған. Жасы толмаған себепті Ұлы Революцияны терезеден ғана көрген, қатынаса алмаған. Өткеннің орнын толтырып. Жабайы Киргиз даласында Жаңа Тәртіп орнату үшін Түркістан өлкесіне сұранған. Қазір патша Петрді де, әулие Петрді де талақ етіп, Ұлы Көсемнің атын иелену құрметіне жеткен қанды қалада кәрі шешесі қалған. Міне, мүгедек, ауру... Бейнеттен арылмаған қарапайым орыс әйелі. Шын сорлы екен. Осындай, жарты әлемді жалмаған өрт шықпаса, шалың тірі, балаң қасында отырап еді. Өз қанын да, өзгенің қанын да ішпейтін еді. Барыңнан тегіс айырылдың. Аштан өлесің бе, қайыр сұрайсың ба — жолың ашық. Ал мен қарық болып қалдым. Қанға тойған арық қызыләскердің өне бойы толған қазына — иығына ашамайлап асқан қос оқшантай толы оқ. Аттанысқа жеткілікті етіп алған екен, жаңа шығынға кеткені он шақты ғана, қалғаны жүздің анық үстінде. Біразының сыртына қан

катып үлгеріпті. Сол калпында мойныма астым. Содан соң бейбақтың етігіне көзім түскен. Жирен айғыр соншама тепкілегенде ұлтаны сөгілмеген, берік, жап-жаңа былғары етік. Өлшемі кішірек. Бірақ бұл далада бәрі қат. Әкейдің аяғына сыймаса, Зағираға шак келсді. Бұтынан табаныммен басып тұрып, шуаш сасыған сары шұлғауын шұбалтып, екі етікті де сыпырып алдым. Ендігі қалғаны — ертоқым. Атты әскер ертоқымы. Бітісі сұрықсыз, мініске жайсыз. Бірақ тұтасымен былғары. Тым кұрса ұлтанға жарар. Мана қарбаласта ойланбай кескен айылды қайта жалғап, шылбырмен үстінен тартып, жирен айғырдың арқасына бекіттім. Тағы да мол олжа — қанжығасында салақтаған құтысы бар екен. Түбіндегі суы ортадан астам. Іше жаздап барып бөгелдім. Жоқ. Жеркенгеннен емес. Қан төгуден, құрбандығының өлі денесін тыр-жалаңаш тонаудан осыншама ләззат алған адам неден тайынсын. Кейінге сақтадым. Тыр-жалаңаш демекші, сонша былғанбаса, үстіндегі киімін де сыпырар едім. Бірақ, оқа емес. Өкініштісі — белінде жабайы киргиздарды иықтан шатқа дейін айырып шабатын өткір қылышы болса керек еді, бір жерде үзіліп түсіп қалған сияқты.

Құныққаным, рақаттанғаным сондай ат үстіне қонған соң ғана арт жаққа бұрылыппын. Көз ұшында емескі екі кара көрінеді. Революциялық санасы төмен сорлылар. Әуелде жекегесі кейін тартса да, үсті-үстіне атылған мылтық даусынан соң менің өлгеніме нық сенген, бірақ жолдастарын жалғыз жіберуді намыс санаған тағы екі өлексе. Келе жатыр ілініп-салынып. Бұларды да жер қаптырып кетсе сауап болар еді. Бірақ бұл кезде менің ақылым кірген. Асықпай, саспай аяндап жүре бердім. Жетем десе қусын. Қорғасын бұршақпен төбесін тесіп берейін. Бірақ апан далада жүрген шекпен, тымақты жалғыз қазақтың тегін адам емесін аңдаған болар. Қумайды. Қуса да жетпесін біледі. Ал арғы қалың топ... Өткен жолы бұлақ көзін кесілген бастармен бекітіп, улап кетпесе, көп бөгелмей, соңымнан қуар еді. Жендетте ақыл болмайды деген осы...

Әйткенмен, тәубамды ұмытпадым. Үлкен қауіп босаңсып қалған жирен айғырда. Бірақ аяғы жеңілейген соң жетекке еріп келеді. Тек аузы көбіктеніп кеткен. Әбден аңқаған. Көкбесті де шөлге ұшпағанмен, онша ширақ емес. Тәуба, су бар менде. Қызыләскердің құтысында қалған жарты тостаған. Торсық түбінде қалған бір аяқ. Өзім қаталап өлсем де, қос жануарыма берем. Молырағын жирен қасқа айғырға. Не көрмеді дейсің жануар. Қаннан табиғатында қара көңіл адамның өзі шайлығады. Жаны таза жануар соншама зорлық, қысас пен қазаны көре тұра ештеңе сезбейді деп ойлау — біздің топастығымыз-дан. Бәрін сезеді, бәрін біледі, тек айтуға тіл, наразылыққа шама жоқ. Бірақ қаныпезерді жалпасынан түсірген, еркін мылжалауға мүмкіндік берген маған мейлінше риза болуға тиіс...

Сүт пісірімдей уақыт өткенде арттағы екі қарасын мүлде өшті. Бірақ мен тоқтамадым. Ілбіген қалпымда алға жылжи бергем. Бие сауым, ет асым уақыттан соң ғана аз-маз аял жасап, аттарымның аяғын суыттым. Әрине, осы арада әжептәуір тыныстап алуға болар еді. Батыр қызыләскерлер банды кумақ қайда, жандарымен қайғы. Әрине, шөлден өлмейді. Өздері өрнектеп

кеткен бұлақ көзін өз қолдарымен аршиды. Күресте шыныққан, тозаққа төзімді темір балшабектер тұма қайнар өздері шашқан қанды іріңнен, өздері өсірген семіз құрттардан тазарғанша, яғни кешке дейін, қарға-құзғыннан қалған өлекселерге карап, өткен күрес туралы естелік, болашақ жеңістер туралы тәтті қиял үстінде, солықтарын басып, шынтақтап жата тұрады. Содан соң таза суды сасық ауамен араластырып ішіп, естерін жияды. Сусаған шөл басылады. Қаңсаған шөл қаталата түседі. Таяу төңіректен оққа ілер, қылышка шалар ештеңе таппай, қайтадан ойға — Шу бойына түседі. Бейбіт ауылдарды, жазықсыз момындарды шауып, жер жүзілік революцияны одан әрі жалғастыра береді. Бүкіл қазақ даласын, бүкіл Россияны, шамасы жетсе бар әлемді мына Сорбұлақ басындай қанды-шірік, іріңді-бүлік тозаққа айналдыру үшін...

Біздің жаңа қоныс Көкжайлау — Сорбұлақтың терістік-батыс жағында еді. Мен жаудан жалтарған кезде, әрине, тура өз үйіме қарай тартпағам. Солтүстікке — иенге бет алған едім. Қуғыннан бой тасалаған соң, орағыта жүріп, оң бағытыма ойыстым. Күн бесінге еңкейгенше тоқтаусыз аяңмен-ақ талай жер ұтсақ керек. Қырат, белестер жазыла бастады. Бұйырғын, ебелек азайып, жадау, сұрықсыз қара жусан мен сербиген, төмпеш-төмпеш итсигек басқан дала шұбар теңбілденіп көрінеді. Мен көктемгі дымқыл самал желпіген бір дөңестін басынан көзім талғанша қарауыл қарадым да, сол арада ат белін босаттым. Көкбесті мен Жиренқасқа айғыр сауыс-сауыс болып, бұйралана тер қатқан кең омырауларын қоңыр лепке тосып сұлық тұр. Ауыздықтары алынса да оттамайды. Қайдан оттасын. Су — су ғана керек. Бұл маңайда неше күндік жерде тамшы жоқ. Есті жануарлар жағдайды түсінетін сияқты, оқырынбайды да, көз сүзбейді. Неге болсын менімен бірге көнбек сыңайда. Мен осы кезде ғана ойладым. Әкемнің, әйелім мен баламның халін ғана емес. Қолдағы азғана малдың да тағдыры маған байланысты екен. Менің тіршілігіме, амандығыма. Өйткені... дәл қазіргі тұрған жерімнің бедері бейтаныс. Бейтаныс емес, аумайды — анада осылай өткен, кеше бері қайтқан жолымнан ешқандай айырымы жоқ, бірақ ол емес. Ол емес, басқа жер! Анада әкей айдалаға, екі-үш жерге құрық қадап кеткен. Мен жоқта белгі болар деп еді. Тағы бірнеше жерде үйіріле, өзгеше өскен итсигек, ақ сортаң тақыр, жалаңаш төбешіктерге, тақау маңдағы басқа да толып жатқан бедер, белгілерге назар тіккен. Түзу сорапқа бағана түскен сияқты едім, бірақ сол айғақтардың ешқайсысын да көре алмай келем. Мана оңға қарай көбірек қиып алсам керек, енді солға қарай ойысыңқырау керек. Жалпы бағытым түзу. Солай деп көңіл бекіттім. Ет асымдай аял жасадық.

Көктемгі самалдың өзі сусын деуші еді әкем. Таңертеңнен шөлдеген жоқ едім, қазір тіпті тыңайып қалғандаймын. Аттардың да өңі кіргендей. Бірақ мен барымды аямадым. Қу торсығымды тілдім де, бұрышында қалған бір аяқтай суымды түгелімен Жиренқасқа айғырдың аузына тостым. Содан соң олжа құты түбінде ауыз шаяр бірер ұрттам ғана қалдырып, қалғанын торсық бұрышына құйып, Көкбестіге ішкіздім. Бұдан былай қандай жолға шықсам да суды қос-қос меспен тендеп алыл жүрермін-ау!..

Бірақ осыған да шүкір. Екі жануардың да жанары жарқырап кетті. Мен де айдарымнан жел ескендей, көтеріліп сала бердім. Бесатар мен маузер, барлық оқ, қазан-аяк, сыртқы бір қабаттан асқан киімге дейін жирен айғырдың үстіне артып, қайтадан Көкбестіге міндім. Күн жарықта біраз жол ұтып, ең бастысы — оң бағытты анықтап қалу керек. Екі атты да қинамай, желе аяндап, кешке дейін сабылды. Қанша жүргенімізді білмеймін. Әйтеуір Сорбұлақтан түстік жерге ұзағаным, жолдың ширегіне жуығын өткеруім анық. Бірақ шөмеле ішінде емес, айналасы неше күндік иенде жоғалған сабақсыз ине

— медиенге шаншылған құрық та жоқ, басқадай тіршілік, яғни, бізді тіршілікке бастайтын айырым белгі де жоқ. Алға басқаннан бөтен амал қалмаған. Ілбіп жүре бердік. Қақ маңдайымыздағы шаңырақтай үлкен, қызғылтым бозғылт күн ауыр салмағын көтере алмай, ерінс дөңгелеп, теп-тегіс, қылаң сұр жазықтың көгілдір күрең жиегіне жанасты да, бар қызуын, өң-шырайын ішіне тарта, күмбезденіп іркіле бере шым батты. Буалдыр тез түсті, Арай да, шапақ та жоқ, — ақшам туар-тумастан сам жамырады, қызыл іңір — түнек қараңғыға алмасты, сол сәтінде-ақ биік аспанды қаптай жанған көгілжім, қызғылтым, ақ боз жұлдыздар тіршіліктің бар сәулетін тұңғиық сырға бөлеген. Түн салқыны, жұлдыз жарығы қосымша күш құйғандай, іркіліссіз жүзіп келеміз. Шөл далада, құдайдың ғана көзі түсер меңіреу иенде жалғызсырар жөніміз жоқ — үшеуміз. Мен аузым кеберсіп, тілім тұтқырланып келе жатса да, анда-санда дыбыстап қоям. Аттар жүрісін ширата түседі. Қазақ жылқысының қаншалық төзімді екенін, жаны иесімен бірге шығарын сонда ғана көрдім. Көп жүрдік. Әлі де жүре берер шама бар. Бірақ зорығып, ұрынып қалмау керек еді. Аттар босаңсыса, өзім әбден шаршаппын. Тынықпай болмады. Тоқтадық. Екі арғымағымды да суытып, қаңтара байладым. Шылбыр ұшын астыма басып, тымағымның құлағын түсіріп, тақыр жерге бүктеліп жата кеттім.

Бұрылмасы, бүгілісі жоқ тұп-тура қасқа жолға түстім. Жол дегенім жол емес, кәдімгі шұбар көкпек, сирек теріскен өскен тақыршақ сортаң. Жол болатыны — сорабы айқын, екі қапталы берік — ұзыннан ұзақ созылған кенересі бар. Жай кенере емес, қатар-қатар тізілген адам басы. Қатар тартылып, біріне бірі жалғаса тіркеліп, көк жиекке батып жоғалатын, басқа тарапқа мойын бұруға жар бермейтін, тістері ақсиған, көздері шақырайған тірі бастар — маңдайына жазылғандай айқын танылып тұр: орысы, қазағы, басқасы аралас — чекистер мен белсенділер. Оңға не солға бұрыла алмаймын, кейін шегінуге... артта бұдан да үлкен қатер бар... баяғыда өзім жазаға тартқан жандарм офицерлерінің бұтарланған дене мүшелері шашылып жатқан сияқты, бұрылып қарауға қорқам. Алға ғана жүруім керек. Тек бір-ақ бағытқа. Арттағы нәжіс лептен ұзасам, мына ақсиған үрейлі бастардан тез құтылсам, жол ұшығына жетсем... Аяғым ауыр, демім тар. Жүріп келем... Кенет атым бары, үзенгіге ілінсем, тірі бастардан жасалған құбыжық бөгесіннен қарғытып өтерім есіме түсті. Сол сәтінде селк етіп ояндым.

Екі ат шылбырын тартып оқыранды. Шығыста жарқырап Есекқырған туды. Бүкіл дала көгілдір бозамық түрге еніпті. Жер бауырлай тұнған қараңғылық буалдырлана еріп барады. Ауа дымқыл, шөлім қанып қалған сияқты. Қанған жоқ, әрине. Бұрынғы қалпында. Күшеймеген. Бұл да жақсы. Шөп басын сипалап көрдім. Шық жоқ. Бірақ құрғақ та емес. Сыз бар. Екі аттың да ерін сыпырып, ауыздығын алдым. Оттамады. Бірақ жусан, бұйырған басын иіскеп, тыныс тапқандай. Сүйкене оқыранысып, жерге аунады. Көп бөгелуге болмайтын еді. Мен аттарды ауыстырып ерттеп, жирен қасқа айғырға міндім де, шолпан көтеріле терістік-батысқа қарай жүріп кеттім.

Әуелде еңсеміз көтеріңкі еді. Уақыт озған сайын көңіл лайлана бастады. Әуелде жүрісіміз өнімді еді. Уақыт озған сайын саябырлай берді. Сәске түс кезінде мен жолдан адасқанымға әбден көзім жетті. Қайтпек керек? Оңға бұрылам ба, солға бұрылам ба? Жоқ, алға тарта берем бе. Осыған тоқтадым. Мен кешегі қуғыннан соң, шөлдеп, шаршап, аяңдай берген өнімсіз жүрістен соң қай араға келгенім түгілі, қанша жол ұтқанымды мөлшерлей алмайды екем. Ауыл — суы мол, кеніш мекен Көкжайлау алда. Сірә, жер ортаға жаңа іліндім. Межелі тұсқа жеткем жоқ. Межелі тұсқа жетейік, содан соң онды-солды ойқастаймыз, Шама келсе, әрине.

Бесіннен ауғанда шама келмесін андадым. Күн аптап емес. Қоңыржай салқын да емес. Мақпал жылымық. Шөлің қанық, бойың сергек болса, жанға жайлы тиер, шуақты көкек. Мен көлікті қинамадым. Күнұзақ аршынды аяңнан танбадық. Екі-үш рет сүт пісірімнен аял жасадық, түс кезінде аттардың ерін алып, аунатып, өзім торсық түбіндегі үш қасық, ең соңғы суды ішкем. Екі жануарға тым құрса бір аяқтан тисе, ертең түске дейін сыр бермес едік-ау. Амал не, тамшы су жоқ. Кеше таңнан бері татқан екі жұтым су шелімді қандырмаса да бойыма күш құйғанымен, өзімді кінәлі сезіндім. Мен адаспасам, Көкбесті мен Жиренқасқа да осыншама азапқа ұшырамас еді ғой. Бірақ хайуанда тіл жоқ, өкпесін, ренішін айта алмайды, еркіме көніп, алға тарта берген. Енді міне, екінтіде Көкбесті иесіне бағынышты кептен жаңылды. Әбден болдырған сияқты. Жетекке ілеспей, тартыншақтай береді, Аздан соң мойны сол жағына қарысып, табандап тұрды да қалды. Қамшылап әрең жүргіздім. Бірақ көп ұзамады. Дір-дір етіп, төрт тағандай тоқтады. Мен шыпасы біткен жануарды бұдан ары қинауды жөн көрмедім. Атып кетуге тағы қолым бармады. (Адам санасы деген қызык. Серік болған күлігімді атсам ба, атпасам ба деп аз-маз толқыған соң, маузерімді соншама ауырлап кеткен ағаш қынына қайта салып тұрып ойладым: "Осы мен қазақ емсспін-ау. Қазақ шығып жарытпаймын-ау. Астындағы атын атқан деген... біздің кәпір жұртына ғана тиесілі мінез еді, жаман романдарда кездесетін жасанды әрекет еді... Ал қазақ... қазақ дәл бұлай... адаса ма?") Мүмкін, көкбестіні емес, өзімді атуым керек шығар? Бірақ қазақ... Кез келген адам... ақырына дейін күресуге тиіс. Өзіме де, атыма да жаным ашыды. Ертоқымын алып, үстін жеңілдетсем... онсыз да санаулы қаншама минуттан ұтылам. Ер үстінде отырған калпымда шылбырын мойнына, тізгінін жүгенге іле байлады да, кешу сұрап, қоштасып, алға қарай жүре бердім. Арада жарты сағат, мүмкін,

он, он бес минут өткен соң бұрылып артыма қарасам, жануар, төрт аяғын сағым көтеріп, түстікке бет бұрып, көлденеңдеп тұр екен. Тың, зор. Мүмкін, Көкбестінің өзі емес, өзі мана, мен кете бергенде мойны қайрылып, корқырай жығылған — тұлпар туған сүлдесі шығар. Мен жылап жібердім. Бірақ көзімнен жас шыққан жоқ.

Алға қарай жылжи бердім. Күн еңкейе берді. Мен де көлеңкелер патшалығына жақындай түскендеймін. Межелі, біршама таныс жердің ішіне ілінсем керек еді. Ойша долбарладым. Барарда ғой, суыт болмаса да, тоқтаусыз, өнімді жүріппін. Кештете шыққам, екі қонып, аздаңа жеттім. Есеп дұрыс еді. Сосын... Суыт жүрдім. Араға бір қонсам да, жол үстінде соншама сағат өткердім. Жоқ, одан аз. Азырақ. Әрі жүрісім өнімсіз болды. Суыт... Өнімсіз... Демек... Бірақ бағдарым түзу... Түзу болса, қызыл іңірден соң, түн ортасында ел қарасын көруім керек. Дұрыс. Балаша қуандым. Батар күн шапағына шомылып, бірер сағат тыныстап алдық. Ендігі қауіп — тура бағыттан айнып кетпеу. Баяғыда, ауыл мен қостағы жылқы арасында бір адасқаным бар. Көп емес, азғана ғана. Сонда шыр көбелек айналып жүре беріппін. Ақыры, боран тұра бастағанда Нұрымбет аулының жылқысына кездесіп, жаным қалған. Ол кезде айдалада адасқанның өзі қызық екен -ау. Қаншама әңгімеге өзек болған. Енді міне... Күн батты. Сарғая солып кешкі Венера шықты. Қазақтар мұның Шолпан екенін білмейді, білсе, таңертеңгі сұлу қыз емес, кешке дейін байынан да, бағынан да айырылған жесір бейбақ санаса керек — Тұл қатын деп атайды, осы жалғыз жұлдызды шекеге алып, атқа міндім. Алға жылжыған сайын қараңғылық қоюлана берді. Мен көлеңкелер патшалығының қақпасын ашқандаймын. Бірақ шегінер, бұрылар жол жоқ, басқаша амал қалмаған. Жануар, біз сияқты бір сорлының неше қос жылқысының құты болған жирен айғыр қайратты екен, қажырлы, жүректі екен, өзі пырақ, өзі қорған, қамқоршы, салқын ауамен кеудесін кере тыныс алып, қоймалжың қара түнді қақ жарып, еркін аяндап келеді. Астымдағы атымның жалын сипап, бар жылуын сезініп, мен де ес жидым. Ақыры, түн ортасына жақындағанда қалың көкпек ортасына тоқтадық.

Ес пен түстің арасында таңның қалай атқанын білмеймін. Бірнеше рет, ұйықтап емес, есім ауып, талықсып бара жатқанымды аңдадым. Көкпекті бытырлата жұлып, ащы бүрлерін шайнағам. Жан серігім жалғыз атым, қандай қиында да тік тұрып тыныстайтын жануар, боз татырға бауырын басып, төрт аяқтап жатыр. Таңертең тұра ала ма, тұра алмай ма — менің бар тірлігім соған байланысты. Таң бозаңда атып тұрды. Дүр сілкінді. Соншама ширақ. Қуатты. Аузын ашып есінеп, тісін қайзады. Маған қарап оқыранғандай болды. Көмейінен күмбір емес, тұншығыңқы қырыл сияқты дыбыс шықты. Мүмкін, қорқыраған — ат емес, менің өзім шығармын. Шөкелеген қалпымда, көкпек шайнап, таң атқанша отырдым. Таң аппақ атқан соң орнымнан тұрып, төңірекке қарадым. Сол жақта боз тақыр көрінеді. Тақыр болғанда, қылтанақсыз, теп-тегіс өлі тақыр. Өлі дейтінім, мұндай тақырлардың көбінің ортасы ойыс келетін де, көктемде қақ тұратын. Кейбір бай тақырлардың ойпаңы кішігірім көлшікке парапар, тіпті, жаз

ауғанша құрымас тіршілік ұйтқысы болар еді. Ал мынау — аспаннан топан құйса да тамшы іркілмес тұл тақыр. Оң жағым — шұбартқан сұрғылт жон — итсигек пен жантақтан басқа қылтанақ жоқ жетім дала. Алда да, артта да таныс белгі көрінбейді. Жан баспаған, құс ұшпаған тұлдырсыз иенде — безірейген Бетпақтың қақ ортасында тұрмын. Қайда барам? Жақсы білем. Түстікте Шу — қос аттыға үш қонақтық жер. Терістікте, әрине, Сары-Арқа...— мүмкін бір апта, мүмкін бір ай... Тек алда... алда ғана үміт сәулесі бар. Тура батысқа қарай тарта берсем, сөз жоқ, ұзын аққан Сарысуға шығам. Бірақ қашан? Ертең кешке анық. Асса арғы күні! Ертеңді айтасың, арғы күнді айтасың, бүгінгі кешке жету-жетпеуім неғайбыл сияқты. Бірақ амал жоқ — жылжып кеттік.

Мен шөлді ұмытқалы қашан. Апта бойы су ішпесем кыңқ етпейтін халдемін. Түгел кепкен. Терім сүйегіме көн болып жабысқанға дейін шыдауым мүмкін. Осылай ойлаудың өзі қызық еді. Күлкім келді. Күлгем жоқ. Жүрегім суып кетті. Астымдағы атты ойлағам. Боранға да, дауылға да шыдайтын қазекемнің қайран қазанаты — шөлге де болмай келеді. Бірақ кез келген сәтте ұшуы мүмкін деген ой менің көңлімді үрейге толтырды. Осы кезде төңірегім түгел түрлі түсті суретке тола бастады. Сұрғылт Бетпақ емес, көкжасыл жазира. Қора-кора қой, үйір-үйір жылқы. Шоқ терек, саялы тоғай. Көз жетер жер шалқыған көл. Көл де жоқ, мал да, қалың ағаш та жоқ. Көл дегенім — боз тақыр, қоралы қойым — беткейдегі бортылдақ қара жусан, үйір-үйір жылқы, ен тоғай — кейде бытырай, кейде ұйып өскен итсигек пен жантақ, теріскен. Солай екені анық. Бірақ көз алдымнан мал да, көл де кетпей қойды. Аттан түстік. Тоқтамадық. Тоқтасак, сол арада қаламыз. Жетектеп, жаяу жүрдім. Табаным жерге тимей, шауып келем. Астымдағы атты арқалап алғам. Жарты жалғанды, Бетпақтың бір өңірін тұтасымен, тулақ терідей ойып кесіп алып, арқалап келем. Әуелде жеңіл еді, қадам басқан сайын ауырлай берді. Сәскеге таман бұдан ары көтеріп жүре алмай әлім құрып жығылдым. Шылбыр қолымда, қоя берсем де жирен айғыр мені тастап, ешқайда кетпес еді, бірақ шылбыр — мені тіршілікпен жалғастырған жалғыз жіптік — сол шылбырды білегіме орап, ащы қара жусанға тұмсығымды тығып, солығымды баса алмай, етпеттей сұлап ұзақ жаттым. Сұлап жатып ойладым. Менің арғы бабаларым — көне түріктер өлгенде атымен қоса көміледі екен, егер осы арада жан тәсілім қылсам, ең соңғы серігім болған жирен айғырмен бірге қалмақпын, осы оймен шылбырды беліме орай байладым, қалжаураған, аңқаған, бірақ төрт аяғын тең басып тұрған тұлпарымның астына, салқын көлеңкеге қарай жылжып жаттым. Ұйықтадым ба, талықсыдым ба, ессңгіредім бе — білмеймін, бір кезде карасам, атымды жетектеп, ауыр аяңдап, әуелгі кескен бағытыммен күн астына қарай маңып келеді екем. Екінтіден асыпты. Омыраудан қоңыржай, барқыт жел есіп тұр. Бой жазып, қабағымды әрең көтеріп, қиыр батысқа көз салдым. Қарсы алдымнан тіршілік белгісі — өзгеше сурст сызылған. Жақындаған сайын айқындала берді. Жал-жал құм, құм төбелердің басында шоқ-шоқ жыңғыл; шағылдардың ара-арасында, етегінде қалың сексеуіл. Әлбетте, елес. Әлбстте, дәйексіз сағым.

Бірақ шын болып шықты. Құм да, тоғай да. Тек су ғана жоқ. Атты етекке тастап, төбесінде екі шоқ жыңғыл өскен жалаңаш шағылды басына шықтым. Әрине, өліп-талып, енбектей жығылып, естен айрылып. Шың басынан алға — батар күннің астына қарап едім, бергі беті қарауыта көлеңкеленіп, төбесі қызыл жалқындана құбылған, иін тірескен, шетсіз-шексіз барқандардан басқа ештеңе көрінбеді. Көрінуге тиіс емес-ті. Мен өз өмірімнің шегіне жетіппін.

Ештеңе де ойлағам жоқ. Тіпті, балам мен әйелімді де. Сорлы әкемді де. Көңілде аяушылық та, өкініш те қалмаған. Өлімге біржола бет қойдым. Өткенді таразыладым ба — білмеймін, бірақ дәл сол сәтте мен бақытсыз емес едім. Кесімді күнімнен әлдеқайда көп ғұмыр кешіппін. Каторга көргем жоқ. Қорлыққа, мазаққа ұшырағам жоқ. Отыздың тура үшеуіне — Иисус Христостың жасына жетіппін. Бақыттымын. Тек иман айту ғана қалды. Бірақ... мен қай діндемін? Арғы атам, сірә, мәжуси болған, түп нағашым мұсылман, бергі аталарым түгел Христос пен патшаға адал қызмет атқарды, ал мен сүндетке отырмасам да, кәләм шарифты таза жүрегіммен қабылдаған пайғамбар үмбетімін. Әйткенмен, ең соңғы тәсілім сәтінде қиын екен. Шаранамнан шықпай шоқынғаным рас қой. Шоқынғам жоқ, шокындырған. Санасыз сәби кезімде. Ал саналы азамат шағымда ешкім күштемей-ақ ислам жолын таңдадым. Мұсылманмын! Сонда... о дүниеде туған анаммен, бабаларымның неше әулетімсің жүздеспей кеткенім бе?.. Екінші кайтара, жоқ, осымен нешінші мәрте діннен безу тағы әбес... Опасыздық. Ендеше... Қиын екен. Шешінбей тағы болмайды. Айса мен Мұхамедтің қайсысын ауызға алуым керек? Таптым! Екеуін де. Өйткені, құдай біреу. Қалай аталса да, жаратушы — хақ. Осыған тоқтадым. Өте жеңіл болды. "Отче наш" пен "Фатиханың" қайсысын айтқаным есімде жоқ. Мүмкін, ешқайсысын да айтпаған шығармын. Мүмкін, құдай туралы, өткен өмір, қу далада қалмақ мүрде туралы кейін ғана ойланған шығармын. Білмеймін. Бірақ дәл сол сәтте өмірмен өкінішсіз қоштасқаным, тәубама келіп, тіршілік мәнін түйсінгенім күмәнсіз.

Мүрде демекші, етекке түскен жөн. Етекке түссем, арада бірер сағат өтпей-ақ денемді сусыма құм жасырар еді, көмусіз қалмас едім. Әйтсе де мен биікте өлгім келді. Жарық күнмен, кең дүниемсің төбе басында отырып қоштасқан абзал. Бірақ қоштаса алмадым. Күннің қай уақытта батқанын білмеймін. Талықсып кетсем керек. Мүмкін, бір емес, әлденсше рет өліп барып кайтқан шығармын. Жер қараңғы — тұңғыық түнек. Аспан жарық — жұлдыздар жап-жақын, самаладай. Қайтадан тұманға баттым. Тағы да өлмеппін. Өлмегенім — түс көрдім. Кешегі түстің жалғасы. Екі қапталына тірі бастар қатарласа тізілген теп-тегіс жолмен еңбектеп келем. Алда — көз ұшында сағымға ілінген су бар. Жету керек. Көкке өрлеу керек... Басым зіл коргасын. Аяғым темір батпан. Әрең көтерем. Азаппен жылжимын. "Стамбек!" — деген айқай естілді лүңгірлеп. Әкемнің даусы. Тірі бастардан қаланған бөгесіннің ар жағында тұр. Көктеңбіл айғырға алшия мінген. "Стамбек! Қайдасың?.." Мен көзімді ашып алдым. Тып-тыныш. Кенет

көктеңбіл айғырдың, кісінеген даусы құлағыма жетті. Арқырай оқыранып, қайта кісінеді. Оған тағы бір ат үн қосты. "Стамбек!" "А-а-а..." Дыбысым шықпады. Айқай — анық, кісінеу — рас, бірақ мен үн бере алмадым. Келер мезетте қайтадан түнекке баттым.

Көзімді ашсам, әкемнің тізесіне басымды сүйеп, жұмсақ құм үстінде жатыр екем. Көгілдір жарық. "Иә, алла, бергеніңе тәуба! Қозғалма, құлыным! Мен бармын. Бәрі дұрыс... Ақырын.. Су мол. Түйіліп қаласың. Ептеп іш..." "Көкбесті..."— дедім мен аузыма сыздықтай құйылған суды құныға жұтып жатып. "Иә, қалқам... Ештеңе ойлама..." "Жиренқасқа айғыр... шөлдеді..." "Қайырымен болсын, жауға кеткен мың жылқының төлеуі — құт әкелетін мал екен. Оған да аздап су бердім жаңа, сен талықсып кеткенде... Су көп. Қатарынан екі торсықты толтырып алып шыққам..."

Загираш айтады. Үшінші күні (бұл — мен Сорбұлақтан бері оралған, жолдан жаңылған алғашқы кеш) қызың дөңбекшіп ұйықтай алмай қойды. Қайта-қайта оянады. Е-е, жолаушының қамшысы тиіп жатыр ғой деп ойлағанмен, көңілім тыншымады. Атам да ауық-ауық күрсініп, сыртқа шыққыштап кетті. Таң атты. Әлі оралар мезгілі болған жоқ деп жұбатып қояды мені. Түске таман ат ерттеп, құнан шаптырым жерге дейін оңды-солды төңіректі шалып қайтты. Кешпен бірге уайым, қайғы келді. Қу шөп, тікенек бұта жинап, үйдегі бар тезекті косып, лаулатып от жақтық. Кез ілгеміз жоқ. Таң бозында атам әбден бекініп, қайраттанды. Асығыс ат ерттеді. Қосарға көк айғырды алды: "Бұлақ басында тосқауылға ұшырамаса, адасып кетті" дейді. "Келер мезгілі жаңа болды ғой, сәскеде көрініп қалар",— деймін, атамның іздеуге шығуын көңілім қалап тұрса да. "Онда бірге қайтамыз",— деп, аттарын суғарып, көктеңбіл айғырдың беліне екі торсықты айқастыра теңдеп, бесатарды мойнына асып, аттанып кетті. "Күн көтерілгенше суыт жүрдім,— дейді әкем.— Кеткен ізіңнен басқа белгі жоқ. Аман қайтсаң, адаспасаң, ендігі кездесіп калсақ керек еді. Жаманатқа жүрегім сенбеді, ілгері тарта бергенде тағы мән жоқ. Екі қапталдан із кесу керек. Терістік тарапты таңдадым. Неге дейсің бе? Жүріс ыңғайы солай. Біз Сорбұлақтан бері өрге, қырын тарттық қой. Тіпті, түстік бетке еңкейіп кетсең, ол жақ саған аз-маз таныс, айналып, адасып жүріп, ақыры ойға — сулы, қамысты өлкеге ілінуге мүмкіндік бар. Ал терістік — Бетпактың төрі, бір түссен, қайта шығу жоқ. Солай шамалап, тәуекелге жүгіндім. Алға тағы біраз озып, төңіректі қарауылдап, ат шалдырдым да, терістік шығысқа қиғаштай тарттым. Жер бейтаныс, көз де бұрынғыдай емес, сәскеде енді жүз шақырым жүрсем де із шалмасымды аңдап, кері бұрылдым. Қара басканда, мана, аялдаған жерімнен шыға бергенде-ақ айрылыппын. Бұрынғы сорапқа тым жақын етеді деп ойламағам. Міне, былай. Сөзіңе қарағанда, қуғыннан соң әжептәуір қиыс — түстікке қарай ауғансың. Содан соғ қатені аңдап, бетінді түзедің. Бірақ тағы да көбірек қиып алыпсың. Барған Ізінді кесіп өтіп, бірте-бірте тура бағдардан алыстай бересің. Содан, Жетіқоңырдың құмынан бір-ақ шығыпсың!.." "Қу даладағы жалғыз аттың ізін қалай көресің?"— деймін. "Ойбай-ау, сайрап жатыр емсс пе! Сен сияқты алаңғасар ғана аңдамайды. Бір емес, екі ат, екеу

емес, сегіз тұяқ. Мал баспаған, жан баспаған тың жер. Көргіш болсам, бірден таппаймын ба. Бар кесел сонда болып тұр ғой. Әйтпесе, кеш батпай қуып жетеді екем... Бұған да тәуба. Енді бір бие сауым кешіксем...

Иә, алла, бергеніңе шүкір! Сонымен, әйтіп-бүйтіп із шалғанда, қасында серігі бар екен дедім. Аздан соң, тұяқ ізіне карап, жетек екенін білдім. Айғыр, немесе азбан. Бір шамада аз-маз аялдап, ауыстырып мініпсің. Саптаманын ақ сортаңға айқын түскен ізін көргенде, етпетімнен жата қалып сипаладым. Өз бетіңнен өпкендсі болдым. Енді қос атпен кезектесе шабуылдадым да отырдым. Сен де бір тоқтамапсың. Ауылдың тұсымен денгейлескенде Көкбесті тартыншақтай бастаған. Ерік берсең, жетелеп үйге өзі әкелетінін білмегенсің. Жылқыны аз баққан жоқсың, қалай ұмытқансың. Біздің казак жылқысы, басына ерік берсең, қаптаған боранда да, түнек тұманда да өз мекеніне алып келеді ғой!.." "Білем,— дедім мен.— Баяғыда, Сарысуда, қысқы қостан шығып адасқанда тоқпақ жал торы азбан ауылға өзі жеткізген..." "Білесің, бірақ шөлдеген кісиде ес қалмайды. Содан, із екі айрылыпты. Көкбесті сендерді қимай, біраз тұрған да, сүріне аяндап, ауылға қарай тартқан..." Көкбестіні таң ата, жөнекей тауып алғамыз. Ауылға тай шаптырым жерде жығылыпты. Тілі шығып, көзі аларып кеткен, аяқтары серейіп, қарны қабысып, қимылсыз сұлап жатыр. Бірақ өлмепті. Екеулеп басын сүйеп, қасықтап су беріп, тірілтіп алдық. "Көкбестінің ауылға жетпесін білдім,— дейді әкей әңгімесін одан ары жалғастырып.— Бірақ амал не, уақыт тығыз. Сенің ізіңе түстім... Жануар, мал-ақ екен,— дейді жирен айғырды мақтап.— Нағыз қазанат. Содан да ғой, тым ұзап кеткенің. Күн бата ізден айырылдым. Бірақ тартқан сорабынан айнымас дедім. Қызыл іңірде құмға жеттім. Үнсіз, тілсіз, суық төбешіктер. Тағы да үміт үздім. Жануар, Көктеңбіл мен Жиренқасқа табыстырды екеуімізді..."

Сөйтіп, әкемнің айтуынша, адамнан мал ақылды болып шықты. Шынында да. Қай жандық өзін өзі қырып тауысуды мұрат тұтыпты? Жыртқыш деген қасқырдың өзі мәрт емес пе! "Қасқыр да қас қылмайды жолдасына!"— деген өлеңі бар қазақтың, Қоныстас, табақтас жолдас түгілі, қаны бір туыстың өзі жау шықты. Сонда тапқан пайдасы бар ма? Жоқ. Қорқаудың бір сәттік қана қуанышы. Таладым, мұқаттым, жойдым деген. Келесі кезекте таланатын, мұқалатын, жойылатын өзі екенін білмейді. Оған ақылы жетпейді. Ал басына іс түскен кезде қайта айналар жол жоқ — жаншылады да қалады.

Бір кездегі орыс ұлы, социал-революционер, қанішер террорист, болмай қалған тарихшы, жетпей қалған юрист Станислав Юрьевич В., кейінгі мың жылқылы мырза Стамбек Сыпатайұлы,— қазіргі қандықол қашқын, жапан түзді мекендеген Сары қазақ осы сапардан соң тәңірі алдындағы, табиғат алдындағы өзінің дәрменсіздігін біржола мойындады, тәубаға келді. Ал қоғам, заман ағымы ше? Ол да құдай ісі екен. Бір күнде болған, бір күнде шыққан пәлекет емес. Бұдан үш жүз жыл бұрын, Смута дәуірінен басталған. Содан бері бір толастамаған. Құз жарғас, меңіреу шың астында әлденеше мың градус қызумен кайнап, булыға қыстығып жата берген. Халықшылмыз,

революционерміз деп, жұртты бақытқа жеткіземіз, зорлықшылдан, қанаушыдан құтқарамыз деп, ел тыныштығын бастап бұзған мына біз — әлдебір саңылаудан қыстығып шыққан хабаршы ғана екенбіз. Лай бетіндегі көпіршік, нәжіс бетіндегі бу. Бізден кейінгілер — лық еткен алғашқы құсық қана. Лаваның қақпағы жаңа ашылды. Қазір аспанға өкіріп ұшқан отты тас — түйіршік пен күл ғана. Шын жаһаннам алда. Өткенге қарап, бұл да тынар деп көңіл алдарқатпаңыз. Француз революциясы — лиллипут сарайындағы бықсық еді. Куинбус Бонапарт шашақты қалпағымен жауып, оп-оңай өшірді де, бар қуатынан айырылып, Әулие Еленаға қоныс аударды. Біздің советтік қызыл революция — жарты жалғанды жалмаған өрт. Әлемдегі барлық алыпты жинап, несепке айналған төрт мұхитты түгелімен қотарып құйса да басылмайды. Бастилияны алу, Вандеядағы қырғын — ереуіл мен серуен: шулады, тыпырлады, тыншыды. Біздегі азамат соғысы аталы жұрттын, тұқымын тоздырмай толастамайды. Гильотина деген — ойыншық. Біздің конвент адам басын санамалап отырып, баппен, бір-бірлеп шаппайды. Миын бырқыратып, жұлынын уатып, жүз мыңдап әкетеді. Якобилердің терроры деген тым үстірт. Түгесе алмады, ақыры өз бастарын жойды. Біздің мұртты таулық бес-ондаған бақталастарын қақшумен қанағаттанбайды. Таяудағы жүз жылда бас көтеруі мүмкін миллиондаған адамды жер бетіндегі тозаққа тығады. Мен әуелде осының бәрі орысқа қарсы бағытталған зұлымдық деп ойлап едім. Өткен жұрттым үшін жаным ауырған. Одан соң қазаққа — бұратана аталатын халыққа қарсы жасалмақ геноцид деп түсініп едім. Келген жұртыма жаным ашыған. Алғашқысы теріс емес, соңғысы ақиқатқа айналып барады. Сонда бұл не пәлекет? Қолдан ұйымдастырылған, орысқа да, қазаққа да, басқаға да — адам атаулыға қарсы бағытталған зұлмат. Бірақ осының бәрін қозғаған қандай күш? Әділдікке ұмтылу емес. Теңдікке құмарту емес. Өмірді, тіршілікті сәулеттендіру емес. Сонда не? Қирату. Жою. Не үшін? Ең түйте, ең жабайы сезімдерді қандыру үшін. Зұлым қарақшы кісіні тек тонау үшін ғана өлтіре ме. Ессіз бала ойыншықты тек ішінде не барын көру үшін ғана сындыра ма. Тұнық лайланып, тасқын көтерілгенде, құйынды дауыл ұрғанда күнәлі-күнәсізді талғамайды. Төреші — дүлей күш, қозғаушы — кір көңіл, зағип түйсік. Бірақ... тұнық неге лайланады, тасқын неге осыншама дүлей? Неге? Төрт құбыласы түгел, ақылды, абзал адамның өзі өмірден баз кешсе, асылып иә атылып өлетіні бар. Мүмкін, осы дүрбелеңнің барлығы — адамзаттың жер бетінен мүлде көшпегінің жоралғысы болар. Адамзат өзін өзі өлтіруге бекінген... Сонда, Адамзатымыз — ақ түстілер болғаны ма? Жер бетіндегі қаншама ұлт пен ұлыстың тағдырын европалықтар ғана шешуі керек пе? Басқасын қойғанда, қашан өлмегін? Қазақтың атынан билік айтуға қай құдай өкілет берді? Өкілет бермесе, бұл құдай қайда қарап отыр? Қарап отыр. Бәрі де соның еркімен жасалып жатыр. Ендеше... ақырзаман деңіз. Ақырзаман!

Ақырзаман туғанын, бәлкім, біздің де санаулы ғана күндеріміз қалғанын біле тұра, асылу, атылу қайда, тіршілік қамына — өзімізше бақытты өмір амалына кірістік. Ілдалда емес, далбаса емес, бақытты өмір.

Шынында да, Өкімет жоқ, Партия жоқ. Қысас пен зорлық алыста. Ұжданың жаншылмай-ды, жаның киналмайды. Мұхиттағы иен аралдан да оқшау, жолсыз, сусыз сағым теңізінің терең тұйығындағы ұлтарақтай қоныс. Өзің бай, өзің патша. Бар уайым күнделікті тіршілік қамы ғана.

Ал тіршілік жаман емес. Жылқымыз жиырма шақты. Суланып, отығып, қалыпқа түскен Жирен-қасқа айғырға шағын үйір бөліп бердік. Көктеңбілдің өз баурынан шыққан, биыл қысыр қалған төрт-бес байтал мен саяқ құнан, дөнен. Алғашқы күндерде үйірге таласар деп, екі айғырды екі жаққа айдап, қарауылдап отырдық. Құдайдың қу даласында қашанғы күзетесің, төрт-бес күннен соң қосылып кеткенін, оқшаулау болса да қанаттас жүргенін көрдік. Мына тар заманда, енші айырмас иенде мал екеш малдың өзі соғыс емес, бітім іздепті, бірін-бірі қара тартыпты. Жылқы жайын жақсы білетін көкем қатты қуанды. Енді жиырма жыл тұрсақ та тұқым азбайды, екі айғырдың ұрпағы өзара будандасып, өсіп-өніп көбейе береді, дәмнен тарықпаймыз дейді. Шіркін, отыз шақты қой болса ғой дейді. Бар қажетіміз түгенделер еді. Жиырма жыл деген сөзге мен күлдім де қойдым. Қазір алпыс бестегі әкем сексеннің бесеуіне келеді екен. Мен елуден жаңа асам. Несі бар. Робинзон Крузо елсіз аралда жиырма сегіз жыл тұрған ғой. Жиырма сегіз жыл бойы көкжиектен қашан кеме көрінеді деп, жағалауды күзеткен. Біздің елге асығар, қуаныш хабаршысын күтер жөніміз жоқ. Көкжиектен біреу-міреу көрінсе, тек қана бақытсыздық әкелмек. Соған орай қаруымыз да сай еді. Тұтас бір әскер келмесе, он бес-жиырма адамнан құралған жазалаушы отрядтың атқанын атып, қалғанын шалден қатырып, жеңіп аларымызға күмән жоқ. Біздің Зағираның өзі мерген болып шыққан. Ал Жансалқам оқ жеткізуге, су тасуға жарайды. Қызық болар еді. Әрине, қызық емес. Бетін ары қылсын. Жиырма жыл болмайды, әрине, екі-үш жыл бой тасалау қажетіне кез жеткен. Қазір күн жылы, көктем жаңа шыққан, алда ұзақ жаз бар, бірақ біз қыс қамына кірістік. Көлқайнар құдығымызды Жетіқоңырдың құмынан арнап әкелген сексеуіл бұталарымен төбесінен түбіне дейін мұқият шегендедік. Құдық басынан арқан бойы жерден үй салуға — дәлірек айтсақ, жеркепе қазуға кірістік. Әкем: "Ойпыр-ай, енді қарсақ, суырдың кебіне түсетін болғанымыз ба..." деп, әуелде тіксінгенмен, ұқтыра келе мақұл көрді. Құдық қазудан тауанымыз шағылған, әйтсе де тәжірибе алып, машығып қалыппын. Шамасын белгілеп, сол күні-ақ кірісіп кеттім. Әлде еріккеннен, әлде қызыққаннан, анау-мынау емес, тура үш бөлменін іргесін шаптым. Ортаңғы — ас үй, түбінде өзара қабырғалас екі қоржын отау бар. Қаза бастағанда Зағира біздің ойға келмеген бір ақыл тапқан. Су құйып жібіту. Мен су шығындағаннан гөрі жан қинағанды тәуір көріп едім, әкей келінін мақұлдады. Су мол, қанша құйсаң да жетеді деген. Құдық түбіндегі судың молы рас, күн сайын ертемен қауға тартып, мал суарғанда өзім де көріп жүрмін, жөппелдем жиырма бес-отыз шелек алғанда қыл арқан белгіленген түйіннен қарыс сүйем төмен түседі де, бірер сағатта қайтадан қалпына келеді, бірақ дүниеде кенеусіз нәрсе жоқ, шелектеп болса да айлар бойы, жыл бойы үздіксіз шығындаған соң, құйылып жатқан қоры сарқылмасына кім кепіл.

Қабырға сор тартып, немесе жарылып кетеді деген сылтаумен суымды сақтап қалдым. Құдық қазған кездегі Гамлет лепесінің (сірә, Шекспирдің Гамлетінің: "Боламыз ба, әлде тозамыз ба!" деген сөзі туралы айтып отырса керек,— М.) ызғырығы жоқ. Асықпай, салмақпен сілтей ұрып, қайла шабуға кірісіп кеттім. Топырақ тартатын терең құдық емес, әкемді жұмысқа араластырмадым. Онсыз да шаруасы жеткілікті. Бір заманда Ши сындырып көрмеген Сыпатай мырза желі басын қадағалайды, сауын кезінде құлындарды ұстап тұрады, қырға шығып жылқы көздейді, ұзаққырап жайылатын түйелерді қайырып қояды. Менің ісім қалыпқа көшкен соң, таяу маңнан атыс-шабыс, қуғын-сүргін келе қоймасына көз жеткен кезде жақын төңірек оты тозып, қылтанақсыз қалмас үшін малды ұзатып, өзі жайып қайтатын болды. Әрине, ауылда аяқ артар көлік қалады. Бірақ ақсақал қайратты еді, тың еді, қауіп сырттан ғана келмек. Әйтсе де мылтық алудан бас тартатын.

Астан тарыққамыз жоқ. Қыстан, көктемнен қалған сүр бар. Ақ мол. Қымыз, саумал. Сонда да бірдене жетіспейтін сияқты. Мен он бес жылдан бері анда-санда ғана үзіп тататын, мүлде жоқтамайтын нан емес. Құрт-май, ірімшік, қатық деген сияқты дәмдер. Жылқы сүті ірімейді екен. Оның үстіне қымыз ішіп жүріп қымыз сағындым. Сары -Арқаның, Сарысудың үйірілген, қою сары қымызын. Бетпақтың шөбі бөтен, бие сүті сұйық әрі көгілжім түсті. Әкей ас жеткілікті болса да, менің қарбытып тоя алмай жүргенімді андаса керек, қоныс іргесі түгел белгіленіп, үш бөлме қабатынан ойылып, ортаңғы үй тізеден төмен түскенде тағы бір жылқы сойды. Менің сараңдығым ұстап еді, "Балам, Қарынбайдың заманы өтті, бәрібір байымаймыз",— деп ризашылықпен күлген де, шаруасын өзі жасаған. Дөненнің төрт аяғын ілгіштей матап, жалғыз өзі -ақ жығып салды, бата жасады да, келініне басық тартқызып қойып, бір-ақ орып қорқырата бауыздап, терісін сыпыруға кірісті. Жанымыз түгел дсйді. Бес бие құлындады. Жаудан түсіріп, бір өзі он атқа татитын жирен айғырды тағы әкелдің. Бұйыртып жегізсін. Құдай тыныштығын берсін.

Бұйыртып жегізді. Тыныштығын берді. Жаз ортасы ауып, бүкіл дала отқа түскен табадай толықси қызған, көз көрім көкжиекті буалдыр, сұрғылт сағым буған кезде текшелей қазып, тынымсыз тереңдеткен үйіміздің бойы қол ұсынымнан асты. Сол кезде есіме түскен. Көксiген Есiл жоқ, мол арналы Сарысу жоқ — моншасыз қалай күн көреміз. Әрине, қосымша бейнет, қаншама жұмыс. Бірақ кең сарай салып жатқан адамға алақандай монша деген не. Әкем мен әйелімнің ақылын алып, су құйып жібiттiм. Тез қазылды. Ендi кешкi салқын мен түнгi тоңазда күндiк жердегi құмға қайта барып, үй төбесін жабатын, арқалық, тіреу болатын сексеуіл таңдадық. Төрт түйемен екі-үш мәрте қатынап, керегімізді артығымен жеткіздік. Күз түсе ұядай үш бөлмелі үй моншасымен, барлық жабдығымен дайын болды. Енді не керек! Үй бар. Су бар. Мал бар. Басымыз түгел. Жарты дүниені топан басса да, бізге келер пәле жоқ.

Шынымды айтсам, әуелде көңілде түйткіл болды. Қобалжу болды. Қауіп-қатер емес, жалғыздық жайы. Рас, біз төрт жанбыз. Жүз елу-екі жүз мың, бәлкім, төрт-бес жүз мың шаршы километр аймақта төрт -ақ адам . Қиналсаң — көмек, ауырсаң демеу күтпейсің. Жер әлсінде бізден басқа тірі пенде жоқ сияқты. Адам-Атаның ұрмақтан қуса да, талақ етпеген құдайы бар еді. Тұқымы құрымасына кепіл еді. Ал біз ше? Біз де құдайдан үміт үзгеміз жоқ. Соншама шытырманнан бір емес, әлденеше рет аман шығуымыз да жаратқанның жебелеуінен. Алайда, жердегі Ібіліс (түпнұсқада Сатана — М.) күштірек еді. Қызыл қанға шомылған Ібіліс жасағы сау етіп жетіп келсе, сырттай қанша қоқиғанымызбен жан сақтау қиынға түспек. Сонда да алғашқы күндерде, алғашқы болғанда, үй салып біткен, бұл арада екі-үш жыл, бәлкім одан да көбірек бой тасалауымыз мүмкін екенін анық түйсінген кезде көңілім қатты құлазыды.

Робинзон елсіз аралда жиырма сегіз жыл өмір сүрсе, ол — кітап, қиял. Робинзонға сұлба болған, өмірде шын жасаған теңізші Селькирк төрт-ақ жыл тұрған. Әлде бес жыл ма. Төрт-бес жыл. Соның өзінде естен айырылуға тақап, жабайы кепке түскен. Ал кемесі қирап, мұхит аралында қалған тағы біреулер айналасы бірер жыл ішінде адамдық бейнеден жаңылса керек. Бәрі де жалғыздықтан, адам — қоғамдық жәндік деседі. Бірақ пенденің тегі ортақ болғанымен, табиғаты әртүрлі сияқты. Селькирк те, басқа европалықтар да шулы кентте, құмырсқа илеуіндей быжынаған, халқы тығыз мекендерде қалыптасқан жандар. Сахарада өскен, алты ай жазда кең далада — жайлауда, алты ай қыста ақ қар басқан иенде — оңаша қоста, алыс отар, шалғай мекенде күн кешкен қазақ қандай аралға тастасаң да жалғызсырамас еді. Сыпатай мырза да Зағира да, тіпті, менен туған кішкентай Жансалқам да оңаша калдық-ау, иенде тұрмыз-ау деп жабыққан жоқ. Қайта, қуанышты. Күнәсіз сәбиіме, көнбіс әйеліме, бізден басқа панасы жоқ жетім әкеме қарап, мен тағы да тәубаға келдім, шүкіршілік айттым. Екі жыл емес, үш жыл емес, жиырма, отыз жыл осы Көкжайлауда отырамыз деп өзімді сендірдім, көңілімді бекіттім. Сол күннен бастап өмір сүру жеңілдеді.

Екі-үш жыл емес, мұндай аз ғана мерзімде заман оңалмасын өзім де білгем, жиырма-отыз жыл да емес, оған менің өмірім жетсе де, басқалардың өмірі, төзімі жет педі — тура он алты жыл мысыр еттік берекелі, кенішті Көкжайлауды. Елу жылдық ұзақ ғұмырымдағы ең бақытты күндерім десем, қателеспеспін. Рас. Университетте оқыған әуелгі жыл... Қатер, күрес алдындағы кезең, өз жайымды емес, Ел жайын (бұралаңды, ұзақ өмір жолында өз басына пана таппаған қашқын бір кезде құдіретті, ұланғайыр Россия империясының болашағы үшін күресіпті деп ойлаудың өзі қандай күлкілі...) көбірек ойлаппын. Бұғаудан босаған, өліп тіріліп, тыныштықта, байлықта күн кешкен заманда арттағы ескі жұртымды ұмыта алмаппын, сол сойқанды, қанды майданға қайта кіруді армандап, дүниенің бар даналығын игердім деп ойлайтын, бірақ бүкіл әлемді апатты халге жеткізген ақ жүзді қауыммен қайта табысудан үміт үзбеппін — көңілде түйткіл, жүректе жара, ниетте жарықшак бар екен. Шын бақытты арғы жұрттан біржола безіп, бергі

жұрттың қалың ортасына сия алмай, жан сақтау, қайткенде де тіршілік нәрін үзбеу амалына түскен... сол амалдың іске асуына септескен кең даладан — құс ұшпас, қарсақ жортпас, сусыз, тұлдырсыз Бетпақтың шөлінен тауыппын. Ештеңе де керек емес екен маған ол күндерде.

Күзгі салқын соққанда киіз үйді жығып, тамға (жертөле деп айтуға қимаймыз, сыңғыраған кең сарай) көштік. Бірақ шаруа біткен жоқ. Қайта, қыс жақындаған сайын көбейе түсті. Төрт түйені қатар артып, құмнан сексеуіл тасыдық. Отынға ғана емес. Желекті жас шыбықтан шарбақ тігіп, ықтырма тұрғыздық. Төңіректі шалып, оты мол, бұталы, қалқалы жерлерді белгіледік. Қыс түскенше бар дайындығымызды тәмамдап, төрт тарабымыз туралы толық мағлұмат алдық.

Бетпақтың қысы жылы. Қазақ май тоңғысыз дейді. Яғни, май қатпайтындай жұмсақ деген сөз. Қар жұқа. Көбіне аттың шашасынан оза қоймайды. Біз тұрған соншама жылда екі-үш-ақ рет қалың жауып, тізеден асты. Бірақ тез ериді. Қыстың қақ ортасында-ақ жусандары қарайып, бұйырғыны мен раңы бозара сояуланып, теріскен, түйесіңір мен итсигек күреңіте бусанып, бүкіл дала тенбіл-теңбіл, ойдым-ойдым, өзгеше түрге енеді. Мал тебіндемей жайылады. Ылғал мол. Кейде жел тұрып, жаяу борасын жүріп кетуі мүмкін. Қыс оқыс қатайып, аяз шамамен жиырма, мүмкін, отыз градусқа тақап калатын күндер бар. Бірақ қайтымы тез. Малға да, жылы киінген адамға да қатері жоқ. Жайлы. Шаруаға жайлы. Бетпақтың күні шақырайып, шөбі қураған аңызак жазынан жер аяғы кеңіген ылғалды қысы артық еді. Бірақ ең жақсысы — көктем. Көктем кайда да әсем ғой, әйтсе де Бетпақтың көктемі айрықша нұрлы. Өзім көрген алғашқы көктемде баска бір әлемге енгендсі, сүйсіне мейірленгем. Өткен жазда қаңсып, қурап жатқан жалаңаш дала мүлде өзгеше кейіпке көшкен. Наурыз тумай-ақ қар сөгіліп, қоңыр күрең, ақтаңдақ алаңқайлар бір-ақ күнде желекті мақпал жамылды. Үй іргесінен басталған жасыл кілем көкжиекпен астасып, бүкіл әлем қайта туған. Мен ғайыптан өсіп шыққан жатаған, желекті, сояулы — түрлі кептегі әрқилы шөптің бір талын жұлып иіскеуге де қолым бармай, жер бауырлап жата кеттім. Топырақ сыз, қоңыржай. Бусана толқын түр. Көк атаулы көкіректі кере жұпар атады. Жайлап басып әкем келді қасыма. "Мынау — жусан,— деймін.— Ал мынау не шөп?" "Бұл — ажырық деген. Жылқының асы". "Ал мынау "Мысық-құйрық". Шынында да мысықтың құйрығына ұқсас. Жер бауырлап, шұбатылып жатыр." нәрлі шөп,— дейді әкем.— Бұйырғынды білесің. Жапақ, тарлау, беде, тітір деген шөптер де жылқыға жерік ас. Малды жақсы семіртеді. Мына тұста тәуір өсіпті. Анау ойда — қалың сораң. Қарасы. Қызыл сораң да кездеседі энеу бір тұста. Мырза сораң дегені де бар. Мырза аталатыны — жеуге жарамды дәні бар, таршылық кезде үгіп, тамаққа пайдалануға болады". "Тағы не бар?"— деймін. "Көп қой. Қоянжын, түйеқарын, шығыр, күйреуік, балықкөз, сіңбірік, ақшотау, сіркеқара, қоңырбас... Құдайдың жан иесі мал атаулыға арнап жаратқан шөбінде қисап бар ма..." "Соның бәрі өсе ме осы Бетпақта?" "Бетпақта өсетіндерін ғана айтып тұрмын ғой,— дейді әкем.— Майсалы, нулы жерде тудым, шөл мен

қырдың жайын көп біле бермеймін". "Жейтін... адам жейтін шөптер бар ма?" Әкем күлді. "Шөп жеп орыс боп кетіппіз бе?.." "Жаңағы мырза соранды айтам..."— дедім. "Иә,— деді әкем беті шалбарлана әжімденіп.— Шәушымылдық болмаса... Тамыры. қызғылтым түйінді, кішкентай бұта. Бірақ көрмедім. Ал құмда... Құмды қоныстанған адам аштан елмейді. Көсік деген, жаужұмыр деген бар. Тамырлары жер бетіне тақау, бірер қарыстан шығады, сопақша, ұзыншақ. Кіршілдек, қышқылтым, өте нәрлі. Содан соң, қоянтобық деген жеміс. Жаңағыдан тереңіректе жатады, екі қарыстай жерде, домалақ, бармақтай, бармақтай. Иә, сосын... мондалақ... Бұл — көк сабақ сары гүл, тамыры түйенің құмалағындай, домалақ, түрі қоңырқай болғанымен, дәмі сүйкімді. Мұны ешқашан көргем де, жегем де жоқ, әкеміз айтып отырушы еді, баяғыда ел Арқадан Сырға көшеді екен, шөлді басады, құмнан асады, сонда тәттілеп, ашылап жеп жатушы едік деп... Ойлап тұрсаң, тоқтық пен аштықтың жерігі бір екен..."

Соңынан әкем айтқан нәрлі тамырлардың кейбірін жеп те көрдім. Аштықтан емес, тоқтықтан. Кейінірек арнайы шығып та әкеп жүрдім. Еріккеннен, жұмыссыздықтан. Мүмкін, дәм алмасу үшін ағзамыз тілеген шығар.

Қайткенде де, кішкентай Жансалқам әкесі базардан оралғандай қуанатын. Ылғи ет. Ылғи сүт. Не пісәс, не басқа тамақ жоқ. Бауырсақ тауып беріңдер деп қырсығады. Өткен жылы ма, арғы жылы ма, бауырсақ жегені еміс-еміс есінде. Немесе естігенін айтады. Бауырсақ. Шелпек. Құрт. Ірімшік. Тауып бере алмаймыз. Өзімізді кінәлі санаймыз. Мондалақ, көсік қазып әкеп алдаймыз.

Баяғыда, бала кезімде естіп едім. "Халық аштан қырылып жатыр, нан болмай",— дегенде, корольдің қызы: "Онда неге тоқаш жемейді?"— депті. Қазақшаға көшірсек, "Ет таусылса, неге май жемейді?" болып шығар еді. Ет таусылған жерге май қайдан келмек. Нан мен тоқаш әуел бастан жоқ. Бар өмірі мал сүмесіне қараған ел. Мал кетсе, тамыры тартылған бұлақтай, елдің бүкіл тірлігі суалмақ екен. Біз Көкжайлауға қонғаннан соңғы үшінші жылы бар малы қолды болған бүкіл қазақ халқы аштан қырылды.

Мексика мен Перуді жаулаған конкистадорлар заманы, тарихында мұндай сұмдық болған емес. Кортес пен Писарро адам қанын судай ағызды, одан соңғы Альфингер мен Ордас сияқты келте қарақшылар түземдіктерді бестеп, ондап, жүздеп аулады, қолы ұзын, қарпымы кең Алмейда мен Альбукерки жер шарын қақ бөліп, тереннен тартқан елу жылдық, жүз жылдық жоспарлар жасады — нәтижесінде айналасы екі-үш ғасырда мұхит айдынындағы алақандай аралдарың не, жер шарының жарымын алып жатқан алып құрлықтар өзінің байырғы иелерінен тазартылып, өміршең де жеңімпаз нәсілдің мәңгілік мекен -тұрағына айналды. Оқ-дәрісі жоқ, темір текті жарақтардан ада, тым құрса ат мініп үйренбеген, жалаңбұт тайпаларды (Станислав-Стамбек бұл арада аз-маз қателесіп отыр, кейінгі орта ғасырларда, отарлық экспансия кезінде мағлұм болған батыс құрлық халықтарының көбінің мәдениеті жоғары, кей реттерде Европалықтардан

артық еді,— М.) жою үшін нендей амал қолданбады дейсіз: басын шапты, дарға тартты, отқа жақты, итке талатты, шөлге қуды, ауызсуларын улады, өздерінің озық үлгілі мерез бен соз, ШЕШЕК пен алапес сияқты ауруларын жұқтырды — не істемеді — ақыл-ойын да, қулық-сұмдығын да, ғылым-білімін де қалтқысыз жұмсады, аянған жоқ, сөйтіп, ақыр түбі, екі жүз жыл, үш жүз жыл дегенде мұраттарына жетті — топырақпен бірге жаратылған, мыңдаған жылдар бойы бақытты тұрмыс кешіп жатқан, ұшан мұхиттың арғы жағындағы асыл нәсілге қастандық ойламақ түгілі, олардын бар-жоғынан бейхабар қаншама халық, неше миллион жан — әйел-еркегі, шал-кемпірі, бала-шағасы — тұқым-тұяғымен жер бетінен аласталды. Ғайыптан тірі қалған жеке топтарын құл-құтан қылып, борыштар, кіріптар қылып қойды. Неткен тартыншақ, жұмсақ, әрі топас жұрт бұл испандар мен португалдар, ағылшындар мен голландтар — бүкіл Батыс Европа жамиғаты! Қаншама күш жұмсаған, оншақты ұрпақ ғұмырына созған. Ал біздің қызыл рволюционерлер — менің ағайындарым — қазақ сияқты дарқан халықты, бай халықты, кең өлкені мекендеп, кенеусіз өскен арда халықты бір оқ атпай, бір тамшы қан шығармай, жалғыз-ақ жылда жусатып салған! "Белдеуде бұзау қалмасын, көгенде лақ қалмасын!" деген коммунистік өршіл ұранмен қолда барын тегіс сыпырып алған соң, бар тіршілігі малға ғана қарап тұрған халық бестеп -ондап, елулеп-жүздеп емес, жүз мыңдап, миллиондап қырылмағанда, екі ғасыр, үш ғасыр бойы шегін шұбатып жүрмей, бір-ақ жаз, бір-ақ қыста тегіс жер жастанбағанда қайтсін! Жасасын заманымыздың ақыл-ойы, арнамысы, данышпандардың данышпаны, күштілердің күштісі, тереңдердің тереңі, ірілердің ірісі — туысқан бауырымыз, әке-шешеміз кәмөнес-балшабектер партиясы! "Ондай партия бар!" — деген екен ұлы көсем. Бар екен. Бір-ақ күнде төңкерді де тастады. Шіріген буржуазиялық парламентке, т.б., т.с.с. тәртіп, низамға пысқырған да жоқ.. Төтенше билік тілеген құрылтай делегаттарын қойдай қуып таратты. Жаса, Владимир Ульянов-Ленин! Ақ генералдардың бірін біріне соқты, Жаса, Лейба Бронштейн-Троцкий! Содан соң... көмекші болған, жебеуші болған, тілеуші болған ақымақтар мен ашықауыздардың тобын жойды. Жаса, Каменев, Бухарин және К. Одан кейін бұлардың өзі, бұлардың етегінен ұстағандар, етегінен ұстағандардың етегінен ұстағандар, етегінен ұстағандардың етегінен ұстағандарға жанасқандар, етегінен ұстағандардың етегінен ұстағандарға жанасқандарды көргендер, е... е... е... е... жанасқандарды көргендерді танитындар, көргендерді танитындар туралы естігендер, е... е... е... е... к... к... к... естігендер туралы естігендер, естігендерді көрмегендер, көрмегендерді білмегендер... — тегіс өздеріне лайық сазасын алды. Жаса, ұлы Сталин! Соның бәрі кімнің соры десең, соның бәрі ең алдымен біздің сорға — қазақтың сорына болып шықты. Жүз адамның жетпісі өлсе отызы қалады, отыз жыл өтпей қайтадан жүзге толады. Он адамның жетеуі кетсе не қалады? Қаншама заманнан соң ортасы толады? Кеше өзінен еңсесі төмен тұрған тоғыз — тоқсанға ілініп, толықсып отырғанда, ендігі жүз болатын, ұзамай мың болатыны шалқып дәурен суретін кешегі онның сарқыншағы — аштық

тозағы, ождан тамұғынан өткен, жетім-жесір, қорқақ-жалтақ үшеу бұрынғы санына жете ме, жетпей ме? Жетсе, баяғыдай жүре ала ма, әуелгі орнын ала ала ма? XX ғасыр адамзатқа апат әкелсе, сол апаттың ең ауыр салмағы қазаққа түсіпті. XX темір ғасырдағы сырты әсем, іші зәр, аяр да жалған ұрандар бүкіл Россия империясына өлшеусіз шығынға түсер ең үлкен шығынды қазақ көтеріпті. Коммунизмге жеткен осыншама бақыты үшін кімге рахмет айтуы керек бұл халық? Әлбетте, менің әулетіме. Әлемді қайта құрмақ болған, сол үшін қарақшылық жолға түскен мына маған! Дүниеден баз кешіп, иенге ұмтылуым — жан сақтау амалы ғана емес, құдаймен көңілде тілдесер, риясыз кешу сұрар оңаша тыныштықты аңсау да болса керек. Мен өз күнәмді бұрын да білгемін. Бірақ мұншама дәрежеде қылмысқа баттым деп ойламағам. Мен! Мен сияқтылар! Менен гөрі жолды, яғни, бастаған ісін аяғына жеткізген мыңдаған бейбақтар. Социал-революционер. Социал-демократ. Октябрист, кадет. Максималист, анархист. Оңшыл, солшыл. Меньшевик, большевик... Бәрінің төбесінде тау қыраны — мұртты гүржі тұрыпты. Бәрі де соған қызмет еткен. Соған қызмет еткен болып шықты ақыр түбінде... Бұл — енді ғана, бұрынғы ана тілімдегі "БК(б)П тарихының қысқаша курсын" оқып шыққан соң түйген ойым. Ал сол бір күндерде... Буын-буынымнан әл кетіп, төсек тартып жатып қалдым. Жас төгіп жылағам жоқ. Ашу шақырып қарғыс та айтпадым. Ет-жүрегім езіліп, үнсіз зар тұттым. Ата-бабамның өскен елі, өзімнің бауыр басқан жұртым, жалғыз перзентімнің туған ұлты — жүздеген жыл бойы кең даланың көркі болған мәрт халықтың жер бетінен көшкен талайсыз тағдырын, азаладым. Бұл күнді көрмесем керек-ті, бұл кепке жетпесем керек-ті. Төңкерістен соңғы кезеңде когам өміріне бел шешіп араласуым жөн екен. Ақ патшаға қарсы шыққан, каторгаға айдалған деген атағым бар, екі тілге бірдей жетікпін, сауатым жоғары, көргенім көп, ел басқару ісіне ат салысу қажет еді, жоғарыдан арнайы шақырулар келгенде, ауыл арасына шыққан комиссарлармен жүздескенде ұсынып отырған жұмыстан бас тартпау керек еді, мүмкін, автономия көлемінде болмаса да, белгілі бір аймақта тәп-тәуір мансапқа жетсем, жұртымның басына түскен ауыртпалықты аз-маз жеңілдетуге, бәлкім, кейбір зауалдардың зәрін қайтаруға себім тиер еді. Бас сауғалаудан аспаппын. Жаңа тәртіптің жаршысы болмай-ақ қояйын, партиясына кіріп, қанды шелекті жаламай-ақ қояйын, атқамінер әкім, тым құрса, губерниялық кеңседе тілмаш болып жүріп те көп игілікке ұйтқы болар ем... Аз-маз ес жиып, ой тоқтатқанда мұның бәрі бос далбаса екеніне көзім жетті. Ақылдың кемдігі, танымның үстірттігі. Құдай-ау, эсэр емес, тіпті, меньшевик те емес, большевик болғандардың өзі оққа ілініп жатқанда, курс тәмамдамаған студент қайда, ғылымды түгескен, ізгіліктен басқаны насихаттамаған профессор Ақ теңізге айдалып жатқанда, мені болыстық не губерниялық кеңседе екі күн аман отырғыза ма! Әуелі жазалаушы отряд, кейін азық-түлік жинайтын жасақ құрамында елді қасқырдай таласаң, бейбіт күндерде кешегі қандышелектердің өзін қан қақсатқан арызқой, жалақорға айналсаң, немесе құпия полицияға тыңшы-үндемес болсаң — тіршіліктен аз-маз үміт бар.

Әйтпесе... 14-жылы қазылған көрің қаншама мәрте жаңартылғанын, тереңдеп, кеңі түскенін, тартқыш, тапқыш қасиетке жеткенін білсең керек!

Буыным бекіді. Үйелменімді қуантып, орнымнан тұрдым. Бірақ ішім қуыс еді. Бауырым езіліп, жүрегім шымырады да тұрды. Сұмдық еді. Әкейдің алып келген хабары сұмдық еді. Адам сенбейтін. Бірақ айна қатесіз ақиқат.

Біз жатқан жеріміз қанша тыныш болса да, бар қажет өзімізден табылса да, қалың елмен катынаспай тұра алмадық. Ең ауыры — белгісіздік екен. Мүмкін, жаңа тәртіп құлаған шығар. Әлде, НЭП кезіндегідей, қиялап тартатын, адамдыққа сыйымды тағы бір саясат ойлап тапты ма. Қалың ел не болып жатыр. Әкейдің жүйкесі берік. Мен әуелден саяқ жаратылған жанмын. Зағира бар бақыт ошақ басында деп санайды. Жансалқам ес білгеннен жалғыз жүріп, жалғыз ойнап үйренген, желідегі құлыннан басқа серік іздемейді. Әйтсе де белгісіздік жегідей жеді. Ақыры, жаңа тұрмыстың үшінші жылы ат ерттедік. Бір ат. Жол менікі еді. Алайда көкем рұқсат бермеді. Балам, көзге түсіп каласың деген. Мен байқап жүретінімді, бейсауат көзге шалынбасымды айта бастап едім, сырттан бақыламай, жұртпен сөйлесу керек деді. Сонда ғана түйсіндім. Баяғыдай. Қанша қазақтың десем де, түрімді жасыра алмаймын ғой. Сөз мәнісін ұққанымды көрген соң әкем де қысылып қалды. Мен қызарып кетсем керек. "Мұнда шаруа көп, мен малға ие бола алмаймын, оның үстіне, кім біледі, жалғыз-жарым адасқан қары-қарақшы үстімізден түсіп жүре ме..."— деді көкем күмілжіп. Немересінің бетінен сүйіп, үнсіз аттанып кетті. Ажал көлеңкесі ұялаған Сорбұлаққа емес, тура түстікке тартқан. Айтқанындай, оншақты күннен соң аман-есен оралды. Көлігі тың, өзі де ширақ. Тек жел қағып, қарайған. Шөлден бе, жолдан ба, түтігіп кеткен. Аттан түсіп, сусын ішіп, Жансалқамды алдына алып, аяқ жазған соң ғана күрсіне тіл қатты. "Қырылып жатыр!.." Өзен бойы өліктен көрінбейді дейді. Аштықтан бұратылған, ісіп-кепкен адамдар,— басқа емес, қазақтар,— шұбырып, Қаратауға қарай кетіп жатыр. Онда да аштық дейді. Ел Сырға ауған, Сырда да аштық. Аяғында әлі бар тірі жан атаулы бір жағы Шуды өрлеп қырғызға, бір жағы таудан асып, шөлді басып Тәшкен, Самарқанға өтуге тырысады. Сөз ыңғайына қарағанда, қырылып жатқан Қазақстан ғана. Онда да басқа емес, қазақ. Шет жұрттар жиналған қалалар, қарашекпендер орныққан селендер дін аман...

Тамақтан түйір өтпеді. Бірақ алдында ас тұрған адам аштан өлмейді екен. Жүрек күпті, көңіл үрейлі болса да, қажетті тіршілік қамын жасай бердік. Су сүзіп, тау кезіп жүріп нәр тапқан, ғайыптан тірі қалған қазақ атаулыны біржола жайпап өту үшін келгендей, 33-жылға қараған қыс қаһарлы болды. Алдағы малдан айырылсақ, біз де қалған жұрттың соңынан кетеріміз анық еді. Қысқы соғымға екі күр атты катарынан сойдық та, қалған жылқыны, төрт түйеге қосып, Жетіқоңырдың құмына айдадық. Кәдімгідей қос тігіп, әкеміз бел шешпей тебін күзетті. Қасқыр жоқ, сірә, малы кеткен қазақпен қоса қырылса керек, бірақ мына тұлдырсыз кенде жылқыдан көз жазуға болмайтын. Мен төрт күнде бір қатынап тұрдым. Екі-үш рет алмастырып, орнында қалғанда, мұндай ауыр шаруаға біздің әкей сияқты

сүйегі асыл, ат үстінде туып, мұз төсеніп өскен дала перзенттері ғана шыдайтынына көзім жетті. Тоғыз биенің бесеуі құлын тастап, бір түйеміз мертігіп, сойысқа түскені болмаса, ауыр қыстан аман өттік. Қақаған аяз түгілі, жалындаған оттан, ақыр заман, қияметтен де аман шығарымыз белгілі болған. Мұным, әрине, күпірлік. Бірақ жер аяғы кеңіген соң, Шу бойына — Ақжайқыннан түсіп, Жуантөбеге дейін жүргенде қатар-қатар тігілген, қысқы боранда да шаңырағы құламай, уығы шашылмай аман қалған, бірақ аппақ үзіктері борсып, қопсыған, иен қалған киіз үйлерден басқа ештеңе көрмедім. Кейбіреулерінің есігі сыртынан жабылған екен, ашып қарауға жүрегім дауаламады. Былтыр әкем айтқан, амалы таусылған жұрт, шырқырап көз алдында кетеріне шыдамай, балаларын үйге қамап, өздері аулаққа барып өліп жатыр деп. Әрине, қараптан қарап өле салмайды. Тышқан іздейді, тамыр қазады, шабақ сүзеді — таба алмай, ала алмай қар астында, жар басында, су жағасында демі үзіліп жығыла береді. Биыл өзен жайылып тасыған екен, қарға-құзғын, қасқыр-қарсақтан аман қалған сүйектер қазір Ақжайқынның түбінде тыныстап тұнған. Соның өзінде... шалғын арасы толған қаңқа. Епетейсіз жығылған, бүріскен, құрысқан қалыптарында саудырай шашылып жатыр. Жаңылмасам, Қазақ Ордасы Шу бойында құрылды деп оқып едім баяғыда, өзіммен аталас туыстарымның бірі, атақты тарихшының енбегінен. Енді сол жерде көмілгендей көрінді. Жалғыз Шу ғана болса, ер қазақтың өкшесі ғана кетілер еді ғой, Сыр мен Ертіс, Есіл мен Жайық. — бәрі... бәрі де осы кепке ұшыраған. Ғаламат. Қазір ойлап тұрсам, әлемнің бес жүз жылдық, отарлау тарихында дәл осындай кең көлемде, аз уақытта, мұншама мінсіз, таза жүргізілген операция жоқ екен!.. Және, орыс коммунистері өкімет басында жүз жыл отырса да, олардың мақтан етерлік, орнына келген, тиянақты жасалған жалғыз-ақ шаруасы — осы, қазақты тұқымымен қыру жоспарын ойдағыдай жүзеге асырып, Европаның оншақты мемлекеті еркін сияр байтақ өлкені өз ұрпақтары үшін біржола босатып алғаны болса керек.

Кең даланы қаптай өрт жапқанда қақ ортада ғайыптан бір түп ши аман қалатын. Тірі қалғандар да бар болып шықты. Жүзден екеу, мыңнан үшеу дегендей. Соның бірі Алмаш кемпір екен.

Тұр-тұлғасы ұсқынсыз әлдебір тірі жанның, өзеннен бөлініп қалған таяз, комша суды жалдай кешіп жүргенін анадайдан байқағам. Жақындап келгенде, жағада екі кішкентай бала ойнап отырғанын көрдім. Ал су кешуші — қобыраған аппақ шашы білте-білте, үсті-басы өрім-өрім кәрі кемпір екен. Мен қатарына жеткенде құмда отырған, қарындары қампиып кеткен, шаштары өскен, жас шамалары үш-төрттердегі қалқанқұлақ екі бала көздері бақырайып, таңырқай қарады. Тізеден су жалдап, еңкендеп, әлдене сүзіп жүрген кемпір, ел көрмей, жан көрмей келе жатқан көк азбан екі балаға қарап оқыранған кезде ғана мені байқады. Шошып кеткен. "Ассалаумағалей-күм, апа!" — дедім мейлінше сыпайы дауыспен. "Ойбай көтек! Орыс па десем..."

Ноғай ғой. Мұсылман екенсің ғой..." — деді кемпір жүрегін басып. Асығыс, қимылмен қылтадан жоғары түрілген етегін түсірді. "Е-е, апа, орыстан көрген бір қорлығыңыз бар ғой?" — дедім. "Жоға, шәрде болмаса,

орыс қайдан келсін мұнда. Мен білген орыстың бәрі адам сияқты еді. Жамандығын көргем жоқ". "Онда, казактан көрген жақсылығыңыз бастан асты гой..." Кемпір алақанының сыртымен мандайын сүртіп, күрсінді. Маған кадала карады. Көзі адырайған, ұшқынды, өткір, жағы сорайған, бет-аузы шалбар-шалбар, қолы қап-қара күс, үстіндегі сауыс-сауыс мақпал қамзол мен қандай матадан тігілгені, әуелгі өң-түсі белгісіз, бой-бойымен сөгілген пара-пара қоңыр көйлек иығына әрең ілініп салбырап тұр. "Шырағым, тамағы тоқ, уайымы жоқ адам сияқтысың. Бірақ не белсендіге, не кепеуге ұқсамайсың. Көктен түстің бе, жерден шықтың ба. Кім қырса да қырылды алаштың баласы. Өз басым үшін емес, мына екі жетімек немерем үшін жүрмін. Асығыс болмасаң, қайыр жасап аттан түс, мына сүзгінің бір жағын ұстап жібер. Балық сүземіз..."

Сүзгісі бір кездегі ақ шаршы болса керек, ұзындығы құлашқа жақын, сатал-сатал, кырық жамау, ескі шүперек екен. Балық — ең үлкені шынашақтай ғана, көбі қолға ілінер-ілінбес шабақтар екен. Кішкентай демесең, жыпырлап жүр. Кемпір ұсынған шүперектің екінші жақ шетінен ұстадым. Бір қолмен жер сызып, жалдай сүзіп келеміз. "Иә, алла, бергеніңе шүкір,— дейді кемпір күбірлеп.— Ризығыңды тауыспа. Екі жетімді жеткізе гөр... Ал, көтер!"— деді кенет. Көтердік. Суы сүзіліп шыққанда шүперектің ортасында салынды, балдыр аралас көп шабақ қалған. Жағада, екі баланың қасында сырты қара қожалақ, ішіне азгана су құйылған көк қауға тұр екен, кемпір шабақтарды соған апарып салды. Екінші қайыра түстік. Тәуірірек шықты. Үшіншіде мәз ештеңе ілінбеді. Содан соң қомша судың қарсы бетіне көштік. Не керек, он ба, он бес пе рет сүзгенде жарты шелек шабақ жидық. "Болды. Ендігісі ертеңге қалсын. Анау жерде тағы бір су бар. Балығы көп. Бірақ бұдан гөрі тереңірек..."— деді кемпір.

"Бұл қалай болды?.."— дедім мен жағаға шыққан соң, шұлғауымды орап, етігімді киіп жатып. "Е-е, мырза жігіт, айт, айтпа — орнына келмейді,— деді кемпір.— Тым асығыс болмасаң, дәм ауыз тие кет. Мына балықты біз бүгінге тауыса алмаймыз. Құдай ертеңгі ризығын тағы бере жатар". "Шеше, қалай, мына құрт шабақтар да асуға келе ме?" "Қазір көресің,— деді кемпір.— Басқа түссе баспақшыл деген. Мен үйрендім". Кемпір анадайдан, бұта түбінен салдыратып кесе, табақ және тайкылау темір шелек әкелді. "Міне, былай,— деді маған көрсетіп.— Шабақты алып, сығып, шегін шығарасың да, суға шайып, темір шелекке саласың. Қазір, құлыңдарым, қазір..."

Мына ағаларың жақсы кісі екен, екеулеп тез жасап тастаймыз",— деді мешел екі балаға қарап. Әлде әбден мәңгі кеткен бе, әлде қарындары тоқ па, бастары қауғадай, мойындары қылқиған екі бала сылбыр қимылмен тас қалап, құм құйып, еріне ойнап, өз беттерімен отыр. Біз жұмысқа кірісіп кеттік. Көн шелектен шабақ алам да, бас бармақпен желбезек түбінен жылжыта сығам. Тарының түйіріндсі ғана көкшіл өті, бидай дәніндей ғана торсылдағы мен жіптік-жіптік ішек-қарны ақтарылып сыртқа шығады. Өңшең тоқ балық. Және көп. Кемпірдің саусағы епті, мен үшеу-төртеуін

тазартқанша, оншақтысын аршып тастады. "Сонымен, шешей?.."— дедім кемпірді әңгімеге тартып. Әрине, ас үшін емес, әңгіме үшін бөгелгем. "Иә,— деді кемпір терең күрсініп, Маған бажайлай карады.— Тілің таза екен. Осы сен шалақазақтар ішіндегі таза қазағы болып жүрме". "Рас",— дедім. "Туған жерің қайда?" "Туған жерім Есіл еді. Өскен жерім Сарысу". "Онда біле қоймассың",— деді кемпір.— Анау Ақжайқыннан мына Қамқалы көлге дейінгі жерді еркін жайлаған Уыз деген мырза болған. Уыз бай. Мүмкін естіген де шығарсың. Шеше, шеше деп отырсың, бүгінгі түріме қарама. Менің жасым сенен кіші болса керек, отызға жаңа іліндім. Алмаш еді менің атым. Уыз байдың дәурені жүріп тұрған кезінде атағымды естіп айттырып, қырық, жетіні матап беріп, сонау Созақтан алған сұлу тоқалы мен едім, Бұлықсыған он алты жасымда, күні кеше ғана. Менімен бірге байдың ақ отау-ына құт келді. Сол жылы екінші ұлы Петірборға, үлкен оқуға кірді. Тұңғыш ұлдың қатыны ұл тауып, жақсы көретін жалғыз қызына баяғы Байзақ датқаның әулетімен құда болды. Уыз мырзаның жасы қырықтан жаңа асқан, атан өгізді құдықтан тартып шығаратын, қайраты кемел шағы. Мені тоқал емес, үлкен келіндей ерке ұстады. Айтып айтпай не керек. Уһ... Ауылымыздан ойын-сауық, жиын-той арылған емес. Алаштың жақсысы үйімізге соқпай өтпейді. Орыстар да келетін. Үлкен ұлықтар. Жиһанкез оқымыстылар. Бұл орыстардың түрі де, мінезі де басқа еді. Кейінгілермен салыстырып айтам. Өңшең марғасқа. Сырбаз, сыпайы. Тіпті, тәкаппарлығына дейін жарасымды. Бай-екеңнің атын атамайды, "Мурза" деп қана сөйлеседі, мені "Ханум" дейді, бірде омырауы толған шен, бет-аузы толған сақал, бірдеңе бірденені дейтін оқымысты ұлық қолымнан да сүйді. Міне — мына қолымнан!— Алмаш қап-қара көн болып, жарылып-жарылып кеткен, қу сүйек қолын көрсетті, тырнағы аз-маз өскенімен, саусақтары салалы, түзу екен.— Ерке болдым, қызықты дәурен кештім,— деді Алмаш сөзін сабақтап.— Отызға толғанда он сегіздегі өңім сақталып еді...

Тек... нәресте көрмедім. Өзім іштей уайымдағанмен, ешкім кем санамайды, бәйбішенің балалары тегіс апалап тұрады, келіндерімнің етегінен өрбіген сәби түгел менің баурым-да. Мен түскен жылы оқуға аттанған Әлижан Петірбордан демалысқа келгенде арнайы сәлем береді. Төрт құбылам түгел еді. Бір мен емес, барлық жұрт шат-шадыман болатын. Жарлы-жақыбай бар, малшы-жалшы көп, бірақ аштан өлген қазақ жоқ еді... Жаңа өкімет жеңді, заман бұзыла бастады. Бұрынғы, маңдайы кере қарыс, сақалы қауғадай, жылы жүзді, өңі суығының өзі кісілікті, маңғаз орыстардың орнына өңшең қару асынған, қылыш байлаған, көздері шақырайған, түстері ызбарлы, өз-өзінен ашулы басқа бір орыстар келді. Бұл кезде Орынборда үлкен қызметте жүрген Әлижан мырза алаш азаматтарымен бірге қамауға алынғаны туралы хабар жетті, ізінше, інісімен сыбайлас деп, байдың үлкен ұлын әкетті. Көп ұзамай қалқоз басталды. Қолдағы аз ғана мал түгел алынды. Ол мал ортада тағы тұрған жоқ. Ресейге көмек деп, осы өкіметті орнатқан жұмыскерге жәрдем деп, дүркін-дүркінімен айдап әкетіп жатты. Көгенде қотыр лақ қалмады. Сонда да жан бағуға болатын еді. Жұрттың сойып алған

соғымы бар. Бұрыннан жиған құрт-майы бар. Мылтық асынған белсенділер үй-үйді аралап, кебеже, сандыққа дейін ақтарып, қора іргесінен қырман басына дейін қазып, тіске басар дәм атаулыны сыпырып отырды. Ақыры міне... Ордалы жұрттың орны ғана үңірейеді. Қаптаған елден карасын да таппайсың. Түгел кетті. Барымызды шышшымдап аузына тосқан, ажа-лы жетпеген екі немере қалды. Жанымның сірілігінен мен қалдым..."

Әжептәуір отырдық. Шабак бітер емес. Қауға ішінде қарындары тырсиып, жапырлай төңкеріліп жатыр. Қол сұқсаң түбі құрттай қайнайды. Аршылып, темір шелекке көшкені онның біріне жетпейді. Мен жалығып, қажып кеттім. "Е-е, жарар енді,— деді заманында қымыз бен шұбаттан басқаны ішпеген, қазы мен қартадан басқаны жемеген, бір кездегі сұлу токал.— Мына, бетіяде жүрген үлкенірсек бес-алтауын аршысақ болды!" Жіті қимылмен сәбидің шынашағындай ғана шабақтардың оншақтысын бірінен соң бірін сығып, шетінен тазартты да, қалғандары қауға түбінен қос қолдай сүзіп алып, темір шелекке түгел көшірді. Үстіне жаңа ғана өзіміз жалдағай судың шеткері тұнығынан төрт-бес ожауын әкеп құйды, шырт еткізіп шақпақ шағып, күні бұрын жинап қойған шөпшігін тұтатты. Ағаш мосысы да әзір екен, шелекті лаулаған от үстіне ілді.

"Қырық жыл қырғыннан да тірі шығатын ажалсыздар болады ғой,— деді Алмаш аузы-басы тобарсып, отқа шөпшік қалап отырып.— Аман қалған қадау-қадау кісілерді жинап, қайтадан қалқоз жасап жатыр дейді. Кеше төменнен бір топ жаяу өтті. Үй басы мал береді дейді. Кужак Кәләшокін кетті, Стәлін білмейті, енді жұртты жарылқамақ. Тек қалқозға кірсе болғаны. Кім сенеді. Қалған елді жинап алып, амалын тауып, тағы да қырғалы жатыр.

Бірақ жан сауғалар жерің кане. Енді аяйтын нең бар. Мылтықпен келіп, айдап әкетіп жатса көрерміз. Әзір осы жерден бұйырған несібемізді жейміз. Анау тұста, жар астында күркеміз бар. Қысқа дейін қанша заман..."

Шелек бұрқылдап қайнап, іші толған шабақ қуырған қарамықтай аппақ боп жарылып, шат-шәлекей араласып жатыр. "Болып қалды,— деді Алмаш, мен үңіле қарағанға, карны ашып отыр деп ойласа керек.— Енді сәл ғана..." Аздан соң шелек оттан түсті. Ішіндегі қайқия бырысқан, ішек-қарны жарылған, түйіртпектене бөлінген шабақтар түбіне тұныл, қайнаған су шымырлап барып басылды. Басылған кезде қарасам, беті көлкіген май екен. Кәдімгі май. Алмаш қалқи сүзіп, жарты кеседей сап-сары кегілжім май алды. Шелек асылғанда от басына келген, үнсіз телміріп отырған екі немересіне жарты қасықтан ішкізген. Содан соң ағаш қасықты көсіп алып, маған ұсынды. "Алда жарылқасын,— дедім мен.— Өзің іш. Балаларыңа сақта". Алмаш майды аузына апара берді де, кесеге қайта құйып, қасық басын жалаумен шектелді. Содан соң ботқа болып кеткен шабақтарды түгел сүзіп алып, жеке ыдысқа салды. Қымыз ішетін үлкен шара аяқ екен. Ортаға тақау шықты. Енді жейтін шығармыз дегем. Жемедік. Алмаш түйіртпек ботқаны қасық сыртымен одан әрмен араластырып, жаныштап, майдалай бастады. Көріп отырмын, аршылмағак ша-бақтардың ішек-қарны, жыны мен еті қоса ұнталып жатыр.

Ісіне тиянақты әйел сияқты, мұқият езіп болған соң, үстіне екі қасық май құйып, тағы аралас-тырды. Содан соң жер түстес қонырқай, қою ботқаны менің алдыма қойған. "Жартысы сенікі, мырза жігіт,— деген.— Сен болмасаң, ширегін де ұстай алмайтын едім. Жеп, әлденіп ал. Шөлдесең су мол. Ал енді..." Өзі саусағының ұшымен шөкіп алып, ұядағы қарақанат балапандар сияқты аузын ашқан екі ұлды кезекпе-кезек жемдей бастады. Мен дүдәмал көңілмен аз отырдым да, адал асқа қол создым. Дәмі қышқылтым, соншалық сүйкімсіз екен. "Балықтың өтінен,— деді Алмаш.— Залалы жоқ. Мүмкін, іштегі уды жоюға пайдасы да бар шығар. Аз болса, түгелге жуық аршитын едім. Өзің де асықтың. Ештеңе етпейді". Мен көңіл үшін тағы екі-үш түйірін алдым да, кетпек ыңғай білдіріп, етегімді қақтым. Қоржынымда бітеу қазы, майлы жая, тағы қаншама сүр бар еді. Екі аптаға өлшеп алып шыққам. Бірдеңе берсем бе, бермесем бе деп ойланып, тағы аз бегелдім. "Бізге ештеңенің керегі жоқ,— деді менің ойымды сезгендей Алмаш— Құдайдың көзі түзу болсын. Ал сен, жапан түзді жолдас қылған мырза жігіт, бұл жақта көп бөгелме. Атың да мықты, қаруың да сай сияқты. Бірақ өкіметтің көзіне түссең тегін жібермейді". "Олар да аштан өлмеп пе еді?"— деп сұрадым. "Аштан өлген белсенді көргем жоқ"— деді Алмаш,— Райкомың да, аткомың да, пүркорал-сотың мен кепеуің де бала-шағасы, шаңырақ-үйелменімен тегіс аман. Ендігі жалғанда солардың ұрпағы жасайды. Қанды жерде құзғын семіреді деп бұрынғылар бекер айтпаған. Сақ жүр. Келген жағыңа қайт. Бұл елдің ғайыптан тірі қалған жақсы азаматтарына кездесе қалсаң, Алмаш сұлудың колынан дәм таттым дегейсің. Тірі екен, екі немересін қатарға қосу үшін ит етін жеп жүріп аман қалыпты, енді шабақ аулап, лай судан май сүзіп жүр дегейсің. Замам оналса, дастарқан қайтадан то-лып, қарын тойса, тәубасын ұмытпасын, ел бүлінген шақта аштан өлген мың сан мүскінге дұға қыла жүрсін дегейсің. Саған да айтарым осы, мырза жігіт. Қайт келген жеріңе, пәлеге жолықпай тұрғанда!.."

Бірақ мен қайта алмадым. Қаралы алқапты жағалап, тағы екі-үш күн жүрдім. Дала кезіп, аң, құс аулап, су бойлап балық ұстап, әлдебір себеппен қор сақтап, ең аяғы ит жеп, тышқан қазып, әйтіп-бүйтіп ғайыптан аман қалған біраз адаммен кездестім. Андай сөйлескем, Сарысудан туыс іздеп шыққан жолаушы болып біраз жөнге қаныққам. Ақыры арып-аршып, Көкжайлауға жеткенде, үрейленіп, уайымдап отырған катын-баламмен, қарт әкеммен қауышқанда Жерұйықты (түпнұсқада "Обетованная земля"— М.) жаңа тапқандай еркін тыныстап едім.

Сырттан қайыр жоғын, дүние ойран болып, іргелі елге заманақыр орнағанын білген соң, біз тұйықтан шығар, өткенге оралар жол кесілгеніне біржола тәнті болдық. Әкей де, мен де мәңгібақи осында қалатынымызға ден қойдық. Айтпай ұғысқамыз. Бізді ендігі әлеммен жалғастыруы мүмкін жалғыз-ақ жіптік бар. Ол — қарындасым Айсалқам. Біз әйтіп-бүйтіп бой тасалап жүргенде Сарысудағы басы асау барлық тама ойға қарай төгіліпті. Арқадағы зорлықшыл өкіметке бой ұсынбай, Орталықтан келген, осы жүгенсіз заманның өзінің шегінен шығып, ойына келгенін істеген қаныпезер,

зорлықшыл әкімді қосшыларымен бірге, тірідей кескілеп өлтірген де, бір-ақ күнде түп көтеріле көшкен. "Ескі жұрттың қасқыры жеткен жоқ, жаңа жұрттың қасқыры білген жоқ" дегендей, арғы өкімет қуып жете алмай қалады, бергі өкімет жаңа тәртіп орнатып үлгермейді, екі ортада әлейім-тәлейім басталған. Әрине, олардың да барын сыпыруға кіріскен, бірақ ешбір есепке енбеген, орнығып қоныстанбаған жалпақ жұрттың біраз малы кең даланың әр тарабында қалып қойса керек. Тама дін аман, көп болса, жартысы ғана аштан қырылды дескен білетін адамдар. Сол тірі қалған жарым жұрттың ішінде біздің Айсалқам жоқ деп кім айтар. Үміт мол еді.

Заман азған, адам тозған кезде ең үлкен бақыт — бас амандығы, ең үлкен қуаныш — қарын тоқтығы десек, біздің бақыт — өлшеусіз, қуаныш — кенеусіз екен. Өмір үйреншікті арнаға көшті. Күн озған сайын тіршілік жеңілейе түсті. Көңіл таза, уайым жоқ, жер бстіндегі алғашқы кісілер сияқты тіршілік кештік. Жұмыс ауыр болмаса да жеткілікті, алданыш мол. Өмір қызық. Мұндай иендегі оңаша ғұмырды, әдетте, бірыңғай күндер, қалыпты тіршілік деп сыпаттар еді. Ал біздің бір күніміз бір күнімізге ұқсамастай, тіршілік те бай, сан салалы. Мен осы медиенде өткен соңғы он алты жылда аса бір мағыналы ғұмыр кештім деп ойлаймын. Іші-сыртым бірдей тазарды. Өмір мәнін, замана жайын түсінгендей болдым. Өкінер, қайрылып қарар ештеңе қалмаған. Тағдыр алда қандай сыбаға тартса да реніш, кейіс орынсыз. Бәріне ризамын. Өйткені мен он тоғызға жетпей үзілген өмірімді жазмыштың күшімен қайта жалғастырдым, екі емес, үш есе ұзарттым. Өке таптым, жар таптым, бала сүйдім. Сондықтан әр күнім қуаныш еді. Кесірленер, қамығар ретім жоқ.

Ерігер жөнім тағы жоқ. Қазір ойлап тұрсам, осы таршылық заманның өзінде демалыстағы адам сияқты болыппын. Малдың бар бейнеті әкенің мойнында. Үйдің бар шаруасы әйелдің қолында. "Адам тозаққа да үйренеді" деген сөз бар қазақта. Яғни, тағдыр жазса,, пенденің көтермейтін бейнеті жоқ. Әкем мен әйелім бәрін көтерді. Өздері үшін ғана емес, мен үшін, менің жалғыз қызым үшін... Бұл да істің бір жағы ғана болар. Қазақ шалы мен қазақ әйелі ө здерінің мың жылдық дәстүрінен оза алмаған, ата-бабаларынан қалыптасқан табиғи мінезін, адамдық шартын сақтаған. Сондықтан да бейнет астында жүрміз, қиындық көріп жатырмыз деп ойламаған, қамықпаған. Әкем малға қарағаннан жалықпайды, тіршілік тұтқасы деп қана емес, адал серік, тағдырлас жан иесі ретінде сүйсіне қызықтайды. Ең үлкен қуанышы — биелердің құлындауы. Егер от молырақ болса, жылқы төрт-бес-ақ жылда бірнеше жүзге жетер еді дейді. Бұл кісінің айтуынша, шаруа жайын, жер жайын жақсы білетін, еңбекшіл адамға ғана мал бітпек. Жеті атамыздан байлық арылмауы, әрине, Қыдыр қонғаннан, сонымсн қатар, ақыл мен іс арқасында келген зейнет деп отыратын. Бірақ, байлыққа ұмтылмадық. Керексізі өз алдына, біз қоныстанған қуаң жер тым құрса елу жылқыны көтермейді. Жиырмасының өзі артық. Сондықтан өсімін шектеп отырдық. Яғни, екі-үш айда бір жылқы соямыз, Екінші жылы мен тағы да жаз бойы бейнеттеніп, азық сақтар шошала — жер кепе емес, еңкейіп әрең кіретін

қасқыр апан есігі бар үнгір қойма қазғам. Қыс бойы су қатырып, мұзға толтырғам. Енді жаз бойы жас ет жейміз. Ас-су, әрине, Зағираның қолында. Жалаң еттен тағамның неше түрін жасайды. Таяу төңіректен тезек тереді, теріскен шабады, түйенің жүнінен алаша тоқиды, шидем тігеді, шуда мен қылдан арқан еседі; сойысқа түскен жылқылардың терісінен тайтулақ жасайды, и салып, малма сапсиды, бие сауып, қымыз ашытады, баласын қарайды...— бір сөзбен айтқанда, ертеден кешке дейін жұмыстан бір босамайды. Шаршадым деп, қажыдым деп қабақ шытқан емсс. Мен көргенде қазақ әйелі сән де қуды, салтанатқа да малынды, той тойлап, ойын-сауық та құрды. Заманына, ортасына лайық күн кешетін. Қайткенде де түңлік ашып, қазан көтеріп, бала күткеннен артық, бақыт бар деп білмейтін, жар құшағы, ошақ басынан бөтен тілегі болмайтын. Қызметші, күң емес, шаңырақтың құты, ауылдың ұйтқысы, айтқаны түгел орнына келетін толық әмірші. Әлемдегі ең озық саналы әйел — сол, өткен күндердегі қазақ әйелі деп ойлаймын.

Біздің өзгеше тыныш, ерекше бақытты, кең арналы өмірімізде күтпеген оқиғалар сирек болатын. Соның бір-екеуі есте қалыпты.

Көкжайлауға біржола орныққаннан соңғы үшінші қыс қой деймін. Бізден ертерек тұратын әкей сырттан өзінде болмаған әдеппен, дауыстай кірді. "Стамбек! Ай, Стамбек! Сауысқан келді, сауысқан!" Атып тұрып, күнімді жамыла сала сыртқа ұмтылдым. Менің соңымнан Зағира мен кішкентай Жансалқам да шыққан. "Қане, қайда?"— дейді. "Әнеки!" Тура күресіннің ар жағында, алдыңғы күні ғана сойылған малдың қаны мен жыны төгілген жерде шықылықтай қонып, жеті-сегіз ала қанат сауысқан жүр. Олар да қара аңсай ма, әлде бізден қатер жоғын аңдады ма, таяқ тастам барғанға дейін ұшпады. "Шошынып кетпесін!"— деген әкей. Ізімізбен басып кері кайттық. "Құдая, тәуба!— дейді әкей.— Біз де ел екенбіз. Ауыл екенбіз. Сауысқан келді деме, құт келді десеңші!" Артынан сұрастырып көрсем, қазақ ұғымында ең берекесіз, ең сұмпайы құс — сауысқан екен. Жауыр ат, жаман түйеде тыныш жоқ, жемтік іздейді, күресінді қазады, ала қ анастарын тынымсыз қағып, үй маңындағы тезек, күл, қоқым атаулыны шашады, тіпті, сарқылдаған, шықылықтаған даусына дейін сүйкімсіз көрінсе керек. Бірақ сауысқансыз ауыл болмайды. Тіршілік бар жерде, малды ауыл бар жерде сауысқан да бар. Міне, біз де жетіппіз сол бақытқа. Оның үстіне, маң далада бізді кара тұтып келген жалғыз осылар. Сауысқанның алғаш қонған жеріне артық-ауыс тамақты төгіп тастадық. Күн суытып кетсе ықтасын болсын деп, сол маңнан сексеуіл тігіп, ескі тулақтарды байлап, қалқа жасадық. Сауысқандар ешқайда кетпеді.

Ауылдың ана шетінен мына шетіне ұшады, анадайда жайылып жүрген өрелі атқа, түйелерге барады, біздің меймандос көңілімізді таныған соң, тура күресінде, қол созым жерде отыратын болды. Жемнен кенде емес. Кейде, тіпті, жас ет салып тұрамыз. Әрине, асыранды сауысқандарымызды жемдейтін кішкентай Жансалқам. Өткен жылы кәріліктен өлген, біз үшін әжептәуір қайғы болған Бөрбасар төбетті күн сайын еске алушы еді, ойын

табылып, серпіліп қалды. Көктемге қарай сауысқандар бізді тастап, әлдеқайда ұшып кеткен. Бірақ қыс түсе қайта келді. Көбейіп, оннан асып. Жансалқам үшін ғана емес, бәріміз үшін мерекелі той болған. Жазға қарай менің жемді молырақ салып, жайпақ ыдысқа узбей су құйып, сауысқандарды ұстап қалмақ әрекетімнен ештеңе шықпады. Тағы кеткен. Тағы да қыс түсе аман оралған. Қарасы молайып, жиырмаға жетіп. Өзіміз өсірген, өзіміз асыраған сауысқандар бізді ешкімге сатқан жоқ. Кейде әжептәуір азайып, кейде күрт көбейіп, жыл сайын алыстағы қыстауларына қайтып келіп тұрды. Енді ойлаймын, алдағы қыста қайтер екен? Мол асқа кенелеміз деп, жазда жаңадан туған балапандарын ертіп, өлі даладан әрең асып, қанаттары талығып, қысқы жайға жеткен кезде қараң қалған ескі қонысты көреді. Даланың адамға бауыр басқан еркін құсы жылайды, жоқтайды, аза тұтады. Сол сауысқандардан басқа кім іздемек біз бейбақты!?

Күй тілемес сауысқанның өзі Бетпақ-Даладан қашатын аптап жазда құмырсқа асырамақ болдық. Кәдімгі құмырсқа. Шөлде кемірушілердің, кесіртке-жылан, шыбын-шіркейдің неше атасы бар сияқты. Зоолог, энтомолог болсам, өзім үшін ғана жасайтын, жариясыз ғылымда талай жаңалық ашар едім. Бірақ ұсақ жәндіктер ішінде құмырсқа ғана менің көңілімді аударған. Бала кезімде талай қызықтаған, орманның шөмеле илеулі, бармақтай қызыл құмырсқасы емес. Арқаның от орнындай дөмпеш илеулі қоңыр құмырсқасы да емес. Бұлардан әжептәуір кіші, шымалдан көп үлкен, жылтыр қара құмырсқа. Илеу деген атымен жоқ. Тарам-тарам данғыл жол салмайды. Шөптесін тақыршақты тесіп қазған, ши қуысындай ғана жіптік іннен санамалап шығып жатқанда, айырым белгілері танылса, бір ұяда қаншасы барын түгендеп алуға болардай. Жиырма-отыз. Қырық-елу. Асса жүз. Мен әуелде мұндай шағын үйелмен құмырсқаның аздығынан деп ойлағам. Байқап қарасам, қырық-елу қадам өткен сайын дәл осындай ұялар ұшырасады. Неге бір жерге жиналмайды, неге үлкен илеу құрамайды? Тамақтың тапшылығынан екен. Илеулі тіршілікте мөлшерлі төңіректен соншама жәндікке жеткілікті нәр жинау қиынға түсер еді, сондықтан шөлдегі құмырсқа шашырай қоныстанып, тіршіліктің дәл осы өңір үшін ең қолайлы тәсілін тапқан. Бірақ ауыл іргесіндегі құмырсқаның жағдайы басқашарак болуға тиіс. Мен сандарын көбейтпек, илеуге жинамақ болып, үлкенірек көрінген үйелмендердің бірін қолдан асырай бастадым. Яғни, ұя төңірегіне тамақ қиқымдарын төгіп тастаймын, тіпті, шыбын қағып, қоңыз ұстап беріп жүрдім. Екі басы буылтық, ортасы қылдай, жылтыр кара құмырсқаның өзінен әлденеше есе үлкен жүкті еркін көтеретініне, қалай қарай кетсе де, өздері үшін меңіреу орманға парпар шөп ішінде адаспай жөн табарына қайран қалам. Дүниенің біз безіп шыққан екінші шеті түгілі, осыдан бірер шақырым жерде не болып жатқанынан мүлде бейхабар, өз заңы, өз тағдыры бар, бәлкім, өзіндік қуаныш, өзіндік қызығы мол тіршілік кешіп жатқан жәндіктерге сағаттар бойы қараймын да отырам.

Ақыры, біздің бұл араға көшіп келуіміз мыңдаған жылдар бойы ұрпақтан ұрпақ жалғап, осы кең далада тіршілік кешіп жатқан құмырсқалар

әулеті үшін оңалмас апат әкелгеніне көзім жетті. Мал тапамай, адам аяғы баспай тұрмайды. Менің арнайы қамқорлық жасаған әрекетіме қарамастан, екі-үш жазда үй іргесінде ештеңе қалмады — ұялары бұзылып, қырылып біткен. Иен шөлдегі бейбіт құмырсқалардың ажалы да сонау қияндағы солтүстік астанада басталған бүліктің нәтижесі болып шықты. Бізден кінә жоқ. Бірақ құмырсқалардың жазығы қанша?.. Табиғат заңы, тіршілік заңы осы болса, азын тапаған, әлсізін алып жеген адам әулетінің бар ісі оң болғаны ғой. Кісі есебі кісіден, ұлыс есебі ұлыстан... Ал жер бетіндегі адамзат тұқымы мүлде құрып кетсе, жанды-жансыз табиғат өркендеп өспек, өзінің шын мұратын таппақ екен. Менің бұл қорытындыға келуіме Бетпақтағы, Бетпак емес, бүкіл қазақ даласындағы бөкен-киіктердің тағдыры себеп болды.

Мен әуелде бөкен мен киік екеуі екі түрлі аң деп ойлаушы едім. Сөйтсем, жазда — киік, қыста — бөкен екен, антилопаның бір ғана тұқымының ортақ атауы. Жазда жүні тықыр, жер түстес құбақан киік қысқа қарай қ алың ақ тон киеді, бөкен, немесе ақбөкен дегеніңіз — осы. Біз алғаш келген жылдары бұл далада киік өте сирек кездесетін. Мен көргенде Сарысу бойында да шамалы еді. Бұрын мол болған. Бірақ уақыт озған сайын азая берген. Дәмді еті үшін ел арасына бір жағы Үрімші, Шәуешек, бір жағы Бұхара, Самарқаннан келетін саудагерлер айрықша құмартатын, жұрт ұғымынша қымбатқа (шын мәнісінде су тегі арзанға) сатып алатын мүйіздері үшін арнайы зулағаны өз алдына, кең далаға сыймай бара жатқан қалың қазақ, сол қазақтың жарты әлемді жайлаған малы тұз аңына отық пен суат қалдырмаған. Міне, мыңғырған мал талауға кеткен соң, қара ормандай қалың ел жусап түскен соң, қасқырына дейін аштан өлген кең дала, тұқымы құруға тақаған азғана киікке оңаша тисе керек. 1932 — мешін жылғы апаттан кейін көзі ашылған, өрісі кеңіген киік құрттай қаулап, еселеп өсе бастайды.

Арада жеті-сегіз жыл өтер-өтпесте Бетпактың даласы киіктен жырттылып айырылған. Әрине, жазда тігерге тұяқ жоқ. Киіктің тұрақты мекені, өсіп, өнетін жері — сулы, нулы өлкелер. Бірақ қыстап шығуға, құралай өргізуге ең қолайлы жер — Бетпак еді. Бірде, қар жапалақтап жауып тұрған қыс күні, тапа-тал түсте аулымыздың үстін ақбөкен басып кеткен. Түйелермен бірге жүреді. Адамнан қорықпайды. Несіне қорықсын, біз адам деп атайтын екі аяқты жандықтарды бұрын-соңды көрмеген. Оның ғаламдағы ең жыртқыш аң екенін білмейді. Бізде оқ мол еді. Ет те мол. Шошытпайын деп, ауылдан аулақ шығып, (кейін, қызығы басылып, тым көбейіп, төңіректегі өрісті тапап бара жатқан кезінде әдейілеп үркітуге, таяу маңнан қуғындауға тура келген) оңаша, саяқ жүрген текелердің жетеуін қатарынан атып алдым. Қабаттастырып, төрт оқпен. Жон арқасында қоңыр жағалы бар, қалың, ақ ұлпа терісі үшін. Әрине, етін де жедік. Таңсық көрінген. Содан бастап, тон тігетін, бөстек, көрпе жасайтын аса қымбат терісі үшін жыл сайын қыста киік аулайтын болдым. Әлбетте, қажетті мөлшерде ғана. Оқ шығармас үшін жаз бойы бейнеттеніп, әр тұстан қамба әзірлеп те көрдім. Бірақ дала кең, нәтижесі еңбекке татымады. Қайта керісінше, қолда қалған, шудасын, жүнін пайдаланып отырған үш түйеміздің бірі жығылып, көп шығынға ұшырадық.

"Қоңыр аңның киесі, енді аулама",— деген әкей. Содан сон, әкейдің қойымыздың жоқтығы — үлкен кемшілік деген сөздері есіме түсіп, киік асырауға көңіл кеткен. Әрине, үлкенін емес, лағын ұстап. Онша қиын шаруа емес. Ұстағанды айтам.

Алғаш көргенде таң қалғам. Қар жаңа көшкен. Бетпақ бусана жаңарған шақ. Құмнан қайтып келе жатқам. Кенет әудем жерде жалғыз киік тұр екен. Мені байқамады. Жер тарпып, шыр көбелек айналды да, аяғын баурына алып, жата кетті. Жаралы, не ауру болар дегем. Тақап келгенде аңдадым, жаны қиналып, лақтап жатыр екен. Жиілрыла ышқынып, алдыңғы аяғымен жер тіреп, тұра қашпақ болды, бірақ көтеріле алмады. Мен тіршілік кұпиясына бөгет жасамайын деп, тез аулақтадым. Әйткенмен, тым ұзап кеткем жоқ. Аттан түсіп, анадайдан бакылап отырмын. Ешкі аман туды, лағын жалады ма, басқадай, табиғат сыйлаған аналық міндеттерін атқарды ма — әжептәуір уакыттан соң жан-жағыша қаранып, орнынан тұрған. Мені көрісімен, желе аяндап, аулақтай берді. Соңында қарауытқан ештеңе жоқ. Апысырақ кетпегеніме, ене киіктің жанын қинағаныма өкінсем де, болар іс болған, лақты көргім келді. Бойлай өскен үлкен жантақтың түбі еді, тура келдім. Жоқ. Ештеңе жоқ. Шыр айналдым. Ақыры, атым оскырған кезде әрең көрдім. Баса жаздаппыз, дәл аяқ астында жатыр. Тұмсығы дөмпеш, жаурыны, кұйымшағы сорайған, сиықсыз, сұрғылт күрен кұралай алдыңғы екі аяғына басын салып, қимылсыз қалпында созылып, сұлық жатыр. Жерден айырғысыз. Соншама дәрменсіз киіктің лағының өзі тіршілік заңын түйсініп туған. Мөп-мөлдір қара көздері ғана бақыраяды. Қорқыныш емес, әуестік, жарық дүниені танысам деген жылулы ұшкын бар... Мен басымды шайқап, жүріп кеттім. Одан бері қанша жыл. Қазір киік жайын да, дала жайын да біршама білем. Ерте көктемде Бетпақтың иен түпкіріндегі, тағалы аттың ізі шекіп қана түсер ойпаң тақырлар әжептәуір көлшікке айналады. Кейде үлкенді-кішілі шұқанақ жылғалар суға толады. Осы кезде жұмсақ, жайлы қысты аман өткерген мыңдаған киік қатар-қатарымен лақтай бастайды. Басы епетейсіз үлкен, сирақтары мөлшерден тыс ұзын, кішкентай кұралайды жаңа туған кезінде жаяу аласың. Араға бірер күн түссе шапқан атқа жеткізбейді. Міне, сондай киелі жануар, киік дегеніңіз. Көкеме айтқам жоқ, түстік жердегі, өзім Борлыкөл деп ат қойған, мамырға дейін кұрғамайтын терең қақтың жағасындағы қалың жусанды киік қотанына барып, қоржынға салып, жаңа туған кұралайдың төртеуін әкелдім. "Әй, обал болады-ау!..."— деген көкем. Бірақ әкеп қойдым, асырауға кірістік. Әрине, отыққанша жуас, мама биелердің бірін еміздік. Содан соң қолдан жемдеп, тостағанмен су беріп отырдық. Тез өсті. Күзге қарай екеуінің тұмсығы бұрынғыдан да дөңестенді, төбесін тесіп, түбі былқылдақ, сұрғылт сары мүйіз шошайды. Желтоқсанда түктері ұзарып, қорбиып, кәдімгі ақбөкенге айналды. Қыс бойы әжептәуір бейнет шектік. Шөп жұлып әкелеміз, төртеуін қосақтай арқандап, далаға бағамыз. Арықтап, жүдеп-жадап, әрең өтті қыстан. Көктемде төңірек түгел тұтам өскенде тез оңалды. Аяқтарын кеңінен тұсап, арқанмен біріне бірін тіркеп қоям. Үй маңынан ұзамайды. Әбден үйренген киіктерді енді бос

жіберетін болдық. Күн озған сайын ауыл маңынан алыстай берді. Бірақ суатқа келіп тұрады, бізді жатырқамайды. Кетеді, тұрмайды деді әкей. Сірә, сөйтер. Сонда да союға кимадық. Ақыры бір күні төртеуі де жоқ болып шықты. Күні бұрын білсек те, туысымыздан айрылғандай құлазыдық. Әсіресе Зағира. "Обал болды-ау, ұшып өледі-ау..."— деген. Тақаудағы екі жүз шақырым жерде тамшы су жоқ, мына аңызакта жол таба ала ма, әлде теріс кетіп, құм мен шөлдің бір түпкірінде қаталап ұша ма — кім білсін. Адал дәмімізді ұмытқан киіктерге өкпелеген жоқпыз. Әуел баста үйірінен айырған біз кінәлі едік, Ноқтада туған, төңірегіне тегіс тәуелді кісі оғлы еркіндікке ұмтылғанда, кең даланың еркесі бұла бөкен неге азаттық аңсамасын.. "Суға жетеді!"— деді.әкей. Тәңірі өзі жаратқан жан иесін көзінен таса қылмайды. Апарарды бастап қажетті жеріне.

Тәңірі тағала өзінің даладағы киігіне дейін ұмытпайды екен. Ал адам ше? Өзімізді айтпаймын. Кеше ғана жүз мыңдап қырылған қалың қазақтың құдайы не бітірді? "Орнында бар оңалар. Тұқымы тұздай құрымаса, кенересі қайта толар",— деген әкей. Тіршілік үшін таптырмас философия. Ал өмір мағыналы арна табуы үшін, адам өз жерінде отырып, өзін кісі сезіну үшін тағы басқа көп нәрсе керек. Мен тағдыр қосқан халқымның оңалып келе жатқанын көрдім, бірақ оңып кетеріне көзім жетпейді. Өте қиын, шарасыз халге түсті ғой. Қазаншұңқырдың ең түбінде қалды ғой. Баса түспесіне, жаныша түспесіне, үстінен тағы бір топанды қапталтпасына кім кепіл... Күлкілі. Оғаш. Мен — өмір бойы өз басын сауғалаудан аспаған Станислав-Стамбек, арысы ұлы Россия, берісі іргелі Қазақстан туралы ойлауымның өзі сәлекет емес пе. Бірақ... бүкіл ел, ең үлкен халықтардың өзі мен сияқты жекелеген адамдардан құралады ғой. Солардың әрқайсысы... Мұным да ақымақшылық. Утопия. Бір тал ши, тіпті, зәулім бәйтеректің өзі, бір тал, бір шоқ тұрғай, миллион шыр-пылы қалың ши, ойды-қырды жапқан мыңдаған түп ағаш бүкіл даланы, қалың орманды қамтыған қызыл өртке қарсы тұра ала ма. Адам да сол сияқты. Замана зұлматын ешкім де тоқтата алмақ емес. Тұтас бір халықтың, ұлы мемлекеттің дымын өшіру үшін жалғыз-ақ ұшқын жетіп жатыр. Сол ұшқынды тұтатпасам да, тұтатуға дем берген мен сияқтылардың күнәсі қырық жыл иенде тұрса да, күн сайын қырық мәрте сәждаға жығылса да кешірілмек емес. Қанмен ғана жуылар, қазамен ғана өтелер қылмыс... Өзіңмен кетсе жақсы ғой. Тағдырдың құлаштай сілтеген гүрзісі әуелі жақындарыңның басына түседі екен. Неткен қатыгез жалған!.. Жоқ! Сен тудырған заман сенің өзіңнен қатыгез емес.

Менің ең үлкен қуанышым да, ең үлкен уайымым да жалғыз қызым Жансалқам еді. Күлгін шашты, қыр мұрынды, қара көзді аққұба. Шешесінен де сұлу болатын түрі бар. Зерек. Бес жасында хат таныды. Біздің оқу жабдығымыз — бір тұтам сексеуіл шыбығы мен ақ тақыр. Сабақ жүйесіз емес, тұрақты кесте бойынша жүргізіледі. Азбуканы игерген соң, арифметиканың төрт амалын өттік. Ана тілі мен орыс тілінен сабақ бере бастадым. Ағылшынша, немісше ауызекі сөйлесіп жүреміз. Орысша әуел бастан жақсы біледі. Әкем айтқан баяғыда. Шырағым, ендігі заман орыста

калып тұр ғой, бізге қарама, мына бала тіліне жетіге берсін деп. Жансалқамның сөздік қоры онша мол емес, бірақ акцентсіз, еркін шүлдірлейді. Әкем дән риза. Мәз. Ал басқа сабақтар... ала құла, бірі тым озық, екіншісі қалық. Сапасы емес, деңгейі. Яғни, кейбір пәндер бастауыш кезеңде жүрсе, кейбір пән гимназияның 2-3-кластарынан озып кетті. Мәселен, арифметикадан көбейту, бөлуге жеткенде, тарихтан антик дәуірін тәмамдап, орта ғасырларға көшкенбіз. Бұлай қалдыруға болмайтын еді. Мәселе оқуда емес. Мезгілді уақытында гимназияның толық курсы алтын медальға тәмамдар едік. Рас, куәліксіз. Бар кілтипан оқуда ғана емес. Мына иенде жас бала қалай адам болмақ. Біз жүре берерміз. Ажал жеткен күні өлерміз. Ал Жансалқам бой жетпей ме, өзі қатарлас жұртпен араласқысы, біліскісі келмей ме... Бізбен бірге медиенде мәңгі-бақи байлануға тиіс емес-ті. Жалғыз-ақ жол тұр. Тірідей айырылысу... Құдайға тәуба, өрісі бар. Бұл кезде Шудың етегіндегі Жуантөбе дейтін ауылдан Айсалқам әпкесі табылған.

Феодалдық Россиядағы құлдық қамыты — басыбайлы тәртіптің жаңғырған, жетілген түрі — бүкіл қазақ халқын жусатып салған сталиндік колхоздардың қайта орнамағы туралы мен естіген қауесет шындыққа айналды. Қазақ даласындағы өзінің ең алғашқы және түпкілікті, ең басты міндетін орындаған колхоз құрылысы енді екінші басқыш жоспарға көшкен. Ол — жеңімпаз әулетті асырау, қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ету. Қай жиһангер екені есімде жоқ, Шыңғыс хан ба, Темірлан ба, қолбасылары әлдебір бай өлкедегі жергілікті халықты түгел қырып-жоюға кіріскенде, жол ортадан тоқтатыпты, ертең бізді кім асырайды, салық төлейтін, мал бағып, егін салатын мөлшерде кісі қалсын деп. Қазақтың жайы да сол сияқты болып шықты. Босатылған қонысты, ондағы игілік пен қазынаны толық игеретін күн алда, аштан аман қалғаны ендігі қожайынға тиесілі малды бағып, өзінен кетіп, басқаның иелігіне көшкен жерге егін салып, жарым құрсақ, жалтаң тіршілігі үшін қысқа күнде қырық мәрте алғыс айтып, құлдық қамытын тамашалап, әзірше жүре тұрсын деп шешкен сияқты. Мешін апатынан әлдеқалай қақас қалған жұртты там-түмдап, ойдан-қырдан қайта жинап, тобымен қосақтап ұйыстырып, алдарына мал беріп, абыройлы жаңа мұрат — өткен жылдарда бас сүйектен қаланған социалистік мұнараның іргесін бекітіп, түпкілікті негіздеу міндетін жүктепті. Езуші тапты жойған, қанау атаулыдан құтылған, осыншама азаттыққа, еркіндікке жеткен жалпы жұрт, ішінде біздің Айсалқам да бар, Ленин-Сталин ісі үшін аяусыз күреске кіріскен де кеткен.

Ата-енесі кәмпескеде айдауға кеткен, күйеуі банды болып оққа ұшқан, төрт баласы аштан өлген, өзі ғайыптан аман шығып, тағдыры ұқсас, бар жақынынан айырылып жалғыз қалған тағы бір момын сорлымен тұрмыс құрған сорлы қарындасым әкесімен аңырап табысыпты. Бұл — біздің ақсақал байыздап отыра алмай, не болса да елдің хабарын біліп қайтайыш деп арнайы аттанған 35-жылдың жазы болатын. Содан бері өзгерген ештеңе шамалы. Өкіметтің райы бұрынғыша. Жұрттың халі де баяғыдай. Жұмыс ауыр. Ас-су жоққа жақын. Қысқа қарай әкеміз қоржынының екі басын майлы етке

толтырып, Жуантөбеге тағы бір барып қайтқан. Әрине, соғымға құр ат, сауынға құлынды бие беруге, жекелеп емес, қосарлап тізуге болар еді, бірақ ел іші, баяғы пейіл жоқ, көз-құлақ көп, азып-тозған аш-арық жұртты біріне бірін аңдытып қойған, ол қайдан түскен молшылық деп сұрамай ма. Тіпті, мал айдап апармағанның өзінде көзге шалынуы қатер. Әкесі екені рас шығар, сонау Сарысудан келгеніне де сенер, бірақ аты күйлі, өзі өнді, еркін жүрген бұл нендей жан демей ме. Екінші сапарында ауыл белсенділерінің аз-маз тергеуіне ұшырап, күдік туғызғанымен, аман-есен оралды. Сен барсаң ұсталады екенсің деп қайтқан. Бірақ байланысымыз үзілмеді. Әкей келер жазда да түнделетіп, жасырын барып келді. Біз Жансалқамды қандай қиындықта жүрсе де ел ішінде отырған әпкесіне тапсыруға бекіндік. Жасы он екіге шыққан, оң-солын танып, адам болып қалған Жансалқамды шешесі мұнаймай, бетінен сүйіп, күліп шығарып салған. Мен Бетпақтың шегіне жеткізіп, өзінің бәсіресі кек жорғаны жетелеп қайттым. Әрине, ат мінгізіп, тай тіркеп жіберуге де болады, сезік тудырмайық дегеміз. Бұдан арғы жерге атасының алдына отырып барады. Күзден бастап мектепте оқисың, төртінші класқа түсесің, жаз шыққанда демалысқа келесің деп, сөйлер сөзін, жүріп-тұру жайын тағы бір рет пысықтап, өкпе-бауырым езіліп, медиенге бет бұрдым. Бес күннен соң әкей де келді. Жеткіздім, тапсырдым, көлденең көзге шалынғам жоқ, бірақ бас көтерер азамат тағы да көгенделіп, шетінен түрмеге айдалып жатқан сияқты, күмән көп, тексеру көп, бұдан соңғы қатынас ауырлайтын тәрізді деп келген.

Қандай қиын бөгесін болса да дерексіз кетпес едік. Бірақ сол беті жоғалдық. Жансалқамға ауылда, аттанар қарсаңда тағы бір айтқаным бар. Егер келер жылы хабарласа алмасақ, арғы жылы күт. Одан арғы жылы күт. Ақылың бар, біз әртүрлі жағдаймен шыға алмай қалуымыз мүмкін. Жалғыз әпкең далаға, тастамайды. Оқып адам боласың, сол үшін елге бара жатырсың деп. Апасы да, атасы да осыны айтқан. Ең соңғы сөздері екен.

Сол жылы қыс айрықша қатты келді. Әуелі бұрын көрмеген қалың қар жауды. Ат баурынан аса. Су мол, жер отты болады деп қуандық. Қуаныш ұзаққа бармады, оңынан жел тұрып, дүркірей ұйтқып, неше күн бойы боран соқты. Итсигек пен түйе жантақтан басқа бұдыр қалмаған жер тоңы шығып, қап-қара болды. Содан соң күн оқыс жылынып, қара жаңбыр басталды да, арты мұзға ұласты. Қу дала көгере шытынап, қатқан да қалған. Біз, амал жоқ, күм ішіне тереңдей ендік. Біз дегенім — жиырма шақты жылқы мен әкем екеуміз. Бұрын кезектесетін едік, енді қабатымен жүрміз. Ауылда жалғыз қалған Зағираның жайы тағы белгісіз. Әйтеуір күм ішіндегі мұз — сіреу емес, қабыршақ, жылқы тұяғына оңай ойылады, жаздан бітік қалған раң мен еркек, бұйырғын мен ебелек, изен мен ажырық қыс бойы табан аудармай жайылуға жетерлік. Басына қалың жыңғыл, жоны мен ойына сексеуіл мен қоянсүйек қаптай өскен құм жалдардың арасы да бораннан ықтасын, ызғырықтан пана. Суық қайтпаса да, аяз сынып, боран басылған бір күні әкей қоярда қоймай мені ауылға жіберді. Жалғыз отыр, қорқып отыр, тым құрса, амандығымызды білсін деген. Зағира шынында да құлазып отыр екен, жалғыздықтан емес,

даладағы біздің уайымнан. Бел шешіп, бой жылытып, бір түней сала, артық-ауыс жылы киімдерді қанжығаға бөктере байлап, кері салдым. Дәл уақытында жетіппін, биік барқан астындағы, сексеуілден тіккен шағын қос иен кешеден бері от жағылмағаны байқалады, көңіліме қорқыныш еніп, жылқыға шаптым. Межелі жерде жусап тұр екен, ішінде ертоқымын қар басқан, шылбырын сүйретіп, әкем мінетін жуас жирен азбан да жүр. Көзім карауы-тып, ат үстінен ауып түсе жаздадым. Құм үлкен болғанымен, жүрер жолымыз шектеулі, әкейді көп ұзамай-ақ тауып алдым. Бақытымызға қарай, тірі екен, тірі болғанда, оқ тиген жаралы текедей, бөксесі сүйретіліп, кеудесімен жылжып барады. Мені көргенде: "Е, балам, келдің бе...— деді бар болғаны.— Әкең қартайыпты. Осы жаста аттан жығылып көрмеп ем..." Әкей емес, ат жығылса керек. Мұздан тайып. Әкейдің жамбасы сынған. Әуелде талықсып біраз жатқан сияқты. Содан соң тіршілік қамына кірісіпті. Әйтеуір қыбырлай берген соң үсімеген, жарықтан үміті үзілмеген. Бірақ бұл еңбектеумен жал-жал құмдардан асып, жылы қосқа жете алмас еді. Ат беліне көлденең артып алып келдім. Амал не, айдала, сынықшы жоқ. Тым құрса жылы үйге жеткізсем керек еді, ұзақ жолға әкей шыдаса да, мертігі асқынып кетуі мүмкін, оның үстіне барып қайтқанша төрт күн керек. "Балам, жылқыңа ие бол, ықпаса да ит-құс қуып кетеді, бәріміз аштан өлеміз",— деді әкей. Мұнысы рас еді. Және, жайлы пеш түбінде жатады демесек, ауылда да айрықша көмек жоқ. Күрке ішіне сексеуілді лаулата жағып қойдым, сөнгенде де қызулы шоғы мол, ұядай жылы, екеуміз қосылып, сынықты айналдыра бастадық. Ақыры, көп азаптан соң орнына түскендей көрінді. Мен ай бойы түнде жылқы күзетіп, күндіз әкемді бағумен болдым. Қыс ызғары қайтып, күн әбден жылынған кезде, әлі де сынығы жазылмаған, ерге отыра алмайтын қартымды ат беліне теңдей артылған сексеуіл үстіне көлденең салып, бізден мүлде күдер үзіп, жүдеп отырған келінінің қолына тапсырдым.

Көкемнің жамбасы кисық бітті. Шойнаңдаған ақсақ болып қалды. Онысы ештеңе емес-ау, атқа ұзақ отырса, сырқырап, жаны қиналады. Ауыл маңынан ұзай алмайды. Қартымыз өзімізбен бірге жасайды деп ойламасақ та, бұл — тосын бақытсыздық еді. Қанатымыз қырқылды. Әкем алыс-тағы елге қатынау қайда, қысқы тебіндегі жылқыға барудан қалды. Өзі де қатты торыққан. "Көке, Жуантебеге қайта барсаң ұсталатын едің,— деймін жұбатып.— Айсалқам жалғыз сіңілісіне жетімдік көрсетпес. Ал жылқы... бірдеңесі болар. Тым көбейіп кетті. Оншақтысы жетеді. Осы маңайда-ақ жайылар". Сонымен көңіл жұбаттық. Әкеміз де тәңірісіне тәуба айтып, өзінің жаңа жағдайына бірте-бірте көндікті.

Көкемнің мертігуі — бар кеселдің басы екен. Алдымен жұттан аман шыққан жалғыз түйеміз өлді. Көктемде екі-ақ бие құлындады. Қар кеткенмен, су тартылмай тұрған шақта, желдеді ме, үйір іздеді ме, жаман сәуірік бастаған төрт-бес құнан, дөнен жоғалды. Ізін шалғанмен, іздеуге шама жетпеген. Қалған малдан қайыр күттік. Бірақ мал шығыны — садақа емес, үлкен қайғының хабаршысы болып шықты. Зағираның аяғы ауыр еді. Тіршілік — зейнеттен тақсіретке айналған мына жапанда құдайдан бала

тілемесек те Жансалқамның соңынан бауыр ермегені көңілде тұратын. Бірақ тағдыр иімеді. Қысқы жалғыздық ауыр тиді ме, одан соңғы қамкөңіл тірлік әсері ме, әлде тәңірі тағалам өз бейнеттері жетер, иендегі қабырғасыз түрмеге түспей, періште қалпында көкке ұшсын деді ме, күні толмай туған торсықшеке ұл Жансерік екі-ақ тәулік ғұмыр кешті. Жалған дүниенің сырт айналғанын сонда біліп едім. Тәубам аз, күнәм мол екен, жаз ортасында көз ашып, жер басып жүргеннен бергі ең үлкен қасірет түсті басыма. Асыл жарым Зағирандан айырылдым. Осыдан бірталай бұрын ішіме жел қарысты деп домаланып қалғаны бар. Жылқы майын жағып сылады, ыстық сорпа ішіп терледі, екі-үш күн жүрмей, тұрмай үйде отырды. Әкей қатты қорыққан. "Түйнек болмаса игі еді..." деген маған оңашада. Сол түйнек, яғни аппендицит болып шықты. Бір жарым ба, екі ме айдан соң қайталанған. Ішін баса бүрісіп, ыңырана күрсініп, жатып қалды. Ешқандай шара таппадық. Мен біліп тұрмын. Әкей де айтқан. Түйнекке қазақта ем жоқ. Хирургия үшін оңай нәрсе иен далада жазылмас дерт. Бар үміт — әлденеден ұшынған шығар, мүмкін, шынында да шаншу қадалған болар, өткен жолғыдай тарап кетер деген жөнсіз долбар, далбаса тілекте ғана. Зағираның қаншама қиналғанын, біздің аяқ-қолымыз суып, қалай үрейленгенімізді айтуға тіл жетпейді. Шаңыраққа ұйтқы, ошаққа құт болған қайран Зағира бізді жапанға жалғыз тастап, аттанып кете барды. "Кеудең — ана, бөксең қыз зайыбым-ай,— Сен кеткен соң не болды қайран күнім!.."— деген екен баяғыда, Есіл бойында жасаған атақты бір ақын. Біздің күніміз түнекке батты. Бірақ менің өзегімді өртеген — бүкіл емірін тек маған, әкеміз бен баламызға ғана бағыштаған асыл жардың талайсыз тағдыры еді. Не көрді бейнеттен басқа. Қуғын-сүргін, қайғы-қазадан басқа. Тағдыр қосқан жұбайы-ның қанды қазасын шекті. Құдай табыстырған қосағы шыққан тегі батыстан болса да, ортағасырлық шығыс феодалының мінезімен тұрмыс құрыпты. Төрт құрсақ көтеріп еді. Алғашқысы туған әкесімен бірге шәйіт кетті. Екіншісі әлейім-тәлейімде мезгілсіз өлімге ұшырады. Кенжесі де қатал заман күрбаны. Төртеуден қалған сарқыт — емірене сүйген жалғыз қыздан тірі айырылды. Жарық дүниедегі мехнаты жан төзгісіз. Соншама қиын күндерде, ауыр тұрмыс астында тым құрса бір рет қабақ шытпады-ау. Уайымы, зары білінбеді. Қолы

— береке, жүзі — қуаныш еді. Демі — шәрбат, қойны — ләззат еді. Тіршіліктің өзегі, менің бар қажыр -қайратым — балғын тамағында, жұпар омырауында тұрған. Енді, періште болып ұшқан кішкентай ұлының қасына жетіп, қырат басындағы топырақ төмпешікке айналған соң ойлап карасам, біздің шаңырақ қана, бүкіл Бетпақ қана емес, жарты дүние жетім, тұл қалыпты, қаңырап, иен қалыпты. Ішім өртеніп үйде отыра алмадым, сабыр тауып далада жүре алмадым. Атқа мінсем, жерге түскім келеді, жерге түссем, көкке ұшқым келеді. Ең оңайы — тағы бір қабір қазып, атылып өле салу еді. Сол сәтінде Зағирамен қосылар едім, қосылмасам, о дүние жоқ болып шықса, бұ дүниенің азабынан құтылар едім. Бірақ өлмедім. Өзімді тоқтаттым. Алыстағы жетім бала үшін. Алыстағы жетім бала үшін емес, қасымдағы

жетім шал үшін. Мүмкін, Петербургтан басталған, даланың төрінен өріс тапқан езгеше өмірім дәл бұлай аяқталуға тиіс емес деген қарсылықтан ба. Әйтеуір өлмедім. Ал әкем қаусап қалды. Өзін кінәлі санайды. "Мен кетуім керек еді!..— дейді — Менің кезегім еді..." Өзім қаралы, өзім жаралы — бірақ менен де зарлы, менен де сорлы шалды жұбатуға мәжбүр болдым. "Өлме, әке,— деймін.— Асыл текті Сыпатай мырза ай далада өлуге тиіс емес. Заман түзелер. Ел оналар. Өзірейіл кімді қаласа, соны алады. Күнәға батпаңыз". "Балам, сен қарайлар ештеңе қалған жоқ бұл Бетпақта. Оқуың жетеді, бар билік орысқа көшті, тіл білесің. Елге барып, тіршілік жасап көрсең қайтеді?.." "Мен сені тастап, ешқайда кетпеймін!"— дедім. "Мен өлем,— деді әкей. — Шайтан дейсің бе. Міне, сексенге тақадым. Енді ұзамаспын. Мен өлген соң өмірің жеңілденеді. Әкесін арқалап жүрген ешкім жоқ. Жөніңді тап. Бәлкім, оған дейін заман да түзеліп қалар",— дейді. Менің түрім орыс, тұрмысым қазақ, бұл тұрпатыммен қай ортаға да сыймас едім. Өмірді жаңадан бастайтын жастық шақ алыста қалған, еншілі тағдыр осылай екен, енді, қазақша айтқанда, барар жер, басар тау жоқ, жол шеті — осы. "Мен Зағираның қасында қалам",— дедім. Кейінірек, Зағираның қырқын өткеріп, көндікпесем де, қайрылмас қазаны біржола мойындаған кезде маған тағы бір ой келген. Ақсақалдың менімен бірге иен қапаста аурулы тіршілік кешуі әділдік-ке жатпайды. Туған қызы бар, арыса да, азайса да орнында отырған елі бар, сексенге келген мүгедек кәрі шалға жаңа өкімет тиіспейді (мен қателесіппін, асын ішіп, аяғымен жүрген кісі түгілі, төсек тартып, кірпігі әрең кимылдап жатқан "халық жауларының" өзі лайықты орнын жаңылмай табады екен), әрі баурында өскен Жансалқамға көз болады... Ең дұрысы осы... Бірақ дымымды шығаруға батпадым — шал тумағандығын көрсетті, қуып отыр деп ойлауы мүмкін, көңілі қалары өз алдына, қайткенде де мені мұндай халде тастап кетпес еді.

Адам ажалды сұрап алмайды. Жасқа келе ме, кәріге келе ме — тағы белгісіз. Көкемнің менің саулығымнан басқа тілеуі болған жоқ. Әкелі-балалы қос бейбақ, Бетпақтың терең түпкірінде, елсіз, жансыз иенде бірімізге біріміз селбесіп, тағы жеті жыл ғұмыр кештік.

Соңғы отыз жыл өмірі қуғын-сүргінде өткен абзал қартымның ен ақырғы тілегі орындалды — менің алдымда көз жұмған. Христос туғаннан есептегенде 1945-інші, қазақша тауық жылы, апрель — көкек айының 29-жұлдызы, жексенбі күні еді. Ақ жуып, жаназасын шығарып, арулап, әспеттеп, анасы — қара жердің қойнына тапсырдым. Заты қазақ, Орта жүз, арғын ішінде қарауыл, туған жылы доңыз, алты мүшел және он жыл жасап, сексен екісінде, ақыл-есі түзу, дені таза қалпында, кәлимаға тілін келтіріп, иманын айтып, армансыз аттанды. Туған жері — Есілдің қолқа-жүрегі, орыс орнаған Қызылжар еді, топы-рағы Бетпақтың шөлінен, өзі өмірінің соңғы он алты жылын өткерген Көкжайлау дейтін берекелі мекеннен бұйырды. Жеңгелей алған бәйбішесі мен қыздай алған тоқалынан небәрі төрт перзент көріп еді. Тұңғышы Ыбырай мырза, зорлықшыл қарашекпекдерден ата қонысын, адамдық намысын қорғау үстінде қысасқа ұшырап, бұғауланып, каторгаға

айдалды, кейінгі тағдыры белгісіз. Екіншісі — Сіләмбек мырза, 1916 жылғы дүрбелеңде орыстың жазалаушы отряд-тарымен қақтығыста шәйіт болды. Үшінші — мен, Стамбек, перзенттік парызымды түгел өтемесем де, ата-анамды қолдан келгенше бағып-қақтым. Төртінші — арна ішінде бір бидай, жалғыз қарындасы-мыз Айсалқам, біз кермеген бар ауыртпашылық соның басына түсті; ақыры ақсақалдың жалғыз неме-ресі Жансалқам соның қолында өсті, һәм екі жиенін тәрбиелеп отыр. Әкем Сыпатай мырза текті сүйек-тен шыққан, ер көңілді, жомарт қолды, алыс-жақынға бірдей сыйлы, иман-тауфиқты адам еді. Жеті атасынан байлық арылмап еді, өзі де кедейшілікке ұрынбай, жоқшылық көрмей өтті. Дүние малын қуған жоқ, тірі жан иесіне қиянат жасамады. Алланың жүзін ашық дидарымен көрері хақ. Нұры бейіште шалқысын! Артында қалған ұрпағының жарығы үзілмесін! Аталы жұрты аман болсын! Әумин!..

* * *

Біздің қырағы чекистер бұл қисынсыз сандырақты мұқият оқып шықты. Құтылмасын біліп, тергеушілердің назарын басқа жаққа аудару үшін тапқан амал. Әлдебір жерден — теріс пиғылды, зиянды кітаптан көшіріп алған. Сондай жат пікірлі еңбекті оқудың өзі айыптау актісі үшін жеткілікті айғақ. Ал айыпкер оқумен шектелмей, өз қолымен (бұл жағы нақты анықталған) көшіріп шықса... бұдан өткен қылмыс бола ма. Айдауға ғана емес, атуға лайық. Бірақ әділ үкім шығару үшін қылмыскер өз айыбын — неміс шпионы екенін мойындауға тиіс. Сол негізде сыбайластарын анықтау, сызған карта, жинаған деректерін қолға түсіріп, ұялы үйірімен зиянсыздандыру қажетті. Амал не, сары орыс... сары қазақ нағыз шыныққан шпион — темірдей берік ит болып шықты. Әуелгі жауап үстінде көрінген нәрсеге таңырқап, аңғал, ақымақ кейіп көрсеткенімен де, көп ұзамай, тиімді тәсілдер қолданыла бастағанда тілі шықты. Жок, неміс фашистері, өзінің шпиондық жұмысы туралы емес. Заманға деген, қоғамға деген, сол заманды туғызған біздің сүйікті революционерлер, сол қоғамды орнатып жатқан туысқан совет өкіметі... бізді жеңістен жеңіске бастаушы, заманымыздың ақыл-ойы, абыройы большевиктер партиясы... содан соң, айтудың өзі қорқынышты, адамзаттың данышпаны, әлемнің жарық күні, бәрімізді осы бақытты өмірге жеткізген ұлы Сталин... Түгел тиісті жеріне жіберген. Анау қағазда жазылғаны не, бейбастақ баланың балдыры, кәдімгідей... балағаттап емес, одан да өткір сөздермен... қазып, қопарып, былғап... Оның айтуынша, халықтың шын жауы — анау фашистер емес, мына біздің... Иә! Нағыз фашистер! Бір-ақ нәрсеге өкінем дейді. Айдалада жатып алмай, ақырына дейін қызылмен күресуі керек екен. Колчакқа, Деникинге барып қосылуы керек екен. Тым құрыса Созақта өлмедім дегенін қайтерсің. Бет пердесі осылай ашылды. Жау! Өкіметтің, партияның, халықтың жауы! Тоғыз қайтара атсаң да, қылмысы жетіп жатыр. Бірақ... әділ үкім үшін бұл сұмырайдың өзін неміс шпионымын деп мойындауы керек еді. Неміс шпионы! Бәрі анық. Тек анық емес нәрсе — өзін әшкерелеуге себепші болған геологтар жайы. Күнә

арқалағым келмеді дейді. Аядым дейді. Орысты да, қазақты да емес, таулық жігітті. Лак. Эфендиев Мұстафа. Кәдімгі, алғашқы күннен-ақ неміс фашисін ақтамақ болған, тіпті, бізді шөлде өлімнен құтқарды деп қорғаған күмәнді жас жігіт. Сыбайластығы — біздің чекистер аяласын, ақылын асырып, адымын ашырмай, құдайдың қу даласынан ұстаған неміс шпионымен тікелей байланысы анықталмады, бірақ алдағы уақытта сырттай қатаң бақылауға белгіленген лак Мұстафа Эфендиев қызметтен босатылып, өзінің Дағыстанына кетті. Ал қалған жұрт еңбектеріне сай тиесілі наградаларын... ала алмаған. Батыста — Европада, ежелгі Нюрнберг қаласында адамзатқа қарсы қылмыс жасаған Гесс, Геринг және басқа фашистерге сот басталардан үш күн бұрын, Азияның қақ ортасындағы бұрынғы Ақ-Мешіт, қазіргі Қызыл-Орда қаласында дәл осыған ұқсас тағы бір процесс ашу әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Өзін Стамбек Сыпатаевич Дәулеткелдаев деп жариялаған әккі дұшпан кезекті жауап үстінде қасақана өліп кетті. Бір көзі шыққан, қолы сынған, аузындағы отыз екі тісінің жетеуі ғана қалған Стамбек демі үзілер сәтте ышқына айқайлапты: Қарғыс! Қарғыс атсын сендерді! Күндерің санаулы! Өз қандарыңа өздерің тұншығасындар әлі! Қарғыс атсын!

Біз осы, соңғы дерекке сендік. Тек... қай тілде айтты екен — орысша ма, қазақша ма? Ақсүйек дворян кем дегенде екі-үш тіл білуге тиіс. Соңдықтан Стамбек өзінің соңғы сөзін жаңа дәуірде халықаралық саналатын ағылшын тілінде айтуы да мүмкін: «Damn it!»

Әйтпесе, геттинген рухына, неміс философтарына қарызын біржола өтеп кету үшін неміс тілінде. «Verflucht sei alles!»

Жан ышқынғанда ана тілі ауызға түседі дейді ғой.

Жасампаз жаңа заманмен орысша қоштаспағы қисынды: «Будьте вы прокляты! Будьте прокляты во веки веков!»

Жоқ. Ата тілі жақынырақ сияқты: «Қарғыс! Қарғыс атсын! Көріңде өкір! Қан жалдап тудың, қанға тұншығып өл! Адамзат тарихындағы ең қаралы, ең қапас, зұлмат заман, халықтардың қарғысы атсын сені!»

Бұл сөздер ХХ ғасырда барынан түгел айрылған ең бақытсыз қауым — Алаш жұртының аузында табиғи әрі зілді естіледі екен.

Стамбек өзінің керез сөзін қазақ тілінде айтқаны күмәнсіз.

Кітаппен танысқаннан кейін, оның қағаз нұсқасын сатып алуды ұмытпаңыз!

Сайттағы барлық кітаптар тек танысу мақсатында ұсынылған.

Кітапті жүктеп, мазмұнымен танысқан соң, Сіз оны қалдырмай, жоюға тиіссіз.

Кітаптың мәтінін көшіре және сақтай отырып, Сіз авторлық және аралас құқықтар туралы заңға сәйкес, барлық жауапкершілікті өз мойныңызға аласыз.

Сайт әкімшілігі пайдаланушыларды кітаптарға заңды жолмен қол жеткізуге шақырады.